

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Шаханова Р.А. - п.ғ.д., профессор
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент м.а.
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.к., доцент
Қалыш А.Б. – т.ғ.к., доцент
Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., доцент м.а.
Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент
Құсайынова Р.Т. – аға оқытушы

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а.

Б.Д.Жұмақасева

Редактор
тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а. **Р.Т.Айтбай**

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика институты

050000, Алматы қ.,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№2 (3)

2008

МАЗМҰНЫ

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

<i>Калыш А.Б.</i> К 10-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ Г.АСТАНЫ.....	5
<i>Дауылбаева С.Б.</i> ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АСТАНАЛАРДЫҢ ТАРИХЫ.....	6
<i>Қартаева Т.Е.</i> АСТАНАЛАР АУЫСУЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ.....	10

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

<i>Бегімбаева Р.</i> ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ҮШІН КҮРЕС.....	13
<i>Берлібаев Е.Т.</i> ЕР ЖӘНІБЕК ӨТКЕН ЖОЛДЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕ- ЛЕУДЕГІ РӨЛІ.....	17
<i>Жылқышыбаева Қ.Қ.</i> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚЫПШАҚТАРДЫҢ РӨЛІ.....	23
<i>Мырзатаева З.Б.</i> КҮН БАТЫСТАН ТАРТЫЛ- ҒАН ТЕМІР ҚОРШАУ ТАРИХЫ (ХҮІ-ХҮІІІ ҒҒ).....	27
<i>Келдібеков М.Б.</i> ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖОҢҒАРЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНДЕГІ ЖӨҢГІР ХАННЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ.....	33
<i>Тортаев С.Ә., Бижанова К.Қ.</i> МҰҚАЛИ – ЖАЛАЙЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ.....	39

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

<i>Асылбекова М.А., Тақабаетова Б.М.</i> ҚАЗАҚСТАН- ДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ.....	45
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> М.ШОҚАЙ ЖӘНЕ XX Ғ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ..	50
<i>Бегалиева А.А.</i> АЛАШОРДА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ.....	55
<i>Бурханова Д.С.</i> НЕЗАБЫВАЕМЫЕ СТРАНИЦЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ (1937-1938 гг.)....	59

<i>Енсенов Б.Б.</i> ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ТАРИХЫНАН.....	63
Картаева Т.Е. БАЙҰЛЫ РУ-ТАЙПАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚОНЫСТАНУЫ (XIX ғ).....	65
<i>Кожакеева Л.Т.</i> СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XX в.....	70
<i>Өнербаева Ш.Ө., Тленова Т.Т.</i> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	76
<i>Сайлан Б.</i> ЖАСТАР ЖӘНЕ ТЫҢ: ШУАҒЫ МЕН СЫНАҒЫ.....	80
<i>Туменова С.М.</i> О ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ.....	85
<i>Глінов М.Т.</i> АЛАШ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ XX ғ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН РЕФОРМАЛАУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	87
ЖАЛПЫ ТАРИХ	
<i>Айтбай Р.Т. Аширбекова Ж.Б.</i> ЖАПОНИЯДА САМУРАЙЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ.....	91
<i>Бисембаева Л. А.</i> ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕУРОПА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ	98
<i>Муртазаева Р.Х.</i> К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИЧЕСКИХ КОРНЯХ ТОЛЕРАНТНОСТИ НАРОДОВ СРЕДНЕЙ АЗИИ.....	101
<i>Глиясова К.М., Жалмагамбетов Е.А.</i> ПАЛЕСТИНА-ИЗРАИЛЬ ЖАНЖАЛЫ: ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ.....	114
ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА	
<i>Бакаева Г.Е. Қалдыбаев С.О.</i> БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРДЕ.....	116
<i>Тұрлығұл Т.Т.</i> ҚАЗАҚ, ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ШЕЖІРЕСІНЕН.....	124
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ	
<i>Баудиярова Қ.Б.</i> ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АЖЫРАСУДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ.....	135
<i>Кәдірбек Ш. Д.</i> БӨКЕЙ ОРДАСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ, ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫПТАРЫ.....	139
Қалыш А.Б. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЭТНОСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫ.....	147
МАГИСТРАТУРА	
<i>Абдилданова А. Қ.</i> ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ.....	151
<i>Абдилданова А.Қ.</i> САЛАУАТТЫ ЖАСТАР — САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ.....	154
<i>Джумагалиева Ф.</i> МУЗЕЙ В ОТКРЫТОМ ИНФОРМАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ.....	160
<i>Жолдасбаева А.Б.</i> ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	163
<i>Жолдасұлы Т.</i> ҚЫЗЫЛОРДА ОКРУГЫ БОЙЫНША ІРІ БАЙЛАРДЫ ТӨРКІЛЕУ НАУҚАНЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЗАРДАПТАРЫ.....	166
<i>Қонарбаева Г.</i> АРҚА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҒЫНА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ /XVIII-XIXғғ/.....	170
<i>Сейсенбаева А.</i> ОРАЛМАНДАРДЫҢ ТӨЛ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ.....	170
<i>Чакенова Б.</i> НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ МЕН	175

АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ 10 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

К 10-ЛЕТНЕМУ ЮБИЛЕЮ АСТАНЫ

Калыш А.Б. - к.и.н., доцент (г.Алматы, Казгосженпи)

5 июня 2008 года в Казгосженпи состоялась научно-практическая конференция, организованная ректоратом, кафедрами всеобщей истории и истории Казахстана, с участием профессорско-преподавательского и студенческого состава, посвященная 10-летию Астаны.

В приветственном слове ректора института Ш.К.Беркимбаевой было подчеркнуто историческое значение переноса столицы республики из Алматы в Акмолу по инициативе главы нашего государства Н.А.Назарбаева. Перенос столицы был законодательно закреплен решением Верховного Совета Республики 1994 года, Указами Н.А.Назарбаева от 20 октября 1997 года а также от 10 июня 1998 года о переименовании г.Акмолы в г.Астану. При этом особо было сказано о том, что новая столица, расположенная в самом центре Евразии, станет локомотивом экономики, центром общественной, научной и культурной жизни нашей республики.

В выступлении проректора по международным связям и научной работе института, доктора педагогических наук, профессора К.Ж.Кожаметовой обосновывались вопросы целесообразности переноса столицы высшим руководством страны. Особый интерес участников конференции вызвала этимология трактовки понятий «Акмола» и «Астана». Относительно этимологии новой столицы было подчеркнуто, что она имеет древнеперсидские корни, обозначающие с одной стороны вход, порог, а с другой – область, регион. Однако в сознании казахстанцев она ассоциируется в значении «Елорда», включающей в себя не только политический, но и национальный, государственный смысл.

В докладе старшего преподавателя кафедры всеобщей истории С.Б.Дауылбаевой «История столиц на территории Казахстана» было проанализировано значение столиц в истории раннегосударственных объединений средневекового Казахстана, более развитых государств позднего средневековья, нового и новейшего времени. Например, была раскрыта роль Суяба, Баласагуна, Тараза, Испиджаба (Сайрама), Отрара, Янгикента, Имакии, Орда Базара, Джента, Сыгнака, Туркестана, Сарайчика как центров не только административно-политической, но и торгово-экономической, социально-культурной жизни каганатов, государств и ханств на территории Казахстана в VI-XVIII веках. Такое же положение занимали в качестве столицы Оренбург, Кызылорда, Алматы и Астана в истории Казахской АССР, Казахской ССР и Республики Казахстан.

В дискуссионном докладе кандидата исторических наук, доцента кафедры всеобщей истории Т.Е.Картаевой «Столицы мира как административные и политические центры» была показана история этой интересной проблемы на протяжении XVIII-XX столетия в странах Европы, Америки, Африки и Азии. Пристальное внимание присутствующих вызвали основные причины переноса столиц в условиях новейшего периода как в развивающихся, так и в развитых странах мира. В указанном контексте были обоснованы геополитические, стратегические, экономические, культурные и личностные аспекты

передислокации столицы нашей многонациональной республики из Алматы в Астану.

В докладе зав.кафедрой истории Казахстана А.Б.Калыша «Семейно-брачные показатели современного населения г.Астаны» были затронуты этнодемографические стороны поднимаемой темы, которые остаются не исследованными до сегодняшнего дня. На основе этнографических и статистических материалов были прослежены преобладающие типы, формы, функции, состав и размер семьи как всего населения г.Астаны, так и в разрезе отдельных этносов, в том числе казахского и русского. Такой же подход был продемонстрирован им при анализе различных компонентов брачности, включая ее стабильность и проблемные вопросы, связанные с трудностями создания семьи, распадом семьи, наличием неполных семей и т.д.

Молодежные аспекты населения г.Астаны нашли свое достойное освещение в выступлении кандидата исторических наук, доцента кафедры истории Казахстана Б.С.Сайлана. Они были показаны в рамках претворения в реальность Стратегии развития Казахстана – 2030, недавно принятого Закона «О государственной молодежной политике Республики Казахстан» и аргументированно обоснованы на основе фундаментальных трудов, выступлениях и ежегодных Посланиях главы нашего государства Н.А.Назарбаева.

Значительный интерес у участников конференции вызвало сообщение кандидата исторических наук, доцента кафедры истории Казахстана З.Б.Мырзатаевой, связанное с историей возникновения Акмолинска в 1830 году, образования в 1832 году Акмолинского внешнего округа, придания укреплению в 1862 году статуса города, превращению его в одного из административно-политических центров дореволюционной Сары Арки. Не остались в стороне различные стороны ее колониального прошлого, участия местного коренного населения в национально-освободительной борьбе под руководством Кенесары Касымова, в восстании 1916-1917 годов против царизма и т.д.

В выступлении студентки 2 курса историко-экономического факультета Айман Танбетовой «Астана – вчера, сегодня и завтра» были затронуты интересные страницы в становлении и развитии этого необычного города, который в 1997 году стал новой столицей нашего государства. Для многих присутствующих стало откровением то, что Н.А.Назарбаев использовал 32 критерия при выборе новой столицы и что высота комплекса «Астана-Байтерек», достигающий 97 м, напрямую связана с 1997 годом.

Считаем, что проведение конференции, посвященной 10-летию нашей столицы Астаны, достигло поставленных целей, еще раз продемонстрировав важность этого уникального по своей архитектуре города в общественно-политической и социально-культурной жизни нашего многонационального государства.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АСТАНАЛАР ТАРИХЫ

Дауылбаева С.Б.- аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Астана – мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы; елдікті, ұлттық бірлікті білдіретін бас қаласы. Астана түсінігі ұлыстар, тайпалар одағы, мемлекеттік бірлестіктер пайда болған кезеңде мемлекеттің орталықтары да қатар өмірге келді. Қазақ халқы өз орталықтарын сол уақытта орда деп атаған. Орда деп қазақтар ел билеушілер тұрағын атаған. Орда көшпелі халықтың орталығы әрі хан ордасы болып есептелінді. Орда дәстүрлі экономикалық және мәдени байланыстар шоғырланған орталық орны болған. Көшпелі халықтың ордaları көшіп-қонуға байланысты үнемі ауысып отырды.

X ғасырларда Әбу-Насыр әл-Фараби: “Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне дамыған қоғамның қайырымды қаласы – астанасы жетеді. Қайырымды қала мін, ақауы аз, тұрғындары заңға ден қойған, адамдарының пендешіліктерінен гөрі рухани сипаты басым, әділеттілік пен парасаттылық жайлаған бейбіт қала” – деп баға берген /1/.

Қазақстан астаналарының тарихы өте ерте кезден басталады. Мысалы солардың ішінде Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қахандықтарының астаналары Суяб қаласының іргетасы V ғасырда қаланған. Суяб қаласының гүлденген кезеңі Шегу (610-618 жж.) мен Тон (618-630 жж.) билік құрған кезде болатын / 2/.

Сол сияқты Орталық Азиядағы ірі қалалардың бірі – Баласағұн Батыс Түрік қағандығының, Қарахан және Қарақидан мемлекеттерінің бас қаласы болды. Ең көне астаналардың бірі – Тараздың атағы VI-VII ғасырлардың өзінде Қытайдан бастап Византия жеріне дейін тарады. Тараз қаласы ежелгі грек ғұламасы Птоломейдің қартасына түсірілген XX ғасырдан бастап, Тараз қаласы Қарахандықтардың астанасы әрі экономикалық орталығы және Ұлы Жібек жолындағы жетекші сауда орталығы болып есептелінді. Жазба деректердің алғашқыларында “бірінші қала” атанған, әлемге аты мәшһүр болған Испиджаб (Сайрам) қаласы VII ғасырдан бастап-ақ белгілі бола бастаған. Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде, Орхон-Енисей жазбаларында Тарбанд деген атпен Отырар қаласы белгілі бола бастады. Араб тарихшысы Әл-Макдиси (Хғ.) – “Отырар қаласы - өте көне астана деп атайды” /1/. Отырар өлкесі Оңтүстік Қазақстандағы суармалы егіншіліктің орталығы болды. Сонымен қатар тоқсан жолдың торабында орналасқан Ұлы керуен жолының орталығы болды.

IX-XI ғасырларда Сыр өңіріндегі Жанкент (Янгикент) Оғыздар мемлекетінің, ал Ертіс бойындағы Имақия қаласы Қимақ мемлекетінің гүлденген астанасы болып есептелінді. Дешті Қыпшақтың астаналары Орда Базар мен Жент, Сығанақ қалалары әлденеше рет қиратылып, қайта жанданды. Бұл қалалар туралы араб зерттеушісі Әбу-л-Хайр Фазлаллах ибн Рузбехан жазбаларында бау-бақшалары жайқалған, сауда-саттығы өркендеген, қазақтың бай қаласы ретінде сипаттаған.

Сығанақ қаласы “Ірі игілікпен кемелділік дәрежесіне жеткен әдемі қаласы” деп саналды. Сығанақ қаласы Сырдария өңіріндегі егіншіліктің де, сауда-экономикалық байланыстардың маңызды орталықтарының бірі болды. Сығанақ қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі.

XIV-XVII ғасырларда Сарайшық қаласы қазақ хандығының ең ірі астаналарының біріне айналды. Әсіресе, XVI ғ. Қасым хан тұсында Сарайшық қаласы қазақ хандығы жоғары бағалаған қуаттылығы асып-тасқан орталықтың бірі ретінде танылды.

Қазақ тарихында Түркістан қаласының алатын орны ерекше. Себебі ғасырлар бойында ғұмыр кешкен арғы ата-бабалар, тұтас халықтар, кейінгі ұрпақтарына бүкіл адамзат игілігіне айналар төлтума мәдениетін мұра етіп қалдырған. Далалық өлкені батыспен байланыстырған, Ұлы керуен жолында кент, бекіністер, қамалдар, мазарлар-кесенелер мен тұтас қалалар кешені бой түзеді. Бұл ертеден келе жатқан тарихи қала Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Семеке, Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хандар тұсында қазақтардың айбынды астанасы және жалпы түріктік мәнге ие болды. Бұл қала тарих тауқыметін бастан кешіріп, гүлдену және құлдырау кезеңдерінен өтіп, бүгінге дейін аман жеткен. Ол Тұран аймағы деп аңыз болып қалған, “тарихи түлкілер елі” деп те аталып, Қазақ хандығының тұңғыш астанасы болған. Шахар Қожа Ахмет Иассауидің кесенесі орналасқан, Орталық Азияның рухани астанасы, әрі екінші Мекке деп әлемге танылды. Түркістан дегенде күллі түрік халқы тағзым етіп, иісі ислам бір елеңдеп қалып жатады. Оның себебі – кезінде бір тамырдан өсіп-өніп, кейіннен Сыр Ана сағасында енші алысқанда қара шаңырақ – Түркістан қазақта қалғандықтан да түркі ағайындар Түркістанға кие тұта зор сүйіспеншілікпен қарайды.

2000 жылы Түркістан қаласының күллі шығыстағы тарихи рөлін, Орта Азияның тарихи, рухани, мәдени әлеміндегі орнын жете бағалаған Республика Президенті ЮНЕСКО арқылы халықаралық деңгейде Түркістан қаласының 1500 жылдық тойының аталып өтілуіне басты назарын аударды. Бұл тек қазақ елінің ғана емес, бір кездерде көне Тұран мемлекетін құрған өзге түркі жұртшылығының да үлкен мерекесі болды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев сол кездегі Түркістан қаласының мерейтойлық салтанатына қатысушыларды құттықтап тұрып: “Түркістан – ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы, Киелі Түркістан дүние тұрғанша тұрсын!”, - деген үлкен ой толғанысын білдірген еді / 3/.

XIV ғасырда Шағатай әулетінің астанасы Алмалық қаласының орны үлкен маңызға ие болды. Алмалық қаласы қазақ шежіресінде терең із қалдырды. Бұл қала Ұлы Жібек жолы өтетін ірі сауда орталығы, көшпелі халықтың отырықшылыққа бейімделген алғашқы қазақ астаналарының бірі болды.

Қазақ хандығы жойылғаннан кейін бар билік патша үкіметінің құзіретінде болып, отарлы саясатын бекіністер салудан бастады. Орта ғасырлардағы Алмалық қонысының орнына 1853 жылы салынған Заилийский әскери бекінісі 1854 жылы ақпан айынан бастап, Верный қаласы деп аталды. Верный бекінісінде орыс солдаттары мен офицерлері, Сібір жерінен казактар мен татарлар көшіп келе бастады. 1855 жылы Алатау округінің әкімшілігі Қапал қаласынан Верныйға ауыстырылып, ол Жетісу өлкесінің орталығына айналды. Верный қаласының архитектурасында басқа да ұлттардың ұлттық ерекшеліктері көрініс тапты. Қала аумағының табиғаты әсемдене түсті.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары Астананы “кіндік қала” деп атай бастады. Ең алғаш рет 1917-1919 жылдары Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның астанасы Орынбор қаласы болды. Орынбор қаласы Жайық өзенінің бойында, Сакмар өзенінің Жайыққа құйылысындағы жақын жерге орналасқан. 1735 жылы қамал ретінде салынып, кейін Ор өзенінің атына байланысты қойылған. Алғашқы кезде Орынбор казак-орыс әскерлерінің әскери және әкімшілік орталығы, кейінірек Торғай облысы губернаторының мекеніне айналды. 1868 жылдан бастап, Орынбор Ресейдің Қазақстан мен және Орта Азия мемлекеттерінің ірі сауда орталығына айналды.

Алғашқы кезде Қызылорда қаласы Ақмешіт деп аталынды. Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі ірі қала және мәдени-экономикалық орталық ретінде белгілі

бола бастады. Сырдария өзенінің оң жағына орналасқан Ақмешіт бекінісі егіншілікпен айналысуға қолайлы аймақ болды. 1853 жылға дейін Ақмешіт аталып, Қоқандық шағын қамал болды. Орыс әскерлері келгеннен кейін оған Перовск деген ат берілді /4/. Осыдан кейін Ақмешіт Қызылорда қаласы болып қайта құрылды. Қызылорда қаласы 1925 жылдан бастап қазақ мәдениетінің орталығына айналды. Орынбордан Қызылордаға көшірілген астана қазақ халқының халық-ағарту ісін жолға қоюда үлгі болды. Қазақ зиялылары С.Сәдуақасов, К.Тоқтыбаев, О.Жандосовтардың жетекшілігімен астананың көркеюіне үлкен үлес қосты. Қызылорда қаласында Еуропалық үлгідегі театр ашылды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен астанаға дарынды қазақ жастары жиналып, қаланың мәдени өміріне терең араласа бастады.

Қазақстанның Оңтүстік Шығысындағы Іле Алатауының баурайында орналасқан Алматы қаласы 1929 жылдан 1997 жылдың қазан айына дейін Қазақстанның мәдени-экономикалық, саяси орталығына айналды. Алты қалалық әкімшілік аудандарға бөлінді. Қала Іле Алатауынан бастау алатын Қарғалы, Үлкен және Кіші Алматы, Есентай өзендерінің атырабында орналасқан. Алматы көп салалы ірі құрылысты, әлеуметтік –экономикалық құрылымы дамыған, ірі қала ретінде әлемге танылды. 90-шы жылдары өнеркәсібі дамыған республика орталығына айналды. Әлемнің түпкір-түпкірінен қонақтар қаланың сұлулығы мен архитектуралық құрылыстарын тамашалау үшін келеді. Сонымен қатар Алматы қаласы білім мен ғылымның, мәдениеттің ошағы болды.

Ақмола атауы XIII-XIV ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туындаған атау. Византия зерттеушісі Прокопияның пікірінше ғұндар қорғанды “мола” деп атаған пікір айтады /5/. Ақмола қаласының негізі 1830 жылдан қаланды. Алғашында Ақмола әскери бекінісі атанған елді мекенге, 1862 жылдан бастап оған қала мәртебесі беріліп, 1868 жылдан Ақмола уезінің орталығына айналды. Тың игеру кезінде (1960ж.) Ақмола қаласы өлке орталықтарының бірі болды. 1961 жылы 21 наурыздан бастап, Ақмола қаласы Целиноград қаласы болып өзгертілді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін 1994 жылдың 6 маусымынан соңғы екі ғасыр тарихында қазақ халқы тұңғыш рет өз мемлекетінің астанасы туралы дербес шешім қабылдады. 1994 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі (106 қаулы), министрлер кабинеті (1996ж. 6 шілде) Қазақстан Республикасының астанасын Ақмолаға көшіруге қаулы қабылдаған. 1996 жылы 6 қазанда Ақмола экономикалық аймағы құрылды. 1997 жылы 20 қазанда Н.Ә.Назарбаев “Ақмола қаласын Қазақстан Республика астанасы деп жариялау туралы” жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамыр Қазақстан Республика астанасы – Астана қаласы болып аталды. 1998 жылы 20 мамырда “Астана қаласының мәртебесі туралы” Қазақстан Республикасы заңы қабылданды, ал 1998 жылы 10 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Астана осы уақыттан бері елордасы болуға арналған әртүрлі шарттар жасасып, әлем таныған мемлекеттердің біріне айналды.

Қазақтың жаңа, азат тарихының символы – Есіл жағасындағы еңселі ордамыз 10 жылдығын тойлау қарсаңында. Сарыарқаның шалқар төсінен, жазиралы қазақ жерінің жүрегінен орын тепкен Астанамыз- біздің ортақ дәулетіміздің, жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің айшықты көрінісі.

Қорыта айтқанда, қазақ жеріндегі әрбір астаналардың өзіндік тарихи ерекшеліктері бар. Солардың ішіндегі қазіргі елордасы Астана қаласы қазақтың жүрегіндей ашық, пейіліндей таза, құшағындай кең, көңіліндей мәңгі жас қала.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл – Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973
2. Кәдірқұлова Г.Қ. Қазақстан тарихы: Оқулық. – Алматы, 2005. (320 б.).
3. Берденова Қ.А. Түркістан қаласының әлеуметтік-саяси тарихының мәселелері (XVIII ғ. соңы- XX ғ. басы). Автореф. Алматы, 2008.
4. Иванов П.П. Очерки истории Средней Азии. Москва, 1958 .С.200
5. Ақмола: Энциклопедия – Алматы: Атамұра, 1995. 39 б. (400)

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ежелден күні бүгінге дейінгі Қазақ жеріндегі астаналар тарихы, олардың астана ретінде танылуы баяндалған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории мировых столиц, а также речь идет о новой столице Казахстана.

АСТАНАЛАР АУЫСУЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Картаева Т.Е. т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Астаналар неге ауысады дегенде, бұл ұлттық-мемлекеттік құрылыс па, саяси география ма, саяси-экономикалық қажеттілік пе деген сұрақтар өздігінен туындайды. Астана ауыстыру өте жауапты іс. Көптеген мемлекеттер астана ауыстыру ісінен ірі финанстық шығынның болуынан және саяси қадам жасаудағы аса ірі жауапкершілікке байланысты бас тартады. Астана ауыстыру – мемлекет және ұлттық идентификацияның қалыптасу кезеңіндегі процестегі бірден бір тиімді және инновациялық қадам.

Мемлекет астаналарының ауысуы тұрғысынан әлемдік тарихқа көз жүгіртсек, XIX ғасырдың бас кезінде Финляндия астанасының Турку қаласынан Хельсинкиге, Норвегияда Тронхейма қаласынан Ослоға, Индия 1911 жылы астанасын Калькутта қаласынан Делиге ауыстырды. Көршілес Қытай мемлекеті өзінің тарихында астанасын алты рет ауыстырған. Мемлекеттегі саяси биліктің ауысуына байланысты Дашани, Кайфын, Чанъян, Ханчжоу қалаларынан өтіп, астана көші Пекинге келіп тоқтады. Жапонияда Киото, Нара Камакура қалалары әр кездері астана болған.

Астаналар ауысуының әр мемлекетте өзіндік бір себебі бар. 1923 жылы Түркия астанасын Стамбул қаласынан Анкараға ауыстырды. 1960-шы жылдарында Жапония, 1990 жылдарда Германияның астанасының ауысуы экономикалық және саяси қажеттіліктен туындаса, 1420 жылы Қытайда астананың Нанкиннен Пекинге ауысуы сарай қызметкерлерінің өзара қақтығыстарынан келіп туындады, 1703 жылы Ресей астанасының Москвадан

Санкт-Петербургқа ауысуы билеуші элитаның империялық идентификациясынан келіп туындаған. 1918 жылы Кеңес үкіметінің орнауы астаны Москваға қайта әкелді. Ресейдің астанасының ауысуы екі ретте де Ресей үшін тарихи маңызға ие болды. Ал, Малайя президенті Бандя 1965 жылы астанасын Зомбадан Лилионгеге ауыстырғанда өзі шыққан «Газа» этникалық тобының қолдауына сүйеніп, сол этникалық топтың тығыз қоныстанған, әрі өзінің туған жеріне, сондай-ақ Піл сүйегі жағалауы мемлекетінің президенті Хаффе-Бони 1983 жылы астанасын Абиджаннан Йамосокроға ауыстырғанда өзінің туған жерінде болуды, яғни жерлестерінің қолдануында болуды көздеген.

ӘЛЕМДЕГІ АСТАНАЛАРДЫҢ АУЫСУЫ

Мемлекеттер	Ескі астана	Жаңа астана	жылдар
Қытай	Нанкин	Пекин	1420
Ресей	Москва	Санкт-Петербург	1703
Норвегия	Тронхейма	Осло	XIX ғ. басы
Финляндия	Турку	Хельсинки	-//-
Индия	Калькутта	Нью-Дели	1911
Туркия	Стамбул	Анкара	1923
Мавритания	Сент-Луис	Нуакчот	1953
Пакистан	Карачи	Исламабад	1959
Ботсвана	Мафекин	Габерон	1961
Ливия	Бенгази-Триполи	Триполи	1963
Малайя	Зомба	Лилионге	1965
Белиз	Белиз-Сити	Белмопан	1970
Танзания	Дар Эс Салам	Додома	1973
Нигерия	Лагос	Абуджа	1975
Піл сүйегі жағалауы	Абиджан	Йамосокро	1983
Қазақстан	Алматы	Астана	1997

АҚШ-тың бірінші президенті Джорж Вашингтонның бастамасымен Вашингтон қаласы елсіз жерге салынып, бой көтерген. 1960 жылы Бразилияда жаңа астана Бразилия қаласының негізі қаланды. Бразилия мемлекетінің динамикалық өсіп-өркендеуі де осы кезеңге тұстас келеді. XX ғасырдың екінші жартысында бірталай дамушы елдер отар елдерден өздерінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, дамудың жаңа қадамына түскенде астаналарын ауыстырған. Канада мемлекетті астанасы Оттаваны, Австралия мемлекеті астанасы Канберру қаласын, Вашингтон сияқты жаңа қала ретінде салып қалыптастырған.

Жаңа қалаптасып келе жатқан жас мемлекеттің жаңадан өркендеп қанат жаюы – жаңа астананың болуын күн тәртібіне қойды. Қазақстан Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін ТМД елдері арасындағы астанасын ауыстырған бірден-бір мемлекет болды. Қазақстанда астана ауыстыру саяси-экономикалық қажеттіліктен келіп туындады. Қазақстан тарихында әр кездері астана болған қалалардың мемлекет тарихында алатын өзіндік орны бар. 1929 жылы Қазақстан астанасы Қызылорда қаласынан Алматы қаласына кеңес заманының қылышынан қаны тамып тұрған кезде ауысты. Сол кездегі басқару орталығы Москвадан Алматы алшақ жатса да «астана» таңдауда қашанда қазақ халқының ұлттық мүддесі жоғары тұрды. Жер жанаты Жетісуда орналасқан Алматы қаласы «Астана» ретінде Қазақстанды әлемге танытты. Өзінің тәуелсіздігін алып, әлемдік өркендеудің жаңа жолына түскен «жаңа» мемлекет үшін әлемге бір ғана қаламен

танылу аздық етері сөзсіз. Жерінің көлемі жағынан әлемде 9-шы орында тұрған кең байтақ жері бар Қазақстанда «орталық» болар қала дамытуға жер жетеді. Алматы дайын мегаполис, ол астана болған 68 жыл бойына өнеркәсіп, ғылым, мәдениет, спорт орталығына айналды. Алматыдан «ірі финастық және мәдени орталықты» сақтап қалып, басқа қаладан жаңа «саяси» орталық салу Қазақстанды әлемге жаңа қырынан, яғни өркендеу сатысынан таныта түседі деген үміт қазіргі таңда өзін ақтап отыр.

Мемлекет «орталығы» болатын қалада сол өңірде қала дамытатын кеңістік болуы шарт. Орталық таңдауы түскен Ақмола қаласында бұл кеңістік бар, Ақмола қаласында кеңес үкіметі кезінен бері қалыптасқан ірі өндірістік база бар, әрі ірі транспорттық жол тораптарының түйіскен жерінде, географиялық жағынан қазақ жерінің орталығында орналасуы, орайы келген оңтайлы іске алғышарт болды, бұл алғышарттарды қазіргі таңда үкімет нақты жүзеге асырып отыр. Ақмола қаласында Астана ауысып барғанда Ақмола қаласың қала халқының саны 230 мыңдай еді. Қазіргі таңда қала халқының саны үш есеге өсәіп, 700 мыңнан астам халқы бар қалаға айналды. 2010 жылғы демографиялық болжам бойынша Астанадағы табиғи өсім мен ішкі және сыртқы миграция есебінен қала халқының саны 1 миллн. адамнан асуы тиіс.

Астана архитектурасының басты жобасы Кисе Куракава және т.б. әлемге ата танымал белгілі сәулетшілердің жетекшілігімен жүзеге асуда. Астана қаласының салудағы басты талап - Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік, яғни әлемнің бұрышының мәдениетінің тоғысқан сәулесінің болуы. Астана еуро-азиялық қала. Осы жылға ашылуға жоспарланып отырған ірі кешендер «Хан шатыры», «Астана жабық қала» жер асты кешені, 85 қабатты «Абу-даби плаза», «3500 орындық концерт залы», 6 шілдеге ашылатын «Тәуелсіздік монументі» Астана қаласының визитті карточкасын кеңейте түспек.

27 мамыр күні Астана қаласында «Н.Назарбаевтың еуроазиялық доктринасы - шығыс пен батыс сұхбаты» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Мұнда Индиана университетінің профессоры Билл Фиерман бас баяндаманы қазақ тілінде жасады. Ол қазақ тілін Америкада үйренген. Бұл әлем назарының Қазақстанға ғана қазақ тіліне де ауғанының бір дәлелі.

Қазақстан халықтарының ассамблеясы конституциялық статус алды. Конституцияға жаңа саяси өзгерістер енгізілді, сайлау Қазақстан тарихында тұңғыш рет партиялар тізімі бойынша жүргізілді, Олимпиада алауының шеруі Қазақстаннан басталды, ОБСЕ-ге төрағалық ету статусына ие болды. Алда Қазақстанды әлемнің алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттік қатарына ену, ВТО-ға кіру, 2012 жылы Азиялық олимпиада ойынын өткізу сияқты ірі амбициялы әрі жауапты қадамдар күтіп тұр. Сол қадамда мемлекетпен бірге болу - жүрегі «Қазақстан» деп соққан әрбір азаматтың міндеті.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлемдік мемлекеттерде, сонымен қатар Қазақстанда астананың ауысу мәселесі қарастырылған. Автор Астана қаласының саяси-географиялық, саяси-экономикалық жағынан қалыптасуына өзінің көзқарасын білдірген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы переноса столицы разных государств в мире, в том числе в Казахстане. Автор высказывает собственное мнение по вопросам становления города Астаны как политико- географического и политико-экономического центра республики.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚ ҮШІН КҮРЕС (XV ғ. аяғы-XVI ғ. басы)

Бегімбаева Ризық - аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Шығыс Дешт Қыпшақ жері үшін қазақ хандары мен Әбілқайыр ұрпақтары арасындағы күрестің мәнін түсіну үшін, ең алдымен, Жошы балаларының Шығыс Дешт Қыпшақ жерін қалай иеленгенін айтумыз керек. 1428 жылы Әбілқайыр билік басына келгенге дейін Шайбан ұрпағы қандай жерлерді иеленді?

Абылғазы Бахадур сұлтанның мәліметтері бойынша Жошы хан башқұрт, орыс, мажар, карел халықтарын өз қол астына қарату мақсатымен әскер жинап, дайындала бастаған кезінде өзі қайтыс болады да, Шыңғыс хан оның иеліктерінің мұрагері билігін немересі Батыйға береді/1/. Батый осы жеті жылдық жорықта Жошы ұлысын Алтайдан Дунайға дейін созылған алып мемлекетке айналдырды.

1242 жылы жеті жылдық жорықтан оралған Сайын хан Шығыс Дешті Қыпшақ жерін немесе Жошы ұлысынан Шығыс Еуропа халықтарын өз иелігіне қаратуда өзіне болысқан аға-інілеріне үлес берді.

Батый ағасы Орда Еженге «Біздің ісіміздің оң аяқталуына күш салдың, осы еңбегің үшін бұрынғы әкең тұрған жерді өзің ал» деп 15 мың түтінімен қоса Жошы ұлысының оңтүстігінде Сырдария, шығысында Ертіс, Алакөл көлінің маңы, батысында Жайық арасын үлес қылып сыйға тартты. Ал Шайбан ұлысының бөлінуі туралы Махмұд ибн Уәли былай деп жазады: «Шыңғыс ханның ұлы Жошы баласы Шайбан (Сибан) жеті жылдық жорықта астар, орыстар, черкестер және бұлғарлар жерін жаулап алған кездегі көрсеткен ептілігі, тапқырлығы үшін ағасы Батый ханан төрт омақ сыйға алды»/2/. «Зубдат әл - асар» ол омақтардың атын қосшы, найман, бұйрақ, қарлұқ тайпалары деп көрсетеді./3/ Шайбани үлесінің аумағы туралы Әбілғазы былай деп хабарлайды: «Шайбан жазда Орал бөктерін, Тобыл, Жайық, Ырғыз өзендерінің кең байтақ жерлерін, ал қыста Арал теңізі өңірін, Шу, Сарысу өзендерін бойлап, Сырдарияның төменгі ағысында көшіп жүрген»/4/. Сол кезден бастап Шайбан ханнан тараған ұрпақтар Батый хан ұрпақтарына бағынатынын білдіріп, бағыну ғұрпын бұзбады.

Шайбан ұрпақтары Ақ Орда билеушілері сияқты Алтын Орда тағы үшін күресіп, күшін ысырап еткен жоқ. оларға Темір және оның мұрагерлерінің басқыншы әрекеттеріне де тойтарыс беруге тура келмеді. Осының бәрі кейін Шайбан ұрпақтарына Ақ Орданың өрлеуі кезеңінде өз иелігін сақтап қалып, кейін Орда Ежен мен Тоқай Темірдің әулетінен тараған хандарға қарсы Шығыс Дешт Қыпшақ аумағында билік етуге және Түркістанның жалпы саяси картасын өзгертуге мүмкіндік берді.

XV ғ. 20-жылдарында көптеген Шайбан ұрпақтарының Шығыс Дешт Қыпшақта өз иеліктері болды: Жұмадық хан - Сарысу, Жем аралығын, Махмұд Қожа хан - Тобыл мен Есілдің оң жақ саласын басқарды. Осы аталған хандармен өзінің жеке билігін жүргізу үшін жиырма жылдай күрескен Шайбан ұрпағы Әбілқайыр хан ақырында күшейіп шықты да, XV ғасырдың бірінші ширегінде Ақ Орданы қамтыған талас-тартыс кезінде Шайбан ұрпақтары Ақ Орда билігінен шығып, өз алдына тәуелсіз билік ете бастады.

Әбілқайыр хан билеген қырық жыл ішінде Шығыс Дешт Қыпшақта саяси жағынан бытыраңқылық дегенмен де болды. Әбілқайыр хан билік басына көптеген тайпалардың (қыпшақ, найман, маңғыт, қарлұқ, қоңырат, қаңлы, күрлеуіт, кенегес) билеуші үстем таптарының қолдауымен келсе де, ол билеген мемлекетте билік үшін талас-тартыс ешуақытта тоқтаған жоқ.

Әбілқайыр хан Орда Еженнің Ертіс пен Солтүстік-Батыс Балқашқа дейінгі ұлысының далалық аумақтарын өз иелігіне XV ғасырдың 40-жылдарында ғана қосып ала алды. Ал Тоқай Темір тараған Орыс хан мен Барақ хан ұрпақтары иеленген Ақ Орданың оңтүстік бөлігін өзіне бағындыру Әбілқайыр ханға көп күшке түсті. Әбілқайыр хан ілгерілеп бара алмаған және кезінде Барақ ханның билігі мейілінше берік болған осы оңтүстік бөлікті Жәнібек пен Керей сұлтандар өздеріне мұраға алған және осы жерлерді мекендеді.

Әбілқайыр билік басына келгеннен бастап бірнеше жылға созылған үздіксіз күрес-тартыстан кейін, ол бүкіл өзінің қарсыластарын жеңіп, Шығыс Дешт Қыпшақ жерін түгелімен өз билігіне қаратты және бір орталыққа бағынған «көшпелі мемлекет» құра алды. 1446 жылы Әбілқайыр хан Сырдария мен Қаратау маңындағы Сығанақ, Аркөк, Созақ, Ақ-Қорған, Үзгенд қалаларын өзіне қаратып, Сығанақты өз мемлекетінің орталығына айналдырды.

Әбілқайыр ханның Сырдария бойындағы аймақтарға бет бұруы Шайбани ұлысы мен Орда ұлысы мұрагерлері аралығындағы қайшылықты шиеленістіре түсті, себебі, Әбілқайырдың бұл әрекеті Жәнібек пен Керейдің және оларға тәуелді Сырдария бойы мен Қаратау маңында көшіп жүрген қазақтардың мүддесіне қайшы келді. Осы күрес жандана келе, қазақ руларының көшіп кетуіне әкеліп соқтырған ең маңызды себептердің де бірі болды.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі қазақ билеушілерінің алдында тұрған басты мақсат – мемлекетті нығайту және хандықты көрші мемлекеттердің жер жөніндегі талаптарынан қорғау еді. Осы міндет XV ғасырдың соңында қазақ хандарының Шайбани ұрпақтарымен қарым-қатынасын анықтаған бір де бір мәселел болды. Шығыс Дешт Қыпшақтың далалық аудандары мен Оңтүстік Қазақстан үшін күрес XV ғасырдың 70-80 жылдарындағы Қазақ хандығы үшін басты бағыт болды. Қазақ хандары да және олардың негізгі қарсыласы Мұхаммед Шайбани де Сыр өңірінің қалаларын көшпелілерге билік жүргізу жолындағы ең маңызды экономикалық және әскери база деп санады.

XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бас кезіндегі қазақ хандары мен Әбілқайыр хан ұрпақтары арасындағы Шығыс Дешт Қыпшақ пен Сыр бойы қалалары үшін күрестің барысы туралы көбінесе Шайбани әулеті авторлары еңбектерінен көп мәлімет алуға болады. Бұл деректер Мұхаммед Шейбани мен қазақ билеушілерінің арасындағы күрес туралы жаза отырып, Мұхаммед Шейбанидің Сыр бойы қалалары үшін күресін және оның саяси бытырап кеткен Мауараннахрда Темір ұрпақтарын жеңіп, өз билігін қалай орнатқанын айтады.

Қазақ хандарының басты қарсыласы – Шығыс Дешт Қыпшаққа өзінің атасы Әбілқайыр әулетінің билігін қалпына келтіріп, көшпелі тайпаларды өз қол астына біріктіргісі келген Мұхаммед Шейбани, сол кездегі деректердің келтіруі бойынша «талантты ұйымдастырушы, қолбасшы» болды. Ал қазақ хандарының ішінен, деректер бойынша, Мұхаммед Шейбанидің соғыс әрекеттері, көбінесе, Бұрындық ханмен, Қасым сұлтанмен болғанын айтады.

Жалпы, осы кезең бойынша тарихи деректерде пікірлер көбінесе бір біріне қайшы келіп отырады. Бір деректер бойынша Мұхаммед Шайбанидың билігі 1500 жылы оның Темір мұрагерлерін жеңіп, Мауараннахрда өз билігін орнатуынан басталды дейді. Тіпті, кейбір деректер Қазақ хандығының ішінде «Өзбек

хандығының» болғанын айтады. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды, себебі, түркі тайпаларының әдеті бойынша «ақ киізге көтеру» рәсімінің болғаны еш бір деректе келтірілмейді. Керісінше, Керей мен Жәнібек хандардың ұрпақтарының билігі шын мәнінде үлкен саяси күшке ие болып, Сығанақ пен Сауран маңында тонаушылықпен, талан-таражбен айналысып жүрген Мұхаммед Шайбанидің аз ғана тобын Дешт Қыпшақтан кетіп, Самарқанд жаққа бет алуына мәжбүр қылды. Самарқаннан Бұқарға көшуге тура келді. Бұқарда жүріп, күш жинап, қазақтарға қарсы қайта жорыққа шықпақшы болып Түркістанға бағыт алады. Дегенмен Мұхаммед Шайбанидің бұл жорығы сәтсіз аяқталды. 300 әскермен ол кезде әбден күшейген Бұрындықтың 50 мың әскеріне қарсы тұру мүмкін емес еді.

Хондемир «Маңғыт мырзаларымен қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен құдандалы болу да Шейбаниға еш көмек әкелмеді. Маңғыт мырзалары шынтуайтқа келгенде Шейбаниды хан сайлаймыз деген уәделерінен тайып кетіп, қазақ хандары жағына шығып кетеді де Мұхаммед Шайбаниге енді моғол ханы Сұлтан Махмұдқа сүйенуге тура келді» дейді/5/. Сұлтан Махмұд қазақ хандары мен Шайбани ұрпақтарының Сыр бойындағы қалалар үшін күресіне араласып, екі жақты кезек жақтап, өзінің де пайдасын тапқысы келді. Сұлтан Махмұд кезінде Шайбани ұрпағының Темір ұрпағы Сұлтан Ахмед мырзаға қарсы Шыршық өзеніндегі шайқаста көрсеткен көмегі үшін алғыс ретінде және Сыр өңірінде оны қазақтарға қарсы өзінің одақтасы санамақшы болып, Шайбаниді Отырарға шақырады да, оған Отырарды беріп, өзі Ташкентке табан тірейді. Моғол ханынан қолдау тауып, Отырарға арқа сүйеген Мұхаммед Шайбани екі үлкен қала Сауран мен Яссыны басып алады. Бұл жағдай, әрине, моғолдар мен қазақтар арасының шиеленісуіне әкеліп соқты. Мырза Мұхаммед Хайдар Дұғлатидың айтуы бойынша осы жанжалға байланысты Бұрындық хан мен моғолдар арасында екі шайқас болады. Екі шайқаста да Сұлтан Махмұд жеңіліске ұшырайды/6/.

Мұхаммед Шайбанидің көптеген бекіністерді тез өзіне қаратып алуы, оның шешімталдығы мен қайсарлығы енді моғол ханы Сұлтан Махмұдтың да Ташкент пен Сайрамдағы өз иеліктері үшін қаупін туғызды. Осы жағдайда Сұлтан Махмұд қазақ хандарымен қарым-қатынасты қайта қалпына келтіруге тырысып, Шайбаниды Сырдария бойынан ығыстырып шығарғысы келеді.

Қазақ хандары мен Мұхаммед Шайбани арасындағы соғыс қимылдары XV ғасырдың соңғы кезеңдерінде үзбей жүріп, ақырында ғасырдың соңында уақытша бітіммен аяқталды. Бұрындық хан өзінің екі қызын Мұхаммед Шайбанидың ағасы Махмұд-сұлтанға және оның баласы Мұхаммед Тимур-сұлтанға ұзатты.

Дешт-Қыпшақтың далалық өңірінің ықпалды хандары мен сұлтандарымен күресінен еш нәтиже шықпайтынын түсінген Мұхаммед Шайбани 1500 жылы өзінің соңынан ерген бір топ көшпелі өзбектерді ертіп Мәуераннахрға кетті де, Түркістанның оңтүстігінде өзі басып алған қалалардың көмегіне сүйеніп, басқыншылық әрекетпен Темір әулеті мемлекетіне ұмтылды. Мұхаммед Шайбанидің Темір ұрпақтарының мемлекетін жаулап алуымен XVI ғасырдың басында Әбілқайыр ұрпақтарының Дешт Қыпшақ территориясындағы билігінің мүлдем аяқталуына және «өзбек» терминінің Орта Азия облысына ғана тарауына әкелді. Осы кезден бастап «қазақ» және «өзбек» терминдері Шибан және Керей, Жәнібек ұрпақтарына ғана байланысты емес, сонымен қатар осы өзара туыстас рулардың тұрған жерлеріне байланысты да айтылатын болды.

XVI ғ. бас кезінде қазақ хандары мен шибанилер арасында күрес жалғаса берді. Енді бұл күрес өзара туыстас рулардың өздері тұрған жерлеріндегі билік үшін талас-тартыстан екі мемлекеттің арасындағы экономикалық және саяси

күреске ұласты. Мұхаммед Шайбани енді өзі жаулап алған Темір әулетінің мемлекеті территориясын бұл кезде өзіне кәдімгідей қауіп төндіріп тұрған қазақ хандарынан қорғау мақсатымен Қазақ хандығының күшейіп, нығаюына, олардың Сырдария бойына билігінің орнауына қарсы әрекет ете бастады. Осы мақсатпен қазақтардың Орта Азиямен сауда қарым-қатынастарын тиюға күш салды.

Мұхаммед Шайбанидің осы кезеңдегі қазақ хандарымен қарым-қатынасының шиеленісуі туралы жазылған деректердің ішіндегі тек саяси тарихи материалдарының байлығымен ғана емес, сонымен қатар тарихи-этнографиялық сипаттағы мәліметтері де жеткілікті Ибн Рузбеханның «Михман-наме-ий Бухара» кітабы аса құнды дерек болып табылады. Ибн Рузбехан Шайбанидің ең жақын адамдарының бірі ретінде оның барлық жорықтарына түгелдей дерлік қатысып, осы жорықтарда тек соғыс барысын ғана емес, сонымен қатар жергілікті тайпалардың тұрмыс тіршіліктерін де байқап, жазып отырды.

Рузбехан бойынша хижраның 914 жылы (1509ж.) Шайбани өзінің қарамағындағы сұлтандар мен әмірлерге қазақтарға қарсы күреске шығуға дайындалуға хабар жібереді.

Өзіне берілген сұлтандардың қолдауын алған Шайбани енді Хорасан, Бұқар, Самарқанд діни ғалымдарын кеңеске жинап, олардың осы өзінің жорығының заңдылығын бекіткен келісімін алғысы келді. Бұқар түбінде өткен осы жиынға Рузбехан қатысып, былай деп сипаттайды: «Қазақтарға қарсы бағытталған қасиетті соғысты бастау туралы мәселе көтерілген осы кеңеске мен де қатыстым. Және осы кеңесте өз пікірімді айттым. Менің мақсатым, бұл соғысты болдырмау болды. Мұсылман дініндегі қазақтардың өзбектермен түбірі бір екенін, және олардың Шайбанидің иелігіне ешбір жорығы болмағандығын, діни жағынан болсын, қай жағынан болсын ешқандай зиян келтірмегендігін айтып, өз туысқандарыңызға қарсы шығудың өте қайғылы болуын айтып, тоқтаттым келді» дейді/7/. Арифан кеңесінен кейін Шайбани тез арада жорыққа дайындалып, Түркістан қалаларының біріншісі болып Сырдариядан батысырақта орналасқан Артук қаласын өзіне бағындырады.

1509 жылы 27 қаңтарда қазақтарға жасаған Шайбанидің бұл жорығында өзбектер жағы жеңістерге жетіп, қазақтардың тіршілігін біршама күйзелтіп кетті.

Келесі, 1510 жылы Мұхаммед Шайбани өзінің тікелей басшылығымен қазақтарға қарсы төртінші, шешуші соғысына дайындалды. Мұхаммед Шайбанидің бұл жорығының да сылтауы — өзін қазақтардан қауіпсіздендіру еді. Бұл жорықтың сәтсіз аяқталуы Шайбани әулетінің беделінің түсіп, 1910 ж. Мерв түбіндегі парсы шахынан күйрей жеңілуінің бастамасы болды. Бұл жорық жөнінде авторы белгісіз «Шайбани-наме» дерегінде «Шайбанидің осы жорықта жеңілуі оның келесі қадамдарының да сәтсіз болуына әкеліп соқты» делінген..

Осылайша Шығыс Дешт Қыпшақ үшін жүргізілген Жошының екі баласының ұрпақтары арасындағы күрес қазақ хандығының жеңісімен аяқталды. Қасым ханның талантты да білгір басшылығы арқасында Қазақ хандығының территориясы Дешт Қыпшақты ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстанды, Сыр бойы қалаларын және Жетісу жерінің біршама бөлігін де қамтыды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абуль-Гази Багадур хан. Түрік шежіресі. Москва, 1996.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992.

3. «Зубда – Туль - Асар» Насруллахи. «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» / Под ред. проф.Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.П.-2-е изд.- Алматы, Қазақстан, 1997.
4. Абуль-Гази Багадур хан. Түрік шежіресі. Шағатай басылымы. «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» / Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.П.-2-е изд.-Алматы, Қазақстан, 1997.
5. Хондемир. «Прошлое Казахстан в источниках и материалах»/ Под ред. проф.Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.П.-2-е изд.-Алматы, Қазақстан, 1997.
6. Мұхамед Хайдар Дұғлати. Тарих-и-Рашиди. Алматы, 2003.
7. Прошлое Казахстан в источниках и материалах»/ Под ред. проф.Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.П.-2-е изд.-Алматы, Қазақстан, 1997

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XV ғ. аяғы мен XVI ғ. бас кезіндегі Әбілқайыр хан ұрпақтары мен қазақ хандарының арасында Шығыс Дешт Қыпшақ үшін жүргізілген күрес, оның себептері және нәтижесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В представленной статье рассматриваются причины и результат борьбы между потомками Абу-л-хаир- хана и казахскими ханами за Восточный Дешт-Кипчак в конце XV – начале XVI вв.

ЕР ЖӘНІБЕК ӨТКЕН ЖОЛДЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Берлібаев Е.Т. (Алматы қ., Қазмемқызпи),
Семжанова С.А. (Алматы қ., №72 мектеп)

2006ж. 10 қазанында Қ.Р Президентінің «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» деген жарлығы шықты. Мұндағы мақсат азаматтарға патриоттық тәрбие берудің біртұтас жүйесін құру.

Азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, Отан мүдделерін қорғау жөніндегі борыш пен міндеттерді орындауға тәрбиелеуде қазақ батырларының өткен жолдарымен тарихи маңызы өте зор. Біз осы мәселені мақалада басшылыққа алдық.

1723 жылдың ерте көктемінде Сыбан Раптан ширек ғасыр бойы қазақ еліне маза бермеген батыс қосындарын, соңғы он бес – жиырма жылда саны басым, қаруы қапысыз Мәнжу – Цин әскерімен тынымсыз шайқаста әбден шыныққан шығыс қосындарын, Дүрбіт – Ойраттың жүз мыңнан астам темір шерігін түгелімен Қазақ ордасына төкті.

Өз ішіндегі саяси ауыз бірліктің жоқтығынан, екіншіден бұдан бұрынғы соғыстарда әбден қансыраған біріктірілген басшысы жоқ ел ойрат шапқыншылығына ешқандай нәтижелі қарсылық көрсете алмады. Сол тұстағы тарих парақтарын

ақтарсақ жекелеген ұрыстар бізге жанкештінің ісі тәрізді көрінеді. Қару ұстар азаматы түгелге жуық қырылған панасыз жұрт адам айтқысыз шығынға ұшырады, ата қонысынан безіп, халық тарихында Ақтабан шұбырынды... деп аталатын зобалаң апатқа түсті.

Біздің тарихи және көркем әдебиетте Ақтабан шұбырынды жоңғарлардың тұтқиыл шабуылы салдарынан болған төтенше бақытсыздық ретінде бейнеленеді. Шын мәнісінде 1723 жылғы жоңғар шапқыны және оның нәтижесіндегі қазақ босқыны осыған дейін тура қырық жыл бойы жүргізілген саясат пен майданның - Қазақ ордасы мен Дүрбіт – Ойрат ордасындағы аяусыз күрестің соңғы түйіні. Біз осы тұстағы тарихи оқиғаға Қазақ Ордасы 1723 жылы қалай қирады деп емес, осы 1723 жылға қалай жетті деп баға берсек көптеген келеңсіз құбылыстардың беті ашылар еді.

1723-1727 жылдар Қазақ сахарасы үшін ең бір қайғылы кезең болды. Жоңғар басқыншыларының тұтқиылдан жасаған шабуылына төтеп бере алмаған қазақтар ғасырлар бойы мекендеген жерлерін тастап босып кетті.

Кейінгі қазақ тарихшысы, жазушы, ойшыл Шәкәрім қажының айтуынша, Ақтабан шұбырынды кезінде қазақ халқы «үш есенің екеуінен» айырылған. Бүгінгі заман демографтары халықтың үштен бірі қырғын тапты деп есептейді. Орталап айтсақ жер басып жүрген екі қазақтың біреуі апат болды. Сол ауыр жылдардың өшпес белгісіне айналған Қожаберген жыраудың «Елім-ай» әні әлі күнге дейін халық жадында.

1725 жылғы жаңа шапқыннан соң жан қиналмай өлудің өзі арманға айналды. Түркістан, Ташкент, Саураннан соң бүкіл оңтүстік өңірден айырылған қазақ тұяқ тоқтатар бұдыр таппады. Мауренахрды көктей өтіп, Арқаға қайырылып, ордалы жұртымен шұбырып, Жем мен Жайыққа жетіп әрең тоқтады.

Аттылы, көбі жаяу шұбырған, аштықтан, аурудан әлсіреген қазақты Бұхар да, башқұрт та, Еділ қалмақтары да талады. Алайда қайратты қазақ елі әлі де мүлде қауқарсыз емес еді. Өкшелеген жаудан қара үзген қазақ халқы қол түзіп, тізе қосып, қарсы шабуылдарға көше бастады.

Дәл осы кезеңдегі ерекше маңызды тарихи мәселе қазақ қоғамындағы бірігу рухының пайда болуы 1723-1724 жылдардағы ірі жеңілістерден соң аймақтарда жасақтар құрыла бастады, оларды халық арасынан шыққан батырлар басқарды. Осындай қиын кезеңде Абылай, Әбілхайыр хандардың, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, талантты қолбасшылар Қабанбай, Райымбек, Бөгенбай, Жәнібек, Қарасай, Наурызбай батырлардың даңқы шықты.

Тарихымыздың күрделі беттерінің бірі – бір жарым ғасырға жуық уақытқа созылған жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күрес. Жәнібек батыр осы күрделі қиын кезеңнің бел ортасында болған қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен атақты тұлға. Халық осындай батырларының ерлігімен, бірлігімен тәуелсіздігін сақтап қалды. Отандық тарихымыздың жарқын беттеріне айналған осы азаттық жолындағы күресте ел тізгінін ұстаған хан-сұлтандар, батыр бабалар ерлігі жайында соңғы кезеңде көптеген ғылыми мақалалар, жыр-дастандар, тарихи романдар, ғылыми конференция материалдары жарық көріп жатыр.

Кеңес дәуірінде «рушылдық», «жершілдік», ұлтшылдық көріністері ретінде ауызша тарих айту дәстүріне тиым салынып, жеті атадан тарайтын қазақтың тарих кестесі бұзылды. Нәтижесінде кейінгі ұрпаққа бұрынғы бабаларымыздың кім болғанын айтып жеткізуден қорқатын заманға байланысты, қазақ тарихына қиянат жасалды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте сол кезеңде өмір сүрген Бұхар жырау, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Қожаберген сынды

атақты жыраулар мен ақындардың толғаулары, дастандары, жырлары, өлеңдеріне күмәнмен қараушылық қазақ тарихына салынған тұсаумен тең болды.

Бүгінде зерттеуші ғалымдарымыз ерлігімен ел есінде қалған бабаларымыздың өмірбаяны мен ерлік істерін еркін, жаңа тұрғыда қарастыруда. Аталған жыраулардың еңбектерін қайта сұрыптап, тарихи құндылығына ерекше мән беруде.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылғы «Қазақстан 2030» Жолдауында “өз тарихымызбен ... дұрыс жолды тандап алу мүмкіндігіміз бар” – деп, қазақ халқын ежелгі-бабаларымыз жасаған рухани байлықтан нәр алуға шақырады /1/. Біз бастаған жаңа кезеңде көшпелі ата-бабаларымыздың далалық ауызша тарихнамасын қайта сараптап өткізудің мәні ерекше. Далалық ауызша тарихнамаға аңыз әңгімелер негізінде жазылған шежірелерді жатқызсақ, оны тарихи білім ретінде қарау көзқарасы Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов еңбектерінде байқалады. Көрнекті тарихшы Е.Бекмаханов қазақ ауыз әдебиетінің деректерін ғылыми айналымға енгізе отырып: «Қазақ сұлтандарының, билері мен ақсақалдарының өздері жинаған, өндеген материалдары дұрыс жазбалар қатарына жатады» деп әділ баға берген /2/. Кейін Е.Бекмахановқа жасалған қиянатқа қарамастан білімнің әр саласының көзін ашқан академик Ә.Марғұланның осы игілікті істі жалғастыруына заман ағымы ырық бермеді.

Тәуелсіз Қазақ Ордасының даңқты қолбасшысы, көреген саясатшы, көрнекті мемлекет қайраткері Абылай өзі билік еткен тұста жоңғар шапқыншылығы кезінде ерекше көзге түскен халық батырларына сүйеніп, ел басқарды. Бүгіндері көзіміз жетіп отырғандай батырларға арқа сүйеу сол тұсқа сәйкес бірден – бір дұрыс саясат болды. Жоңғар шапқыншылығы тұсында ел басқарған, қол басқарған батырлардың даңқы шықты. Кейін Ресейге қосылу мәселесі сөз болғанда да бодан болу емес, әскери одақ болу мәселесін ұстанған нақ осы батырлар болатын.

Қасиетті есімдері Абылай дәуірінің нақты тарихи құжаттарында аталатын, халықтың ауызша шығармасының ескерткіштерінде кездесетін батырлар халық есінде мәңгі сақталып қалды. Бұлар – XVIII ғасырдың үшінші ширегінде Дүрбіт-Ойратты талқандаған, Маньчжур-Цин империясымен қаһармандылықпен шайқасқан. Үздіксіз жиырма жылдық соғыста Алаш рухын қайта тірілтіп, үш жүзді басқару тізгінін Абылай ханның қолына ұстатқан, аттары халық ауыз әдебиеттерінде аңызға айналған ең үздік қолбасшылар.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жазылған 2002 жылғы 5 томдық Қазақстан тарихының 3-ші томында Қаракерей Қабанбай, Мүйізді Өтеген бастаған 40-тан астам қолбасшы батырлардың тізімінің бел ортасында Керей Жәнібек Бердәулетұлының есімі де құрметпен жазылған /3/.

Қазақ халқының құрып кету қаупі төнген осынау апаттан аман сақтап қалған батырлардың қай-қайсысы да ел тарихында алтын әріптермен жазуға тұрарлық тұлғалар.

Жәнібек батыр жайында жазылған ел аузында күні бүгінге дейін сақталған аңыз әңгімелер, қиса дастандар, шешендік сөздер, жоңғар басқыншыларына қарсы қанды күрестің бел ортасында жүріп, елі мен жері үшін ерен ерлік көрсеткен тарихи тұлға екендігінің айғағы.

Кенестік дәуірде Ганибал, Наполеон, Кутузов сынды атақты қолбасшыларды жан-жақты оқып таныдық. Өкінішке орай, Абылай ханның өзінің тұжырымдауынша XVIII ғасырдың алғашқы қырық жылында үштен екісі қырғынға ұшыраған /4/. осынау апатты жылдарды жоңғар шапқыншылығы жылдары деп емес Ұлы Отан соғысы деп атауға негіз жетерлік болса да, үстірт қарастырылып, батырлар рөлі аз зерттелді. Қазіргі тарихнама біз қарастырып

отырған кезеңде батырлардың жаңа мазмұндағы ірі шоғыры қалыптасқанын айқындап отыр. Тарихи деректерге қарағанда, осы қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы жолында қолына қару алып атқа мінген қазақ батырларының саны 300 ден асады /5/. Ер Жәнібек жайында Қазақстан ұлттық энциклопедиясында: Жәнібек Бердәулетұлы – батыр шешен. 1792 жылы қайтыс болған. Жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа аттанарда нағашы атасы Қаздауысты Қазыбек биден бата алған. Алғашқы жекпе-жекте қалмақтың екі батырын жеңіп, жаудың бетін қайтарған деп жазылған жолдар бар. Біз қарастырып отырған кезеңде жекпе-жек әскери соғыс өнерінде ерекше роль атқарған. Осы тарихи құжатта Жәнібек батыр Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай т.б. батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар басқыншыларына қарсы соғыстың аяғына дейін қатынасқаны айтылған. Үмбетей жырау: Абылай ханның әйгіленуіне жеке басының қасиеттері ақыл парасатымен, айналасына терең ойлы билер, жүрек жұтқан батырлар топтасқанынан деп баяндайды. Осыған лайық тұлғалар қатарында Керей Жәнібек батыр да тұр. Жырлар ауыздан ауызға көшкен әр жыршы өз ойынша, өз қиялында өң берген. Ы. Ботайұлынан жазып алынған «Ер Жәнібек» дастаны да Жәнібек батырдың үлкен шайқаста атына оқ тиген Абылайды құтқарғаны ханның оған алғыс ретінде «оң тізесінен орын беріп», яғни іргесінен жер бөлуі, ту алып сарбаз ұстап, таңба алсын деп Керей еліне құрмет көрсеткені қамтылады /6/. Дастанда Абылайдың адамгершілік қасиеттері терең ашылған. Сонымен бірге бір соғыста қалмақтармен жекпе-жекте қазақ қолынан ешкім шықпаған кезде, суырылып Жәнібек батыр аттанып, жеңіп қайтқанда Абылай астындағы атын құрбандыққа шалады. Бұдан Абылайдың жақсылыққа бағыштап ырым жасауы, батырына көрсеткен құрметі сезіледі. Дастанның оқиғасы Жәнібек туралы аңыз-әңгімелер негізінде дүниеге келген. Жорықтарда қол бастап, батырлық танытқан ерлік істері, қолбасшылық қыры сипатталады. Жыр дастандарда Абылайдың үнемі би батырлармен кеңесіп, ақыл ойларымен санасуы оның ел билігіндегі қолбасшылығындағы ерекше қыры болып табылады.

Жалпы XVIII ғасырдағы одан кейінгі туындаған тарихи жырлар мен дастандарды Абылай заманындағы би батырларға қатысты оқиғалар кеңінен қамтылған. Сондықтан «Абылай дәуірі – қазақтың ерлігі мен серілігінің ғасыры» деген Шоқан сөзі дәл берілген әділ баға /7/. Олай дейтініміз, хан Абылай мен Ер Жәнібек сынды тұлғалар елдіктің, ерліктің ұраны, батырлықтың, өнегелі ел билігінің жүрегі, ел үмітінің тірегі болды. Сондықтан Жәнібек батыр өз дәуіріндегі ақын жыршылардың шығармашылығының алтын өзегіне айналды. Ер Жәнібек жайында жазылған осындай жырдың бір нұсқасының қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы тұр /8/. Жәнібек жайлы аңыз әңгімелердің көпшілігі батырдың басынан кешкен түрлі оқиғаларға қатысты шыққан. Ер Жәнібек жайында тарихи роман, оннан астам қиса дастандар жазылған. Сонымен қатар көркем шежірелер, аңыздар, шешендік сөздер аз емес. Барлық аңыз әңгімелердің алғашқы үлгілері халық үшін қызмет еткен, тарихта болған адамдардың ісін, өмірін әңгімелеу кезінде туған. Тарихи аңыздар әр дәуірдегі айтушылар мен тыңдаушылардың түсінік пайуымдауына, ұғымына сәйкес өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Жәнібек Бердәулетұлы жайындағы аңыздарды қарастырғанда бірнеше аңыздың түп мағынасы бір болғанымен, өзгерістерге ұшырағаны айқын байқалады. Кезінде кейбір бұрмалаушылар Жәнібек батырды Қытайға ауған елден бөлінген деп кінәлайды. Мысалы: «Идеологияландырылған саясат ыңғайына сай» Н.С.Смирнованың «Абылай туралы жыр» аңыздарды зерттеуінде: «халықтың аңыз жырларында Абылайдың Ресейден іргені аулақ салуына бұқараның қарсы болғаны аңғарылады» деп

Абылайдың келісуімен Жәнібек батырдың Керей руымен бірге орыстардың шекарасынан аулақ көшіп бара жатқан жолда ауруға шалдығып қаза болуын «керейлерге құт әкелген» халықтан бөлінуінен болған іс ретінде көрсетіледі /9/. Бұл жөнінде Қазақ энциклопедиясында: 1731 жылы Әбілқайыр Ресей империясының бодандығын қабылдаған кезде, Жәнібек Керей тайпасын бастап Сыр бойынан көшіп, Қобда тауына келіп қоныстанады. Осы арадан Алтайдың Ақтау төңірегіндегі кейін «Жәнібек асуы» деп аталып кеткен асудан асып, 1760 жылы Абақ Керей руын Алтай тауының қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарасты мекеніне апарып қоныстандырған деген жолдар тұр.

Бізге 1756-1757 жылдары қазақ билеушілері екі ірі топпен басып кірген Цин империясы әскерімен қантөгіс ұрыс жүргізгені белгілі. 1997 жылы Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ерекше тапсырмасымен Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар жиналып, 1998 жылы «Санат» баспасынан жарық көрді. Жоғарыдағы пікірді қытай архивінен алынған деректер де растайды: Әмірсананы құғындау үшін қазақ жеріне ішкерілей енген Дардана, Хадаха генералдар.... Әмірсананы ұстай алмады, олардың сылбырлығынан Қазақтың Абылайы да құтылып кетті. Сол үшін екі генерал ауыр жазаға тартылуы тиіс... /10/.

Осы деректер мәлімдегендей Чин империясының табысы көп, шығыны аз болса екі генерал ауыр жазаға тартылмас еді. 1957 жылы қытай әскерімен Аякөз маңында тағы шайқас болды. Біздің пайымдауымызша осы шайқастарға Керей руларымен Жәнібек батырдың да қатысуы әбден мүмкін. Олай дейтініміз, бұған дейін қазақ еліне сыртқы басқыншылар тарапынан болған соғыстарда әйгілі болған батырдың қауіп төнгенде осы аймақта бола отырып, Абылай жасағында болмауы еш негізсіз.

Ер Жәнібек туралы жырдан аңғарғанымыздай, ел аузында қалған естелікте батырдың айрықша қасиеттері, батылдығы, алғырлығы, жомартығы айқын көрінеді. Осыған сәйкес Абылай да ержүректілікті, тапқырлықты, тура әділ сөзді құрметтеп, қадірлеген. Ер Жәнібек туралы аңыздардың бірнеше нұсқалары бар. Ерекшелігі – аңыздардың бәрі де бір оқиға төңірегінде өрбиді. Бәрінде де кезекті бір ұрыста Абылай аты болдырып ұстала жаздайды. Бұны аңдаған Жәнібек көк дөненін беріп, тың атқа мінген Абылай жігіттерін батыл сөздермен рухтандырып, қайта соғысады. Осы оқиға әр аңызда әр түрлі баяндалады.

Біреуінде: көк дөненге мінуден арланған ханға:

Қазақтың ханы Абылайды,

Қалмақ өлтірді деген ше,

Өзім өлтіріп кетемін, - деп Жәнібек найзасымен тап бергенде, Абылай қаймыққаннан мінеді деген – мыс /11/.

Екіншісінде: - Басынды жауға кестіріп, қанжығасына байлатқанша, өзім кесіп кетейін, - деп Жәнібек қылышын суырып, өлтірмек болады /12/.

Үшіншісінде: қолды қайта ұрысқа бастаған Абылайға Жәнібек:

- Алдияр! Сіз өлсеңіз ел жетім қалар, мен өлсем қазақтың бір қатыны бір ұл табар деп атына мінгізіп Абылайды құтқарады /13/.

Енді бір нұсқасында шайқас кезінде Жәнібек аты болдырған Абылайға көк дөненін көлденен тартып:

- Елін басқарған батыр, бір өзі мыңға татыр,

Мен көптің бірімін, сен аман қалсаң тірімін, - дейді.

Мұның бәрінде әсірелеу басым. Біздің пайымдауымызша бәрінен де шындыққа жақын аңыз мынау болса керек:

«Жоңғарлармен шайқастың бірінде қазақтар жеңіліс тауып аты болдырған Абылай оларды тоқтатуға әрекеттенген еді. Осыны байқаған Жәнібек атын береді. Хан басымен атын ауыстыруды намыс көрген Абылай Жәнібекке: - Жас екенсің, қарағым, жау басым, жазым боларсың,- дейді. Сонда Жәнібек: - Сіз қолға түссеңіз ел басшысыз қалар, мен қолға түссем қазақтың бір әйелі тағы да бір ұл туар,- дейді».

Бұл тапқыр сөзге риза болған Абылай тың атқа мініп, қолын біріктіріп, жауын жеңеді. Мұнда батырдың шынайы ықыласы көрінеді. Жоғарыдағы аңыздарда саралағанда шындыққа жақыны осы. Олай дейтінміз, «менің атыма мінбедің» деп ханға найза, қылыш көтеру – батырға тән қылық емес. Аңызды айтушының Жәнібекті әсірелеудегі қоспасы. Соңғы аңызда Абылай Жәнібек ерлігін, адамгершілігін бағалап, қиындықта қолдау көмегін елеусіз тастамағанын көреміз. Ұрыс аяқталған соң:

- Ат бергеніңнен сөз бергенің асты. Осы жолғы олжа басы сенікі, - деп Жәнібектің үш тілегін орындаған. Оң тізесінен орын берді дегені іргесінен жер бөліп берген, туын белгілеген. Керей елінің билігін тапсырған.

Тағы бір аңызда жекпе жекте хан «кім шығар екен» дер қиналғанда Жәнібек «Абақ! Абақ!» деп ұран салып қалмақты қуа жөнелгенде, Абылай: Иә, Алла! Қазаққа жеңісті нәсіп қылып, Жәнібектің жанына жар бола гөр! – деп астындағы атын айтып, бауыздап жіберген.

Бұл тұста Жәнібек қанша дәріптелгенімен Абылайдың батырлық ерлік қасиетті құрметтегені аңғарылады. Бұл оқиғаны Абылайдың өз батырын биік көрсеткісі келгенін айтушының оқиғаны қосып бұра жеткізуі деп түсінеміз. Біріншіден, аңыздар ауызша тараған, екіншіден, оқиғаға көп уақыт өткен, үшіншіден, көркемдік әсірелеуден аңызда баяндалған оқиғаның түрлі нұсқалары пайда болған.

Шындыққа жақын осы аңыздар «Ер Жәнібек» дастанымен мазмұндас. Мұның өзі аңыздың дастанға өзек болғанын аңғартады. Батырдың ерлігі - Бұхар жырау, Досбер Саурықұлы, Үмбетей жырау, Ақыт Үлімжіұлы жыраулардың шабытына арқау болды.

Аңыздарда Абылайдың батырларды сынайтын дәстүрлері болғаны байқалады. Батырлардың жүректілігін, тапқырлығын, күш-қайратын, батылдык шешімін ой сарабына салып оларды қол бастауға іріктеген.

Абылайдың Жәнібекті сынауы деген аңызда осындай мазмұн баяндалған. Мұндай сыннан батырдың мүдірмей өткені, қиын да қатерлі сәтте нағыз батырлық қасиетін танытқаны сезіледі. Нағыз ерлер ер атанамын деп ерлік жасамайды. Ерлік өлшемі ізгілік. Жәнібек бастаған батырлар ерлігі – ізгілікке толы. Оның мақсаты жерді, елді қорғау, келер ұрпаққа өмір сүру кеңістігін анықтау. Жәнібек батырдай ерлердің ізгілігі бізге сабақ. Батырлар қорғаған кең мекенді ендігі ұрпақ көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек. Жәнібек батырдай ерлердің ұлы ісіне бас ию, құрмет. Қазақта батыр көбейіп кетті деу теріс пікір. Бүгінгі біздің алып мекенімізді батырлар қорғап қалмаса, олардың ісі ерлікке толы болмаса, бүгінгі баға жетпес ата мекенімізді кім бізге сақтап қалар еді. Қорыта айтқанда, елін, жерін азат етуде, жоңғар басқыншыларына қарсы күресте Ер Жәнібек сынды батырдың тарихи рөлі зор. Жәнібек батыр қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде үлкен ерлік көрсеткен тұлғаның бірі. Сондықтан Жәнібек батыр сияқты ерлеріміздің ерлігі жас ұрпақты отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге әбден лайықты. Ер Жәнібек жауына қатал, досына адал, қазақ елі үшін өзін құрбан етер отаншыл батыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан 2030. Алматы: Юрист, 2001, 65 бет.
2. Е.Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында. А.: Санат, 1994, 14 бет.
3. Қазақстан тарихы. 3 том. Алматы: Атамұра, 2002, 267 бет.
4. Егеменді Қазақстан, 1992, 3 қазан.
5. Әбдіжапар Әбдіәкімұлы. Қазақ тарихы. Алматы. 1997, 88 б.
6. Ботайұлы Ы. Ер Жәнібек дастаны // Жұлдыз, №5,6, 1995.
8. Ш.Уәлиханов. Шығармалар жинағы. 5 т. // А-А, 1984, 432 б.
7. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. 3 том, 396 б.
8. Қазақ тарихы жырларының мәселелері // А.: Ғылым, 1979, 312 б.
9. Қазақстан тарихы. Зерттеулер, құжаттар. Алматы: Санат, 1998, 30 бет.
10. Абылай хан // Алматы. Жазушы, 1943, 416 б.
11. Ботанайұлы А. Қаз дауысты Қазыбек, Ер Жәнібек // Жұлдыз, 3, 1995.
12. Алтын сандық // Ана тілі. 1993, 92 б.
13. Сүлейменов Р.Б. Абылай хан // Қазақ батырлары, №1, 1991.
14. Жәнібек батыр // Алматы ақшамы, 15 қараша. 1992.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жоңғар шапқыншылығы жылдарындағы Ер Жәнібек Бердәулетұлының Отан қорғау жолындағы ерлік істері баяндалады. Қолда бар деректерді салыстыра келе, автор өз көзқарасын білдіреді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются военные успехи Жанибека Бердаулетулы в годы джунгарского нашествия. На примере некоторых источников автор показывает свое отношение к данной проблеме.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҚЫПШАҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Қ.Қ.Жылқышыбаева - т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Мұсылман тарихшылары мен орыс шежірелері барша ұлы Дала атымен аталған қыпшақтарды іргелі де көшті ру ретінде білген.

Қазақ далаларының кейінгі этникалық деуірінде елеулі орын алған ең ірі тайпалар одағы жайлы меліметтер мұсылман деректемелерінде келтірілген.

VIII-X ғасырларда кимақтар мен қыпшақтардың еуелі Алтайда, Ертіс мұңірі мен Шығыс Қазақстанда басым факторға айналады. Кимақтар мемлекетінің ХІ ғасырдың бас кезінде көйреуі және қыпшақтардың бір бөлігінің Арал мен Еділ бойына қарай ойысуы кимақтар мен қыпшақтардың орналасуының жаңа сатысына негіз болды. Осы қаралып отырған кезең академик М.Қозыбаевтың пайымдауынша этностардың төрлік тайпаларының ірге бұлу уақыты болып табылады. Бұл кезең қазақ тарихында оғыз-қыпшақ деуірі деген атқа ие.

Біздің деуірдің Х ғасырында Еуразия кеңістігін мекендейтін славяндардың, роман-германдықтардың, төрліктердің тағы басқалардың кұрамында этностардың бұліну процесі басталады. Сүйтіп Батыста орыс халқы пайда болады. Осы мезгілде ұлы далада қыпшақ халқы да қалыптасты.

халқының мұзегі болған деген тұжырымдаулар кездеседі. Бірақ академик М.Қозыбаев бұл тұжырым жеткілікті терең емес деп есептейді. Ол XI-XII ғ.ғ. қыпшақ халқы құрылып бітті деген пікір айтады. Осы автордың пайымдауынша болған халықтың бірегей аймаққа орналасуы, түрлік тайпаларының қатар дамуы, ортақ тілі, қышпенді, жартылай қышпенді ірпі, бірегей мәдени -әлеуметтік ортасы, ескери демократиясы болуы, ескери қимылдарды бірге жүргізуі есер еткен.

Қазақ халқының қалыптасуы кездейсоқ ері бір уақыттағы оқиға емес. Қазақ халқының қалыптасуына есер еткен этникалық процестердің түпкі тамырлары ерте заманда және орта ғасырларға қарай кетеді. Қазақстан аумағындағы мемлекеттің туындау деуіне тереңдеп барады. Қазақстан орта ғасырлардағы халқының-түрліктердің, түргештердің, қарлұқтардың, оғыздардың, қарахандардың, қарақытайлардың қыпшақтарға, наймандарға, керейлерге, ойындарға және басқаларға дейінгі генетикалық байланыстары болғаны да туғызбаса керек.

Тарихи деректерге сүйенсек, “қыпшақ” және “қазақ” деген ұғымдардың қатар шыққанын байқаймыз. Кейбір авторлар осылай болжам жасайды. Сөйтсе де қазақ халқының шығу проблемасы елі де болса жеткілікті түрде зерттелген жоқ. Қазақстанның ауқымды алқабындағы этногенетикалық процестердің қыптеген қырлары анық емес. Ғылымда “қазақ” деген этнонимнің табиғаты жүйінде еркілі болжамдар бар. Қазақ халқының қалай қалыптасқаны жүйінде ертүрлі тұжырымдар еліде орын теуіп келеді.

Алайда, қыпшақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңін моңғол шапқыншылығы өзіп жіберді. Этнос ретінде қыпшақтар қазақтардың этногенезінде елеулі рөл атқарды. “Қазақ” сөзінің мұз қыпшақтар мекендеген аймақта пайда болған деуге барлық негіздер бар. “Қазақ” терминінің алғаш рет таралған аймағы Шығыс Дешті Қыпшақпен, басқаша айтқанда, қазіргі Қазақстан аумағымен байланысты болды. “Қазақ” сөзінің осы фонетикалық құрамында пайда болуын А.Н. Самойлович шамамен XI ғасырға жатқызды /3/.

Қазақ этнонимінің пайда болуы қарағар келіп жататын толып жатқан пікірлерін қамтитындығын атап өткен жүй. Алайда бұл аса маңызды ері құкөйтесті проблемаға езірше келісімді жауап айтылған жоқ. Методологиялық тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тарихы мен құрылу уақытын деректемелердегі қазақ этнонимінің пайда болуынан едістемелік тұрғыдан ажырата білу керек. Қазақ терминінің еш күймен келтірмейтін бірінші рет айтылуына келер болсақ, ол 1245 жылы Мысырдың мамлюк мемлекетінің қыпшақ ортасында құрастырылған құне қыпшақ шығармасында (түрлік-араб сүздігінде) айтылады. Онда “қазақ” сөзіне “еркін, кезбе” деген мен беріледі /4/.

Қазақ ұғымының пайда болуы XIII ғасырдан гүрі ертерек уақытта қатысты депте санау дұрыс болар еді, алайда хронологияны анықтайтын ешқандай тікелей деректер езірше табылған жоқ.

Қазақтану институтының қалыптасуы мен уақыты жүйінде X ғасырдағы араб географы Ибн -Сл-Факихтің шығармасында, оғыз ханзадасы Балқик Ибн Жабғудың еңгімесіне байланысты сюжетте мте қызықты меліметтер айтылады, оның мазмұны мынадай: “Менің бабаларымның біреуі,- дейді Балқик, -сол кезде патша болған екесіне ашуланып, одан бүйініп кетті.Ол мүйіне келгендерді, жасақшыларды, қарақшылық (салук) жасауды ұнататын басқа адамдарды серік етіп таңдап алады”/5/. Қазаққа айналуының бұл классикалық сипаттамасы, тегінде, Сырдарияның түменгі ағысын жайлаған оғыз билеушілері жабғудың тарихымен байланысты болса керек,ал оның тарихи тамыры, жанама құрсеткіштеріне

қарағанда, IX ғасырда жатыр деп айқын анықталады. Ибн -Ел-Факих қазаққа айналуы арабша “салук” терминінің оғызша баламасын келтірмейді. Оның ерекетінің аты-“салук” бедеуилер арасында тайпада мұне орын таба алмаған, сондықтан топ құрып алып, қарақшылық жасау жолымен бақыт іздеп кеткен кедей болса да, алғыр адамдарды білдірген. Алайда терминологиялық жағынан ерекше болғанымен, қазаққа айналу институтының мазмұны ер-тұрлі (оғыз және араб), бірақ біртектес құшпелі екі қоғамда сейкес келетіндігі айқын аңғарылады.

Қай жағынан алып қарағанда да, Ибн -Ел-Факих арабтың “салук” сұзін “қазақ” терминінің орнына қолданған деп зор сеніммен айтуға болады. Түменде құрсетілгендей, оғыз - тұркімен қоғамында IX-X ғасырларда орын алған “қазақ” ұғымы қыпшақтар ортасына сіңісіп кеткен. Мұндай алғы шарт оғыздар мен қыпшақтардың кейіннен генетикалық, тілдік, елеуметтік және шаруашылық-медени жақындығының қалыптасуына жеткізген сан ғасырлық аса тығыз этникалық-саяси және этникалық-медени байланыстардың объективті фактісінен ғана туындамайды, сонымен бірге жазбаша деректемелердің қосымша материалдарына да негізделді. Меселен, XIII ғасырдағы Хорасан тұркімендерінің арасында антропоним құрамында “қазақ” термині атап үтілген.

“Данишиде-и-Манкул-у Манкул” кітапханасындағы бір қолжазбаның колофонынында анық қолтаңбамен былай деп жазылған: “Бұл қолжазбаны алған Білел бин Жабрами бин Мұхаммед Ели –ат Тұркімени Ел-Қазақи, хиджраның 660 жылы” 117, яғни 1262 жыл. Бұл адамның жеке атындағы “Ел-Қазақи” деген сұзді, сіре, қай этникалық ортаға жататындығын құрсететін басқа хисбамен қосақты алынған нисба ретінде қабылдау керек болар. Ел-Қазақи терминінің тұркімен этнонимімен қосақталуы Мысырдың қыпшақ-араб сұздігінде “қазақ” терминіне елеуметтік мағына берілгені сияқты, бұл ұғымда елеуметтік мен болған жоқ, қайта этникалық ерекшелік болды деуге жеткілікті негіз береді. Мұз есімінде этникалық белгілерді құрсететін екі нисбаны (ат-Тұркімени және ел-Қазақи) қосарластыра келтіру елдебір ерекше және сирек кездесетін нерсе емес. Сол кездегі жазбаша еңбектерде бір есімде ер тұрлі екі этнонимнің жазылу мысалдары бар, мысалы, Сайф ау-Дин Канкар ат-Турки.

Қарастырылып отырған Білел бин Жабырайыл бен Мұхаммед ели ат-Тұркімени ел-Қазақи деген жеке адамның есімімен Дешті Шығыс Қыпшақтан шыққан, Хорасан тұркімендерінің қоғамындағы қыпшақ қазақтары үкілінің аңғарылатыны қмменсіз. Бір ғажабы тұркімен – оғыз ортасына ел-Қазақи тұркіндегі терминінің фонетикалық құрылысы тен емес, керісінше, олар үшін “ел-Қазақи” деп жазылған термин заңды, яғни оларға тен фонетикалық нормаларға сейкес “ел-Қазақи” сұзінің үшінші буынындағы “к” еріпі “х” дыбысымен алмастырылады. Рашид ад-Дин Рап и Рашидидің Хорезм-Хорасаннан хат алысуына жататын “Ванф-наме” деген жазбаша құжатында этникалық сипатта екені қммен тұғызбайтын “қазахлу” “қазахлар” деген атаулардың кездесуіне қарағанда, Хорасан аймағында қазақтар айтарлықтай топ болған.

Баяндалған материал XI-XII ғасырларда Дешті Шығыс Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында “қазақ” деп аталатын этникалық-елеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл айтылғандардан қазақ халқы монғолдардан бұрынғы уақытта қалыптасқан деген тұжырым туындамайды. XI-XIII ғасырдың басында далалық мұрде де, егіншілік алқаптар да мекендеген және бірнеше шаруашылық-медени үлгілер шеңберінде олардың қоғамы тіршілігінің тұтас және бірыңғай жүйесін құрған қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ халқының қалыптасуында аса маңызды кезең

болды. Этникалық %ордістердің дамуы негізінде XI-XII ғасырларда Қыпшақ хандығында қазақ халқының этникалық ±йытқысы қалыптасады.

Осы к%өні мiр с%өріп отырған бірсыпыра т%өркі халықтарының мз алдына іргелі ел болып, ордалы Отан к±рып қалыптасу тарихында қмне қыпшақ рулары мен тайпаларының,±лыстары мен ±рпақтарының мзіндік %өлесі мте зор болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Қимеков. Қыпшақ хандығы “Қазақ тарихы” 1993. №1
2. М.Қашқари Диуани л±ғат ат-т%өрік. Ташкент 1960. 444 б.
3. Смаилович А.Н. О слове “казах” //сб. казаки Антропологические очерки Алматы, 1927.13с.
4. Қыпшақ смздігі “Кодекс-Куманикус”. Ертедегі қазақ едебиеті хрестоматиясы. Алматы. 1967.
5. Ибн ал-Факих кітаб ахбар ал-булдан. Фотокопия Мешхедской рукописи. И в РАН, ф.в.202.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының қалыптасуындағы қыпшақ тайпаларының ролі нақтылы көрсетілген. «Қазақ» этнонимінің шығу тарихына байланысты деректерге тоқталған.

РЕЗЮМЕ

В статье показана роль кипчакских племен в становлении казахского народа. Автор так же приводит сведения об истории возникновения этнонима “казах”

КҮН БАТЫСТАН ТАРТЫЛҒАН ТЕМІР ҚОРШАУ ТАРИХЫ. (XVI-XVIII ғғ).

Мырзатаева З.Б. – т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

«Мылтығын орыс қытай, қалмақ сатты,
Айдап сап малғұндарды қоқандатты,
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты»

Қожаберген жырау.

Патшалықтың темір құрсауымен қоршалған қазақ даласы казактық әскерилермен сонау ан алтыншы ғасырлардан бастап-ақ, қанды қақтығыста болды. Мақалада алға қойылған мақсат - Қазақстанның батыс аймағынан отаршылдар төндiрген қауiп қатерлердiң алғашқы шапқыншылық жорықтарын, жыртқыштық озбырлығын, даланы әскери қамалдармен қоршауға алуы жайында баяндау. Ол – Гурьевтен басталып Жайықты жағалай Оралға, содан соң түрлі тармақтарға бөліне келе Звериноголовск бекінісімен шектескен әскери сызықтардың құрылу тарихы болып табылады. Отаршылдар бізге дейін ең алдымен Астрахань, Уфаны алды, содан кейін Жайыққа беттеді. Осыдан соң орыс патшалары XVIII ғасырдың басынан бастап Жайықты, Орь өзені мен Омь өзені аралығын тізбектеп қосатын әскери бекіністер орнатты. Бекіністер екі жақ тұстан (Жайық, Ертіс) түрлі тарихи жағдайлардың барысында бір мезгілде бой көтерді. Ертіс бойында жергілікті байлыққа қызыққан отаршылдар көбінесе өздерінің ішкі

күштеріне сүйеніп орныққан болса, Орынбор өлкесі жағындағы бекіністер хан Әбілқайырдың көмегінің салдарынан тұрғызылды.

Патшалық отаршылдық кезең зерттеушілерінің бірі, профессор С.Қ.Жақыпбек ғылыми мақалаласында /1/ дәйектемелік жүйемен түркі халықтарына зор қауіп төндірген қаһарлы III Иван тұсындағы озбырлықтарды әшкерелеп, Ресей агрессиясының сол кездің өзінде қалай басталып, шығысқа қарай кең жайылғанын түрлі, құнды мәліметтерге сүйеніп баяндаған еді. Автор Карамзин Н.М., Потанин Г. т.б. еңбектерінде кездесетін деректер негізімен орыс патшалығының айдап-салуымен түркі халықтарын асқан қатыгездікпен қыспаққа алып, діни тұрғыдан қатты өштесіп, тіпті көмулі жатқан өліктерге дейін тонаған казак содырларының жыртқыштық әрекеттерін жан-жақты көрсеткен.

Осындай қарқынды күшпен басталған жаугершілік әрекеттер IV Иван, Борис Годунов, М.Федорович тұсында да әрі қарай жалғасын тапты. Славян халқының баса-көктеушілігіне сол тұстағы қонсылас отырған казак хандары діндес бауырларына қол ұшын беріп, өз жерлеріне төніп келе жатқан қатерден сақтауға бар күшін жұмсаған. Батыс аймақтан хабар алып тұрған Сібір ханзадалары 1574 жылы Уфа қаласы салынып жатқанда Абылай Тәуекелдермен бірігіп сұрапыл қырғын шайқас жүргізді. Сол соғыста ерліктің ерекше көріністерін танытты /2/. Әсіресе, 1575ж. бұл ханзадалар Уфадан 15 шақырым жердегі Сібір жолындағы он күн бойы жүргізген шайқасы тарихта елеулі орын алады. Осы шайқас соңында олар жеңіліске ұшырап тұтқынға түскен/3/.

Қазақ хандарынан басқа түркі халқының ел басшылары Мәскеудегі бұл әділетсіздіктерге батыл қарсылық білдіре алды. Мысалы, Бақшасарай мен Ыстамбұлдағылар Ноғай және Қырым хандарына оларға орыстардың жасаған қысымын айтып, діндес бауырларына былай деп хат жазған:

«1.Орыстар егістік пен бүкіл өзенімізді алды; 2. Дон өзенін тартып алды;3.Азовтағы бүкіл еркіндігімізді шектеді; 4.Оның казактары алым-салықтар жинайды;5. Қырым ханына қатты қысымшылық көрсетуде; 6.Орыс-казактары Астраханьды алды; 7.Волганың екі жағы да жауланып алынды; 8. Енді міне, Қазанды алып жатыр. Қазан біздің мұсылмандардың рухани ошағымыз емес пе?! Біз барлық мұсылмандар бірігейік, орыс патшасынан қорғанайық!» /4/. Хат мазмұны отарлық қыспақтың бүкіл түркі елдерінің діңкесін құртып, ашу-ызасын тудырғанын анық байқатады. Бұл туралы пікірді бекіте түсетін бір еңбекте былайша баяндалады: «Орыстарға түрік сұлтандары қаһарлы ашу ызасын жасырмайды, Қырым ханы солтүстіктен аса қорқынышпен қараса, Персия мен Кавказ халқы үрейленумен болды, ал қасиетті Бұқар мен Хиуа православиелік христиандарға қатты ашулы еді. Сондықтан Мәскеу бұл ордалардың қақ ортасынан аяққа тік тұру үшін мықты бекініс-қамал тұрғызып тұрақты әскери күш ұстау керек екенін білді» /4/. Осылайша «ағаш зеңбіректерін сүйретіп, сүйекпен, таспен атқылаған, жүзі өткір қылышпен қаруланған орыс-казак әскері үздіксіз шығысқа жылжи отырып 1620ж Гурьев, 1622 ж.Жайық қаласын тұрғызды /5/. Сөйтіп, Жайық өзенінің жағалауынан тартылған алғашқы әскери сызықтар, яғни Гурьевтен Оралға дейінгі аралықта түрлі редут, форпост, айналасына ор қазылып бекінген бекіністер және тағы басқа түрлі типтегі әскери қамал құрылыстары салына бастады. Мәселен, сондай бекініс қамалдың біреуі - Жайық қаласының құрылысы төмендегідей еді. Ол орыс-казактық слобода типінде, яғни: ретрашемент (вал со рвом) және редант (двойной плетень обмазанный глиной) етіп тұрғызылды. Қала әскери стратегиялық тұрғыдан мықтап бекінді. Қала үш бұрышты түрде салынып, оның бір жағынан ор қазып қорғану тәсілі қолданылды. Қазылған әр жертөледе зеңбіректер тізбектеле орналастырылды. Ал екі қабырғасы

қаланың Жайық және Шаған өзендерімен шектесіп, биік жағалау арқылы қорғанды /6/. Ал кейіннен Жайық бойынан жоғары қарай тұрғызылған бекіністер осыған ұқсас әскери қойма түрінде бірінен соң бірі бой көтерді. Міне, сөйтіп, қазақтың ең даласында суық қарулы шет ел жаулаушылары қона бастады. Осылайша қаулап келе жатқан орыстар әскерілеріне тосқауыл қоюдың орнына ХҮІІІ ғасырдың І ширегінде Әбілқайыр хан оларға үлкен көмек көрсетті. Осы тұста, яғни Орынбор бекінісінің салынуы жөнінде баяндағанда Кіші жүз ханы Әбілқайыр қызметіне тоқталмай өту еш мүмкін емес. Өйткені тарих тылсымында белгілі орын алатын Әбілқайырдың «өз еркімен қабылдаған бодандық» шаралары бүгінгі күні тарихшылардың ойларын шатастырып, түрлі қайшы көзқарасты дүниеге әкелді. Расында тарихтағы қателіктерге әділ сын айтып шындыққа әділ бас ию тарихшыға жүктелетін игі іс. (қараңыз М Блок /7/, Карамзин /8/ т.б.).

Сонау ХV ғасырда Асан Қайғы өлеңдері Батыстан төнетін қауіпті баяндайды. «Елім-ай» атты қайғылы, зарлы өлеңнің авторы - Қожаберген, хан Абылайдың ақылгөй данышпан кеңесшісі - Бұқар жырау өлеңдерінде Батыстан - Ресейден жақсылық емес жаугершіліктің төніп келетіні баса көрсетіледі. Қараңызшы: 1. Асан Қайғы: «Ұлың, қызың орысқа бодан болып, Қайран ел, есіл жұртым сонда нетер?...» /1/. 2. Қожаберген жырау: «Мылтығын орыс қытай, қалмақ сатты, Айдап сап малғұндарды қоқандатты, Қырғызып қазақтарды қалмақтарға, Орыстар қамалдарын салып жатты». 3. Бұқар жырау: «Қарашы ойда жатқан орысты, Дін мұсылман жұртынан, Шіркін алған екен қонысты!, Аяғыңнан шалысты, Күндердің күнінде, Басыңа салып жүрмесін зор істі!»; «Күн батыстан бір дұспан, Ақырда шығар сол тұстан, Өзі сары, көзі көк, Бастығының аты поп, Күн шығысқа қарайды...» /9/. Алысты көре білген, киелі данышпан аталар үні болашақ ел басшыларына өнеге болуы тиіс еді. Сондықтан Әбілқайырдың бұл шешімі кейінгі халық өміріне жасаған ауыр қылмыс, әрі дәрекі қателік болды десек қателеспейміз. Өкінішке орай соған қарамастан хан Әбілқайыр елден билік үшін күрескен Кіші жүз атынан аз ғана өзінің айналасына жиналған ат төбеліндей өзі сияқты сатқындармен /10.10 1731ж. бес адам, 10.10 1732 ж 54 адам сүйеніп/, бодандыққа берілді. Тарихтың қазақ үшін қаралы жылдары болып басталатын 1731 жыл оқиғасы - жеке мәселе. Ол терең зерттеуді, сөйтіп оған кешенді пікір қалыптастыруды аса қажет ететін проблема. Біз бұл тұста хан Әбілқайырдың орыс бекіністерінің салынуына көмек көрсеткенін айту және оған сыни тұрғыдан бағасын беру болып отыр.

Сөйтіп, 1734 жылы Әбілхайыр хан, ұлы - Ералы арқылы орыс патшасынан Орь мен Орал қиылысында бекініс тұрғызуды сұранады. Егер орыс патшасы бекініс тұрғызатын болса, мынадай шарттарды орындайтынын айтып уәде береді: «1. Орыс шекараларын қазақтар шапқыншылығынан қорғау; 2. Бұл жерден өтетін орыс керуендерін қорғау; 3. Өз қол астынан орыстарға башқұрттар мен қалмақтар қақтығысы болған жағдайда әскер беріп, оларды талқандауға қатысу; 4. Бағалы аң терілерімен салық төлеп тұру» /10/. Онсыз да дендеп еніп келе жатқан Ресейдің отаршылдық дертіне Әбілқайыр ханның осылайша дем беруі, сөйтіп оны күшейте түсуі орны толмас қателік болды. Әбілқайырмен сыбайлас болған Тевкелев (ол да -Ресейге сатылған татардың белгілі мырзасы) қазақ жерінде жүргенде бүкіл арам пиғылдарын ішінде сақтады. Ол өзінің күнделік жазбасында патша нұсқауымен қызмет еткенін, келешекте мұнда бекініс қамал тұрғызуды көздейтінін, және оның қазақтар үшін құрылатын *тұзақ (қақпан)* болатындығын ашық жазған еді. Тағы айтатын мәселе, ол жақсы мен жаманның арасын ажырата алмаған қазақтың надан басшыларын бірде қорқытып, бірде алдап, ақырында ақшалай, заттай сұлық таратып, осы іс сапарында сыртқы істер министрлігінен небәрі 2900 рубль ғана

шығын болып, оны дұрыс орындап шыққанын масаттана баяндайды /11/. Қазақ дәстүрінде еліне сатқындық жасағандарды аямай жазалау тәсілі қолданылған. Яғни Отанын, елін, дінін сатқандар сондай-ақ, дұшпандарға көмектескендер ат құйрығына байланып азаппен өлтірілетін болған /12/. Ал қазақ жұрты Әбілқайырдың саяси қызметінен сатқындықтың нышанын жазбай таныды. Академик М.Қозыбаевтың ғылыми мақаласынан кездестірген мына жолдар оған дәлел бола алады. Онда былай делінген: «Ханға қарсы жақ Әбілқайыр хан мен ханшаны ат құйрығына байлап, далаға сүйретпек болған» /13/.

Әбілхайыр хан армандаған бекініс құрылысы 1733 жылдан мықтап тұрып қолға алына бастады. Сол жылы құпия кеңесші И.Кириллов бастаған топпен, Орынбор бекінісінің жобасы жасалды. Сөйтіп қазақ даласына арналған орыс оккупациялық Орынбор экспедициясы құрылды. Кириллов бастаған әскери оккупациялық экспедиция Орь бекінісінен бастап жоғарғы Оралға дейін, сосын бұл жерден Есет провинциясынан Челябинскіге дейін және жоғарғы Оралдан Уйскі бекінісіне дейін тартылған әскери сызықты құрды. Әскери сызықтағы бекіністерге толтырылған баукеспе тонаушы, бойына қанқұмарлық пен жауыздықты жинаған орыс-казактары қазақ мекендерінің тыныштығын бұза бастады. Қонсылас қонған дұшпандар қазақтардың бұрынғы мамыражай өмірін, енді ылғи қорқып-үрейленіп отыратын жағдайға түсірді. Күн сайын ауыл арасынан мал ұрланып, мыңдаған (үш мың қазақты қырып кеткен) кісі өлетін болды /14/. Тіпті тұтас ауылдардың күлі көкке ұшты, қиратылды. Дүние-мүлік қарақшылықпен тоналды, алып кетуге шамасы жетпеген жағдайларда барлық зат түгелімен отқа өртелінді /14/. Құрметті оқырман, бәрінен сұмдығы - мұндай қоқан-лоққы орыс-казактарының күнделікті ісіне, әдетіне айналды! Қарақшылар мұндай істерді жыртқыштықпен орындады. Бұл деректерді казактардың фольклорлық шығармаларынан кездескен мына өлең шумақтары анық көрсетеді: «Завтра солнце в восход, Собирайтесь в поход, У степных дикарей жечь аулы...Теперь своими казаками, В толпу он врезался киргиз, Его как зверя окружили, Отсекли голову в прочь, И жизни тут лишили...»/15/. Өлең шумақтарынан көрініп тұрғандай кезінде Ресейдің әртүрлі өлкелерінен жиналған маскүнем бұзық орыс-казактары қазақтарды адам қатарында көргісі келмеді. Шарасыз дәрменсіз қалған жергілікті халық өмірі тұзаққа байлаулы қалды. Шекара әкімшілігінде отарлық басқару ісі орын алды. Ол елді қиратуды, жазалауды заңдастырып мұны орындауды аталған шабармандар үлесіне берді. Әйтсе де елағалары азаттық жолында ешқашан кері шегінген емес. Көптеген тарихи - әдебиеттерде суреттелетіндей қазақ батырлары қанша айтсақ та күш тең емес қантөгіс шайқастарда қорқу дегенді білмеген, керісінше, «жау қайда?» деп оны іздеп қуып жүріп өлтірген. Сондай кезекті ұрыстардың бірі архив деректерінде 1724 жылы 18 қазан мерзімінен басталып баяндалады. Жайық бойындағы орыс бекіністеріне 3000 қарулы сарбаз еніп орыс-казак әскерілерін қиратып, тоналған мал-мүліктерін айдап алып кеткен /16/. Осындай тартыстар қақтығыстар әр жерлерде жиі болып тұрды. Бір сөзбен айтқанда бекіністермен белдеуленген қазақ даласы тыныш өмір сүруден қалды. 1736 жылы Орынбор үздіксіз Корпус атауымен Орынбор әскерінің негізі қаланды. Бұл Корпусты толтыру үшін Сібірден 2 мың казак әкеліну және бекініске қашқын солдаттар, түрлі жер аударылған қылмыстыларды казак тобына енгізіп орналастыру туралы жарлық шықты /17/. Жаңа бекіністер: Самара, Верхнеозерная, Озерный, Орал бойында, Чернореченск тағы басқа көптеген бекіністер тұрғызылды. 1743 жылы Орынбор казак әскері патша жарлығымен бекітіліп, 1744 жылы оның алғашқы атаманы Матвей Шилов тағайындалды. Сол жылы Орынбор өлкесінің

басшылығына Жайық казак әскері бағындырылды. Сөйтіп, 1780 шақырымды құрайтын Гурьевтен Тобыл губерниясына дейінгі аймақ Орынбор әскери шекара сызығы құрылды. Міне осылайша өте тез арада, «бодандық» келісім шарттан кейін небәрі он жыл ішінде Орынбор өлкесі жағынан орыс әскері мықтап тұрып орын тепті. Орынбор патшалықтың нағыз орталық стратегиялық базасына айналды. Әскерилерге толтырылған қалың қоймасына айналды. Орынбордан батысқа қарай Сакмар сызығындағы бекіністер шоғырландырылса, оңтүстікке қарай Төменгі Жайық, солтүстікке қарай Сакмар және Жоғарғы Жайықтың Орскі дистанциясы, шығысқа - Батыс Сібірімен қосатын Уйскі және Жоғарғы Яицкі сызығындағы Красногорская дистанциясы тарады.

Төменгі Жайық сызығы, Орынбордан 18 шақырым қашықтықтағы Чернолуцк бекінісінен басталып Каспий теңізіне дейін 700 шақырым созылды. Гурьев, Кулагин Калмыковск, Елек және Жайық қамалдарынан басқа, онда Чернореченск, Татищев, Нижнеозерный және Рассыпной және 19 казак форпосты болды.

Сакмар сызығы отаршылдардың ізбасары - Неплюев тұсында құрыла бастады. Сакмар қаласы тағы басқа екі бекіністен тұрды. Предтеченский және Воздвиженский, және екі редут: Никитинский және Желтый. Бұл сызық Башкирияның ішкі бекіністерімен жалғастырушы болды.

Жоғарғы - Жайық сызығы 56 шақырымды алып жатқан 9 бекініс және 16 редуттан тұрды. Орынбордан шығысқа бағыттала отырып оңтүстік шығысқа бұрылады. Ол Орск бекінісінен тура сол өзен сияқты солтүстікке қарай бұрылып Жоғарғы-Жайық бекінісіне дейін жетті. Жоғарғы - Жайық сызығындағы бекіністер екі дистанцияға: Красногорск және Орскіге бөлінді. Красногорскіде: Нежинск, Вязов редуты, Красногор қамалы, Гирияп редуты, Озерная қамалы, Никольский редуты, Ильинск редуты, Подгорный редуты, Кр.Губерлинск және Разбойный редуты орналасты. Орск дистанциясына мынадай қамалдар кірді: Орск, р. Калпацкий және Терекпинский, Танальцкая қамалы, Урдасымская қамалы, Орловский, Берязовский, Урдасымский, Грязновский редуттары т.б.

Уйская сызығы 573 шақ. созылды. Онда 9 қамал және 9 редут тұрғызылды. Ол Жоғарғы-Жайық қамалынан басталып Звериноголовскімен аяқталады. Бұл жерден 59 шақырымдай аймақтан алғашқы Сібір қамалы Преснегорковская басталады. Бұл әскери сызық, Жоғарғы-Жайық жүйесі секілді 2 дистанцияға бөлінді: жоғарғы Уйск және Төменгі Уйск. Алғашқысында 8 бекініс, Төменгі Уйск дистанциясында 10 бекініс қамал салынды /18/. Атап өтетін жағдай бұл бекініс қамалдардың барлығы Омбы өлкесінің губернаторы құпия кеңесші И.И.Неплюев тұсында орын теуіп ерекше қуатқа ие болды.

Бекініс пункттер күшейген сайын қазақтар қарсылығы да өткірлене түсті. Бұрынғы еркіндігі үшін олар отаршыл дұшпандарының бекіністерін қиратумен болды. Бұл кезде өкінішке орай шеп бойына орналасқан әскери қойманы толық ығыстыру мүмкін емес еді. 1737, 1738 жылдардан бастап Әбілқайыр хан өз қателігін түсінген соң ба, жоқ басқа себептермен бе ол жағы белгісіз әйтеуір өзі де Орал әскери сызығына шабуыл жасап, орыс форпостарын талқандауға қатысты /19/. Сондай-ақ, 100 орыс тұтқынын алған, мал-мүліктерін қайтарып алған Еділ бойындағы қақтығыс кейін 1743 ж. ақпанда болып өтсе, 1760 ж. 200 қазақ Жайық пен Іле бекіністерін тас-талқан етіп қиратты. Ал 1761 жылы 400 ашуға булыққан қазақ сарбаздары Яманьхалық форпостының күлін көкке ұшырды. Тарихи деректерді саралай отырсақ орыс бекіністері қаншалықты күшейтілсе де қазақ сарбаздарының ұйымдасуы да солғұрлым салмақты бола түскен. Мәселен, 1770 жылы Степной редутына шабуыл жасаған қазақтар саны 1000-ға жеткен /20/.

Шекара бойындағы орналасқан орыстық басқарманың органдары өз билік институтын қалыптастыруда барлық амал тәсілдерін қолданды. Португалия, Голландия, Франция, Англия өз отарларында жергілікті халықты бағындыруды жеңілдету үшін, алғашында әскери тірек пункттерді қаптата орнатқан /21/ болса, Ресей де Қазақстанды жаулауда осылайша бекіністер орнатудан бастады. Сосын әскери тұрғыдан бекініп теңсіз айырбас сауда, тонап-талау, жан түршігерлік жазалау тәсілдерін қолданды. Бұл тұрғыда президент Н.Ә.Назарбаевтың қазақтардың І Бүкіләлемдік Құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Патшалық Ресейдің отаршылдығы өзге мемлекеттердің отаршылдық жүйесінен ешқандай кем түскен жоқ» /22/ дегені тегін емес еді.

Біз ХҮІ-ХҮІІІ ғасырлардағы өлкенің батыс аймағынан тартылған әскери сызықтардың құрылу тарихын баяндадық. Бүкіл Батыс Сібір, Челябинден Орынборға дейін және Есет провинциясына дейінгі қазақ даласы орыстар иелігінде қалды. Сөйтіп, ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында Гурьевтен Орынборға, Орынбордан Омбы бекінісі және одан Өскеменге содан кейін одан әрі ішкері үздіксіз созылып белдеуленген орыстардың әскери сызықтарының қоршауында қалды. Бұл темір қоршау барған сайын тарылып, ХІХ ғасыр ортасына қарай агрессияшыл Ресейдің бүкіл Қазақ жерін басып алуын аяқтады. Осыдан кейін еліміз бен жеріміз 300 жылға созылған Ресейдің тепкісіне түсті, оны езіп қанау, тонау және ең қиыны құқысыздық жайлады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жақыпбек С.Қ. Қазақ елін Ресейдің жаулауы: басталуы, жүруі. //ҚазҰУ хабаршысы. №2 (29). 36-40 б.
2. Жуковский И. Краткое обозрение достопамятных событий Оренбургского края расположенных хронологический с 1246 до 1832 г. СПб., 1832.
3. Материалы по историко-статистическому описанию Оренбургского казачьего войска. Вып. 1. СПб., 1904. С. 112.
4. Бұл да сонда, С. 34.
5. Бұл да сонда, С. 34.
6. Паллас А.С. Путешествие по разным провинциям империи. СПб., 1890.
7. Блок М. Апология истории или ремесло материка. М., 1986. С. 79.
8. Карамзин Н.М. Предания веков. М., 1987. С. 62.
9. Бұқар жырау Қалқаман ұлы шығармалары. Алматы, 1992. 32 б.
10. Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами ген. штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865.
11. Разные бумаги ген-майора Тевкелева об Оренбургском крае и о киргизкайсацких ордах. СПб., 1762. С.8.
12. Кенжеахметов С. Даланың әділет, хұқық және білім заңдары. //Ақиқат. 1998. №10. 70-77 б.
13. Қозыбаев М. Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды ма? //Ақиқат. 1998. № 7. 21 б.
14. КРОМА. 4 қор, 1 тізбе, 2003 іс, 15 п, 231 п, 233 п.
15. Зобнин С. Казачьи песни. «ИРГО Семипалатинск Под.отдел. Записки. Вып. 1. 1903. С. 135.
16. Быт поселенцев Оренбургского края вообще и уральских тогда яицких казахов в частности за 100 лет назад. //Уральские войсковые ведомости. 1876. 20 июня, №24.
17. ПСЗР, Ст. 1016. 1736.

18. Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. 2-е изд. Сб. 2. Алматы: Қазақстан, 1998. С. 34-36.
19. Крафт И.М. Тургайский областной архив. Описания архивных документов 1731 по 1782 гг., относящихся к управлению киргизами. СПб., 1901. С. 14, 7, 11, 12.
20. Донесения ген-майора Девина генералу Шпрингеру 12 июня 1770 г. 4 сообщение Оренб. Губерн. Рейндорфа 10 августа 1770 г. С. 62.
21. Всемирная история. Том. 1. Минск, 2002. С. 340, 341, 392, 558, 563.
22. Казахстанская правда, 1992. 2 октября.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстанның батысында Ресей патшалығының жүргізген әскери-казактық отарлау тарихы баяндалады. Өлкенің шекарасынан айнала орналастырылған әскери-бекініс пункттердің құрылуы мерзімдік құжаттармен дәйектеліп, тарихи деректермен талданады.

РЕЗЮМЕ

В статье всесторонне рассматривается история создания военных линий на Западе Казахстана, также на основе анализа архивных материалов подробно освещается грабительская политика царизма.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖОҢҒАРЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНДЕГІ ЖӘҢГІР ХАННЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ

М.Б.Келдібеков – аспирант (Павлодар қ., С.Торайғыров атындағы ПМУ)

Жәңгір хан патшалық еткен уақытта қазақ және қырғыз халықтарының қарым-қатынасы сипаты Жоңғар хандығымен батыл қарсыласумен белгілі болды.

Қазақ-жоңғар қарсыласуы, жоңғарлар батысқа қарай қозғалған уақытта, сонау XVI ғасырдың аяғында басталды, XVII ғасырда бұл қатынастар қазақ басшыларының сыртқы саясатында, сондай-ақ барлық Орталық Азияның саяси жағдайында маңызды орын ала бастады.

Қырғыздар тіпті сыртта қала алмады, өйткені жоңғарлар қозғалысының бір бағыты оңтүстікке – Тяньшань қырғыздарының қоныстарына қарады, сондықтан олардың саяси тәуелсіздігінің кепілі болатын қазақ халқына сүйенуден басқа амалдары қалмады.

XVII ғасырдың басы Орталық Азиядағы жоңғарлардың саяси күшеюімен сипатталды. Олардың арасында жігерлі және қайсар көсемдер пайда болды. Осындай көсемнің бірі Хара-Хула тайшы, ол қазақтарға қарсы ойрат кампаниясын басқарды, дәл осы батыл әрекеттер ақыр соңында ғылыми әдебиеттерде Жоңғар хандығы деп аталатын мемлекеттің құрылуына әкелді. Хара-Хула 1634 жылы қайтыс болды, сол кезде ойраттарды басқару билігі оның баласы Батыр-қонтайшыға ауысты, ал 1635 жыл ғылымда Жоңғар хандығының құрылуы деп танылды /4, 306 б./.

Қалмақ, ойрат, элют сөздері, сондай-ақ, жоңғар термині (яғни: «сол бөлік», «сол жақ қанат» адамдары) – бұл чорос, хоршоут, торгоут, дәрбэт батыс монғол тайпаларының әртүрлі атаулары – олар XIV ғасырдың екінші жартысында «ойрат одағы» тайпасын құрады, барлық монғол ханының билігінен қол астынан шықты және өзінің жетекшілерімен (тайшы) басқарыла бастады.

Қалмақ (қалмық) – батыс қанаттағы монғолдардың түрік атауы, өзіндік аталуы – ойраттар, қытай қайнарларында оларды элюттар деп атайды.

Жоңғарлардың кеңеюі ақырын әрі біртіндеп өтті. Әскери қақтығыстар және қысқа уақыттық татуласулар алдыңғы қатардағы қалмақтардың қазақ хандары мен сұлтандарының қол астына келуі кезеңдерімен ауысып отырды. Осылайша, орыс патшасы Таваккульдің грамотасында қазақ ханы өзін «қазақ және қалмақ патшасымын» деп атайды /4, 306 б./.

XVII ғасырдың басында Есім және Тұрсын екі қазақ хандарының ішінен – тек Есім хан ғана қалмақтармен үнемі соғыс жүргізді. Бұл жағдай біріншіден, бұрыннан моғолдармен байланысты және Түркістан мен Жетісудағы иелік еткен Есім хан қалмақ аудандарын жақын тұрақты әрекет етуімен, ал екіншіден, Тұрсын-мұхаммад ханның (Ташкент қаласы) орналасқан жері негізгі қалмақ қоныстарынан едәуір алыс болуымен түсіндіріледі.

1627 жылы Махмуд ибн Уәлидің хабарлауынша Есім хан қазақтардың қалмақ қоныстарына жорығын ұйымдастырған. Ойрат тайшысы кейінгі 1628 жылы да жеңіліске ұшырады және қалмақтардың жартысы қазақ иеліктерінен алыс көшіп кетуге мәжбүр болды.

Қазақ пен қалмақтардың қоныс үшін күресі, кейде қысқа уақыттық достастықпен ұласып үзілетін, жоғарыда айтылған Батыр қонтайшы кезеңінде ол үздіксіз және қалжыратқан соғысқа айналды, бұл кезде күш Есім ханның баласы Жәңгірдің басқару уақытындағы қазақтардың пайдасында болмады.

Жәңгір ханның (Салқам Жәңгір, Жәңгір, Янгир, Янгир-заң) билік еткен жылдары 1643-1665 жж.

XVII ғасырдың ортасында қазақтардың тарихында Тауекел ханның баласы Есім хан, оның балаларының бірі Жәңгір хан болғандығы Шәкәрім шежіресіндегі айтылған: қазақтар Жәңгір ханды Салқам Жәңгір деп атаған /13, 96 б./.

Жәңгір хан билік еткен жылдарын талдай отырып, осы сұрақтың кейбір келіспеушіліктерін атауға болады. Есім ханның қайтыс болу мерзімінің өзі мәселелі болып табылады. Хандар әулетінің хронологиялық кестелелерінің көбінде 1628 жыл белгіленеді, ал жақшада 1645 жыл. Соңғысы жақында табылған материалдардан алынды. Есім ханның баласы Жәңгірдің де қайтыс болу мерзімі де нақтылауды қажет етеді. Барлық қайнарларда 1652 жыл көрсетілген. Егер осылай болса, онда Жәңгір ханның қайтыс болған және оның баласы Тәукенің таққа отырған мерзімі (1680) арасында 28 жыл бос қалады. Сонда осы кезеңде, яғни 1652 жылдан бастап 1680 жылға дейін қазақ хандығы хансыз қалған деген сезім пайда болады. Дегенмен ол бұрын белгіленген дерекке қайшы келеді: Барлық ғылыми еңбектерде Жәңгір ханның өлімінен кейін таққа Тауке ханның отырғандығы көрсетіледі. В.А.Моисеев өзінің «Джунгарское ханство и казахи» ғылыми зерттеуінде былай жазады: «В начале 80-х годов армия ойратов вошла в Семиречье и Южный Казахстан. В одном из сражений погиб казахский хан Жангир», - деп, оның ұрыста қаза болғаны жайлы мәлімет келтірген /10, 45-46 бб./.

Жәңгір хан туралы неғұрлым толық мәліметті Ресей құжаттары береді, 1632 жылға тиіс: «...черные калмаки тайши: Талай-тайша, да Контайша (Батур – М.К.), да Кужитайша, да Тоургоча-тайша со всеми черными калмаками сее зимы (т.е. 1634-1635 гг.) ходил на Казачью орду, а казачьей орды люди пошли было на черных калмаков. И как-де черные калмаки сошлись Казачьи орды с людьми, и был де у них бой великой. И черные-де калмаки Казачьи орды людей побили и взяли у них царевича Янгыра Ишимова сына...»-делінген /7, 120 б./.

Осы жағдайға орай зерттеуші А.Левшин былай жазады: «Богатырь (Батур – М.К.) вступил в войну с Ишимом в 1635 году, и что Джангир, начальствовавший

тогда войском киргиз-казацким, взят был в плен. Возвратив себе каким-то случаем свободу, он решился мстить зюнгарам и непрерывно тревожил их набегами. Желая надолго усмирить, а если можно и совсем истребить столь вредных соседей» /5, 57-58 бб./.

Қазақ жасақшылары кейбір кездері жеңіліске ұшыраса, кейде жеңіске жетті. Осындай жеңістің бірі Жәңгір бір жылдық тұтқыннан босатылуы.

Жәңгірдің тұтқыннан қайтып келуі оны қиын жағдайға түсіреді. Тұтқында болғандағы масқаралық, қорлықпен босатылуы, қазақ феодалдарының өзара кикілжіндері, қазақ қоғамындағы ішкі байсалдықтың болмауы, жоңғар қысымының күшеюі – барлығы Жәңгірге үйіп төгілді. Бірақ әкесінің беделі және өзінің жеке тұлғалық қасиеттері Жәңгірді құтқарып қалды. Ол батырлармен және билермен жақсы қарым-қатынас жасайды, Бұхар мен Хиуа хандарының өзара қатынасына ерекше назар аударды. Жәңгір Бухар хандығының белгілі қайраткері Жанталоспен жақсы қарым-қатынас орнатады. Кейбір деректер бойынша 1640 ж. Жанталос Батыр хан басқарған жоңғар шапқыншылығына қарсы қақтығысқа қатысты. Осындай белгілі замандастармен қарым-қатынас жасауы Жәңгірдің жағдайына ықпал етті. Жәңгірдің беделі тез өсті. Көп уақытын ол Түркістан қаласында өткізеді – оның қоғамдық өмірдің ортасында болып, қарсыластарының жағдайы туралы жағдаятты және жоңғар қозғалысын бақылауы керек болды.

Жәңгір хан Шығыс Түркістан билеушілермен қатынас жасайды. Шах Махмуд бен мирзы Фазил Чорастың «Тарих» шығармасында Жәңгір ханның Шығыс Түркістанға елшілігінің келуі айтылады: «В то время от Джахангир-хана пришел посол по имени Инус ходжа, из потомков Шайххаванд Тахура. С этой стороны послали Суфи ходжу, сына Ходжа Сейид Мухаммад-халифы, - да пребудет над ним милость (Аллаха). Джахангир-хан вместе с Суфи ходжой послал своего сына Тауке-султана. Хан (Абдаллах-хан - правитель Могулистана и Восточного Туркестана) обласкал его царскими милостями и монаршей благосклонностью и отправил вместе с ним Кочкар-бека. Джахангир-хан в то время убил Ахунд Молла Иакуба и Вафа ходжу, сына Ходжа Джан ходжи, - да пребудут над ними обоими милость и прощение Аллаха. Джахангир-хан послал к хану с Кошкар беком своего старшего сына Абак-султана. Иолбарыс-хану (сын Абдаллаха) послал свою дочь. Абдаллах-хан отличил Абак-султана дарами, милостями и отпустил» /6, 385 б./.

Айтылған Шығыс Түркістанның билеушісі Абдаллах елшісімен айырбас дегенмен жасалды, XVII ғ. 40 жылдарда қалмақтарға қарсы бағытталды, олардың шабуылы Шығыс Түркістан, сол сияқты қазақ даласы жағына қарай көбее берді.

Бұл уақытта жаңа әскери қақтығыс келе жатты. Жаңа қазақ-жоңғар қақтығыстарының себебі Кундулен Убишиге арналған қалмақ жазуының ескерткішінде айтылған: «Темеде-Уйзан-Кундулен-дюргечи-убуши, второй сын Ахай-Хатун, известный Ойратский силач, прожил (как говорил старец Бебе) более 120 лет и видел своих правнуков; он умер после 1671 года.

Неприятельные отношения между Кундулен-убуши и Батур Хон-Тайчжием обнаружались в 1643 году за Туркестанского Янгир-Хана, известного богатыря того времени. Янгир-Хан, повелевавший Киргиз-кайсацким (Бурутами или Дикокаменными Киргизами?) войском, попался Ойратам в плен; освободясь, он беспокоил их частыми набегами. Батур Хон-Тайчжи, желая освободиться от тягостного неприятеля, в 1643 году при помощи своих союзников Хошоутовских владельцев Очирту-Тайчжия (Цецен-Хана) и Абалай-Тайчжия собрал 50.000 войска и повоевал Алат-киргизов и Токмаков, которых было до 10.000 человек. Янгир-Хан с 600 человек окопался в узком проходе в горах; Батур Хон-Тайчжи

наступал на шанцы, из которых храбро защищались, — в это время Янгир с тылу с винтовками произвел нападение и положил на месте до 10.000 ойратов, между тем пришел к нему на помощь Ялантуш с 20.000 войском. Батур Хон-Тайчжи отступил, однако увел с собою пленных. Батур Хон-Тайчжи, желавший привлечь в свою сторону Кундулен-Убуши, просил его участвовать в этом походе против Киргиз-каисаков, но тот отказался, говоря, что он в дружбе с Янгир-Ханом, который назвался его сыном. Батур Хон-Тайчжи озлобился на Кундулен-убуши и решился отомстить ему. Желая весною 1644 года, снова предпринять поход против Янгир-Хана, Батур Хон-Тайчжи, по возвращении из первого похода, отправил гонца к своему тестю, Торгрутовскому Хо-Орлеку (кочевавшему при р. Урале), с письмом, в котором просил, чтоб Хо-Орлек напал на Кундулен-убуши, когда он сам нападет на Янгир-Хана. Гонец должен был проезжать мимо жилищ Кундулен-убуши (в 1643 году); письмо было перехвачено, намерение открыто и отвращено» /3, 109-110 бб./.

Жәңгір хан қазақ және қырғыз ханы саналғаны кездейсоқ емес, өйткені Есім хан билігі кезінде ол екі халықтың ханы болып саналды. Жәңгір хан бұл этносаяси одақты бекітті, ол үшін өзінің жанын берді, сол кезеңде қазақ халқы үшін ол өте қажет еді.

Алай – қырғыздарының және тоқмақтардың шабуылы және қоршауы көптеген еңбектерде көрсетіледі. Бұл аумақтар бір қазақ және бір қырғыз тектері деген болжам бар /12, 154-155 бб./.

Түркістандағы қазақ хандығының ордасында бұл жағдайға тез әрекет жасады. Негізі бастамашы Жәңгір болды. Ол Бұхар хандығының белгілі беделді төре Әмір Жанталостың көмегін сұрады. Тянь-Шань қырғыздарының билеушілерімен шарт жасалды. Олар көмек беруге сөз берді.

Жоңғар әскерінің келуі Түркістан қаласындағы қазақ хандығында белгілі болды. Қалыптасқан мұндай жағдайлар Жәңгірден жедел шешімдерді және шұғыл шараларды қабылдауды талап етті. Бір сәтте кешікпей аздаған қазақ отряды Жетісуға бет алды. Жолшыбай отрядқа екі бөлімше қосылды. Қаратау жотасы, Ақсу, Талас, Шу алқаптары артта қалды. Ілені өткеннен кейін Жәңгірге жаңа жасақ қосылды. Жәңгірде 600 адам отряд жиналды. Жоңғарлардың тау өтпелеріне шығу жайттары анық болды. Отряд басындағы Жәңгір Жоңғар Алатауы сілемдеріне шықты.

Жоңғар батыл әрекетке дайын болды және жоңғарлардың өтуінің алдын алуын ғана емес, сонымен қатар дұшпандарына тау аймағында мүмкіндігінше соққы беруді ойлады.

Жоңғарларға қарсы күресте Жәңгір ақылды және дұрыс әрекеттер жасады. Оны А.И.Левшин былай сипаттайды: «Не смея вступить с сею горстью людей в открытый бой, он поместил одну половину оной между двух гор в ущелье, которое окопал глубоким рвом и обнес высоким валом, а с другою половиною скрылся, сам за горою. Зюнгары, подойдя к укреплению, напали на оное, и в то время, когда они теряли множество людей в сражении невыгодном для осады, по причине узкого пространства, Джангир устремился на них с тыла. Неожиданность сего удара, отважность воинов, избранных для оногo, и отличные ружья, которыми все они были снабжены, нанесли Багатыру (Батуру М. К.) сильный удар» /5, 59 б./.

Жәңгір әскеріндегі адамдардың аз болуын, Жәңгір билігі әлі беки қоймағандығымен түсіндіруге болады Дегенмен Жәңгір әскерінің аз болуын қарапайым түрде түсіндіруге де болады. Таудағы әрекеттер үшін, торуылға

қатысу үшін сарбаздардың көп болу қажеттілігі жоқ. Артық адамдар ойды жүзеге асыруда кедергі келтіруге мүмкін еді.

Осы тау шатқалдарында шайқас туралы зерттеуші М.Тынышпаев толық жазады: «освободившись каким-то образом из плена, Джангир стал беспокоить калмыков частыми набегами. Хонтайши, решив жестоко отомстить казакам, вторгся в 1643 году с 50.000 войска в пределы казакской территории и успел покорить часть их владений. Джангыр сумел собрать только 600 человек. Вступить в открытый бой с такою горстью храбрецов он конечно не мог; он устроил засаду в ущелье, окопал глубокий ров и обнес высоким валом. Здесь он оставил половину войска, а с другой половиной скрылся за горой. Когда джунгары напали на укрепление, Джангыр ударил на них с другой половиной с тылу и открыл огонь из винтовок. Калмыки потеряли до 10.000 человек и отступили в беспорядке» /11, 160 б./.

Жоңғарлар кейін шегінеді. Таудағы қақтығыс Жәңгірді қанаттандырады.

Жағдай күтпеген айналым алды. Енді жоңғарлар жазық далада соққы беруді іздейтін болады.

Сондай орын Орбұлақ маңында табылды. Жаркент уездінің картасында Крункей-Тау тауынан тікелей Іле өзені бойынша бағдарлардың жалпы қатары белгіленген. Кату-тау тауы, Бостан, Тюгурюк сай-саласы. Қашықтығы бойынша одан да жақын Айна-Бұлақ өзенінде «Қалмақ күрес сай-саласы» жазуы бар. Жәңгір үшін басқа да маңызды мәселесі шешілді. Көмек келіп жетті. Алшын Жалантөс Самарқанттан Жетісуға дейін жасақ жинап, Қоянды-тау жотасының түбіне өзімен бірге 20 мың әскер әкелді /2, 48-49 бб./.

А.И.Левшин былай жазады: А. И.Левшин пишет: „в то самое время пришел на помощь к киргиз-кайсакам какой-то татарский князь Алантушь, с 20.000 свежего войска. Зюнгары вынуждены были отступить и ограничить свое мщение увлечением в неволю взятых при сем сражении пленных» /5, 60 б/.

Осылайша екі үлкен шайқас болды. Біреуі тау ішінде, онда жоңғарлар торуылға түсті, екіншісі үлкен әскердің қатысуымен өтті.

Екінші қақтығыста Батыр қонтайшының жағдайдан шығуы жеңіл болды, ол тіпті мың тұтқындарды алып кетті. Құжаттарда оның Іле алқабын қоныстанғандардың қатарынан немесе соғыс үстінен тұтқындарды әкеткені көрсетілмеген. Бірақ өте маңызды ескерту бар. Жоңғар Абылай-тайшының елшісі Бахтый тобыл жаулаушысы Куракинмен 1644 жылғы ақпандағы әңгімесінде Батыр қонтайшының қазақтарға және қырғыздарға қарсы жорықтан Жетісуға мол табыспен келгенін дәлелдейді. Ол қайтып келген кезіндегі алып кеткен тұтқындары сарбаздар емес, ауыл тұрғындары /2, 50 б./..

Қазақ шежіресі және халық аңыздары бойынша қақтығыс жоңғар Ала-Тауында, Орбұлақ жерінде болды. Бұл қақтығыс басқа ірі оқиғалармен бірге қазақ халқының тарихына кірді. Жәңгір «Салқам» деген атау болды.

Шоқан Уалиханов былай жазды: „Во второй четверти XVII века, при том же хане Ишиме, загорелась борьба киргиз-казахов с усилившимися калмыцкими (джунгарскими) властителями, война сына Ишимова Джангира с Батор-хун-тайцзем в 1643 году /1, 200б./.

Зерттеуші-этнограф И.Молдобаев қырғыз халқының «Манас» эпосына сүйеніп, қалмақ кезеңі барлық болған оқиғалардан асып түскенін айтады /8, 56б./.

Осы немесе басқа да тарихи деректерді ескеріп, қырғыз халқының Жоңғар хандығымен толық жаулану шегінде тұрғандығын айтуға болады. Қазақтармен бірігіп соғысуы, қазақ хандығының қырғыз халқы үшін сөз айтуы ғана қырғыздардың саяси тәуелсіздігіне кепілдік бере алды. Сондықтан, қазақ

әскеріндегі белгілі әскери рөлді қырғыз атқамінелері атқарғандығы таңқаларлық емес /9, 726./.

Жәңгір хан билік еткен уақытта қазақ иелігіне калмақтардың үшінші рет келуі 1652 жылы болды. Бұл соғыста жоңғарлар қырғыздарды басып алып, өздерінің алым-салық төлеушілері етті. Осы жорықта 17 жастағы Галдама Жәңгір ханды шаншып өлтірді /9, 726./.

Қазақ халқы үшін қасіретті оқиға туралы хоршоут нойоны Галдамаға арналған қалмақ әдеби ескерткішінде егжей-тегжейлі жазылған.

Галдама әскер қатарына 17 жастан бастап келді. Усун-лу (1652 ж) жылының қысында Цецен-хан бурут жорығынан өз қонысына қайтып келді; осы жорықта буруттарға және киргиз-қайсақтарға билік еткен және зюнгарлық Ердени Батур-қонтайшыға және оның күйеу баласы әрі одақтасы хошоуттық Цецен-ханға ымырыспайтын жау болған 17 жастағы Галдама Жәңгір ханды шаншып өзі өлтіреді.

Осы жағдайды ойраттардың және қалмақтардың аузында қалған ойрат әні де растайды. Галдама әкесі Цецен-ханнан күрес ортасына шығып Жәңгір ханмен соқтығысуына сұранды; әкесі тәжірибесі жоқ, әскер ішінде әлі жас балаға рұқсат бермейді, бірақ Галдама өзінің өтінімін қайта айтады, ол ән айтады:

*Хара морин ецед угейде,
Харга чжидда мухад угейде,
Абга! тальби, шургуна би..
Боро морин ецед угейде,
Буугийин сумун хачжигат угейде,
Абга! тальби, шургуна би...*

Перевод:

*Пока мой вороной конь не утомился еще от езды,
Пока мое копье с сосновым древком не притупилось еще,
Отец! Пусти меня, я нападу..
Пока мой серый конь не утомился еще от езды,
Пока ружейные пули не летят еще криво (ружье но испорчено).
Отец! пусти меня, я нападу.*

Галдама жеңісі әскери майданда қол алынды: алдағы батырлардың бірі, түрік тайпаларының өз әндерінде айтатын Жәңгір ханды жеңді. Қазіргі заман ойрат тарихшылары және шежірешілер ұрпақ үшін естелікке Галдама ерлігін жазып алды, ал әкесі Цецен-хан оның әскери дарындылығына өзінің сенімі мен сыйлауының ерекшелігі ретінде ойраттарды буруттардан, хасактардан және бухарлықтардан қорғауды тапсырды.

Сол уақыттан бастап, яғни 1652 жылдан бастап, оның өліміне дейін (1667 ж) Галдама Талас, Шу және Іле өзендерінің арасында көшіп-қонып ойрат нутуктерінің қорғауында сергек тұрды /3, 81-82бб./.

Көп әндерде Жәңгір хан қырғыз халқын қорғай отырып, олар үшін кек алып, ертеңгі күнді ойламай жоңғар нойоны Галдама қолынан өлгені айтылады.

Осылайша жоңғарлардың XVII ғасырдың бірінші жартысында қазақ, қырғыз қоныстарының аумағына кіруі қазақтарда, сол сияқты жалпы Орталық Азия халықтарында қалыптасқан шаруашылық тұрмысын бұзды.

Осы қақтығыста Жәңгір хан әртүрлі қазақ руларын ортақжауға қарсы күреске біріктіре алды. Ханның дипломатиялық іс-әрекеті Шығыс Түркістан, Бұхар, Тянь-Шань қырғыздарының билеушілерімен жасалған одаққа бағытталды.. 1643-1644 жылдардағы әскери әрекеттер Жәңгір ханның өз әскери өнерімен, қалыптасқан жағдайда дұрыс бағдарлайтындығын; қажет уақытта сарбаздардың

рухын көтере алатындығын, жеке тұлғалық қатысуымен әскери әрекеттерге ықпал ете алатындығын көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.4. – Алматы, 1985.
2. Галлиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы, 1998. – 128 с.
3. Калмыцкие историко-литературные памятники в русском переводе. – Элиста, 1969.
4. Кляшторный С.Г., Султанов Г.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992.
5. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1932.
6. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркоязычных сочинений). – Алматы, 1969.
7. Международные отношения в Центральной Азии XVII – XVIII вв.: Документы и материалы. Кн. 1-2. – М., 1989.
8. Молдобаев И. Б. Этнокультурные связи киргизов в средневековье (по данным этнографии, эпоса «Манас» и др. Фолькл. Произ.). – Бишкек, 2003. – 154 с.
9. Норбо Ш. Зая-Пандита (Материалы к биографии). – Элиста, 1999.
10. Салгарин К. Династий ханов: Хронологические таблицы. – Алматы, 1992. – 48 с.
11. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 224 с.
12. Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924.
13. Шакарим Кудайберды-улы. Родословная тюрков, казахов, киргизов. Династии ханов. – Алматы, 1990. – 120 с.
14. Шахмарден. Биографии исторических личностей Казахстана XIV-XIX веков. Хроника, факты, легенды. – Алматы, 2001. – 116 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ және қырғыз халқтарының жоңғарларға қарсы күресіндегі Жәңгір ханның ролі көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассказывается о борьбе казахского народа против джунгар в XVII в. и роль Жангир хана в этой борьбе.

МҰҚАЛИ – ЖАЛАЙЫРДЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Тортаев С.Ә. – п.ғ.к., доцент м.а. Бижанова К.Қ. – аға оқытушы
(Алматы қ., Казмемқызпи)

Жалайыр тайпасынан талай белгілі тарихи тұлғалар, әйгілі батырлар, мемлекет қайраткерлері шыққан. Олардың ішіндегі әлемге әйгілісі – Шыңғыс ханның ең сенімді, ең адал, жанына жақын екі досының бірі, Жалайырдың Жат руынан шыққан Мұқали/1/ болды.

Мұқали 1170 ақ барыс жылы Жалайыр тайпасының Телегет деген байының Күмүн қоға/2/ (Хумун Гуа, Гүң сері) деген баласының отбасында дүниеге келген. «Ол қараша қоңыр жүзді, бойы жеті шынтақ, қаптағай қара сақалды, сұсты, батыр тұлғалы, ер жүрек, ойы жүйрік, сөзге шешен, қарсыласын күрессе білекпен, сөйлесе сөзбен жығатын»/3/ сабырлы, салмақты, өте адал адам болған. Ол жастайынан ақылдылығымен, әділеттілігімен, тапқырлығымен, зеректігімен,

жомарттығымен, аттың құлағында ойнап, атысуда ептілік-мергендігімен ерекше көзге түсіпті/4/Оны, Шыңғыс ханға кейбір авторлар жазғандай, шешесі/5/ емес, әкесі әкеліп тапсырғанда 28 жаста екен. Бұл Шыңғыс ханның құрамында *Жалайыр* тайпасының *Жат* руы да бар жүркіндерді талқандаған жылы, яғни 1197 жылдың қысы еді. Сол жылы Жат руы жүркіндердің құрамынан шығып, Шыңғыс ханның қол астына өз еркімен кірген екен.

С.Ақатай/6/жазғандай Төлегетай байдың өзі емес, жалайырдың сол байының Күмүн қоға (Гүң сері) деген баласы Мұқали мен Бұқа деген балаларын Шыңғыс ханға тапсырып тұрып, былай депті:

«Болсын құл,
Босағана ес
Безсе бұл
Борбайын кес.
Еткей құл –
Есігіңе ес.
Екі етсе бұл
Езуін тіл»/7/

Шыңғыс ханның тобына келіп қосылғаннан кейін Мұқали оның ру-тайпалық бытыраңқылықты жойып, Моңғолияны бір орталыққа бағындырылған күшті державаға айналдыру жолындағы шайқастарының бәріне құлшына қатысты. Кейін Шыңғыс ханның ең көрнекті төрт батырының бірі, хандық Моңғолияның ұлы қолбасшысы болды. Оның осындай дәрежеге көтерілгеніне деректерден біраз мысалдар келтірейік.

1198 ж. керейттің Уаң (шын аты – Тоғырыл) ханы наймандармен соғысып, жеңілді. Өзі тұтқынға түсіп, Шыңғыс ханнан көмек сұрады. Шыңғыс хан оны босатуға ішінде жүзбасы Мұқали да бар төрт батырын (басқа деректерде Мұқали мен Боршыны) жіберді/8/. Бұл төртеуі Шыңғыс ханның тапсырмасын табысты орындап шықты. Бұл оқиға «Моңғолдың құпия шежіресінде» былай баяндалған:

«Уаң хан найманның Көксеу Сабырық батырынан жеңілген соң, Шыңғыс қағанға елші жіберіп: «Менің дүние-мүлкім мен қыз-ұлдарымды наймандар тартып әкетті. Ұлым, сенен төрт батыр жіберуінді өтінемін. Менің ел-жұртым мен дүние-мүлкімді құтқарып бере гөр», - дейді. Шыңғыс қаған жасағын жөндеп, Борши, Мұқали, Бороқұл, Шұлуын деген төрт батырын әскерімен қоса жібереді. Бұл төрт батыр барудан бұрын Сангүм Ұланқұс деген жерде соғысып жүріп, атының санына оқ тиіп, қолға түсуге таяған кезде, Шыңғыс қағанның төрт батыры оны құтқарады және дүние-мүлкі мен қыз-ұлдарын тартып алып береді»/9/.

Сөйтіп Мұқалиды Шыңғыс хан танысқан кезінен бастап ең жауапты, ең қиын да маңызды істерге жұмсап отырған.

Мұқали Шыңғыс ханның ақылшы-кеңесшісі, сүйеніші-тіреніші ретінде де таныла білді. Оған дәлел ретінде «Моңғолдың құпия шежіресінен» бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Шыңғыс хан тайшуыттарды жеңіп, Құбақай деген жерге келіп қыстайды. Ішінде Мұқали да бар, ең жақын тоғыз досының алтауын ертіп алып, серуендеп жүргенде ат үстінде көз шырымын алады. Сонда түс көреді. Оны алты досына айтып беріп, «егер осы түсім шын болса, алты сайытым, қайтер едіңдер?» - деп сұрайды. Сонда Мұқали былай деп жауап беріпті:

«Келген жауды жеңіп мен,
Керемет олжа табайын.
Келер жауды желіккен,
Қызыл қанға бояйын.

Қашқан жауды қаймыққан,
Қапысын тауып жояйын.

Шапқан аттың құйрығын
Шаңқан шаңға көмілтіп,
Мінген аттың жалынан
Керейлі сәуле төгілтіп.

Барлық соғыс жеңісін
Батыл шайқас жемісін.
Батыр, сізге әрдайым
Баяндайын, айтайын»/10/

«Алтын шежіреде» Мұқалидың Шыңғыс ханға деген адалдығы, шын берілгендігі, оның құдыреттілігін қастерлейтіндігі оның өз сөзімен былай келтірілген:

«Аса дәмді жемісі жаудыраған ағашым,
Аса бір күшті жаралған мұз таулық ақ барысым!
Амал мен күшті игерген ғажайып көлікті асылым,
Ардақты туған дана Боғда әулием!»/11/.

Мұқалидың Шыңғыс ханның ақылшы-кеңесшісі болғандығына төмендегі мысалдардан да көз жеткізуге болады.

Шыңғыс хан өзінің туған бауырындай болып кеткен асыранды інісі, ұлы істеріндегі үзеңгілес серігі Бороқұл ноянды қор түміт халқының көтерілісін басып, иемденуге жібереді.

«Бороқұл ноян онда барған соң әскер басшы үш кісіні ертіп, кешке жақын ну орманның ішімен (жам жолмен) жүріп келе жатқанда, қор түміттің қарауылшылары артын орап шығып, жолын бөгеп, Бороқұл ноянды ұстап алып өлтіреді. Бороқұлды қор түміттер өлтіргенін естіп, қатты ыза боп, Шыңғыс хан өзі аттанбақ болады»/12/.

Бірақ Боршы мен Мұқали екеуі тоқтау айтып, дәрбөт Дүрбе Догшінді жөнелтуді мақұл көреді/13/.

Сөйтіп Шыңғыс ханды көндіріп, тоқтатады.

Шыңғыс хан шешесі мен бауырларына, балаларына енші-үлес бөліп беріп жатқанда әкесінің інісі Дәрітайға керейлермен сыбайлас болғандығы үшін енші бермей қояйын депті. Сонда «Боршы, Мұқали, Шекікұтық үшеуі бүй деп ескерту айтты: «Отыңды сөндіргендей, өз үйіңді бүлдіргендей осындай іс бола ма? Әкеңнің аманатынан ағайының қалыс қала ма? Оны бұзуға бола ма? Бұлай ете берсең, жақсы әкеңнің жаңа елін бытыратып аларсың!» Сонда қаған әкесінің аруағын сыйлап, Боршы, Мұқали, Шекікұтық үшеуінің айтқан сөзін қабыл алды»/14/.

Мұқалидың Шыңғыс ханға ақылшы-кеңесші болғаны Шыңғыс ханның өзінің мына сөзінен көрінеді: «Борши мен Мұқали екеуің оң ісімді ұнатып, теріс ісімді доғартып, осы үлкен мәртебеге жеткіздіңдер»/15/.

Шыңғыс ханның Мұқалиды ең маңызды, ең жауапты тапсырмаларды орындауға жіберіп отырғанын, Мұқалидың беделінің тек әскердің, халықтың алдында ғана емес, ханның отбасының алдында да зор болғандығын төмендегі мысалдардан анық көруге болады.

1204 тышқан жылығы күзде меркіттің Тоқта бегімен Шыңғыс хаған соғысып, оны жеңеді. Убас/16/меркіттің зәңгісі Дайыр Ұсын соғысудан бас тартып, сұлу қызы Құланды Шыңғыс ханға береді. Бір жылдан астам уақыт ордасына орала алмай соғыста жүргенде сол Құланды қасынан тастамай алып

жүреді. Ақыры Ордасына қайтып келе жатқанда Бөрте бәйбішесіне Құлан сұлумен қалай көрінерін білмей, қипақтап, алдын-ала рұқсатын алуды ойлайды. Бұл тапсырманы орындауды Шыңғыс хан шешендігімен көзге түсіп жүрген, Бөртенің алдында беделі өте жоғары Мұқалиға жүктейді. Бұл оқиға «Алтын шежіреде»/17/ былай баяндалған: «Боғда иеміз: «Бөрте ханым жас кезімде жолыққан жарым еді. Енді бетін көруім қиын болды. Үйіне тура кірсем, жөні қалай болады? Алдымен жөнін білмей, барған кезде, оның ашуланып бұлқанталқан болғанын көру ұят іс секілді. Тоғыз кеңесшімнің бірі барып, сөз сап келгені оңды болар деп ойлап отырмын», - деді. Осы тапсырманы орындаған Жалайыр Мұқали, қағанның әмірі бойынша, Бөрте ханымның алдына барып, бас иді. Ол: «Ием есен бе, сен мұнда не үшін келдің?» - деп сұрады. Мұқали бұй деді: «Хан ием сізге әмірімді жеткіз деп мені жіберді. Айтқан әмірі мынау:

«Өзім құрған өкіметке көнбедім,
 Өктем тұрған өкіметке берілмедім.
 Ақыл қосқан билеріме сенбедім,
 Ақ орданың сәндігіне кенелдім.
 Ару Құлан ханыммен
 Тағдыр қосып келемін!»

Бұл сөзді естігенде, Бөрте ханым:

«Хан иемнің құдіреті бұл –
 Қалың Моңғолдың еркіндігі.
 Боғда иемнің кереметі бұл –
 Бар дүниенің есендігі.
 Көлде жүзген аққу-қаз бар,
 Көңілінің қалағанын
 Хан ием өзі таңдап аулар.
 Байтақ елде
 Қыз-келіншек көп дейді,
 Қалағанын
 Хан ием өзі таңдап алар.
 Қамыс көлдің
 Қаз бен құсы көп дейді,
 Қаншасын ауласа да,
 Хан ием өзі білер!
 Жайсаң елде
 Қыз-келіншек көп дейді,
 Қасиетті ием
 Қайсысын таңдарын өзі білер.
 Хас мергендер,
 Қабат атар үйрек пенен жағаны.
 Ер жігіт сүйе білсе,
 Әпеке мен сіңлісін
 Қабат алар демей ме!
 Ерен асаудың арқасына
 Ер салады демей ме!
 Әйел алсаң үстіне,
 Әйел қоса ал, демей ме?
 Артық болса, несі жаман?
 Кемдік етсе, несі жақсы.
 Қабат шапан тоңдырмас

Қабат арқан тоздырмас!»/18/ – деп ықылас білдіріп, рұқсатын береді. Сөйтіп, Мұқали шешен ұлы ханның отбасы мәселелерін реттеуге де араласып отырған.

Шыңғыс хан батысқа, Орта Азияға жорыққа аттанбақшы болып жатқанда Есүй ханым Шыңғыс ханға «жаман айтпай – жақсы жоқ» деген, әлде қандай заман бола қалса, орныңызды кім басатындығын айтып кетсеңіз екен деген тілек білдіріпті. Сонда Шыңғыс хан: «Қатын болса да Есүй тым орынды айтты. Бауырларым мен ұлдарым, Борши мен Мұқали, сендердің бірде-бірінің есіңе бұл сөз түспеді.

Мен де
Өмірдің кезегін
Ұмытып кетіппін,
Өлімнің келерін
Ұрынбастай етіппін.

Ал, ұлымның үлкені Жошы еді. Кәне, не айтасың? Сен айт!» - дейді. Жошы сөйлеуден бұрын сөзге Шағадай араласады. «Жошыға сөз сөйле деп, оны неге нұсқағалы отырсың? Біз меркіттің қоқсығына бағынбақпыз ба? (Бөртеңі меркіттер алып кеткенде жүкті болғандықтан солай деп отыр)», - дегенде, Жошы қарғып тұрып, Шағадайдың алқымынан ала түсіп: «Мені хаған әкем бөтен көрмегенде, сен неге мені шеттетіп отырсың? Сен тек долы-шарқаялығыңмен ғана артық шығарсың?»/19/.. – деп керісіп қалғандарында Жошының қолынан Борши, Шағадайдың қолынан Мұқали ұстай алып, ажыратады.

Бұл мысалдан Шыңғыс ханның Мұқали мен Боршини өз бауырлары мен ұлдарының қатарына қойғандығы көрінеді. Екіншіден бұл екеуінің Ұлы ханның Жошы мен Шағадай сияқты айшықты ұлдарының қолынан ұстауға олардың өздерімен тең адамдар болғандықтан ғана батылдары барғаны көрінеді.

Мұқалидың Ұлы ханның отбасында зор беделге ие болуына оның мәрт жомарттығы да септігін тигізді. Оның жомарттығын Шыңғыс ханның өзі үлкен тойда ерекше атап өткен.

«Ертерек күндердің бірінде, дана боғда Шыңғыс хаған, Бөрте бегім есімді ханым қасында, тоғыз тұғырлы уәзірлері мен бес тәйжі кеңесшілері түгел төңірегінде, бес бедерлі, төрт құбылалы елін жиып, шалқыған той жасап отырғанда» Мұқалиға арнап: «... Торқалы ұлы тойымды атқарып бәрін жеткізер, жомарт байым. Тайталасар соғыста алмас ұстап, айбар шегетін Мұқали сабазым, сен бір сөз сөйле!»/20/ депті. Шыңғыс хан сияқты ұлы адамның өзінен мұндай баға екінің біріне беріле бермейтіндігі белгілі.

Мұқалидың хан алдында, ел алдында беделінің зор болуы оның арақ-шарапқа үйір болмағанында деп ойлаймыз. Ол төңірегіндегілерді арақ-шарап ішпеуге, салауаттылыққа шақырған. Оған мысал – «қаған басты тоғыз Өрлік, бес тәйжі, бес түсті, төрт жат ұлысын жинап отырған тойда Сүлдінің Торқан Ширасының:

«Мәртебелі Қаған ием бұйыртсаңыз!
Көппен ұлы құрылтайды құрғанда,
Сусын-шарап жоқ болса
Қараптан қалың жиналмай,
Құр босқа болмай ма?!» –
деген сауалына Мұқалидың берген мына жауабы:
«Байласқан сөзінді
Бекер етпей ме?!
Әулекі мінезді
Қоздырып кетпей ме?!

Кеңескен сөзіңді
Керексіз етпей ме?!
Кездескен көпті
Керістіріп кетпей ме?!
Әурелі жаман
Сусын-шарапты тыйсақ,
Сөзіміз берік,
Тұламыз нәзік болмай ма?!»/21/.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Рашид ад-дин.Сборник летописей.В.3 т.Т.І,кн.-М.-Л-,1952.-93 б.
2. «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» (Т. II. – Алматы, 2005. – 105 б.) деген еңбекті басшылыққа алдық.
- 3.Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. – Астана, 2001. – 160 б.
- 4.Сайшиял. Сказание о Чингисхане. – Улан-Удэ, 2006. – 95 б.
- 5.Тоғысбайұлы Б. Жылқының жалын, жаудың жағын айырған. – «Жұлдыз» журналы, 1996, №4. – 71 б.
- 6.Ақатай С. Жалайырлар. – «Жұлдыз» журналы, 1998, №9. – 174 б.
- 7.Моңғолдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. – 72 б.
- 8.Рашид ад-дин.Сборник летописей.Кн.2.-114 б.
- 9.Моңғолдың құпия шежіресі.-98 б.
- 10.Моңғолдың құпия шежіресі.-84 б.
- 11.Лувсанданзан.Алтын шежіре.-Алматы,1998.-106б.
- 12.Моңғолдың құпия шежіресі.-165 б.
- 13.Лувсанданзан.Алтын шежіре.-113 б.
- 14.Лувсанданзан.Алтын шежіре.-115 б.
- 15.Моңғолдың құпия шежіресі.-146 б.
- 16.Моңғолдың құпия шежіресі,Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелерінде-79-80 бб.
- 17.Лувсанданзан.Алтын шежіре.-129-130 бб.
- 18.бұл да оснда,129-190 бб.
- 19.Моңғолдың құпия шежіресі.-177 б.
- 20.Лувсанданзан.алтын шежіре.-98,106 бб.
- 21.Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері.т.ІІ.-Алматы,2005.-174-175 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Шығысханның атақты қолбасшысы жалайыр руынан шыққан Мұқалиге байланысты деректер келтірілген.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе изучения и анализа как некоторых первоисточников, так и ряда исследований, в которых содержатся кое-какие сведения о выдающемся полководце Чингисхана - Мукали Го Ване из племени жалайыр, автором сделана попытка выявить факторы, сопутствовавшие достижению им такого высокого поста в империи – властелина Китая, осмыслить его роль и вклад в создание централизованного государства кочевников Евразии во главе с монголами.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ

Асылбекова М.А., Тақабаева Б.М.- оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Тәуелсіз мемлекетіміз – Қазақстан Республикасының алдында үлкен мақсаттар мен міндеттер тұр. Әсіресе ата-бабамыз мұра еткен өмір тәжірибесін жас ұрпақтың жаңа қоғамымызда жалғастырып, жүзеге асыра білуі ең басты мәселе болып табылады.

Адамзат қоғамының тарихи даму тәжірибесінде жастар мәселесі ең күрделі мәселе және мемлекет тағдыры жастар тағдырымен тығыз байланысты. Мұның өзі бір жағынан оның қоғамның барлық саласында маңызды орында екендігін көрсетсе, екінші жағынан, жастар мәселесінің күрделілігі мен сантүрлігіне байланысты екендігін көрсетеді. Бұл ұштастыру жастар мәселесін мемлекеттің қоғамның мүддесі үшін жүзеге асыратын өзіндік бағыты деуге мүмкіндік береді.

Жастар - әлеуметтік және психологиялық ерекшелікті қалыптастырған қоғамдағы үлкен топ, жас адамдардың жастық ерекшеліктеріне қарай анықталатындықтан олардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайы, рухани әлемі құрылу, қалыптасу сатысында болады. Жастарға әдетте 16 мен 30 жас аралығындағы жас адамдар жатады /1/.

Қоғамда болып жатқан кез-келген кері құбылыстар мен жағдайлар барлық әлеуметтік институттар қызметінде көрініс тауып отырады және бұл жастар өміріне де әсер етпей қоймайды. Мұның өзі, қазіргі кездегі нарықтық қоғамда болып жатқан кері жағдайлар: ұлттық қасиеттерімізге осықырына қарау, еліне, ұлтына, тіліне сүйіспеншіліктің төмендеуі, жастардың еңбекке деген құлықсыздығы, отбасындағы әлеуметтік жағдайлардың тұрақсыздығы т.б. жағдайлар осының айғағы және біздің мемлекетіміз үшін ең өзекті мәселе болып табылады.

Кеңес Одағы күйрегеннен кейін егемендігін алып кеткен басқа елдердегідей біздің елімізде де жастар мәселесі үлкен өзгерістерге ұшырады. Олар барлық уақытта да қоғамдық істерге белсене араласып отырған және саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайлардан тыс қала алған жоқ.

Қазақстандағы жастарға қатысты жұмыстың бағыттары негізінен басқа елдердің тәжірибесімен үйлескенімен, өзіндік ерекшеліктері де болды. Жастарға отаншылдық тәрбие беру, олардың еңбек нарығында маңызды сапалы білім мен мамандық алуы, жастардың еңбекке орналасуы мен денсаулығы, тұрғын үй, жас отбасын қолдау және бала тәрбиесі, салауатты өмір салтын енгізу және оған жат есірткі құмарлық, маскүнемдік, құқық бұзушылықтар секілді құбылыстарды жою мәселелері маңызды болып отыр. Әсіресе, ауылдық жерлердегі жастар ерекше назар аударуды талап етеді /2/.

Жастарға қатысты мәселелерді шешудің бірден бір жолы, жастарды қоғамның әлеуметтік-саяси ерекшеліктеріне қарай орналастыру, жол сілтеу. Қазіргі таңда жастарды белгілі бір бағытпен алып жүретін идеология, әсіресе ұлттық идеологияның болмауы еліміз жастарының кез-келген ұйымдар мен партиялардың, миссионерлік топтардың шырмауында кетуіне алып келуде.

Тәуелсіздік алғанға дейін Республика жастарының жұмыстарын комсомол комитеттері атқарып келді. Олар коммунистік партияның саясаты мен

идеологиясының бағыттарымен жұмыс жасады, қоғам өмірінің барлық салаларына ерекше назар аударып үлес қосып отырды. Заман талабына сай, жас ұрпақтың сұранысына қарай іс-әрекет жасады және балалармен жастар жұмыстарына белсенді қатысты. Кеңестік қоғамның дамуына ерекше ықпал жасады. Жастар да бұл кезеңде үкімет тарапынан үлкен қолдауға ие бола білді. Оның көрінісін жастардың туристік сапармен шетелге барып демалуға мүмкіндік алуынан, мәдениет, ғылым, техника, өнеркәсіп салаларынан сый ақы тағайындалуынан байқауға болады. Осындай іс-шаралар республика жастарының бойында Отанына деген сүйіспеншілікті оятты, елінің тарихы мен мәдениетіне шынайы қызығушылықты арттырды. Әрине, Кеңестік жүйенің өзіндік үлкен кемшіліктері болды, бір партиялы жүйеге бағынды және партияның міндеттері мен мақсатарын жүзеге асыруға міндетті болды, партияның жұмыстары мен бағыттарынан бас тартқандар жазаланды немесе қоғамнан аластатылды. Соған қарамастан жастар коммунистік ұйымның мүшелігіне қабылдануға тырысты, мүшелікке қабылдану үлкен абырой болып саналды. Алайда, өткендегі тарихи кезеңдердің, отарлық жүйенің зардабы еліміз жастарының есінде мәңгі қалып қойды.

Бұл туралы белгілі демограф ғалым М. Тәтімов, отаршылдық зардап, тоталитарлық зобалаң, идеологиялық мәңгүрттік, атеизмнің имансыздығы, отбасылық жарасымдылық пен ұрпақтың өзінің ұлағатты қатынасына көптеген салқынын тигізді /3/, деп жазды.

Дегенмен, социалистік үкімет жүйесіндегі мемлекет жастарды бірінші орынға қойды. Билік органдарындағы жас депутаттардың саны көп болды және халықтың жастық құрылымына шартты түрде сәйкес болды. Мысалы, ГДР-да (барлық социалистік елдерге тән) Халықтық палатада 25 жасқа дейінгі жастар 9,2%, ал 25-тен 31 жасқа дейінгілер – 3,8% құрады /4/.

Алайда, көп уақытқа дейін Кеңес Одағының Орталық атқару комитеті жастарға қатысты заңды қабылдамады. Тек, қайта құру жылдарында ғана, яғни 1991 жылы қабылданып, коммунистік партияның араласуымен жастар мен жас отбасыларына әлеуметтік көмек көрсетілу және жастар қорларының ашылуы сияқты шаралар жүргізіле бастады. 1980 жылдардың аяғындағы қоғамда болып жатқан кеңестік жастар толқуларының (Алматыдағы 1986ж. желтоқсан көтерілісі, Грузиядағы қасыретті оқиғалар т.б.) белсенді саяси әрекеттері Одақтас мемлекеттер үшін жастар мәселесін қарастырудағы ең өзекті мәселеге айналды. Соған қарамастан жастар қандай да бір тарихи кезеңде болмасын мемлекеттің тірегі болып қала берді.

Кеңес Одағы ыдырап, дүниеге тәуелсіз, дербес әрі жас мемлекет – Қазақстан Республикасының келуімен халқымыздың санасындағы, ұлттық психологиясындағы өзгерістерге, көршілес елдермен қарым-қатынасымыздың жаңаша сипатқа ене бастағанын біз әлі де терең зерделеп үлгерген жоқпыз. Ұлтымыз бен еліміздің барша тұрғындарының тағдырына қатысты орасан зор оқиға мен онан туындайтын мәселелердің білікті зерттеушілеріміздің назарына ілігуі. Ұлттық құлшыныс (пассионария) пен отандық парызды (патриотизм) тудыру үшін қазақтың шын зиялы, жаңаша зерделі қауымы өсіп шығуы қажет /5/.

Ұрпақ алмасуына қарай қоғамдағы өзгерістер мен ХХІ ғасыр ширегінде жаһандану процесстері, мультимәдени қоғам, қарқынды экономикалық, ғылыми-техникалық ілгерілеу заманында жастарды қоғамдық өнімді еңбекке тартудың үлкен саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызы бар. Жастарды қоғамдық жұмыстарға, еңбек етуге тікелей араластыру негізінен мектеп бітіргеннен кейін жүзеге асатын шара. Оның көптеген жолдары мен тәсілдері бар. Мысалы, мектеп

бітіргеннен кейін жоғарғы оқу орнына түсе алмаған жастарды ұйымдастырып жұмысқа орналастыру бағытында іс жүргізу, кейіннен оларға кәсіптік мамандық беруге ықпал жасау. Қоғамда болып жатқан өзекті мәселелер жөнінде пікірлесу. Осындай әдіспен жұмыссыз жастарды, әсіресе ауыл жастарын дер кезінде ұйымдастыру, жұмысқа тарта білу олардың еңбекке деген жақсы көзқарасын қалыптастырып, қоғамға деген белсенділігін күшейтеді, Отанына деген сүйіспеншілігін арттырады. Жастар өздеріне қатысты мәселелерді жақсы біледі, сондықтан оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп өздеріне қатысты мәселелерді шешуге мүмкіндік жасаған жөн.

Мемлекетіміздің жастардың әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін шешудің ең басты жолдары:

1. Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері.
2. Жұмыссыздықты жою, жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері.
3. Нарықтық қатынастарды үнемі насихаттау.
4. Жастарды жасампаздық еңбекке жұмылдыру, оларды кәсіпкерлікпен айналысуға үгіттеу /6/.

Қоғамдағы өзгерістердің күрделілігі жас азаматтардың әлеуметтік жағынан жан-жақты қалыптасуына, жас қауым тіршілігінің барлық қалтарысына әсерін тигізді. Дәстүрлі жастар мәселелерін шешудің мазмұны мен тәрбие тәсілдері жаңа тарихи жағдайларда мүлде өзге қырынан қарастырылуға тиіс болғандықтан түбегейлі өзгерді /7/.

1990 жылдардың аяғына таман көптеген елдерде жастардың жекелеген құқықтарын қадағалайтын заңдар қабылданып, жастар саясаты қолға алына бастады. Жастар саясатының бағыты, мақсаты, сондай-ақ мазмұны да ерекшеленді. Біздің елімізде де жастар саясатына қатысты мәселе өзіндік мәнге ие болды және мемлекет қызыметінің негізгі бағытына айналды. Мысалы, 1991 жылы Қазақстанда жастар Одағы құрылды. Бұл ұйым комсомол комитеттерінің бағыттарынан бас тартты, бірақ тәуелсіз елдің жастар саясатына барабар құрылым бола алған жоқ. Сол кезеңде, жастар Одағы комсомол ұйымының жүйелілік құрылымын сақтай отырып, жаңа демократиялық принциптерді дамытса мүлдем басқа қырынан көрінер ме еді. Десек те, тәуелсіздік алған 15 жыл ішінде біздің елімізде демократиялық принциптер негізінде көптеген жастар бірлестіктері жұмыс атқарып келеді. 1996 жылы 10 қазанда Ақмола қаласында өткізілген Қазақстан жастарының форумы, нәтижесінде жастар қозғалыстарының белсенділігі артта бастады. Ал, 1997 жылы 26 ақпандағы Алматы қаласында өткізілген Қазақстан жастарының бірінші Форумының нәтижесінде, «Қазақстан жастарының Форумы» жастар бірлестігі құрылды. Көп ұзамай 1998 жылы 26 ақпанда елімізде студенттердің бірінші съезінде «Қазақстанның болашағы үшін» қозғалысы құрылып, жастардың қоғамдық және мемлекеттік ұйымдарының жұмыс істеуіне мүмкіндік бере бастады. Яғни, жас азаматтардың экономикалық, құқықтық, әлеуметтік жағдайының жақсаруына, жастардың жаңа идеяларымен ұйымдарына қолдау көрсету шаралары қолға алына бастады. Студен жастардың еңбек топтары пайда болды.

1999 жылы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен бәріне ортақ адам құқығын қорғау декларациясына, Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылға және одан кейінгі кезеңге арналған Бүкіл әлемдік іс-қимыл бағдарламасына, балалар құқығы туралы Конвенцияға, Қазақстан Республикасының Конституциясына және ел президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан-2030» Жолдауының идеялары мен принциптерін негізге ала отырып барлық қазақстандықтардың қауіпсіздігі мен жағдайларының жақсаруы мен

гүлденуі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының Концепциясын бекітті /8/.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты еліміз жастарының құқықтық, экономикалық, азаматтық жағынан қалыптасуы мен әлеуметтік жағдайының жақсаруына мүмкіндік жасау. Сондай-ақ, Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін анықтайды. Оның негізгі бағыттары:

1. Жастардың әлеуметтік құқықтары.
2. Жастардың саяси құқықтары мен бостандықтары.
3. Жастардың еңбек пен жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктері, олардың тұрғын үй проблемаларын шешуге жәрдемдесу.
4. Жастар жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті қолдау.
5. Жас отбасыларын мемлекеттік қолдау.
6. Талантты жастарды мемлекеттік қолдау.
7. Жастардың халықаралық ынтымақтастығына жәрдемдесу.

Мемлекеттік жастар саясаты 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді және осы саясаттың негізінде «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы жас мемлекетіміздің дамуына өзінің үлесін қосып, белгілі жетістіктерге қол жеткізген жастарымызға әрдайым қолдау көрсетуге ықпал ете бастады. Партияның құрамынан «Жас Отан» жастар қанаты құрылып, оның құрамына жүздеген қыз-жігіттер кірді.

«Нұр Отан» партиясы және оның көшбасшысы, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің дамуының негізгі стратегиялық ресурсы ретінде қарап жастарға ерекше көңіл бөліп келеді. Жастардың мемлекет тіршілігіндегі негізгі өндіруші және шығармашыл күш ретінде тартылуы соның бір белгісі /9/.

Бүгінгі уақытта партияның бастамасымен Қазақстанда жастар саясатына қатысты бірқатар заңдар, қаулылар және бағдарламалар дайындалған және жұмыс істеуде. «Қазақстан республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңның негізінде еліміздегі жастар ұйымының қызметін белсендіру стратегиясы дайындалды. Осы жұмыстардың және жастарды мемлекеттің белсенді қолдауының арқасында кең көлемдегі мәселелерді шешумен айналысатын жастар ұйымының қатары өсіп келеді. Бүгінгі таңда жастар Конгресі, студенттер Альянсы, Қазақстанның Жастар одағы, «Болашақ жастар» қозғалысы, Қазақстанның патриот жастарының одағы, «Жас Отан», Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі, ауыл жастары одағы ірі ұйымдар қатарына жатады /10/.

Жастар саясатын зерттеп жүрген ғалым Л. Зайнеева қазіргі таңда Қазақстанда әр түрлі бағыттағы 156 жастар ұйымдарының қоғамдық-саяси және әлеуметтік салаларда өзара тығыз қарым-қатынас жасайтындықтарын /11/ айтады.

Жетекші саяси партиялар электоратының әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына жүгінетін болсақ 2004 жылы еліміздегі саяси партияларда 18 бен 24 жастағы жас азаматтар: «Отан» партиясында - 12,50%; «Асар» партиясында - 19,32%; «Ақ жол» партиясында - 21,05%; «АИСТ» партиясында – 9,0%; «ҚКП және ҚДТ» (одақ) – 8,11% /12/ құрайтынын көреміз.

Бұл көрсеткіштен жастарымыздың әлеуметтік қатысуының анағұрлым төмен екендігін және үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарына белсенділіктерінің жоқтығын байқаймыз. Мұндай жағдайлар өте өзекті мәселе болып табылады. Себебі, жас азаматтарымыздың бос уақыты қылмыс жасауға, нашакорлықпен айналасуға итермелейді. Алайда, осындай келеңсіздіктерге қарамастан

мемлекеттік жастар саясаты қазақстандық жастарға негізгі мақсаттар мен міндеттерді бағыттап берді.

Қорыта келгенде, мемлекеттік жастар саясатының қалыптасуы мен жүзеге асырылуы нарықтық қоғамның дамуында көрініс тапты және жастар алдында мол мүмкіндіктер ашты. Жас буынның қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына үлес қосуы үшін, олардың бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін және жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, жастарға қатысты мәселелердің бағытын айқындау үшін мемлекет тарапынан жастарға әлем өркениеті жетістіктерін игеруге жол ашатын болады. Демократиялы қоғам құруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Габдуллина К. Общество: прогресс и регресс. алматы, ИД КазГЮУ, 2003.С. 74.
- 2.Зайниева Л. Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – С. 289.
3. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: - Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 45 бет.
4. Зайниева Л.Ю.Молодежь Казахстана в условиях демократизации общественных и экономических отношений. Астана: Елорда, 2004. – С. 150.
5. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда: - Алматы: Жеті жарғы, 1999. – 40 бет.
6. Бюлегенова Б. Б. Жастар халықтың ерекше әлеуметтік-демографиялық тобы ретінде. ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №2 (18)
7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты. Астана: МҚНОС РК, 2001. – 5 бет.
8. Габдуллина К. Общество: прогресс и регресс. алматы, ИД КазГЮУ, 2003.С. 76.
9. Жастар жауапты мәртебеге лайық / С. Громов / Дала мен қала, 2007. - 14 желтоқсан.
10. Сонда, 2007.-14 желтоқсан.
11. Зайниева Л. Ю. Молодежь Казахстана в условиях демократизации общественных и экономических отношений. Астана: Елорда, 2004. – С. 178.
12. Қазақстандағы 2004 жылғы сайлаулар: қадамнан кейін қадам. Монографиялық жинақ.Г.Т. Илеуованың, Д.Р. Әшімбаевтың ред. Алматы: «Gredo» БҰ, 2004. 280 – б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты мәселесі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы государственной молодежной политики в Казахстане.

М.ШОҚАЙ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.

Ахметова Ж.Қ.- т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Кез келген ұлттық демократиялық интеллигенция үшін өзекті мәселелердің бірі - өз елін қоғамдық тарихи даму жолына қатынасы, соған баға беру болып табылады. ХХ ғасырдың бас кезінде Ұлттық интеллигенцияның алғашқы буыны қазақ тарихын өзара талқыға салды. Бұл талдау ұлттық сананы тұтастыққа ұмтылушылығының көрінісі есебінде жүрді. Халықтың жүріп өткен жолын, жиған тәжірибесін сарапқа салу олар үшін қоғамдық мешеуліктің себеп-салдарына көз жеткізу керек еді.

ХХ ғасырдың басында Мұстафа Шоқай студенттік қызметін атқарып жүріп, бір жағынан Түркістанның әлеуметтік, экономикалық жағдайына да араласа бастаған болатын.

ХХ ғасыр Түркістан мен Қазақстан халықтарын бұрынғыдан да бетер қаңқасатып қырып-жоюдан (1904-1905 жж.), жерлерінің шұрайлы деген шабындықтар мен жайылымдықтарды отаршылдар қоныс аударушылар мен казак-орыстарға “Заң жүзінде” бекітіп берді де, байырғы тұрғындарын шөлге, құмға, батпаққа тықсырып тастады. Тіпті “Қазақ” деген сөздің өзін тарих бетінен өшіріп тастауға тырысты. Қазақтардың талай ғасырдың жүзі малшылықпен қатар егіншілікпен қоса шұғылданғаны мәлім болса да, қазақ халқының маңдайына көшпенді деген атақ қана жазылды.

Мұстафа Шоқай Ресей империясының отаршылдық саясатын және оның қоныс аударушылары жайлы былай дейді: “Орыс халқының басым көпшілігі шаруалар. Орыстардың саны да көп, олар көшуден де жалықпайтын көшпенді-мұғажыр отаршылдар. Қашан да орыс солдаттының соңынан орыс мұжығы ілесіп отырады. Басып алынған жерде орыс билігі орнаған соң-ақ, пұшәйман халықтың жері тартып алына басталады. ...Орыс халқының әдеті – басқалардың жерін басып алумен қоймай, оны орыстың жеріне айналдырып жіберуді көздейді.” – дейді / 1, 124/.

Негізінен ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында орыстық отарлық билік Түркістанға экономикалық және мәдени жаңғыру алып келген жоқ. Өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында отарлық биліктің талай түрін басынан өткізген Түркістан, ресейлік билік әкелгендей озбырлықты көрген емес. Саяси өмірде бүкіл жергілікті билік отаршыл әкімшіліктің қолына ауысты. Ресей империализмі мұнда біржола орналасу әрекетіне көшті, яғни ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударып келген орыс және басқа европалықтар біртіндеп сандық тұрғыдан Түркістан халқының басым бөлігін құрап, орыс билігінің жергілікті тірегіне айналуға тиіс болды.

Қазақстандағы отаршылдық саясатты орыс қайраткері әрі зерттеушісі Г.Сафаров 1921 жылы жазған “Колониальная революция (Опыт Туркестана)” (Отаршылдық төңкерісі. Түркістан тәжірибесі) атты кітабында былайша растайды: “Шындығында отаршылдық саясатымен орыс патшалығы қазақтың отырықшылыққа өтуін тежеді. Ол тура мағынасында қазақты шөлге құды. Шөл кеңістігімен таулар арасынан “қазақ отырықшылығының шеңберін” жасады. Сөйтіп қазақтарды сорлату арқылы қара шекпендер мен казактарға жер босатып берді. ...Осы саясаттан соң 1902-1913 жылдары қазақ 77 пайыздан 68,9 пайызға құлдыраса, ...орыс 16,3 пайыздан 26,2 пайызға өсті” – деп ХХ ғасыр басындағы елдің әлеуметтік жағдайын көрсетеді / 2, 173-176/ . Расында да Ресей империясы

қазақтардың ғана емес, оған қоса күллі Түркістан мен Орта Азия өлкесінің халықтарына өзінің кері әсерін тигізді.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Ресей империясы Түркістандағы өзінің жеке меншігі ретінде пайдаланғандағы мақсаты: 1) қаржы жағынан қарағанда Түркістан Ресей империясына барлық жағынан пайда келтіріп отырды; 2) отаршылдық саясаты тұрғысынан қарағанда орталық губерниядағы қоныс аударушыларды орналастыратын жаңа бір аймақ ретінде қарады / 2; 49/ .

XIX ғасырдың екінші онжылдығында орыс қоныстанушылардың саны 326 ауыл, адамдардың саны 28 500-ге жуық болған. Түркістанға орыс қоныстанушылардың келуі елдің шаруашылық жағдайында қайшылықтарды туғызды. Бірақ оған қарамастан елде ақша шаруашылығының дамуымен қатар, сауда айырбасы және қала жақсы дамыды. Төмендегі кестеде 1897-1907 жылдар аралығында қала тұрғындарының ауыл тұрғындарынан қаншалықты дамып отырғанын көрсетеді: / 2; 49-50/ .

	қала тұрғындары	ауыл тұрғындары	жалпы
Жетісуда	45, 30 %	5,5 %	8,08 %
Закаспий	26, 32 %	4,62 %	16,19 %
Самарқанд обл.	30, 90 %	22,54 %	24,00 %
Сыр-Дария обл.	23, 28 %	21,30 %	21,64 %
Ферғанада	49, 27 %	10,90 %	15,10 %

XX ғасырдың басында Түркістанда фабрика-завод өнеркәсіптерінің дамуы төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

Облыстар	фабрика лар саны	жұмысшы лар саны	өнеркәсі п, мың санмен	өнеркәсіп тік тарамға санмен
Закаспий	19	970	2,634, 3	0,5
Самарқанд	68	1,331	6,024, 4	4,9
Сыр-Дария	127	2,613	7,179, 7	0,9
Барлығы:	387	12,012	78.513, 3	11,6
	19,833	2.168.850	4,581, 515,8	-
Түркістанның %-қ жағдайы	1,95 %	0,59 %	1,7 %	-

XX ғасыр басында Түркістанда сауда капитализмінің негізі мақта өндіру болып табылады. М.Шоқай “Жас Түркістан” журналындағы “Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес” атты мақаласында: “Бұл күндері Түркістанда кезектегі “маңызды мәселе” – мақта мәселесі. Мақта Ресейдің назарын әрқашанда өзіне аударып келе жатқаны белгілі. Оның бір дәлелі ретінде патшалық үкіметке ауылшаруашылық министрі болған Кривошейннің мынадай пайымдауларын келтіруге болады. Оның пікірінше, Түркістан мақтасы мәселесі – Ресей тоқыма

өнеркәсібін Америка мақтасына тәуелділіктен құтқару мәселесі, мәселенің екінші бір жағына, яғни орыс тоқыма өнеркәсібінің мүддесіне үйлесе алмаған жергілікті халықтар мүддесіне Кривошейн назар аудармайды деседе болады. Егер ол бұл мәселеге назар аударғанда Түркістанның мақта шаруашылығының қиыншылықтарымен есептесер еді.” – деп жазған болатын / 3, 33/. Шындығында Түркістанда суармалы жерлердің аздығы Түркістан тұрғындарын астықпен өзін-өзі қамти алмай отыруына әкеп соқты. Мақта өндіру жергілікті байлардың шаруашылықтарын дамытумен сәйкес жүрді. Елде мақта өндірумен бірге нан дәнді-дақылдарын өсіру бірге дамып отырды. Бірақ мақтаға қарағанда нанға деген қажеттілік басымдау түсті.

Мұстафа Шоқай Түркістан диқандарының бір бөлігін мақта егуге мәжбүр еткен өзіндік себептері бар екенін айта келе: “Егер сіз мақта егісі алқаптары хақындағы статистикалық мағлұматтарға мұқият көңіл аударсаңыз өзіне қараған жерлерінің бәріне немесе көп бөлігіне мақта еккен диқандар жер реформасы кезінде жарты гектардан екі гектарға дейінгі жерге ие болғандар, яғни өз күшімен жерін оңды игере алмайтын шаруалар екеніне көз жеткізесіз. Олар үкіметтен көмек сұрайды, ал үкімет тек мақта еккен адамдарға ғана көмек береді. Екі гектардан артық егістік жері бар диқандар мақтаға жерінің ең нашар бөлігін ғана арнайды. Сол себепті мақта мен бидайдың қайсысын егуді олар көбіне өзі шешеді. Түркістандағы жері аз диқандардың өз жеріне негізінен мақта егуі Кеңес Одағын жақсы көріп отырғанында емес, өмір сүрудің басқа жолы қалмағандығынан болып отыр.” – дейді / 3, 41/.

XX ғасыр басында Орта Азияда өнеркәсіп нашар дамыған, негізгісі тек мақтаны алғашқы тазалаумен байланысты еді. 700-ге жуық үлкен емес мақта тазалау кәсіпорындары болған. Жұмысшылар жергілікті тұрғындардан және өзбектерден тұрды. Орыстар тек 20 пайызын құрап, жоғарырақ “машинист”, “жөндеуші” қызметтерін атқарды. Өндірістің 60 пайызын әйелдер мен балалар құрады. Жұмыскерлер жалақысы Ресей жұмыскерлерінің жалақысынан 2 есе кем болды. Жұмыс уақыты күніне 12-16 сағат. Еңбек қорғау туралы ешқандай заң болған жоқ / 4, 156/.

XX ғасырдың бас кезіндегі Түркістанның экономикалық жағдайына келетін болсақ, Қазақстан мен Түркістанда банктік капитал ене бастады және оның аумағында несие жүйесінің қалыптасуы негізінен XIX ғасыр аяғына жатады. Бұл кездері несие берудің жаңа формалары тарала бастады. Мысалы, бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы қарсаңында Қазақстан территориясында 44 банктік мекеме жұмыс істеді. Қазақстандағы мемлекеттік банктердің филиалдары несиенің негізгі бөлігін жергілікті және Ресейлік сауда буржуазиясына беріп отырды. Несиенің құны бойынша, бірінші орында мал және ет саудасы, екінші орында – нан, үшіншіде – “аралас” тауарлар мануфактурасы (мануфактура – барлық нан және т.б. комбинацияларынан тұрды).

Түркістан мен Қазақстанда капиталистік қатынастардың ауылға да енуіне байланысты мұнда ұсақ тауар өндірушілер мен ауыл буржуазиясы үшін несие беру мекемелерінің әртүрлі түрлері, ең бастысы несие беру кооперативтері ретінде қалыптасты.

Патша үкіметінің отарлау саясатының салдарынан, Қазақстанның ауыл шаруашылығы үлкен дағдарысқа ұшырады. Жерді зор көлемде тартып алу, отырықшылық ошақтарын талқандау, жергілікті халықты шөл-шөлейт далаларға ығыстыру қазақтың егін шаруашылығын өркендетуге қолайсыз жағдай туғызды. Оған қоса қазақтардың мал шаруашылығына да кері әсерін тигізді, мысалы, Қазақстанның далалы облыстарында қой, ешкі 1880 жылдан 1905 жылға дейін

24,9 пайызға кеміді. Ал, жылқы 1905 жылдан 1914 жылға дейін 4,1 пайызға кеміді /5, 77/. Отаршылдық қанаудың қыспағы жергілікті халықтың экономикалық жағдайының құлдырауына, еңбекшілердің қайыршылыққа ұшырауына апарып соқты. Жерді зор көлемде тартып алу, жер мәселесін шешудегі заңсыздық, белден басушылық, отарлық қанаушылық, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ұлттық алалау, қисапсыз алым-салық осының бәрі қоғамдық прогреске бөгет жасады. Өндіргіш күштердің өркендеуіне кедергі келтірді. Мұның бәрі қазақ халқының тарапынан қарсылық тудырды, тіршілік ету жолындағы күрес күшейе түсті.

XX ғасырдың басында көптеген аудандағы қазақтар үкіметтік хаттамаларға (протоколдарға) қол қоюдан, заңсыз жер бөлу жұмысына қатысудан бас тартты. Қоныс аударушылармен қақтығыс жиіледі. 1907 жылдың қаңтарында Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында әскери жағдай енгізілді. Басқа облыстардың аудандарында еселенген әскери құжат қойылды. Губернатордың алдап жібереміз деген қоқан-лоққасына қазақтар былай деп жауап берді: “Егер малымыз жер жетіспеушіліктен қырылып қалса, өзіміз де бәрібір өлеміз. Сондықтан бізді қырып салыңдар: өз жерімізді қорғай отырып, ажал табамыз” – деді / 5, 77/. Қазақтардың одан басқа амалы қалмады.

Негізінде Патшалық Ресей тұсында Қазақстан да ішкі Ресей сияқты бірнеше облысқа және генерал-губернаторлыққа бөлінді. Ал мұндай бөлу кезінде қазақтардың шаруашылық және тұрмыстық жағдайына қарай бұрыннан қалыптасқан ру-ру болып қоныстану ерекшеліктері тіпті де ескеріле бермеді. Мұның өзі қазақ қоғамында өндірістік күштердің қалыптасуы мен халықтың рухани жағынан дамуына кері әсер етті. Соның нәтижесінде адамдар бір болыстан бір болысқа ауысу құқығынан айырылды. Территориялық принципке құрылған бұл әкімшіліктің мақсаты – бір рулы елді екіге бөліп, өзге румен қосып, бір болыс құру. Әрбір үлкен рудың жарты-жартысынан уезд ашу, сол арқылы өзара алауыздық туғызу. Бұл мақсат күткендерінен асып түсіп, қырқысуға себеп болды.

Сонымен XX ғасырдың басы Ресейдің переселен саясатында жаңа кезең кең құлаш жайды. Қоныс аударушылардың үлкен билігі қазақ жерлеріне ұмтылды. Өйткені өздеріңізге белгілі құнарлы, жайылымы мол қазақ жерлерін қоныс аударушыларға күшпен алып беріп отырды. XX ғасырдың алғашқы он жылдығының орта тұсында империя көлемінде қоныстандыру ісі белгілі бір жүйеге түсті. Осы кездері (1904 ж.) Петербургте Қоныс аудару және жерге орналастыру Бас басқармасы құрылды. Ал келесі бір-екі жылдың көлемінде бұл басқарманың мекемелері губерния, облыс және уезд деңгейінде барлық қазақ жерлеріне құрылды. Мемлекет тарапынан үлкен және нақты қолдау алған бұл мекемелердің құқықтық статусы да жоғары болды және олардың негізгі міндеті “артық” жерлерді анықтап, ол жерлерге ішкі Ресейден орыс шаруаларының көшіп келіп орналасуына жағдай жасау еді.

Міне, осындай ұлыдержавалық отарлау саясаты бір жүйеге түсіп, оның басында патшаның өзі, Мемлекеттік Дума және басқа да өкімет орындары тұрған болатын. Әрине бұл да мемлекет тарапынан қаржыландырылып отырды. Патша үкіметінің отарлау саясатымен осындай жағдайда күрес жүргізу қазақ халқы үшін оңайға түскен жоқ. Өйткені сол кездегі саяси деңгейі төмен, оқыған азаматтары саусақпен санарлық қазақ қоғамының басына қиын жағдай туды.

Осындай қазақ халқы, жалпы түрік халықтары үшін қиын-қыстау кезеңде студенттік, жастық шағы империяның саяси орталықтарының бірі Петерборда өткен Мұстафа Шоқайұлының қоғамдық көзқарасының қалыптасуы азаттық қозғалыстың өзі тұстас басқа қайраткерлердікіне ұқсас болды. Қазақ халқының қамын ойлаған қазақ зиялыларының барлығы да Ресей империясының Оралдан

асып түркі халықтарының тарихи отаны, әлемдік мәдениет көне ошақтарының бірі – Орталық Азияға тереңдей еніп, оны өз отарлық аймағына айналдыру процесіне куә болды. Бәрі де бұл процестің жергілікті халықтардың аяқ асты болған ұлттық сана-сезіміне тиіп, оның оянуына түрткі болғандығын, өздерінің сол рухани түлеудің көрсеткіші және қозғаушы күші болуға тиіс екендіктерін жақсы ұғынды.

Мұстафа Шоқайдың осы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көш бастаушыларының бірі болатын. Әрине қазақ халқы үшін жанын пайда еткен кез-келген ірі қоғамдық-саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысының атқарған міндетіне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны бар. Мысалы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв және Міржақып Дулатовтың XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын ұйымдастыру тұрғысынан дайындаудағы рөлі ерекше. Сол сияқты Түркістан халықтарының, қазақ жұртының XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиісті орны бар екені бәрімізге белгілі.

Мұстафа Шоқай XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың барлық кезеңдерінде жетекші басшыларына лайық жұмыстар атқарды. Ол шетелде эмиграцияда жүрген кезінде де 1929 жылы “Жас Түркістан” журналының алғашқы сандарында былай деп жазады: “Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ, бұдан кейін де болмайды.” – деп ащы шындықты баяндайды / 3, 32/. Сонымен XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында Ресей империясының мұсылман халықтары алдында өмір сүру жолы дамуының екі таңдауы тұрды. Бірінші жол – империя мүддесіне сәйкес өмір сүру, яғни ресми Петербордың айтқанына көніп, айдағанына жүру. Екінші жол – ғылыми-біліми әулетті пайдаланып, ұлттық сипатты сақтап, күрес тәсілін Ресей шындығына сәйкестендіріп өмір сүру. Алғашқы жол – ұлтты жоятын жол еді, сондықтан оған түсуге қазақ зиялылары үзілді-кесілді қарсы шықты.

ӘДЕБИЕТТЕР

8. Шоқай Мұстафа Таңдамалы. 2 том. Алматы: Қайнар, 1999. 520 б.
9. Сафаров Г. Колониальная революция “Опыт Туркестана”). Москва, 1921
10. Шоқай Мұстафа Таңдамалы. 1 том. Алматы: Қайнар, 1998. 512 б.
11. Нұрғали Р.Ауэзов және Алаш. Алматы: Санат, 1997. 432 б.
12. Abdulvakap Kara, Turkistan ATESI. Mustafa Coka`in Hayat`ve Musadelesi. Da uyincilik, Kasim 2002,7, Istanbul, s. 400`65.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социально-экономическое положение Туркестана в начале XX-го века и общественная деятельность М.Чокая.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор XX ғасырдың басындағы Түркістанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен Мұстафа Шоқайдың қоғамдық қызметіне тоқталған.

АЛАШОРДА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ (ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢІНІҢ МЫСАЛЫНДА)

Бегалиева А.А.- т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Алаш Орда қалың қазақтың қалауы, алты алаштың аңсары еді. XX ғасыр басындағы ұлт мұраты еді.

Алаш Орда қозғалысының басталғанына, «Алаш» партиясының құрылғанына 91 жыл толып отыр.

Біздің есте жоқ ескі замандағы, хандық дәуірдегі тарихымызды айтпағанда, бүгінгі Тәуелсіздігіміздің алтын бастауы осы Алаштан бастау алып жатқаны анық.

Алаш Орда қазақ мемлекеттігінің жаңа бастауы. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан идеясына осыдан 91 жыл бұрын қадам жасалды. Олардың, Алаш ардагерлерінің, көсемдерінің кешегі Желтоқсанның жаралы күндерінде алау болып жанып, ақыры жүзеге асты. Демек, қазақтың Тәуелсіздік аңсаған тарихына өзіміз келген жерден қарамай тереңірек үңілгеніміз жөн. Біз Кеңес дәуірінде Алаш қайраткерлері туралы ештеңе айта алмайтынбыз. Олардың есімін атағандары үшін талай адам қудаланды, қызметінен айрылды. Ал біз тәуелсіз мемлекет арқасында өз ардақтыларымызды құрметтеуге жеттік.

Алаш идеясы өміршең идея. Бұл- ұлттық идея, қазақ идеясы деген сөз. Алаш идеясы тірі болса, қазақ тірі болса, Алаш идеясы да тірі болады. Ол ешқашан өлмейді.

Тоталитаризм қапасында өмірі қиылған жандардың, сондай-ақ бастан кешкен қасіреті өле өлгенше санасында жаңғырып, сол қорқынышты шындықты бізге жеткізген, азап көрсе де, аман қалу бақытына ие болған жандардың қай қайсысы да біз үшін ерекше қымбат, айрықша қастерлі. Олар ұрпақ санасында мәңгі өмір сүреді. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті («Егемен Қазақстан» 1997ж., 31 мамыр)

Кеңес идеологиясы кете салысымен Алаш идеясы қайтадан жандана, жаңғыра бастады. Бұл тарихи нәрсе, солай болуға тиіс еді. Неге олай болды? Неге кеңестік идеология, коммунистік партия Кеңестік билік Алашты сонша жек көрді? Неге Алашқа соншалықты қаты шабуыл жасады? Олар Алаштың атын ататқан жоқ. Қазақтың ұлттық идеясына Алаш идеясына жақын тұрған идея болған емес. Кеңестік идеология Алаш идеясымен бақталаса түсе алмайтын еді. Сондықтан Кеңестік идеология Алаш идеологиясынан қатты қорықты. Алаштың атын ататпай қойғанының себебі осы деп түсінеміз. «Алаш идеясы қайдан келді?» деген сұрақ туады. Мұның тамыры қайда, қайдан шықты? Өзімізден шықты ма, әлде сырттан келген қондырғы ма деген сұрау туады. Егер мәселеге әлемдік контексте қарайтын болсақ, қазақ қоғамы үшін Алаш қозғалысы Ұлы француз революциясының қазақ топырағындағы жалғасы болғанын біз ұмыта алмаймыз. Ұлы француз революциясы 1789 жылы басталды. Оның негізгі ұрандары «Азаттық», «Теңдік», «Туысқандық» деген үш тұғыр еді. Осы идеяларды қазақ топырағына алып келген Алаш зиялысы, Мыржақып Дулатовтың өлеңдерін қараңыздар, осы үш ұран айтылады. Әлихан Бөкейхановтың шығармаларында да бұл идеялар көп айтылады. XX ғасырдың басынан бастап Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен бұл идея көптеп көрініс берді.

- Алаш қозғалысы белгілі дәрежеде Европаның және Ресейдің ой сана қозғалысына қазақ топырағындағы жалғасы екені рас.

- 1917 жыл қазақ тарихына көптеген жаңалықтар әкелді. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі, Алаш автономиясы.

- Алаш партиясы ұлттық дәрежеге көтерілген тұңғыш партия болатын.

Қазақ жерінде Алаш Орда қайраткерлері бір топ шоғыр жұлдыздай болып шыққанда Орта Азияның өзге елдерінің көсемдері бес саусаққа да толмайтын еді. Алаш жұлдызының жарығы сол кездің өзінде алысқа түсті. Алаш Орда көсемдерінің әрқайсысы ұлт ұстазының деңгейіне көтерілді.

Қай қоғамда болмасын интеллигенция мен өкіметтің арақатынасы әр кезде күрделі, әр кезде қарама- қайшылықтарға толы болған. Себебі, біріншіден, интеллигенцияның қоғамда алатын орнына байланысты болса, екіншіден, оны қандай қоғамда, қандай саяси билік орнаған елде еңбек етіп, өмір сүруіне тікелей байланысты болған.

Өзінің табиғаты жөнінен интеллигенттер немесе зиялы қауым өкілдері кез келген қоғамда билік жүйесіне сыни тұрғыдан қарайды. Өйткені интеллигент дегеніміз озық ойлы, анығырақ айтқанда алдыңғы әрі саналы ойдың адамы. Интеллигенция жалпы алғанда әр ұлттың, әрбір халықтың қаймағы десекте болады. Шын мәніндегі интеллигент өзінің қызметіндегі орны немесе күн көрісі, мәртебесі үшін жалтақтамайды. Ол халықтың мұңын, халықтың жоғын жоқтауға өмірін сарп еткен. Мәселен, ұлттық, тұтастық, жалпы ұлттық- демократиялық Алаш партиясын құрып, эволюция (реформа) жолымен Қазақстанды өркениетті елдер қатарына жеткізуді ойластырған Әлихан Бөкейханов бастаған Алашорда қайраткерлері осындай тұлғалар еді. Олар жекелеген таптар мен әлуеметтік топтардың сөзін сөйлеп, сойылын соққан жоқ, тұтас ұлтқа бақыт пен жақсылық тіледі. Сондықтанда олар қоғамды таптық ұстанымдар мен бір ғана коммунистік идеология тұрғысынан қалыптастырып, басқаруға негізделген кеңестік билік жүйесіне ашық оппозицияда болды. Кеңестік тоталитарлық билік жүйесі мен Алаш қозғалысы арасында қарама- қайшылықтардың шиеленісуі нәтижесінде Алашорда қайраткерлері ХХ- ғасырдың 20-30-шы жылдарында өкімет жүзеге асырған саяси қуғын- сүргіннің құрбандары болды.

Кеңес өкіметі өмір сүрген 70 жылдан астам тарихи кезеңде, күллі Кеңес Одағы сияқты Қазақстанда да социализм идеясын қабылдап, коммунистік идеологияны мойындаған интеллигенция өкілдері де аз болмады. Егер Алаш қайраткерлері мемлекетті өркениетті елдер деңгейіне жеткізу үшін реформа жолдарын таңдап алса, социалистік даму бағытын мойындаған кеңестік интеллигенция өкілдері ел мен жұртты өркениет биліктеріне тез қарқынмен жетуді революциялық (төңкерісшіл) әдіс- әрекеттер арқылы жүзеге асыруға болатындығына сенді.

Алайда ХХ-ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысынан бастап КСРО-да және оның құрамында болған басқа республикалармен қатар Қазақстанда да, орнығып, уақыт өткен сайын күшейген сталиншіл әміршіл- әкімшіл саяси билік жүйесі қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін және аса зор қасіретті зардаптар әкелген тәжірибелер жасады. Ел өмірінің барлық салаларын (экономиканы, саясатты, мәдени-рухани әлемін) сталиндік нұсқадағы «түбірлі өзгерістерге» мәжбүр еткен бұл эксперименттер Қазақстанды түгелдей қамтыды. Оның басты буындарына ауыл шарушылығын күштеп ұжымдастырып, көшпелілерді зорлап отырықшыландыруды, байлар мен дәулетті шаруаларды аяусыз қанау есебінен тез қарқынмен индустрияландыру саясатын жүргізуді, демографиялық саясатта, мәдени рухани салада түпкілікті халықты (Қазақстан жағдайында қазақтарды) орыстандыруды және осылардан туындайтын басқа да шараларды жатқызуға.

Жоғарыда айтылған қоғамның табиғи дамуына қайшы елген шаралар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүргізу үрдісінің тамырына балта шапты,

халықты 20-30 жылдардағы жаппай ашаршылыққа ұшыратты, халқымыздың жартысына жуығы соның салдарынан қырылып қалды, сан мыңдаған қандастарымыз алысты жақынды шет елдерге ауып кетті, өз елі мен өз жерінде қазақтар азшылыққа айналды, олардың 40% жуығы өз тілдерін білмейтін немесе шала білетін дүбәрәларға айналды. Осының нәтижесінде ұлттық жігер мұқалып, ұлттық рух әлсіреді.

Осындай халыққа жат құбылыстарды тудырған тоталитарлық, әміршіл-әкімшіл жүйеге ХХ- ғасырдың 20- жылдарынан бастап ең алдымен Алаш қозғалысының негізін қалаған ұлттық- демократиялық интеллигенция өкілдері ашық қарсылық көрсете бастаса, көп кешікпей социализм идеясын қабылдаған кеңестік интеллигенцияның ұлтжанды өкілдері де әр түрлі формадағы қарсылық әрекеттеріне барды.

Зиялы қауым өкілдерінің бұл қарсылығы халқымыздың айтарлықтай бөлігі тарапынан қолдау тапты.

Осы қарсылықты басып- жаншу үшін сталиншіл әміршіл- әкімшіл билік жүйесі бүкіл елді қамтыған жаппай саяси қуғынды жүзеге асырды. Заңсыздық және зорлық- зомбылықтың қорқынышты көрінісі болған жаппай саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағының барлық аймақтарын, олардың қатарында Қазақстанды да қамтыды және жекелеген үзілістермен өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан 80-ші жылдарының ортасына дейін жалғасты. Интеллигенция тағдырына аса ауыр тиген Қазақстандағы саяси қуғын- сүргін тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең — 20-шы жылдар. Бұл кезеңде ең алдымен Алашорда қайраткерлері (А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, т.б.) саяси тұрғыдан қудалауға ұшырап, сол жылдардың соңына қарай, түрмелерге жабылды; солармен қатар сол кезде Республиканың бір топ мемлекет және саяси қайраткерлеріне (С.Сәдуақасовқа, Т.Рысқұловқа, С.Мендешевке, С.Сейфуллинге, С.Қожановқа, т.б.) партияның сара жолынан ауытқушылар (национал- уклонисты) деген айыптар тағылды.

Екінші кезең — 30-шы жылдар. Бұл кезек саяси қуғын- сүргіннің шырқау шегіне шыққан уақыт. Сан мыңдаған зиялы қауым өкілдері (олардың қатарында Алаш қозғалысы мүшелері де, республикада кеңес өкіметін орнатуға қатынасқан қараткерлер де бар) атылды, концлагерлерге айдалды. Олардың барлығына жалған жалалармен «халық жауы» деген айыптар тағылды.

Үшінші кезең — 40-50 жылдар. Бұл жылдары соғыс кезінде жау қолына тұтқынға түсіп, кейін елге оралған отандастарға саяси айып тағып, оларды жазықсыз жазалау орын алды. Ал 40-жылдардың ортасынан 50-жылдардың басына дейін «буржуазияшыл ұлтшылдар» деп айып тағылған қоғамтанушы ғалымдар: тарихшылар- Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, әдебиеттанушылар- Е.Исмаилов, Қ.Жұмалиев, т.б., «отансыз космополиттер» деген айыптармен биологтар Заравский, Шамис, жазушы Ю.Домбровский, т.б. сотталды немесе қызметтерінен қуылды. Ұлы жазушы әрі ғалым М.О.Әуезов пен Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаев бірер жыл Мәскеуге кетіп, бой тасалауға мәжбүр болды.

Кеңес өкіметі кезеңіндегі Қазақстандағы саяси қуғын сүргіннің соңғы кезеңі 1986 жылғы Алматыдағы, т.б. бірнеше қалалардағы Қазақ жастарының билік жүйесіне саяси қыр көрсетулеріне байланысты жүзеге асырылды. Жүздеген студент жастар оқудан қуылды, ондаған жұмысшы және студенттердің басы сотты болды, бірнеше жоғарғы оқу орындарының ректорлары жұмыстан қуылды,

М.Горбачев бастаған СОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросының шешімімен «Қазақ ұлтшылдығын» айыптаған қаулы шықты...

Қысқаша баяндалған осындай оқиғалар тізбегінің Кеңес өкіметі жылдарындағы өкімет пен интеллигенция арасындағы жағдайдың қаншалықты күрделі болғандығын, олардың өзара қарым-қатынастарында көп жағдайда өткір қайшылықтар орын алғандығын көрсетеді.

Дей тұрсақта, өткен XX ғасырда, әсіресе 1917 жылғы Қазан революциясынан кейінгі 70 жылдан астам уақытты Қазақстан үшін, оның халқы үшін, Республиканың әлеуметтік- экономикалық, рухани мәдени өмірі үшін тек қана босқа кеткен кезең деуге болмайды. Бұл туралы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген еңбегінде былай деп орынды жазды: «өз басым Қазан революциясынан кейінгі жылдар біз үшін текке өткен жоқ деп байлам жасадым. Материалдық өндіріс жүйесін түбірімен жаңарту, адамдардың білім деңгейінің күрт өсуі, қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының арасындағы қарым- қатынастарды жақсарту... ғарышқа самғау-мұның бәрін өзіміздің тарихи жүгіміздің асылдарына жатқызған жөн» («Егемен Қазақстан», 1998, 16 қаңтар.).

Интеллигенцияның қоғамдағы орнын анықтау, оның Қазақстанның кеңестік кезең тарихы барысында өкімет пен өзара қарым- қатынасын жан- жақты оқып білудің ғылыми танымдық тұрғыдан да, саяси- қолданбалық тұрғыдан да маңызы үлкен.

Сондықтан да осы мақаланың басты мақсаты Қазақстан тарихының Кеңестік кезеңі мысалында интеллигенция мен өкімет арасындағы күрделі де қиын қарама- қатынастардың тарихы туралы өмір шындығына сай көзқарас қалыптастыру, сол арқылы өткенімізден бүгінгіміз бен келешегіміз үшін сабақ алу болып табылады. Отандық тарихтың оның алдына қойылған төменгі міндеттерді шешумен ақындалады:

- мәселені зерттеудегі негізгі бағыттарды анықтау;
- тақырыпқа байланысты әртүрлі дерек көздерін (мұрағаттық, әдеби, статистикалық, т.б.) сұрыптау мен жүйелеу;
- 1917-1990 жылдар аралығындағы интеллигенция мен өкімет арасындағы қарым- қатынас тарихын тақырыптық-хронологиялық ұстанымдар негізінде қарастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш., 1994.
2. Ахметов Ғ. Алаш Алаш болғанда. А., 1996.
3. Алдамжаров З. Тарих: пайым мен тағлым. А., 2002.
4. Асқаров Т. Тағдыр. (Өмір хикаялары). А., 2002.
5. Аяған Б. Красные и черные. А., 2005.
6. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. Избранное. А., 1995.
7. Бектұров Ж. Енеден ерте айырылған төл секілді... А., 2002.
8. Бөкейханов С. Өткен күнде белгі бар. А., 2004.
9. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. Избранное. А., 1998.
10. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. Замана асуы. (Бірінші кітап). А., 1998.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. А., 1995.
12. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. А., 2004.
13. Назарбаев Н. Тарих толқынында. А., 1999.
14. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алаш қозғалысының бастау көздері анықталып, Алаш партиясы, Алаш автономиясы және Алашорда үкіметінің құрылуы мен нақтылы қызметі баяндалады. Алаш қайраткерлерінің қасіретті өмір жолдары айтылады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена некоторым страницам движения Алаш, также репрессивным методам советской власти против своих оппонентов.

НЕЗАБЫВАЕМЫЕ СТРАНИЦЫ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ (1937-1938 ГГ.)

Бурханова Д.С. – к.и.н., доцент (г. Алматы, Казгосженпи)

В 2008 году исполняется 10 лет как, по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева 1998 год был объявлен «Годом народного единства и национальной истории», а 1997 год был «Объявлен Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий». Эти два документа свидетельствуют о пристальном внимании руководителя нашего государства к проблемам развития гуманитарных наук, которые выполняют значительную миссию в становлении независимости и суверенитета республики, развитии и расширении международных и межнациональных связей, формировании национального самосознания народа, воспитания у казахстанцев и особенно у молодежи – активной жизненной позиции, гражданственности и патриотизма.

На наше поколение выпали, и великая честь и одновременно огромная ответственность реализовать задачу достойного вхождения Казахстана в мировое сообщество, в число 50-ти развитых государств. И эта задача будет выполнима при сохранении мира и стабильности в стране, при обеспечении межнационального и межконфессионального согласия и толерантности. В решении этой задачи существенная роль принадлежит отечественной истории. «В этой ситуации нетрудно представить, отметил А.Кекильбаев, что перед нами стоит сложная задача восстановления нашей подлинной истории. С ее блестящими, возвышающими душу, страницами, но так же и не без ее трагических периодов, заполненных горестными событиями и поражениями. Как бы то ни было, мы обязаны знать наше прошлое хотя бы для того, чтобы ретроспективным взглядом увидеть многотрудные поиски нашим народом своего собственного пути в истории. Мы не возникли из воздуха, не упали с неба, а являемся потомками тех, кто в страданиях и высоких полетах мысли, проливая кровь и упорно трудясь, сделали все, чтобы отстоять целостность территории нашего государства для блага последующих поколений. Имевшиеся высокие моменты нашей истории поднимут наш дух, ошибки и поражения заставят призадуматься над средствами их недопущения впредь»/1/.

Одним из трагических страниц отечественной истории являются 1937-1938 годы. О массовых репрессиях периода сталинщины написано много. Однако память вновь и вновь возвращает людей к трагическим событиям недавнего прошлого, когда в застенках Гулага гибли миллионы ни в чем не повинных людей. Все репрессированные граждане были осуждены по различным пунктам

статьи 58 Уголовного кодекса РСФСР того времени. Достаточно было одного «сигнала», что бы навесить на жертву доноса или наговора ярлык «врага народа» или вредителя. Анализ архивных материалов показывает, что по отдельным уголовным делам проходила так называемая «группа лиц». К примеру, вслед за руководителями Карагандинской области Абдуллой Асылбековым и Нургали Нурсеитовым, осужденными осенью 1937 года, репрессировали свыше 200 человек. Десятки людей были брошены в лагеря по делу бывшего председателя Алматинского облисполкома Ураза Джандосова. В поисках формального повода для ареста и осуждения следователи НКВД преступали границы всякой скольконибудь нормальной логики, инкриминируя на грани маразма так, могли обвинить в шпионаже в пользу японской разведки абсолютно безграмотного человека, всю жизнь проживавшего на глухом полуостанке в степи. Если верить отчетам органов НКВД, то в одной только Алматинской области «разоблачено» 29 различных контрреволюционных организаций и резидентур иностранных разведок.

При изучении дел так называемых «врагов народа» осужденных и расстрелянных в 1937-1938 гг. в Казахстане, обнаружено что, кроме обвинений об участии в деятельности правых оппортунистов и троцкистов, а также буржуазных националистов, зачастую им вменялись в вину провалы в экономике, в особенности, в сельском хозяйстве начала 30-х годов. Так, например: одним из пунктов обвинений, предъявленных в 1937 году Ж.Садвакасову, С.Сейфуллину и Т.Жургенову и другим была «организация восстания» в Каракумах, Иргизском, Сары-Суйском и других районах. Это была попытка переложить ответственность за провалы в экономике на других. Жертвами репрессий стали почти все руководящие партийные и советские работники республики. Как свидетельствуют дела так называемых «национал-фашистов», репрессированные в 1937-1938 гг., Н.И.Ежов и его подручные особо не утруждали себя при их фабрикации. Были подняты давние дела так называемых участников различных группировок. В их число попали и те, кто в свое время отстаивал интересы республики. Открыто выражал протест по поводу массовой гибели казахского населения в 1931-1932 гг. Была придумана версия о том, что «национал-фашисты» во главе с Т.Рыскуловым Н.Нумаковым, У.Кулумбетовым и другими хотели «отделить Казахстан от СССР и отдать его под протекторат Японии, а сами они являются японо-германскими шпионами. Абсурдность этих обвинений очевидна.

Судьбу большинства арестованных определял не суд, а особые тройки или особые совещания, которые нередко выносили решение и приговоры по спискам, не интересуясь действиями личности. Отсюда необычайно широкий круг лиц, приговоренных к расстрелу. «Среди пострадавших - священнослужители, рабочие и служащие, партийные и советские работники. А после убийства С.М.Кирова страну охватил массовый террор. Пик его пришел на 1937-1938 гг., когда было репрессировано 103 тыс. казахстанцев и четверть из них расстреляна. Лишь по приговору тройки под началом дивизионного военного юриста Горячева казнено за 3 месяца около 100 человек. Причем первыми были расстреляны работники правоохранительных органов – Сулейменов, Ескараев, многие другие. А в общей могиле под Жаналыком близ Алматы захоронен цвет казахской интеллигенции: Сакен Сейфулин, Беимбет Маилин, Ильяс Джансугуров, Ахмет Байтурсынов, Санжар Асфендияров и другие. С 1931 года республика стала филиалом ГУЛАГа, включающим более 20 лагерей политзаключенных. /2/

Беззаконие, произвол и несправедливость не могли твориться бесконечно. Наметившиеся в середине 50-х годов перемены, коснулись и этой стороны деятельности государства. Постепенно начался процесс пересмотра и отмены

приговоров в отношении невинно осужденных. Лиц находившихся в лагерях, стали выпускать на свободу, а уже расстрелянных и погибших посмертно реабилитировать.

В 1993 году Верховный Совет РК принял закон «О реабилитации жертв массовых политических репрессии», который был направлен на восстановление справедливости по отношению к людям, подвергшимся этой крупномасштабной карательной акции советского государства. На реабилитацию всех жертв террора в 20-е- 50-е гг., обеспечении максимально возможной в настоящее время компенсации причиненного им морального и материального ущерба. Но, к сожалению людей, которым нужно возместить моральный и материальный ущерб на сегодня остаются не много. Голод и гонения, насильственная депортация, массовые репрессии ни в чем не повинных людей остались не заживающей раной в памяти народа навсегда.

Ныне живые свидетели этих событий вспоминают об этих днях с ужасом, как бы завещая современному поколению не допустить повторения 1937 года. Вот некоторые из них:

Из воспоминаний сына Узакбая Кулумбетова , Бустана Узакбаева, «Летом 1937 года мы с семьей отец, мать, брат и я были в Москве, должны были поехать отдыхать в Сочи, но отец отправил нас сам сказав что есть дела остался в Москве, видимо почувствовал или знал что его должны были арестовать. После я его и не видел. В 1938 году его расстреляли. Ему было 47 лет. Перед расстрелом разрешили свидание с отцом ходила мама и сестра, и они сказали отца привели на это свидание в кандалах, рядом стояла охрана, и он тогда сказал: «то в чем его обвиняют это неправда, и он будет оправдан, спросил, пошел ли я в школу». На следующий день после свидания с отцом маму тоже арестовали и отправили в Акмолинский лагерь жен изменников родины (Алжир). Нас как детей врага народа определили по детским домам, отправили в Муйнак в Каракалпакии. Видимо, чтобы меньше травмировать наши детские умы, или хотя бы сохранить имя отца, дядя дал нам как фамилию имя отца. И мы стали не Кулумбетовы а Узакбаевы. После окончания школы поступил в Ташкентский институт инженеров железнодорожного транспорта, окончил с отличием, и по окончании было предложено оставить на кафедре преподавателем. Но через некоторое время было отказано, видимо после проверки биографических данных. Только в 1957 году отец был реабилитирован я смог получить возможность заниматься научной и педагогической деятельностью. Проработал в этом институте более 40 лет от преподавателя до доцента, декана одного из крупных факультетов. Но из памяти никогда не уходят те далекие трагические дни и то, что нам пришлось пережить потом.

Из воспоминаний Розы Тайшибаевой «Хотя я была маленькая – мне было всего три года. Запомнила два момента, они стоят у меня перед глазами, по сей день. Помню, как пришли за отцом и как его повели. Запомнился так же случай, когда мы с матерью пришли в тюрьму, и я накрепко обняла милиционера за ногу и твердила: »Покажи папу, покажи«. Вот эти картины запечатались в памяти на всю жизнь. Пусть не придется пережить никому то, что пережили наши современники, которым было суждено носить клеймо «детей врага народа» и расти на правах изгнанников. Максут Тайшибаев талантливый журналист, первый редактор газеты «Жумысшы» был расстрелян в 1938 в возрасте 33 лет /3/

Из воспоминаний дочери Зенона Кабулова: « На долю отца выпало немало испытаний: сиротство, война и голод, предательство и унижения. Его родителями были героические люди, отец Ильяс Юсупович окончил Московский

коммунистический университет трудящихся Востока, затем Московский институт красной профессуры, заведовал кафедрой философии в университете трудящихся Востока и стал первым профессором философии в Казахстане. Позже ему довелось возглавлять отдел культуры и пропаганды ленинизма в Казкрайкоме ВКП(б) в Алма-Ате, быть членом бюро ЦК Компартии Казахстана, секретарем ЦК по идеологии. В ноябре 1937 года за связь с троцкистами родители Зенона были по доносу арестованы органами НКВД. Через год Ильяса Юсуповича расстреляли как врага народа, а мать, Айшу Курманбековну, на восемь лет сослали в АЛЖИР в Акмолинскую область. Когда в 1946 году она вернулась из лагеря, на улице подошла к Зенону и стала спрашивать, где живет слепая бабушка с тремя детьми, она не смогла узнать своих сыновей.» /4/

Мой дед Бурхан был арестован в январе 1937 года, осужден и отбывая наказание вынесенный Верховным судом Каз. ССР сидел в тюрьме Чемолгана, где и умер. Было у него трое детей, которым, как детям репрессированного пришлось очень трудно. Оставшись без отца, они вынуждены были бежать как многие другие от советской власти. Но сил хватило только дойти до Узбекистана, где и остановились. Отцу и его брату не дали возможности получить даже среднее образование. И только в 1961 году, когда семья получила решение Верховного суда Каз. ССР о его невиновности, дядя Низам поступил и окончил Ташкентский институт русского языка и литературы. Хотя был очень грамотным и всю жизнь проработал педагогом. Тетя Карима, у нее мечта увидеть хотя бы фотографию отца, все время просит нас найти фотографию отца где - нибудь в архивах, но нам пока это не удается, чтобы увидеть, какой он был, так как когда арестовали деда, ей было всего год.

Из воспоминаний Галины Евгеньевны Плотниковой, известный врач-педиатор, ученый, доктор медицинских наук. Автор более ста научных статей четырех книг. На вопрос, почему вы не взяли фамилию мужа, ответила: «Это связано с трагическим эпизодом в моей жизни. Когда арестовали папу, незаслуженно осудили. Объявив «врагом народа», сослали в ГУЛАГ, я поклялась до конца своих дней сохранить его фамилию». /5/

Обнародование известного указа главы государства стало закономерным итогом колоссальной работы по восстановлению исторической справедливости. Это было ярким и примечательным событием в общественной жизни Республики. Оно во многом помогло всем глубоко понять и почувствовать нашу историю. Лучше осознать реалии сегодняшнего дня, теснее сплотиться во имя достижения поставленных целей.

Обращение к трагическим событиям 1937-1938 годов продиктовано не только интересом к прошлому, а скорее поиском аргументированных оснований, которые дают ориентиры на будущее. Великий Цицерон когда-то сказал: что «история – это наставница жизни». Иначе говоря, история важна не сама по себе, а как урок для настоящего и ориентиры для будущего.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.А. Кекильбаев «Отечественная история – источник духовного возрождения» из доклада посвященного «Году народного единства и национальной истории». Алматы, 4 июля 1998.с.23.
- 2.М.К.Козыбаев Казахстан на рубеже веков размышления и поиски. Алматы 2000. с.43.
- 3.Айтмуханбетов К. Жертва красного террора. Алматы. 2004 с 89.
- 5.Казахстанская Правда 2 ноября 2007.
- 6.Казахстанская правда. 5 октября 2007.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые моменты политических репрессий в Казахстане в 1937-1938 годы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияның кейбір тұстары жайында айтылған.

ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ТАРИХЫНАН/1918 – 1928жж./

Енсепов Б.Б. – оқытушы (Қызылорда қ., Қорқыт ата атындағы МУ)

1918 жылдың көктемінде “Халық университеті” сияқты жергілікті басылым беттерінде университетті әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында сирек кездесетін кітап қорларын жинау қажеттілігі туындап, оны ұйымдастыру іс-шаралары жарияланады. Күн тәртібінде ең алдымен кітапханалар мен оқу залдарын ашу мәселелері тұрды. Нәтижесінде, 1918 жылдың 8 маусымында “Халық университеті” газетінде университетке қажетті кітаптардың 6000 томы жиналғанын хабарланады. Бір айдан соң университет кітапханасының қоры 15мың том оқулық және ғылыми әдебиеттермен толықты. Бұл жұмысқа орталықтан арнайы комиссия құрылып, оның құрамына И.Г. Александров, А.А.Борзов, А.Н.Крюков, А.А.Семенов, А.Э.Шмидт және т.б. енді.

Орталықтың “Ташкент Мемлекеттік университетін” құру туралы шешіміне сәйкес негізгі кітапхана білімнің барлық салалары бойынша 45000 том әдебиеттермен толықтырылды.

Кітаптарды жүйелеу американдық ондық жүйемен жүргізілді. 1920 жылы қаңтарда 7390 атаумен кітаптар айналымға шығарылды. Университет кітапханасына көптеген жерлерден /Петербург, Қазан, Харков, Варшава/ аса құнды кітаптар түсті. Жоғарғы оқу орнының негізгі кітапханасының құқықтық жағдайы 1920жылы Түркістан Мемлекеттік университетінің құрылуы туралы Халық комиссарлары кеңесінің декретінен кейін анықталды.

Академиялық кітапхана жарғысы Мәскеуде 1919 жылы 22-26 қыркүйекте өткен съезде кітапхана жұмысының реформалары негізінде жасалды. 1920жылы 23 қаңтарда бұл жарғы мемлекеттік ғалымдар кеңесінде қаралды. Халық ағарту комиссарының орынбасары М.Н.Покровский 1920 жылы 8 ақпанда жарғыны бекітеді.

1924жылы іргелі кітапхана көптеген мерзімді басылымдарға, оның ішінде 25 арнайы ғылыми журналдарға жазылуға мүмкіндік алды. Басқа оқу орындары мен мекемелерінен құнды кітаптар, еңбектер алынды. Кітапхана 1924жылы Мәскеу мемлекеттік университетінен 150том еңбек алды. САГУ-дың бұрынғы философия институтынан 500 том, Павлов кітапханасынан 150 том әдебиеттер келді. Соңғыларының ішінде XVIII - XIXғғ. басындағы өте сирек кездесетін баспалар болды. Арнайы бөлінген қаражат есебінен ғылыми әдебиеттер көбейді. Жалпы осы кезеңде мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың және жекелеген адамдардың

жанкешті еңбегінің нәтижесінде ғана Ташкент қаласында кітап сақтау қоры жасақталды.

Әдебиеттер қорын жоспаға сәйкес жүйелі жинақтау жұмысы 1926жылы қатаң смета бойынша жүргізілді. Оқырмандарға қызмет көрсету мақсатында ішкі жұмыстар техникасы қайта жабдықталды.

1927-1928 жж. аралығында кітапхана қорына орыс және шетелдік мерзімді басылымдар мен ғылыми әдебиеттер көптеп алына бастады. Мерзімді басылымдарды жинақтау ісімен университет факультетінің студенттері мен оқытушыларынан құрылған арнайы комиссия айналысты. Бұл комиссия отырыстарында жүктелген тапсырма бойынша әр жылға шет елдерден жаздырып алынатын әдебиеттер тізімін бекітті.

Шетелдерден алынатын басылымдарының саны жағынан САГУ-дың негізгі кітапханасы Орта Азиядағы бірден-бір кітапхана болды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы білім беру ісін алға жылжытуда шетелдерден алынған оқулықтардың ықпалы зор болды. Сонымен бірге ғылыми зерттеу жұмыстарын игеру, әсіресе шығыстану саласын зерттеу, қолжазбаларға ғылыми сипаттама беру, оларды сақтау және жинақтау бағытында үлкен жұмыстар жүзеге асырылды. А.А.Семенов атап көрсеткендей, Орта Азияда жергілікті қолжазбалар қорымен қатар шетелдік қолжазбалар да мол болды. Атап айтсақ, Араб елдері, Египет, Туркия, Иран, Ауғанстан және Үндістаннан көптеген сирек кездесетін әдебиеттер қоры алынды. Орта Азия мемлекеттерінің бұл елдермен әртүрлі деңгейдегі қарым-қатынастарының жақсы жолға қойылуы - Орта Азиямен мәдени-ғылыми байланыстарды одан әрі нығайтты. Өйткені, Орта Азия мемлекеттік университетінің кітап қорында өте сирек кездесетін әдебиеттер тізімдері сақталған. Кеңес үкіметі В.В.Бартольдтың ұсынысымен көне шығыс қолжазбаларын сақтау мен жинауға қолдау жасады. 1921жылы 28 қарашада Ташкент университеті кітапханасында шығыс бөлімі ашылды. Онда шығыс тілдеріндегі кітаптар, шығыс тілінен ғылыми аудармалар және шығыс әдебиетінің тарихы шоғырландырылды.

1926жылы Бөлімді шығыс тіліндегі кітаптармен толықтыру жұмыстары жүргізіле бастады. 1928 жылдың аяғында, бөлімде 1000- өзбек тілінде, 500- түркімен, 300- қазақ, 200- тәжік тілінде кітаптар жинақталған. Парсы тіліндегі қолжазбалар мен литрографияларды профессор А.А.Семеновтың бастамасымен қорға алып, оларға рецензиялар мен аннотациялар жазылды. Осы уақыт ішінде кітапхана қорына барлығы 3269 кітап тіркелді. 1925 жылы А.А.Семенов Ташкент қаласында “Бұхара орталық кітапхана тарихы бөлімінің қолжазбалар каталогын” жасап шығарады. Университеттің кітапхан қорында академик В.В.Бартольдтың “Түркістан тарихынан лекциялар жинағының” алғашқы басылымы болды.

1922 жылы САГУ-дың жеке баспасы құрылып, 1923 жылдан бастап жыл сайын “Бюллетень” шығарыла бастайды. Онда университеттің күнделікті тыныс-тіршілігін жан-жақты ашып көрсететін, “Хроника”, аннотациялар мен рецензиялар жарияланды.

Орта Азияның ғылыми “Хроникасында” Орта Азия ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми - зерттеу жұмыстары мен зерттеу әдістері, экспедициялары туралы деректер жариялады. 1927жылы қазан төңкерісінің 10 жылдық мерейтойына орай САГУ-дің материалдар жинағын жарыққа шықты. Сонымен қатар САГУ ғалымдарының еңбектері жариялана бастады. 1922-1928жж. мерзімді басылымдардан басқа, университетте ғалымдардың зерттеулері мен тәжірибелерінің нәтижелері жарияланған еңбектер саны артты.

Осы кезде София, Прага, Бухарест, Кембридж, Лондон, Оксфорд, Брюссель, Гамбург, Милан, Амстердам қалаларындағы жоғары және орта оқу орындарымен ғылыми байланыстар жасала бастады.

Осылайша университет ғалымдарының зерттеу еңбектері әлемдік ғылымның жетістігі ретінде Кеңес одағында ғана емес, шетелдерде де таныла бастады.

Қорыта келгенде, Орта Азия мемлекеттік университеті тек жоғары білікті мамандар даярлап қана қоймай, ғылыми қызметкерлер мен техника мамандарын даярлайтын бірден-бір жоғары оқу орны болды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль фундаментальной библиотеки САГУ в развитии университетского образования и науки в Казахстане.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Орта Азия мемлекеттік университетінің іргелі кітапханасының Қазақстандағы жоғары білімнің дамуына қосқан үлесі қарастырылған.

БАЙҰЛЫ РУ-ТАЙПАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚОНЫСТАНУЫ (XIX ғ.)

КартаеваТ.Е.-т.ғ.к., доцент м.а., Басшыбаева А.-аға оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Кіші жүздің байұлы тайпалық бірлестігі –адай, беріш, алтын, жаппас, таз, есентемір, тана, байбақты, масқар, алаша, қызылқұрт, шеркеш, ыссық руларынан тұрады. Байұлы тайпалық бірлестігінің ата-бабаларынан бері иеленіп келген рулық таңбалары А.Левшин, Л.Мейер, А.Харузин, И.Казанцев, Н.Гродеков, М.Тынышпаев, И.Добросмыслов және т.б. авторлардың еңбектерінде сипатталынған /1/.

Ұрандарына келер болсақ, адайлар– М.Тынышпаев бойынша - Бекет, Л.Мейер бойынша – Телеген; беріштер – Ағатай; алтындар – Баймұрат; жаппастар – Баймұрат; таздар – Бақай; есентемірлер – Алдоңғар; таналар- Тана, Шүлен; байбақтылар – Дәуқара; масқарлар – Қаратай; алашалар – Байбарақ, Алтыбас; қызылқұрттар – Жиенбай, Байжайын; шеркештер – Шағырай, Жақау; ыссықтар – Бәйтерек деп ұрандатқан.

Байұлы тайпалық бірлестігіндегі рулардың байырғы көші-қон аймағын, мерзімдік қоныстарын нақтылауда Орынбор генерал-губернаторы Г.Волконский жаздыртқан 1803 жылғы құжаттың маңыздылығы ерекше. Г.Волконский құжатында Байұлы тайпалары жайында келісідей мәліметтер берілген: «Беріш руының 2 атасынан 1200 шаңырақ жазда Қарақұмның батыс бөлігіндегі Ішқызыл, Ебел, Тебез шатқалдарында, қыста Сырдария бойындағы Айғыр соққан, Қуандария бойындағы Қасабан Моншақты қыстақтарында қыстады. Ағамандары Қуажан батыр және Оразбай би. Жаппас руының 6 атасынан 7200 шаңырақтың сауда орталығы Тройцк, Орск бекіністері болды. Оларды 8 бауырымен бірге сұлтан Сейітқали Пірали, титулярлық кеңесші Көбек, Пұрбай би, Ақсақал және Байсақал Тлекиндер басқарады. Алтын руының 4 атасынан 5000 шаңырақты

Барқа батыр мен Туған би басқарады. Таз руының 2 атасынан 800 шаңырақты Ақсарт сұлтан мен ағаман Ұрмақ мырза басқарады. Адай руының (автор басты ру ретінде атаған) 12 атасынан 10 000 шаңырақты ағаман Күбер батыр басқарады. Шеркеш руының 8 атасынан 8000 шаңырақты Байшеркеш, Күшет, Бекмаммет ағамандар және Иқар сұлтан басқарады. Тана руының 6 атасынан 5000 шаңырақты Базарбай, Ақберді ағамандар, Есенкелді билер басқарады. Байбақты руының 8 атасынан 6000 шаңырақты Әбіл мырза, Ерсалы батыр, Барғана батыр ағамандар басқарады. Алаша руының 7 атасынан 5600 шаңырақты Сұлтанбек, Есенғали, Ұшырман сұлтан ағамандар басқарады. Масқар руының 5 атасынан 3000 шаңырақты Қожақ, Сегізбай, Азыбай, Абылай ағамандар және Абылай сұлтан басқарады. Таз руының 6 атасынан 3000 шаңырақ. Ағамандары: Сегізбай және Бұрқан. Қызылқұрт руының 5 атасынан 3000 шаңырақ. Ағамандары: Айтуған және Оразалы. Есентемір руының 4 атасынан 3000 шаңырақ. Ағаманы: Мімбай батыр. Жаппас руының 2 атасынан 1000 шаңырақ. Ағаманы: Бабас. Соңғы аталған рулардың 20 атасының кейбірі Қаратай сұлтанға, көпшілігі Айшуақ ханға қарады. Олардың барлығы дерлік жазда Жайық пен Ембі өзендері арасында, Бұлдырты, Қондағайты, Жосалы, Шыңғырлау, Ақаты, Шыңқаты өзендері бойында, Қобда өзеніне дейінгі жерде қоныстанды, ал қыста Каспий теңізі жағалауындағы Маңғышлақ өңірінде, Айрақты шатқалында, Ембі мен Жайық сағаларында, Гурьев, Срочиков қамалдарының қарсы бетіндегі бұғаз бойында, Орал бойының жоғарғы шебі жерлерінде қыстады” /2/. Негізінен Г.Волконский мәліметінде Кіші жүз тайпалары Орынбор генерал-губернаторлығына тәуелді болғандықтан да болар, мейлінше толық қамтылған.

В.Радлов Байұлы тайпалық бірлестігінің қоныстануына келесідей анықтама берген: “адай, шеркеш, тана, байбақты, масқар, қызылқұрт, есентемір, жаппас, алаша, таздар Жайық пен Жем өзенінің аралығында, Каспий теңізі жағалауында, адайлардың бір бөлігі Маңғышлақ бұғазында қоныстанған.” Сондай-ақ ол А.Макшеевтің мәліметіне сүйене отырып, 1861-1862 жылдары Перовск округінде шеркештер мен есентемірлер – 1850, жаппастар – 3700 шаңырақты құрағандығын атап көрсеткен /3/.

Байұлы тайпалық бірлестігінің рулары Бөкей Ордасы халқының негізгі бөлігін құраған. П.Кеппен берген мәлімет бойынша 1839 жылы Бөкей Ордасында Байұлылардың қоныстануы мен саны келесідей болған: “Беріш руының 3600 шаңырағының бір бөлігі қыста Каспий теңізі жағасында, бір бөлігі Рын құмдарында, бір бөлігі Қамыс-Самар көлінің маңында қыстап, жазда Рын құмдары мен Каспий теңізі аралығында көшіп-қонған. Шеркеш руының 2000 шаңырағы қыста Каспий теңізі қамыстарында, Дүсекұмда қыстап, жазда Рын құмдары мен Каспий аралығында көшіп-қонған. Алаша руының қауымдары Қамыс-Самар көлінің аңғарында және Барғақұмда қыстап, жазда Өзен жағасында және Рын құмдарының солтүстігінде жайлаған. Байбақты руынан 1980 шаңырақ қыста Қамыс-Самар көлі, Өзен жағасында, бір бөлігі Толыбай құмдарында, жазда алашалармен қатар көшіп-қонған. Тана руынан 850 шаңырақ қыста Рын құмдарының оңтүстік бөлігінде қыстап, жазда Үлкен өзен бойында жайлаған. Жаппас руынан 850 шаңырақ Дүйсекұмда қыстап, жазда Рын құмдары мен Каспий теңізі аралығында қыстаған. Адай руынан 780 шаңырақ Каспий бойында қыстап, Каспий мен Рын құмдары аралығында көшіп қонған. Ыссық руынан 600 шаңырақ қыста бір бөлігі Каспий, бір бөлігі Камыс-Самар көлінің бойында, жазда Шапшашы тауының етегіне көшкен. Қызылқұрт руының 650 шаңырағы Жаманқұм және Каспий бойында қыстап, жазда Үлкен өзен бойында, Таз руынан 200 шаңырақ және Есентемір руынан 350 шаңырақ қыста Каспий бойы мен Орал

шекарасында, жазда Рын құмдарының оңтүстігінде, Масқар руынан 320 шаңырақ қыста Рын құмдарының шығыс бөлігі мен Қамыс-Самар көлінің аңғарында, жазда Рын құмдарында көшіп жүрген” /4/.

XIX ғасырда Байұлы тайпалық бірлестігіндегі рулар қауымы Торғай облысының Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе уездерінде, Орал облысының Орал, Ілбішін, Темір, Маңғышлақ уездерінде қоныстанды.

Қостанай уезінде жаппас руының қауымдары Қарасудың оң жағасын, Алқасор, Жалғызкөл, Майтау көлдерінің төңірегін, Обаған, Тобыл өзендерінің бойын мекендеген. Ақтөбе уезінде жаппастардың бірнеше қауымы уездің солтүстік-шығыс шалғайларында көшіп жүрген. Ырғыз уезінде алтын руының қауымдары Торғайдың төменгі сағасында, оң жақ жағалауын иемденген. Торғай уезінде алтындар мен жаппастар уездің оңтүстік-батысын, Сарықопа, Сарымойын көлдерінің төңірегі мен басқа да жерлерді алып жатты және де шектілермен көршілес қонды. Орал облысының Орал уезінде байұлыдан байбақты мен масқар руының өкілдері Жайықтың сол жағалауын, Шалқар көлінің маңын, Көпір-Аңқанатты, Есен-Аңқанаты өзендерінің бойын жайлады.

Ілбішін уезінің негізгі қауымын байұлы рулары құрады. Алаша руы Өлеңті өзенінің орта ағысы, Қалдығайты, Жақсыбай өзендерінің төменгі ағысын, Итмұрынкөл, Тұздықөл, Сулыкөл, Жамбай көлдерінің жағалауын, Жайық бойындағы 10 шақырымдық белдік шекарасының Котельный, Кругловск бекіністерінің қарсы бетіндегі жерлерді қоныстанды. Байбақты руы Қалмыковскіден Орловскіге дейінгі бекіністердің қарсы беттерін, Жайық өзені бойын, Қамыстыкөл, Ащыкөл, Тұздықөл көлдерінің қамысты алқабын, Қалдығайты өзенінің орта ағысы тұсында көшіп жүрді. Ыссықтар Қалдығайты өзенінің бойын, Бүйрек, Тайсойған, Көкөзек, Жаманағаш, құмдарын және басқа жерлерді қыстады. Тана руының ауылдары Өлеңті өзенінің бас жағын, Көкөзек құмдарының батыс бөлігін, Масқарлар болса Шідерті өзенінің сағаларын, Үлкенашы, Жаманащы өзендерінің төменгі ағысын, Соркөл көлінің жағасын, Есентемірлер ауылдары Бұлдырты өзенінің оң жақ жағасын және орта ағысы тұсын қоныстанса, Беріш ауылдары масқар руларымен көршілес көшіп-қонды.

Темір уезінде байұлынан масқар, таз, шеркеш, алаша, ыссық руларының ауылдары кездесіп, олар Ойыл өзенінің оң жақ бетінде, майда көлдердің айналасында көшіп жүрді. Гурьев уезінде байұлынан адай, беріш, есентемір, ыссық, таз, тана, қызылқұрт, шеркеш рулары қоныстанып, ауылдары Ембі өзенінің бойын, Каспий теңізінің жағалауы мен Жайық өзенінің жоғарғы ағысы бойында және Орал казак әскерлері жеріне дейін көшіп-қонды.

Маңғышлақ уезінде адайлар қауымы Үстірт қыратын, Маңғышлақ түбегін, Бозашы түбегін алып жатты. Қыста Қаратау, Ақтау тауларының етегінде, Сеңгірқұм, Аққұм, Сарыөзек құмдарында қыстап, жазда Самжәне Самматай құмдарында, Ембі, Жайық, Ырғыз өзендерінің аңғарында көшіп жүрді.

Перовск уезінде жаппастар Перовскінің шығыс жағынан Сұлутөбе шатқалына дейінгі жерлерді, алтын руы Жалағаш шатқалының батыс бетінде қыстап жазда Торғай уезі жері арқылы Қостанай жеріндегі жайлауларға көшкен. 1870 жылғы Түркістан Статистикалық Комитеті берген мәлімет бойынша Перовск уезінің Кентүб болысында 11 ауылда – жаппастар - 1644; Царская болысында 12 ауылда жаппастар -1714, алтындар – 170, алашалар – 257; Шаған болысында 11 ауылда шеркештер - 40, алашалар – 240, есентемірлер – 110, алтындар – 370, ыссықтар – 70; Қармақшы болысындағы 10 ауылда алтындар – 374, алашалар – 103 шаңырақ өмір сүрген. Ал, 1910 жылғы Ауыл шаруашылығы санағы мәліметі бойынша Перовск уезінің Айнакөл болысында жаппастар – 1236, Кентүб

болысында жаппастар – 476, Күткеншек болысында таздар – 136, жаппастар – 12, Царская болысында жаппастар – 1107, Шаған болысында жаппас, алаша, есентемір, ыссық, шеркештер – 1105 шаңырақ болған. Перовск уезінің Шаған болысының негізгі қауымын байұлы руының қауымдары құраған. Шаған болысындағы алаша, алтын, ыссық т.б. рулар Тоған, Қасабала, Итемгенарал, Қошқармүйіз, Батпақ, Қоңыратпай, Аққошқар, Кедейтам, Жаңатам, Қарабарақтарал, Шауық, Азат, Токшора, Қарасора, Қынтабақ, Әйтенқорған, Мешіт, Ақан, Шынарбай, Қостам, Дәулетарық, Қыналтөбе, Құлтөре, Қусарық, Бозарық, Қосбөгет, Қара, Құларық, Сарықұм, Құнкөл, Сарманжарма, Бесжарма, Ізбіс, Битқан, Күркіреуіс, Сарытүбек, Құмарық, Жадықыра, Күміскөл, Көксу, Ақтам, Тоқалөзек, Құмсуат, Абулқадыр, Мақсұмсат, Қаруқұмшық, Қызмола, Қошқарата, Тоқалөзек, Мақтымсат, Құмжиде, Көлдеңкөл, Әйтеккөл, Қозған, Бесарық, Тоқтабайбөгет, Бесжан, Қонақтөбе, Сұпарық, Естекмола, Әулиесексеуіл, Жаршенгүл қыстауларында қыстап, Қаракұм, Дорбас арқылы көшіп, Үшөзек, Бестау, Мамыт, Арқай және Қабырға жайлауларында көшіп-қонды /5/.

Байұлылардың ХІХ ғасырдағы Орынбор өлкесіндегі мерзімдік қоныстарын нақтылауға М.Галкин жазбалары да арқау болады. М.Галкин жазбаларында байұлылардың көші-қон аумағы жайында келесідей мәлімет берілген: “Орынбор өлкесінің батыс бөлігінде алашалар қыста Байғұтты, Суналы, Жарықамыс, Жалғызғаш шатқалдары, Жақсыбас өзені, Есентеміркөл, Бетпақкөл көлдері аңғарында, Калмыковский бекінісінің қарсы бетінде, жазда Қалдығайты, Бұлдырты, Жақсыбас, Кендікті, Қарағаш, Шыбынды, Кенжеғар, Сағызсай өзендерінің бойында; Таналар қыста Орал сызығын бойлай Каршы фоспортынан Тополинск бекінісіне дейін, жазда Бұлдырты, Өленті, Анқаты өзендерінің бойында; Қызылқұрттар қыста Орал сызығы бойында Кулагинский бекінісі және Гребеншиковский фоспортына қарсы бетте, жазда Жақсыбас, Жикаңлы өзендері мен Қоскөл көлі бойында; Масқарлар қыста Қаракүлей қамыстарында, жазда Жақсыбас, Жикаңлы өзендері мен Жетікөл көлі бойында; Ыссықтар қыста Ойыл, Қаракөл, Сағыз, Ембі өзендері бойында, Каспий жағалауында, Тайсойған құмдарында, жазда Ойыл, Қыйлы, Қалдығайты, Бұлдырты өзендері, Жетікөл, Жақсыбай, Жарма көлдері бойында; Шеркештер қыста Каспий теңізі бойында, Гурьев қаласы түбінде, жазда Қалдығайты, Бұлдырты өзендері бойында; Есентемірлер қыста Қарабау, Сарыкөл қамыстарында, жазда Ойыл өзенінің жоғарғы ағысы мен Жақсыбай өзені бойында; Беріштер қыста Бақсай бекінісінің қарсы бетінде Орал сызығы бойында, Яманхалинский, Кандауровский, Зеленский, Кармановский фоспорттарының қарсы бетінде, Тополинский бекінісі маңында, Қарабай, Қаракөл сайларында, жазда Жайық өзенін жоғары бойлай отырып, Калмыков бекінісіне дейін, Жақсыбай көлі аңғарында, Ойыл, Қаракөл, Қарабау өзендері бойында; Таздар қыста Орал сызығы бойында, Гурьев қаласына қарсы бетте, Шанқы сайында Каспий бойында, жазда Сағыз, Ойыл, Жақсыбай өзендері бойында; Адайлар қыста Каспий бойындағы Бозащы, Қараған, Түпаққан, Қорашау, Қарабау қыстауларында, жазда Ембі, Сағыз, өзендері бойында, Сам, Самматай, кейде Тайсойған құмдарында; Орынбор өлкесінің шығыс бөлігінде Жаппастар қыста Сырдария өзені бойындағы қамысты алқаптарында, Ақмешіт пен Қорқыт қорымының аралығындағы Қуаңдария аңғарында, Қаракұм құмдарында, жазда Сырдария, Торғай, Аят өзендері бойында; Алтындар қыста жаппастармен көршілес Сырдария, Қуаңдария өзендері бойында, Қаракұм құмдарында, жазда Сырдария, Үлкен Торғай, Тобыл, Қарақой-Мамыт өзендері бойында, Ұрқаш, Шанық, Қандықты көлдері аңғарында” /6/.

А.Хорошхиннің “Қызыл-құм (историки-этнографический очерк)” атты мақаласында Қызылқұм құмдарында көшіп жүрген Кіші жүз тайпаларының құрамын келесідей нақтылайды: “ Қызылқұм құмдарына Алшындар осыдан 40 жыл бұрын келген (1830 жылдарды айтып тұр), елде болған жағдайға байланысты, олар өздерінің бұрынғы қоныстарын тастап, Сырдың сол жақ жағалауына қоныс аударған. Олар Бұқан тауларының етегінен жайылымдық жер тапты. Кіші жүзден Алшын руы, Балхы, Қаратамыр, Келдібай, Аспан тармақтарымен Арыстанды тау, Тамды тау, Ақтау және оңтүстікте Бұхарға дейінгі аймақта; Керейіт, Жаппас, Алтын, Алаша, Таздар рулары Тохта тауының оң жақ сілімдерінде; Тама, Табын, Жағалбайлы, Кердері жоғарыда аталған жерлердің оң жақ беттерінде көшіп-қонып жүр”, - дей келе Орта жүз, Ұлы жүзден Қызылқұмды қоныс еткен Арғын, Қаңлы, Жалайыр, Қоңырат руларын атайды. А.Хорошхин Қызылқұмға көшпелі тайпалардың ығысуын, 1867 жылғы Әкімшілік Ережемен байланысты екендігін айта отырып, Кіші жүз тайпаларын көшпелі шаруашылықты жүргізуге қолайлы болу үшін Сыр бойынан қоныс аударған дейді. А.Хорошхин Қызылқұм тайпаларының көшпелі болуына байланысты олардың нақты санын анықтау қиын екендігін ескертіп, “шамамен олардың саны 3000 шаңырақ, 15 000 адам”, - деп көрсеткен /7/.

Байұлы тайпалық бірлестігінің қоныстануы жайлы деректер қатары мол, біз осы мақалаларда олардың бірқатарын ғана сараптадық. Қазіргі кезеңде, әсіресе байырғы көші-қон бағытынан дерек беретін информанттардың азайған тұсында, Г.Волконский, П.Кеппен, М.Галкин, А.Хорошхин сияқты авторлар құжаттарының маңызы арта түседі.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден Байұлы тайпалық бірлестігінде рулардың Қазақ жерінің оңтүстік және солтүстік батыс бөлігін, Каспий мен Арал теңізі аралығын, ішінара Сырдарияның төменгі ағысы және Торғай өңірін мекендеген, қоныстану ауқымы кең деген қорытынды жасауға болады. Байұлылар көшпелі мал шаруашылығын кәсіп етіп, алысқа көшіп, көшудің “меридиональды” бағытын ұстанған. Үстірттен батысқа дейін созылған “Адай жолы”, “Ембі жолы” деп аталған көш жолдары адайлардың мерзімдік қоныстарын жалғап жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: «Санат», 1996 – 428 б.; Киргизы Букеевской Орды (Антрополого-этнологический очерк) А.Н.Харузина. Вып.1. – М. 1889. – 149-154 бб.; Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. – Спб. 1867. – 213 б.; Гродеков Н.И. Киргизы-каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент, 1889. Приложение №1. – 1-8 бб.; Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108 бб.
- 2.Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825 гг). IV Том. – М., 1940. - 513-515 бб.
- 3.Радлов В. Этнографический обзор тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии. - Томск. 1887. 23 б.; Радлов В. Из Сибири. Страницы дневника. Гл 3. Население Южной Сибири и Джунгарии. – М., 1989. - 113б.
- 4.Кеппен П. Девятая ревизия. Исследование о числе жителей в 1851 г. Приложение 6-е. – Спб. 1857. – 264-267 бб.
- 5.Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып 1. –Спб. 1872. – 116-126 бб.
- 6.Материалы по киргизскому землепользованию. Актюбинский уезд. – Оренбург. 1912; Тургайский уезд. Оренбург. 1911.; Иргизский уезд. – Оренбург. 1908.;

Лбещинский уезд. –Оренбург. 1909.; Перовский уезд. – Ташкент. 1911.; Темирский и Гурьевский уезды. Сборник статистических сведений о движении населения, скота, посевов, урожаяев по Казахской АССР с 1880 по 1920 год. – Оренбург. 1925; Ищенко М., Козыбеков И., Ларин И., Щелоков. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Вып. VI. – М., 1928.; Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып 1. –Спб. 1872. – 116-126 бб.; Муканов М. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы, 1994.;Галкин М. Этнографическое и историческое материалы по Средней Азии и Оренбургском краю. – Спб. 1869. 7.Хорошкин А. Кызыл-кум (историки-этнографический очерк) // ТВ. 1873. №18. - 70-71 бб.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы расселения и родоплеменной состав казахов Байұлы Младшего Жуза в XIX веке.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғ. Кіші Жүздегі Байұлы руының орналасу аймағы мен құрамы қарастырылған.

СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XX В.

Кожакеева Л.Т. – к.и.н., доцент (г.Алматы, Казгосженпи)

В силу объективного соответствия структуры производства структуре сети городов, темпы и масштабы структурных сдвигов в экономике оказывают существенное влияние на структурные преобразования в социально-культурной сфере. Одним из важнейших показателей качества и уровня социального развития общества является образовательная структура и уровень образованности его граждан. За исследуемый период наибольшие достижения были достигнуты именно в сфере образования. Было осуществлено обязательное среднее образование, повсеместно расширялась сеть детских дошкольных учреждений, школ, профессионально—технических училищ, средних и высших учебных заведений. Поскольку структура размещения ДДУ и школ определялась типовыми нормативами, но наиболее наглядное представление об учреждениях образования в малых городах, могут дать, прежде всего, вузы.

Одним из показателей качества населения является их образовательный потенциал. Общий рост уровня образования населения с одной стороны сопровождался выравниванием отражающих его показателей между представителями отдельных национальностей, общественными группами, селом и городом, между работниками, занятыми преимущественно физическим и умственным трудом. С другой стороны, по уровню образования населения можно судить об уровне приходится 750 учащихся, в то время как в небольших городах — всего 260. Затраты на обучение одного учащегося, удельные затраты на. Так, в Алма-Ате с населением свыше 1 млн. чел. в среднем на одну строительство квалификации его трудоспособной части.

На начало 1990/91 учебного года в Казахстане насчитывалось 8,5 тыс. дневных общеобразовательных школ, в которых было 3,2 млн. учащихся; численность учителей составила 248,2 тыс. человек. /1/.

Распределение школ по городам зависит от численности в составе их населения возрастной группы от 7 до 16 лет.

В крупных городах вместимость школ, как правило, значительно выше, чем в небольших школах эксплуатации в школах малых городов в 2—3 раза выше, чем в крупных.

Наибольшее количество школ отмечалось в 1985 г. в полусредних городах (Аральске, Каратау), где был высок уровень рождаемости, а, следовательно, и удельный вес учащихся в структуре населения. Затем наблюдается значительное сокращение удельного веса учащихся, продолжающееся и в настоящее время.

Многие выпускники школ продолжали свое образование в высших и средних специальных учебных заведениях, профессионально-технических училищах.

Показательным для системы образования второй половины 50-х- начала 60-х гг. стал курс на «периферизацию» высшей школы. Так, из 17 появившихся во второй половине 1950-х – начале 1960-х гг. на карте бывшего СССР новых вузов – 11 были открыты в Казахстане. При этом лишь один новый вуз возник в Алма-Ате – институт народного хозяйства, остальные в областях. Если с 1955/56 по 1960/61 учебные годы число студентов в вузах СССР возросло менее чем на 28%, то в Казахстане студенческий контингент увеличился на 37%. Инерция такого «образовательного рывка», осуществленного в 1950-1960-е годы, продолжала действовать и в последующие десятилетия. Важно отметить, что беспрецедентный рост подготовки специалистов в 50-е годы был подкреплен адекватным ростом финансирования. В период первой волны «образовательного рывка» (1955-60 гг.) расходы на вузы из бюджета возросли в 2,7 раза. Затем данный показатель уменьшился почти в 2 раза, что привело страну в период застоя к резкому замедлению и последующему отставанию, прежде всего, в развитии производительных сил.

В 1990 г. в высшие учебные заведения республики было принято 59,3 тыс. чел., в средние специальные — 83,4 тыс. чел. К началу 1990/91 учебного года в республике насчитывалось 55 учебных заведений с числом студентов 287,4 тыс. /2/. Почти все вузы сосредоточены в городах с населением свыше 500 тыс. жителей. Так, в Алма-Ате, Караганде, где в 1990/91 учебном году обучалось 50 % студентов республики, в том числе в Алма-Ате — 35 %, в среднем на одно высшее учебное заведение приходилось более 6 тыс. студентов. Такое размещение вузов обусловлено сосредоточением здесь НИИ, конструкторских бюро, проектных организаций и наличием высококвалифицированных преподавательских кадров. Естественно, что в больших городах имеются более широкие возможности для организации учебного процесса, укрепления его материальной базы и привлечения к учебным занятиям ведущих ученых и специалистов различных отраслей знания. При этом в разных регионах республики отмечался избыток одних специалистов и ощущался недостаток других. Так, Казахстан по насыщенности специалистами с высшим образованием на тысячу занятого населения занимал тринадцатое место среди других республик.

Условия жизни городского населения во многом зависят и от развития в городе культурно-образовательной сферы. Необходимым условием развития городского образа жизни является деятельность постоянных детских дошкольных

учреждений. В Казахстане на начало 1990 г. насчитывалось более 83 тыс. яслей, яслей-садов и детских садов, которые посещало более 1 млн. детей.

В городах насчитывалось более 3,7 тыс. дошкольных учреждений, рассчитанных на более чем 700 тыс. детей; за 1980—1990 гг. их сеть увеличилась на 115,6, а количество детей в них — на 122,4 %. На начало 1990 г. дошкольными учреждениями было охвачено в городах 69,4 % детей до 7 лет. Все детские дошкольные учреждения работали с перегрузкой: на 100 мест в города приходится 120 детей. В этом же году удельный вес дошкольных учреждений в республике с количеством 10 групп и более составил 15 %. В малых городах развитие сети дошкольных учреждений пришлось главным образом на период 1980-89 гг. Данные об уровне обеспеченности малых городов ДДУ приведены в таблице 1. /3/.

Таблица 1 - Уровень обеспеченности малых городов Южного Казахстана ДДУ в 1980-89 гг. в %

Малые города Индустриального типа	1980	1989	Малые города индустриально- аграрного типа	1980	1989
Капчагай	55	69	Туркестан	21	23
Кентау	60	81	Чардара	39	82
Жанатас	57	55	Ленгер	34	80
Каратау	56	60	Каскелен	26	46
			Талгар	45	58
			Иссык	56	58
			Уш-Тобе	-	82
			Панфилов	39	62

Из таблицы видно, что за указанный период по многим малым городам наблюдался заметный рост в уровне развития сети ДДУ по сравнению с среднереспубликанскими показателями, который равнялся 60 %. Анализ обеспеченности городов Казахстана детскими дошкольными учреждениями позволяет сделать вывод, что в начале 1990 г. она была наименьшей в ряде городов Алма-Атинской (Алма-Ата, Талгар, Каскелен), Чимкентской (Арысь, Сарыагач) областей, где этот показатель составляет от 19 до 57%.

В целом, различия в обеспеченности отдельных городов республики дошкольными учреждениями достигали 30—40 %. /4/.

Закономерно, что состояние обеспеченности города детскими дошкольными учреждениями обусловлено уровнем его экономического развития, в малых городах в конце 80-х гг. эти показатели в целом были выше среднереспубликанского уровня. При этом предусматривалось ускорение развития сферы обслуживания; расширение сети детских дошкольных учреждений, школ и групп продленного дня, предоставление женщинам более широкой возможности работать не полный рабочий день, или неполную рабочую неделю, а также на дому; - размещение в них главным образом небольших специализированных предприятий, филиалов и цехов промышленных предприятий, расположенных в больших и крупных городах. Однако, к началу 90-х гг. начался резкий обвал в сети ДДУ. Повсеместное сокращение детских дошкольных учреждений сопровождалось снижением численности их воспитанников:

на 2000 г. только 2,7% детей дошкольного возраста было охвачено дошкольным воспитанием и образованием.

Одним из важнейших показателей создания благоприятных социальных условий жизни для населения является уровень развития здравоохранения. В 1960-1980-е гг. интенсивно открывались врачебные учреждения, оказывающие населению амбулаторную и поликлиническую помощь. На начало 1990 г. их число достигло 3201; численность врачей всех специальностей составила 68,0 тыс. чел., среднего медицинского персонала — 202,1 тыс. чел. В среднем количество больничных коек в расчете на 10 тыс. чел. составляло 135,6, врачей всех специальностей — 46,9, всего в республике насчитывалось около 1,8 тыс. больничных учреждений с числом коек 225,4 тыс. /5/.

Основным источником комплексного формирования здравоохранения в создании такого рода объектов предпочтение отдается крупным городам. В большинстве же малых городов амбулаторно-поликлинические учреждения и больницы отличаются слабой материально-технической и кадровой базой. Нередко они были размещены в недостаточно оборудованных и ветхих зданиях. Низкая эффективность многих лечебно-профилактических мероприятий, а иногда по существу отсутствие таких неотъемлемых здравоохранительных служб, как санитарно-эпидемиологическая, противотуберкулезная, "скорая помощь", приводило к распространению инфекционных заболеваний, высокой детской смертности. В ходе социологического исследования жители малых городов указывали на необходимость реконструкции и модернизации существующих и строительства новых, особенно специализированных, здравоохранительных объектов - детских и стоматологических поликлиник, женских консультаций, родильных домов, обеспеченных высококвалифицированным медицинским персоналом и оснащенных современным медико-техническим оборудованием.

Проблема обеспеченности медицинским персоналом была наиболее острой, прежде всего, в малых городах слабого экономического развития, адекватно которому формируется социально-бытовая инфраструктура, и территориально отдаленных от городов-центров (Темир, Ленгер, Казалинск и др.). В целом малые города, в отличие от крупных, были менее обеспечены медицинскими кадрами по признаку разнообразия их специальностей (не хватало педиатров, акушеров-гинекологов, инфекционистов, стоматологов и др.). Положение усугублялось тем, что большинство из них как районные центры в сельской местности должны были иметь более масштабный уровень медицинского обслуживания с ориентацией не только на собственное население, но и прилегающее сельское.

По данным Министерства здравоохранения Республики Казахстан, к 2002 г. число населенных пунктов без медицинской организации и медицинского обслуживания сократилось до 112. Однако эта цифра не соответствует реальным данным: не имеют медицинских учреждений 1094 сельских населенных пункта./9/.

В современный период социальная инфраструктура малых городов при оптимизации социальной сферы сократилась, однако обеспеченность населения школами, больницами, медицинским персоналом приближена к среднеобластным показателям. Во всех малых городах функционируют учреждения культуры, спорта. Проблема состоит в недостаточности финансовых средств для их содержания, капитального ремонта, обновления оборудования. В малых городах южных регионов в связи с ростом населения и прибытием оралманов возникает необходимость строительства новых общеобразовательных школ, медицинских учреждений. Ощущается нехватка врачей, учителей, социальных работников.

Генеральные планы развития малых городов были разработаны в 70-80-е годы и практически исчерпали себя.

Еще одним показателем развитости социально-культурной инфраструктуры городов является сеть учреждений культуры. Во многом именно учреждения культуры определяют внешний облик городов, способствуют созданию привлекательности городской среды. Еще одной их чертой является чрезвычайное многообразие форм и возможностей, предоставляемых ими культурных услуг. В городах республики была создана прочная материальная база учреждений культуры, позволяющая удовлетворять культурные и духовные запросы населения. Так, читателями библиотек в 1990 г. являлись 7,1 млн. чел., больше. Подобная тенденция характерна не только для библиотек и половины из которых или 3,6 млн. чел., жили в городских поселениях. В начале 1990 г. насчитывалось более 9,7 тыс. библиотек, около 2 тыс. из них — в городских поселениях.

Наибольший рост числа библиотек в исследуемый период происходил в 1970-75 гг., затем темпы роста начинают снижаться и к 1989 почти стабилизируются других учреждений культуры, но и для всех объектов городской инфраструктуры. В целом это свидетельствуют об окончании периода инерции, после которого неизбежно наступает спад.

Сеть библиотек более или равномерно дислоцировалась по крупным и малым городам республики. В то же время нельзя утверждать, что большее количество библиотек автоматически обеспечивает и качество обслуживания. Напротив, в большинстве библиотек, расположенных в малых городах был очень небольшой и скудный по разнообразности книжный фонд. В этой ситуации в выигрыше были жители крупных городов, в которых обеспеченность литературой была намного лучше.

С 1980 по 1989 год в целом численность читателей увеличилась с 706 на одну библиотеку до 720. Большие изменения в численности читателей произошли в городах. Так за соответствующий период их число выросло с 1707 до 1767 читателей в среднем на одну библиотеку. /9, С.89/.

Таким образом, за период с 1970 по 1989 год произошли позитивные изменения в обеспеченности населения библиотеками, при этом на достаточно высоком уровне находилась обеспеченность ими городских жителей. В целом показатели обеспеченности библиотеками в городах приблизились к общесоюзным нормативам.

К сожалению, можно констатировать факт, что достигнутый определенный уровень развития социально-бытовой инфраструктуры малых городов в настоящий момент полностью разрушен. С разрывом хозяйственных связей, резким спадом экономики, консервации и закрытия градообразующих предприятий многие малые города превратились в призраки, а их население либо покидает их в массовом порядке, либо находится на грани выживания. Безусловно, нельзя говорить о том, что и прежде не существовало острейших проблем в развитии малых городов, они возникали и накапливались одновременно с их созданием. Однако, в последнее десятилетие население малых городов было буквально брошено на произвол судьбы и не существовало хоть какой-либо государственной политики по их спасению. На рубеже XXI в. экономическая ситуация не только стабилизировалась, но и в определенной мере пошла на подъем и теперь возникает реальная возможность разработки конкретных региональных программ по возрождению и переориентации малых городов.

Социальное развитие населения связано, прежде всего, с уровнем и

качеством его жизни, которые, в свою очередь, находятся в прямой зависимости от уровня развития социальной инфраструктуры. К объектам социальной инфраструктуры относится сфера услуг населения: жилищного и коммунального хозяйства, культурно-бытового обслуживания, транспорта и связи, торговли и общественного питания и др.

Социальную ситуацию, сложившуюся в малых городах Казахстана, характеризуют результаты выборочного социологического исследования, проведенного специалистами Института экономики АН Казахстана в период 1988-1990 гг. в городах: Капчагай, Иссык Алма-Атинской области, Кентау, Туркестан Чимкентской области, а также в отдельных городах Джамбулской и Кызылординской областей - соответственно, Каратау и Казалинск. /9, С.5/. Респондентами были в основном рабочие и служащие градообразующих предприятий и частью непромышленной сферы, учащаяся молодежь. Результаты исследования свидетельствуют о низком уровне удовлетворенности горожан уровнем социально-бытовой инфраструктуры.

Показатели материальной обеспеченности и социальной инфраструктуры в совокупности составляют основу благосостояния населения. И одной из причин нежелательного миграционного оттока экономически активной части населения, особенно молодежи, из малых городов является неудовлетворенность социально-инфраструктурными условиями жизни.

Таким образом, определенный уровень социально-культурного обслуживания населения, сформированный в советский период, в настоящее время упал почти до нулевой отметки. При этом в государственной политике распространено представление, что развивать учреждения социально-культурной инфраструктуры необходимо на частнопредпринимательской основе. Однако, следует отметить, что возможности населения малых городов в развитии этой сферы чрезвычайно низки и без государственной поддержки ситуацию нельзя будет кардинально улучшить.

На основании приведенных данных можно сделать вывод, что за годы рыночных преобразований социальная инфраструктура малых городов претерпела кардинальные изменения и теперь не выполняет своих функций по созданию нормальных условий жизни и деятельности населения. В связи с этим Правительству республики необходимо, прежде всего, разработать государственную стратегию восстановления и развития жизненно важных отраслей с признанием их высокой общественной значимости и приоритетности. Стратегия должна разрабатываться с учетом выполнения тех задач, которые стоят перед каждой отраслью социальной инфраструктуры.

Преодоление обострившихся проблем малых городов может быть достигнуто в основном за счет усиления роли государства в их решении. В этих целях целесообразно, по опыту России, разработать и реализовать целевые программы, такие, как «Свой дом», «Дороги Казахстана», «Газификация Казахстана», «Народный телефон» и др., а также комплексную программу «Увеличение занятости и повышение доходов населения малых городов». Необходимо также принять закон «О социальном развитии села», в котором определить правовые, организационно-экономические и финансовые основы развития и содержания объектов социальной и инженерной инфраструктуры в сельской местности в рыночных условиях.

ЛИТЕРАТУРА

1. Статистический ежегодник Казахстана. Алма-Ата: Казинформ, 1990, С. 68, 174.
2. ЦГА, Ф. 1473, Оп. 2, Д. 679, Л.23.
3. Сост. по ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6321, Л.87.
4. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6357, Л.48.
5. ЦГА, Ф.1479, Оп.8, Д. 6359, Л.27.
6. Сост. по Народное хозяйство Казахстана за 70 лет, С.74.
7. ЦГА РК, Ф.1890, Оп. 1, Д.1257, Л.29.
8. ЦГА РК, Ф.1479, Оп.8, Д. 6415, Л.89.
9. Кошанов А.К., Айдарханов М.Х. Малые города при переходе к рынку (проблемы и приоритеты). Алматы, 1992, 115 с.
10. Казахская ССР. Краткая энциклопедия в 4-х т., Т.2. Алма-Ата: Гл. ред. Казах, сов. энциклопедии, 1988, 608 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғ. екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан қалаларында әлеуметтік мәдени инфрақұрылымның дамуы айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается развитие социально-культурной инфраструктуры в городах Южного Казахстана во второй половине XX в.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ

Өнербаева Ш.Ө., Тленова Т.Т. (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Шымкент - Қазақстан Республикасындағы ірі қалалардың бірі, Оңтүстік Қазақстан облысының облыс орталығы. 2007 жылғы 1 маусымға дейінгі қала халқының саны 539,600 адамды құрайды. Өнеркәсіп, мәдени, сауда орталығы ретінде Алматы мен Астанадан кейінгі үшінші орындағы қала.

Қаланың тарихына шолу жасайтын болсақ ең бірінші қаланың қай кезде пайда болғанын, оның аты неге осылай аталады деген сұраққа жауап беруден бастау керек сияқты. Қазірге дейін бұл сұрақтар төңірегінде зерттеуші ғалымдар бір жақты шешімге келе қойған жоқ.

Қала Ұлы Жібек жолы бойындағы ең көне қалалардың бірі. Орналасқан жері ерте кезден-ақ адам өміріне жайлы еді. Қала тұрғындарының өмір салтына қарай материалдық мәдениеті де жоғары болған. Суару жүйесі, жүзім егу, егістікпен, бау-бақша егумен айналысып, үйлердің айналасына неше түрлі гүл өсірген. Қала шеттерінде онша-мұнша мал ұстап, жайылымдарды да иеленген. Керуен жолдар қала арқылы Оңтүстік Қазақстан жерін басып өтіп, Орта Азияға, Таяу Шығысқа, Түркістан мен Қытайға сапар шеккен. Қаланың толығымен негізі қаланған кезеңін зерттеушілер XI-XII ғасырларға жатқызады. Археологиялық ескерткіштерге қарай отырып, археолог ғалымдар бұл қала орнында адамдар б.з.д. VI-V ғасырларда

қоныстанған дейді. Шымкент туралы бізге жеткен жазба деректердің бірі 1425 жылы жазылған парсы тарихшысы Шараф ад-дин Алидің Әмір Темір жорықтары туралы жазған «Зафар Наме» (Жеңістер туралы кітап) атты еңбегі. Бұл еңбекте Шымкент қаласы туралы айтып өткен. Сондай-ақ, Шымкент қаласының даму барысы VII-ғасырдың бас кезіндегі Қытайдың дін уағыздаушысы Сюань-Цзянның жол жазбасындағы «Ақ өзендегі қала» деп аталған Испиджап-Сайрам қаласының тарихымен тығыз байланыста болған. Бұл қаланың төрт бұрышында Солтүстікте - Белдарбоза, Оңтүстік қақпа- Базар дарбоза, Шығыс қақпа - Қарамұрт дарбоза аталса, ал Батыс қақпасы осы Шымкент арқылы көптеген жолдарды байланыстырып тұрған Шымкент дарбоза деп аталған. Монғол шапқыншылығына ұласқан оқиғалар Исфиджап қаласының гүлденіп, өркендеуін күрт үзіп, XIV-XV ғасырларда Шымкент қаласы қауырт өсіп, бас қала ролі бірте-бірте осы қалаға ауысады. Көрнекті Шығыстанушы В.В. Бартольд бұл туралы өз еңбектерінде атап өткен.

Қазіргі кезде, өкінішке орай қала аумағы мен оның төңірегіндегі археологиялық ескерткіштердің көпшілігі құрылыстар салған кезде жойылып кеткен.

Тек 2003-жылдан бастап бұл жерде археологиялық жұмыстар жүргізілуде. Қала орталығында ортағасырлық қамалдың орны сақталған. Археолог ғалымдардың пікірінше қаланың жасы кем дегенде екі мың жыл.

Қаланың аты туралы көптеген пікірлер бар. Шымкент жайында айтылып кеткен тарихи деректерге қарай отырып ғалымдар әр түрлі ой айтады. «Бау бақшалы қала», «Жасыл қала», «Дермене шөп қоршаған қала», мәні «Шым» - дермене, «кент» - иранша қала дегенді білдіреді дейді. Екінші бір болжам Шымкент сөзінің төркіні соғдыша «Чиминь-чемень» - яғни «гүлденген алқапты қала» дегенді білдіреді екен. 1800 жылы осында келген М.Поспелов пен Т.Бурнашев қаланың Ташкенттен кейінгі екінші орында екендігін айта келіп, 700 үй бар екендігін жазған.

XIX ғасырдың ортасында Шымкент айналдыра дуалмен қоршалған кәдуілгі ортағасырлық қала болды. Орта Азия, Қытай, Батыс Сібір мен Европаны жалғастырған керуен жолының түйіскен жерінде орналасқандықтан бұнда сауда өркендеп дамыды. Қалада екі керуен сарай мен 252 сауда дүкендері болды. Қалада әр түрлі қол өнер түрілері дамыды. Қала тұрғындарының өмірінде сауда мен, қолөнерден басқа егіншілікте үлкен орын алды. Қала маңындағы егістікке су өткізетін 6 арық болды. Бадам өзенінен су алатын Янсай (жаңа сай), Темір, Шоқай, Күнту, Боққайнат арықтарын бір арық ақсақал меңгерсе, Қосдиірмен, Сасық, Алтынтөбе, Мұңлық және Қақпа арықтарының егістік көлемі үлкен болғандықтан әрқайсысы жеке ақсақалдардың басқаруында болды. Суды Қошқарата өзенінен алатын қала ішілік суару жүйесін бөлек ақсақал басқарған. Егіншілік қала халқының үлкен бөлігінің негізгі кәсібі болды. Көптеген қолөнершілердің де көпшілігі жазда егіншілікпен айналысты. Қолөнер егіншіліктен әлде толық бөліне қоймағандықтан қаланың жартылай аграрлық сипаты XX ғасырдың бас кезінде де сақталып қалды. Қала қарамағындағы жер көлемі 1904 жылы 21,841 десятина болды, оның 8264 десятинасы егістік жерлер болса, 1060 десятинасы шабындық, 9430 десятинасы жайылымдық жерлер болды.

Қаладағы бүкіл билік бектің қолында шоғырланды, ол сонымен қатар аймақтың да басқарушысы болды. Қала екі әкімшілік бөлікке бөлінді. Оларды тікелей бекке бағынатын ақсақалдар басқарды. Бек қала раисын тағайындады, оның міндетіне қаладағы тәртіп пен шарифат заңдарын қадағалап отыру жатты.

Сот билігі шариғатқа негізделді. Қаланың екі бөлігі екі қазыға қарады. Оның біреуі қазы-қалыан болмаса бас қазы міндетін атқарды. Бас қазыға қала төңірегіндегі елді мекендердің қазылары бағынды.

Қала дінбасының қызметі шейх-ул-ислам аталды. Сонымен қатар қалада төрт муфти болды. Бұл қызмет иелерінің еш қайсысыда жалақы алған жоқ, әртүрлі алым-салықтар есебінен күнелтті. Салық жинауды серкер басқарды. Шымкент төңірегіндегі алты елді мекеннің арық ақсақалдары серкерге бағынды.

Салықтың негізгі түрі жер салығы - хараж болды. Ол өнімнің бестен бір бөлігін құрады. Әр жыл сайын Шымкент және оның төңірегіндегі алты елді мекен егіншілерінен 60 мың пұт астық салық ретінде жиналып отырды. Мал мен товарға салынатын салық зекет деп аталды. Сонымен қатар алым салықтың толып жатқан басқа да түрлері болды.

Шымкент қаласы 1864 жылы орыс әскерлері басып алғанға дейін де көптеген басқыншылардың тонауына ұшырап отырған. Бұл қаланы Шыңғысхан өз иелігіне өткізіп, осы жер арқылы Орта Азияға жылжыса, одан кейін Әмір Темір империясының иелігінде болған.

XV ғасырмен XVIII ғасырлар аралығында жоңғар басқыншыларының ойранының негізгі тірегі болды. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I-жартысында Шымкент қаласы үшін Қоқан мен Бұхара хандықтары арасында қырқыстар жүрді. 1810-1864 жылдары Қоқан хандығының қол астына өтіп, оның соғыс-қорғаныс лагерінің негізінде болды. Қаланы Қоқан ханының қойған адамы биледі.

1864 жылдың қыркүйегінде қаланы орыс әскерлері қарулы күшпен басып алып, бір жарым ғасырға созылған Қазақстанның Ресейге қосылу процесі дәл осы кезде аяқталады да бүкіл Орта Азияны қосып алуға жол ашылады.

Жаңадан қосылған жерлерден 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, Шымкент Сырдария облысы құрамындағы уездік қалаға айналады. Қаланың басқару жүйесі де өзгереді. 1868 жылы шаруашылық қоғамдық басқарма құрылды. Оның құрамы басқарма бастығы, қала ақсақалы, қазы және Жетікент қала төңірегіндегі елді мекендердің өкілдері кірген 8 адамнан тұрды. 1877жылы ол уезд бастығы басқаратын қала шаруашылығы басқармасымен ауыстырылады. Хараж бен танаптың орнына жер салығы, зекеттің орнына кәсіпшілік салығы енгізілді. Бұларға қосымша земстволық, таразы және т.б. салықтардың түрлері көп болды. Қалада өнеркәсіп өте баяу қарқынмен дамыды. XIX ғасырдың аяғында 70 майда дүкендер, 50 шайхана, 10 керуен сарай, 27 ұн сататын орындар болса, XX ғасырдың бас кезінде 15 май шайқайтын 4 мақта тазалайтын, 3 тері илейтін, 15 ұстахана, 12 наубайхана, 26 диірмен, 5 сабын өндіретін орындар болды.

Қаланың экономикасы мен дамуына қаладағы ең ірі кәсіпорын - Сантонин заводының (қазіргі Химфарм) ролі жоғары болды. Ол кезде ішек құртына қолданылатын бірден-бір дәрі сантонин (дермене) жер шарында тек Шымкент жерінде өсетін дермене өсімдігінен алынатын. Жергілікті халықтың үлкен еңбекпен жинаған дермене тұқымын алыпсатарлар болмашы ақыға алып Германия мен Англиядағы Сантонин заводтарына жіберетін. 1853 жылы 300 пұт, 1868 жылы 40 мың пұт, 1880 жылы 133 пұт дермене алып кетілді.

Тасымалдау қымбатқа түскендіктен орыс көпестері Н.И.Савинков пен Н.И.Иванов сантонинді жергілікті жерде өндіруді қолға алып, Шымкентте завод салды. Оның құрал-жабдықтары Германиядан алынды. 1883 жылы басталған кәсіпорын құрылысы 1885 жылы аяқталды. Бұл завод дүние жүзі бойынша сантонинге деген қажеттілікті толық қамтамасыз ететін ірі кәсіпорынға айналды. 1885 жылы 126 мың сомның өнімі өндірілген болса, 1912 жылы табыс 500 мың

сомға жетті. Қазіргі кезде дермене шөбінің сабағын Шымкент қаласының гербінен көруге болады.

Қала экономикасының дамуымен бір мезгілде халық саны да өсе түсті. Егер 1870 жылы қалада 5.422 адам тұрған болса, ол 1909 жылы 15,756 адамға, ол 1913 жылы 22,516 адамға жетті.

Қалада 1911 жылы үш кластық қалалық училище, бір кластық қыздар училищесі, екі орыс-бұратына училищелері, бір кластық ер балалар училищесі жеке меншік қыздар прогимназиясы, бір ер балаларға арналған мектеп жұмыс істеді. Сонымен қатар, мұсылман балаларын оқытатын 35 мектеп пен жаңа әдістегі бір татар мектебі, бір медресе болды.

1914 жылы Қазақстанның Ресейге қосылуының 50 жылдығына байланысты Шымкент қаласына орыс генералы Чернеявтың аты берілді, ал 1921 жылы өз аты қайта қалпына келтірілді.

Қазіргі кезде Шымкент көркейген, гүлденген, өскен қала. 1930 жылы қорғасын заводы салынып, КСРО-дағы қорғасынның 70%-ын шығарып отырды. 1932 жылы КСРО-дағы көптеген өнеркәсіп орындары осы Шымкент қаласына көшіріліп, әкелінді. Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда бұл жерге 17 завод, фабрика жеткізілді. Қала соғысқа танкілерге керекті құрал жабдықтар шығарып отырды. Жеті Шымкенттік Кеңес одағының батыры атанды.

Шымкент қаласында 19 мәдени орталық жұмыс істейді, осы кезде «Ардагерлер аллеясы» қалпына келтірілген, сондай-ақ 8 парк, Ш.Қалдаяқов атындағы Филормония, Жұмат Шанин атындағы драмалық театр, көптеген кинотетрлар мен музейлер бар, балаларға арналған аквапарктер мен технопарктер бар. Қаланың Оңтүстігі мен Солтүстігін жалғастырып отыратын 6 километрлік темір жол салынуда. Қалада туристік қызмет атқаратын 20-ға жуық фирмалар бар. Оңтүстік Қазақстан жеріндегі әулиелі жерлер мен архитектуралық ғимараттар осы қала арқылы шығады.

Сонымен, екі мың жылдық тарихы бар Шымкент қаласы ерте кезден-ақ саяхатшылар мен ғалымдардың көңілін өзіне ерекше аударған қала болғандықтан әлі де болса тереңірек зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана. (Отырарский оазис), Алма-Ата, 1992г.
2. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднюю Азию. соч.т.IV. М., 1966.с.111.
3. Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. соч.т.111. М., 1965. с.222.
4. Ақышев Қ. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алматы, 1976.

РЕЗЮМЕ

В статье изучается дореволюционная история одного из древнейших городов на Великом Шелковом пути города Шымкента .

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ұлы Жібек жолы бойындағы ертеден келе жатқан Шымкент қаласының революцияға дейінгі тарихы баяндалады.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ТЫҢ: ШУАҒЫ МЕН СЫНАҒЫ

Сайлан Б. - т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Өткен ғасырдың еншісінде қалған тың және тыңайған жерлерді игерудің кейбір көлеңкелі тұстары турасында кейінгі жылдары айтылып та, жазылып та жүр. Республиканың тарихи тағдырындағы өзіндік орны үлкен осы іске Қазақстан жастары мен комсомолы қалай қатысты деген жай тарихшыларды да толғандырады.

1954 жылғы КОКП ОК-нің ақпан-наурыз Пленумы Қазақстанда тың жұмысының бастамасы болды. Талқыға салынбастан партияның қызу қолдауына ие болған Пленум шешімі республикамыздың қала және ауыл еңбеккерлерінің әрқайсысына шынайы түсіндірілуі керек деп табылып, оны түсіндіру мен насихаттау жұмыстары барлық жергілікті партия және комсомол ұйымдарының тікелей міндеті деп саналды. Сөйтіп “Барлығы тың игеруге жұмылдырылсын!” деген ұран тасталып, “Жастардың орны - тың” деген бүкілхалықтық бастама көтерілді. Партияның шақыруына жауап беруге ұмтылған жастар ұйымы өзінің 100 мың мүшесін тыңға жіберуге міндеттеме алды. Одақ көлемінде мұндай бой көтеру 1954 ж. КОКП ОК-нің ақпан-наурыз Пленумында мақұлданды және КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП ОК-і қарарлары мен арнайы қаулыларының қатарында бекітілді./1/

1954 жылы 22 ақпанда Мәскеудегі Кремльдің үлкен сарайында тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын жастар мен қыздардың жиналысы өтіп, мұнда КОКП ОК Бас хатшысы Н.С. Хрущевтің өзі жастарды құттықтап, оларды жігерлендіру мен ынталандыру мақсатында мақтанды сөздерін аянбастан сөйледі. Н.С.Хрущевтің бұл сөзі жастар арасындағы құлшынысқа одан әрі отқа май құйғанмен бірдей әсер етіп, тың және тыңайған жерлерді игеруге жастарды жаппай тарта түсу одан әрі белең алды./2/

1954 ж. 23-24 ақпандағы мәскеулік жастардың “Біз кетіп барамыз” үндеуі барлық одақтас республикалар арасында жалғасын тауып жатты./3/

Жастар арасында белсенділер алға тартылып олардың аузымен “Тың және тыңайған жерлерді игеру біздің қатысуымсыз мүмкін емес” – деген сөздер айтылды. 1954 жылдың ақпанындағы екі апта ішінде Мәскеу қалалық жастар ұйымының комитетіне 40 мың өтініш, Ленинградта – 25 мың, Алматыда 3 мыңнан аса жаңа жерлерді игеруге жіберуді сұраған өтініштер лек-легімен түсіп жатты. Мәскеулік жас патриоттардың жастар арасына тастаған үндеуі Одақ көлемінде таратылып, әсіресе Украина, Белоруссия республикалары мен Кубань, Харьков, Куйбышев, Воронеж облыстарының жастары да өздерінің тыңға баратыны туралы өтініштерін жазып жатты. Барлығы 1954-1955 жылдары Бүкілодақтық жастар ұйымы комитетіне 14 миллионнан аса өтініш түскен./4/

1954 жылы 24 ақпанда Абай атындағы опера және балет театрында тың және тыңайған жерлерді игеруге аттанып жатқан Алматы қалалық жастары мен комсомолының жиналысы өтті. 28 ақпан күні Алматы еңбеккерлері қаланың 500 адамнан тұратын жас патриоттары мінген алғашқы эшалонды шығарып салды./5/

Ақпан айының аяғына қарай республикамыздың барлық аймақтарында тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға ынта білдірген кең көлемде комсомолдың патриоттық қозғалысы қарқын алып, өздерін колхоз және совхоздарға, МТС-тердегі жұмыстарға жіберуді сұраған Ақмола қалалық комитетіне 800 комсомол өтініш білдірді. Қарағанды облыстық комитетіне үш қаладан-Қарағанды, Теміртау, Балқаштан 800 өтініш түссе, Шығыс Қазақстан облысына 700 жас

патриоттардан өтініш түсті. Мұндай өтініштер республикамыздың басқа облыстары мен қалаларында да жазылып жатты. Республика бойынша комсомол комитеттеріне 10 мыңнан аса, ал екі айдан кейін 25 мың өтініштің жазылғаны анықталып отыр. Тыңға жіберуді сұранған өтініштердің саны күннен-күнге артты. 1954 жылы 2 наурызда, Қазақстан комсомолының ҮІІ съезінің ашылу қарсаңында республикалық жастар газеті “Ленинская сменаның” хабарлауы бойынша комсомол ұйымдарына 7 мыңнан аса өтініш түскені, ал ертесіне 800 комсомолдан, республика бойынша 10 мыңнан аса жастар мен қыздардың тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға ынта білдіріп отырғандығы жарияланды./6/

1954 жылы 13 наурызда тың ауданды алқаптарға 24718 адам аттандырылса, 29 сәуірде олардың саны 131228 адамға жетті. Маусым айының ортасына қарай 78 облыстық, өлкелік және республикалық комсомол комитеттері жасақтап аттандырған 150 мыңнан аса жастар мен қыздар Шығыс аудандарындағы тың алқаптарына жолға шықты. Олардың арасында 39453 тракторшы мен комбайншы, 4633 тракторшылар бригадасының бригадирі, 23054 техника жөндейтін жұмысшы, 1208 инженерлер мен техниктер, 700 аграрном, зоотехник және ауыл шаруашылығының басқа да мамандары, 20837 трактор бригадаларының есептеушілері мен ауыл шаруашылығына арналған техника тіркемелерінде отыратын жұмысшылар, 7396 жүргізуші, 8301 құрылысшы жұмысшы, 7567 басқа да маман жұмысшылары болды деп көрсетілді./7/

Комсомол жолдамасы бойынша республика ішінде тың және тыңайған жерлерді игеруге 10068 комсомолдар мен жастар аттандырылса, 1954 жылдың маусымына қарай Қазақстан комсомолы ұйымдарының тың алқабына аттандырғандарының саны 12 мың адамға жетті./8/ Бір ғана Ақмола облысынан 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге 1500 комсомолдар мен жастар жіберілсе, олардың 27 комбайншы мен тракторшы, 12 инженер мен механиктер, 50 медицина мектебінің түлектері, 10 адам ауыл клубтары мен кітапхана жұмысшылары ретінде жіберілді./9/

1954 жылғы ақпан-наурыз Пленумынан кейінгі екі жарым жыл ішінде, Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдовадан, Балтық өңірі және Закавказье республикаларынан, Орталық Азия аймағынан 600 мыңнан астам адам келді. Қазақстан комсомолдары мен жастарының үндеуіне тек Украинаның ғана 58 мың еріктілері үн қатты. Олардың тең жартысы Қостанай және Ақмола облыстарына келді./10/

Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында барлық МТС-терде комсомол-жастардың трактор бригадалары құрылды. Қарағанды облысында дала жұмыстары басталғанға дейін 58 комсомол-жастардың тракторшы бригадалары ұйымдастырылды. 1954 жылы Қостанай облысында комсомол ұйымдарының 487 жастар бригадалары құрылды. 1954 жылы наурызда Ақмола облысы бойынша 130 осындай бригада жасақталса, сәуір айының орта шенінде 170-ке, ал маусымға қарай олардың саны 337-ге жетті. Ал Шығыс Қазақстан облысы бойынша-112, Солтүстік Қазақстан облысында - 157, Павлодарда - 148 жастардың тракторшы бригадалары жасақталды. Барлығы республика бойынша 1954 жылы 1 маусымда 1600 комсомол-жастардың трактор бригадалары құрылса, көктемгі егіс пен жазғы астық жинау науқанында тың алқабында 3000 комсомол-жастардың трактор бригадалары жұмыс істеді.

1956 жылы Қазақстандағы астықты жинау науқанында одақтас республикалардан 360 мың жастар мен қыздар қатысса, Қазақстанның өзінен 60 мың қыздар мен жастар қатысты. 1956 жылы астықты тасу үшін 70 мыңнан аса

автомобиль жұмыс істеді. Қазақстандықтармен бірге басқа республикалардан келген 20 мың жүргізуші еңбек етті./11/

Жастар мен комсомолдар тың алқабындағы дала және егіс жұмыстары еңбегімен ғана шұғылданып қана қойған жоқ, олар партияның нұсқауы және тапсырмасымен тыңгерлер арасында саяси жұмыстар жүргізуде де еңбекке тартылды. Мысалы, 1956 жылы 14 ақпанда КОКП-ның XX съезі ашылысымен, келесі күннен бастап республикамыздың барлық колхоздары мен совхоздарында, МТС-терде, өнеркәсіп кәсіпорындарында, мекемелер мен жоғары оқу орындарында съезд баяндамаларын ұйымдастырып, ұжымдық сипатта тыңдау жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Барлық аудандық комсомол комитеттері осы тапсырма негізінде XX съезд материалдарымен жастарды таныстыру үшін лекторлар мен баяндамашылар тағайындап, үгіт-насихат жұмысын жүргізуге кірісіп кетті.

Солтүстік Қазақстан облысында 15-17 ақпанда Н.С.Хрущевтің баяндамасын таныстыру үшін 24980 адамды қамтыған 426 әңгімелесулер өткізілді. Барлық МТС-терде, совхоздар мен мекемелерде XX съездің ашылуына байланысты қабырға газеттері шығарылды. Съездің ашылу құрметіне спорттық жарыстар ұйымдастырылып, клубтарда концерттер қойылды. Солтүстік Қазақстан облысының Соколов ауданында съездің ашылу құрметіне 15 колхоз бен 2 МТС-те митингілер өткізілді, оған 2453 адам қатысып, 97 адам сөз сөйледі./12/

Тың еңбеккерлерінің тынбай еткен еңбегінің арқасында Қазақстан 1956 жылдың күзінде тұңғыш рет миллиард пұт астық алды. Сол жылы бұл жетістік кең көлемде аталып өтті. КСРО жоғарғы Кеңесі төрағасы К.Е.Ворошиловтың өзі келіп, Қазақстанның туына алғашқы Ленин орденін тақты. Осы миллиард үшін болған күрестің барлық ауданында Қазақстан комсомолы мен жастары қатысты. Жүргізушілер мен тракторшылардың 60-70 пайызы жастар болды. Егіс даласында 12 мың жастардың комбайншы агрегаттары, 6 мыңнан аса жастардың тракторшы бригадалары, 30 мыңға жуық жастардың автомашина жүргізушілері жұмыс істеді./13/

1956 жылғы астық науқанына белсенді қатысқаны үшін 70 мыңнан аса жастар мен қыздар “Жаңа жерлерді игерудегі еңбегі үшін” БЖО ОК-нің омырау белгісімен, 9 облыстық және 63 аудандық жастар ұйымы Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан комсомол ұйымы БЖО ОК-нің Құрмет грамотасымен марапатталды./14/

Жалпы, тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарында қол жеткен нәтижелер ерен еңбектің арқасында жүзеге асты. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен 2004 жылы “Тыңға – 50 жыл” мерекелік медальмен 3,5 мың тың ардагері марапатталды./15/ Оның дені сол уақытта комсомол және жастар ұйымының мүшелері еді.

Тың игеру жылдары республикада 600-ге жуық совхоздар пайда болды, меншіктің түрлі формасындағы 23 мың кәсіпорын – Қазақстанның қазіргі кездегі агроөнеркәсіп кешенінің негізі болып қаланды. Осы маңызды іске қолғабыс етуге 1956 жылы Қазақстанға келген 640 мың еріктілердің дені жастар болды¹⁵. Қазақстан 1956 жылы тұңғыш рет елімізге миллиард пұт астық берді. Қазақстан бидайдың күшті және қатты сорттарын өндіруде алдыңғы орынға ие болды, бүгінгі таңда да ТМД елдерінің арасында осы орынды ұстап келеді. Осы жылдар ішінде жүздеген мың жастар мен қыздар тың алқабындағы астықты жинауға қатысып, 3 миллионнан аса жастар тың еңбегімен шынықты. Тың тек мол астық қана емес, оның индустриялық дамуына да серпін берді. Тек ауыл шаруашылық техникасын шығаруға 18 ірі өндірістік бірлестік мамандандырылды. Сервистік

қызмет көрсету жөніндегі “Казагрореммаш-Холдинг” компаниясы бүгінгі қатаң жағдайдың өзінде де ойдағыдай жұмыс істеуде. Оған машиналар мен жабдықтарды жасап, жөндейтін 52 кәсіпорын кіреді. Жаңа индустриялық кәсіпорындар бой көтерді, өнеркәсіп орталықтары қалыптасты, темір жол магистральдары мен автомобиль жолдары төселді, жаңа қалалар мен селолар пайда болды, ескілер осы заманғы келбетке ие болды. Селода мәдениет, денсаулық сауда мен қызмет көрсету салалары дамыды. Тыңдағы тың еңбектері үшін кем дегенде 250 мың тың игеруші мемлекеттік жоғары наградаларға ие болды, олардың 650-інің Еңбек Ері атағы бар./16/

Тың игеру жылдары жастарды тыңға тартудың өзіндік кемшіліктері де болды.

Оның алғашқысы, тың еңбегіне жаппай Одақтық көлемде жұмылдыру еді.

Екінші кемшілік тыңға интернационалдық сипат берген тың және тыңайған жерлерді игеруге Кеңес Одағы бойынша Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының көптеген ұлттық отрядтарының қатысуы мен тартылуы. 1955 жылдың 1 сәуіріне дейін Одақ бойынша жастар мен жастар ұйымы мүшелері 350 мыңнан аса өтініштер білдірген, олардың 40 мыңы Мәскеу қаласының жастары болса, 12 мыңы – Ленинград, 40 мыңы – Белоруссия, 140 мыңнан астамы – Украина, 15 мыңы – Қазақстан, 11 мыңы – Азербайжан, 7 мыңнан астамы – Өзбекстан, 7 мыңы – Латвия, 5 мыңы – Литва, 8 мыңнан астамы Молдавия және тағы басқа республика жастарының атынан жазылған./17/ Осылайша тың игеру жас ұрпақтар үшін бауырластық пен достық мектебіне, жастарға интернационалдық тәрбие беру мектебіне айналды деп баса айтылды. Сөйтіп, қазақ жері мен даласы келімсектерге толып, қазақ ұлтының өзіндік салты, тілі, діні және дәстүрінің жойылуына ықпал етті.

Үшінші кемшілік, тың эпопеясы партия тарапынан өз уақытында социалистік құрылысты аяқтап, коммунизм құрылысына өту кезеңімен тұспа тұс келді деп айтылды. Тың 1950 жылдардағы жастарға саяси, жалпы білім беру мен мәдени деңгейін көтерудегі зор жетістік болды деп бағаланды. Партия мен үкімет тың алқабына барушыларға бірқатар жеңілдіктер қарастыратынын айтты. Тың жастардың жаппай қалың қолының ақша үшін емес, саяси жүйенің шырмауының арқасында келгендігіне көз жеткіземіз.

Төртінші кемшілік, тыңға тек сауатты жастар тартылды деген партияның дақпырт сөзі еді. Тың алқабына қатысушы XX ғасырдың 50-ші жылдарының жастары жалпы білім алу мен мәдени деңгейді көтеруде де партия тарапынан мақтанышқа бөленді. Мысалы, 1955 жылы наурызда Павлодар облысының Карл Маркс атындағы совхозға Ленинград қаласынан 172 адам келді. Олардың арасынан 53 адамның 5-6 сыныптық білімі, 42 адамның 7 -сыныптық, 24 адамның 8-9 сыныптық, 9 адамның орта білімі және 8-інің орташа техникалық білімі болды. Оған қоса келушілердің арасында Украина мен Белоруссияның еңбекпен түзеу колониялары мен айып батальондарында жазасын өтеп жатқандар да болды. Өзінің қамау мерзімінің көп бөлігін өтегендерге және тыңда жұмыс істеуге келісім бергендерге кешірім жарияланып, тың алқабынан оларға да орын табылды./17/

Бесінші кемшілік, тыңға баратын жастарды іріктеу жұмыстарында байқалды. Мысалы, Алматы қаласының Түркісіб, Алмалы аудандарында бір сағат ішінде барлық өтініш берушілердің талап арызын еш ескертусіз қабылдағандары туралы айтуға болады.

Партия басшылығы тыңға әскери борышын атқарып жүрген жастарды да тартты. Әскери комсомол тыңға 30 мыңнан аса механизатор жіберуге екі айлық

міндеттеме алды. Қазақстанда негізін бұрынғы солдаттар қалаған совхоздар аз болған жоқ. Олардың қатарында “Кантемировец”, “Тихоокеанский”, “Талбухинский”, “Черняховский” және т.б. болды. Сөйтіп, солдаттар мен жауынгерлерден құралған жастардың қалың қолы, елдің қорғаныс армиясында ғана емес, тың майданында да пайдаланылды.

Алтыншы кемшілік, тыңға жастар “тек өз еркімен” аттанып барады деген ұранның асыра сілтеп айтылуы мен жариялануы. Тыңға шет республикалардан келген жастарды тек өз еркімен келгендер деп ескі көзқараспен бір жақты айтуға болмайды. Өйткені мынадай бір мысалдар оның айғақты дәлелі бола алады. Мысалы, бір жылдары Ленинград облысынан тыңға тракторшылар бригадасына бригадирлер мен оның көмекшілерінен 200 адам жіберу керек болса, баратын өтініш білдірушілердің саны 8 ғана, 300 тракторшы керек болса, 162 ғана өтініш, 1524 жүргізуші керек болса, 200 ғана өтініш түскен./18/

Жетінші кемшілік, кәсіби мамандығы жоқ келімсек жастардың тыңға қаптап тартылуы болды. Мысалы, 1955 жылы Ленинград қаласынан Қазақстан Республикасының Павлодар облысына кәсіби мамандығы бар келушілер саны мен іс жүзінде келген адамдар санын мына тізбеден көруге болады.

Мамандық иелері	Келетіндер саны	Іс жүзінде келгендері
Тракторшылар	300	285
Жанар-жағар май құюды есептегіштер	100	82
Жүргізушілер	500	91
Жөндеуші жұмысшылар	200	147
Тіркеушілер, жүк артушылар, әр түрлі жұмысшылар	735	1685
Инженерлер мен техник-механиктер	100	16
Агрономдар	100	16
Бухгалтерлер мен есептеушілер	73	16
Гараж, шеберхана меңгерушілері	192	32
Барлығы	2300	2370

Жоспар бойынша кәсіби мамандығы бар 2300 жұмысшы келу керек болса, оның орнына кәсіби мамандықтары сәйкес келе бермейтін 2370 жұмысшы келген./19/ Бұл көрсеткішті сол кездегі саясат жоспарды орындады деп мақтанышпен атап көрсетті. Ал қазіргі таңдағы көзқараспен қарайтын болақ, бұл тізбеден тыңға арнайы мамандығы барлар емес, әйтеуір адам санын толтырып, жоспарды орындау үшін кез-келген адамдардың тізімге кіріп жіберілгендігі тайға таңба басқандай көрініп тұр. Сөйтіп тыңға келуші жастар саны жоспарға сай болғанымен, тыңның талаптарына жауап бере алмады. Сырттан жаппай тың алқабына келген жастарды партияның мадақтап, мәдениет пен білімді, кәсіби маман иелерін алып келуде де ықпалын қосты деп артық айтуын бүгінгі тарихымыз қабылдамас болар.

Қалай болғанда да тыңды игерудің еліміздің астық балансын нығайтуда үлкен орны болды. Ол, әсіресе, бидайдың бағалы, қатты және күшті сорттарын өндірудің орталығына айналды. Бұл маңызды істе, әсіресе, Қазақстан тыңының маңызы, алар орны ерекше./20/

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев бір топ тың ардагерлерін “Тыңға-50 жыл” медалымен марапаттауға арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: -“Осыдан жарты ғасыр бұрын мемлекеттен үлкен қаржы

бөлініп, Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен Қазақстанға тың игеру үшін көптеген адамдар келді. Бұл науқан туралы бүгінде түрлі әңгіме бар. Әрине, үлкен іс кемшіліксіз болмайды. Бірақ, ең негіздісі, қазір қазақстандықтардың дастарханында нан мол. Дүкеннен таңдағанымызды сатып алып жейміз. Тыңның басты құндылығы да, міне, осында”-деді./21/

ӘДЕБИЕТТЕР

1. “Комсомольская правда”, 1954 ж., 20 ақпан.
2. Н.С.Хрущев. “На новые подвиги, молодежь!”, М., 1956 ж., 17-бет.
3. “Смена”, 1954 ж., 23 ақпан.
4. “От съезда к съезду”, М., “Молодая гвардия”, 1966 ж., 18-36 беттер.
5. Сборник “Борьба КПСС за освоение целины”, Казгосиздат., А., 1960 ж., 270-271 беттер.
6. Комсомол Казахстана в цифрах и фактах. А., 1971 ж., 7-бет.
7. Молдабаев Ф.Н. “Борьба комсомольской организации Казахстана под руководством коммунистической партии за крутой подъем сельского хозяйства республики (1954-1958 жж.)”, кандидатская диссертация. А., 1961 ж., 68-бет.
8. “Народное движение на освоение целинных земель в Казахстане”, Сборник документов, М., 1959 ж., 109-бет.
9. Молдабаев Ф.Н. “Ержеткен ұрпақтар”, А., 1961 ж., 21-бет.
10. Халық Кеңесі. 1994 ж., 1 наурыз.
11. ҚР Президентінің мұрағаты 812-қор, 17-тізбе, 496-іс, 123-125 беттер.
12. Бұл да сонда.
13. ҚР Президентінің мұрағаты 812-қор, 22-тізбе, 58-іс, 95-бет.
14. “Славная летопись комсомола”, А., 1970 ж., 54-бет.
15. Егемен Қазақстан. 2004 жыл, 6 ақпан.
16. Халық Кеңесі. 1994 ж., 1 наурыз.
17. Исиналиев М.И. “Комсомол-помощник партии по воспитанию молодежи на целине (1954-1958 жж.)”, кандидатская диссертация. А., 1970 ж., 30-бет.
18. Бұл да сонда, 49-бет.
19. Бұл да сонда, 52-бет.
20. Марбеков Т. Тың тұмшалаған шындық. “Жұлдыз”, 1991 ж., №6, 130-бет.
21. Егемен Қазақстан. 2004 жыл, 6 ақпан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің жақсылықтары мен кемшіліктері жайлы айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются положительные и отрицательные стороны освоения целины и целинных земель.

О ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ

Туменова С.М. к.и.н., доцент (г. Алматы, Казгосженпи)

Грозные эпохи исторических переломов рождают людей, которые как бы воплощают в себе душу переживаемого момента. Эти люди являются носителями того нового, грядущего, высшего, которое борьбой пробивает себе дорогу и

завоевывает право на существование. Однако именно в XX в.в СССР был создан тоталитарный командно-административный режим, отличительными чертами которого были идеологический контроль над социальной и духовной жизнью общества, манипулирование сознанием, уничтожение инакомыслия, и т.д.и т.п. В их оценке необходимо соблюдение принципа объективности, исключение каких-либо идеологических пристрастий.

В 1918 г. принимаются «Декларация о единой трудовой школе» и «Положение о единой трудовой школе», в которых провозглашались основные принципы советской образовательной системы – бесплатность, совместное обучение мальчиков и девочек, исключение из преподавания богословских дисциплин, отмена всех видов наказания, школьное самоуправление. Все школы делились на две ступени – первую, для детей 8-13 лет и вторую, для детей 13-17 лет. Началась активная работа по преобразованию медресе, мектебов и русско-казахских школ в советские. К концу гражданской войны в Казахстане действовала 2410 школ с 144 тыс. учащихся, из которых 31 тыс. – казахи. Однако большая часть школ работала в непригодных помещениях, 99% казахских школ вообще не имело своих зданий. Единых учебных программ не было, практически отсутствовало необходимое количество учебников.

Ленинская идея всеобщего обучения распространилась на всё население страны, включая детей, подростков и взрослых, и исходила из марксистского положения от том, что человек должен образовывать себя при социализме всю жизнь, ибо социализм создаёт для этого экономические, политические и правовые предпосылки. Для обеспечения школами и преподавателями детское и взрослое население В. И. Ленин указывал использовать энтузиазм народа. Ленинский лозунг «Каждый грамотный – обучи неграмотного» означает, что с помощью масс оставаться в интересах масс. В своё время в брошюре «К деревенской бедноте» В.И. Ленин писал, что «только даровое и обязательное обучение всех детей может избавить народ хотя бы отчасти от теперешней темноты.»

Большое внимание вопросу ликвидации неграмотности уделил VIII съезд РКП (б), состоявшийся в марте в 1919 г. перед народным образованием были поставлены качественно новые задачи: проведение бесплатного и обязательного общего и политического образования для всех детей обоего пола до 17 лет, полное осуществление единой трудовой школы с преподаванием на родном языке, с совместным обучением детей общего пола. Съезд установил так же необходимость организации для некоторых периодических чтений в школах, избах – читальнях. Для этой цели создавались особые кружки чтецов, куда включалось местное учительство.

Созванный в 13-16 мая в Оренбурге I Всеказахстанский съезд «Долой неграмотность» признал эту организацию крайне необходимой, особенно для Казахстана. Оно «исходило в своей работе из известного положения, принятого XIII съездом РКП (б) о том, что при существовавшем культурном уровне деревни и аула всякое политическая работа должна была связываться с работой по поднятию грамотности». На съезде был принят Устав общества «Долой неграмотность» Казахской АССР, избрано Центральное правление (с 1926 году – Центральный совет) общества, позднее центральный Совет был реорганизован в Краевой Союзный ОДН при ЦИК КазССР (ликвидирован постановлением КазССР от 4 марта 1926 г.)

Первые партийно-советские школы в Казахстане возникли в 1920 г. в Оренбурге и Кустанае. Они были двух типов – начальные (I ступени) и средние (II ступени). В зависимости подготовки в эти школы принимались представители

бедноты, сельские и городские трудящиеся. В школы I ступени обычно поступали малограмотные активисты, в школы II ступени – люди более подготовленные, зрелые, стремившиеся повысить свою общую и политическую подготовку. Вскоре в республике была открыта и Высшая партийная школа с трёхлетним сроком обучения. В неё принимались лучшие выпускники совпартшкол II ступени и коммунисты, имевшие достаточную подготовку и большой опыт партийно-пропагандистской работы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы 1917-жылдардағы сауатсыздықты жою жөніндегі мәліметтер келтіріледі.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся сведения о ликвидации неграмотности в Казакстане в 1917 году.

АЛАШ ПАРТИЯСЫ ЖӘНЕ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН РЕФОРМАЛАУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ.

Іліпов М.Т. т.ғ.к. доцент, Елжанова П.А. - ізденуші (Қазмемқызпи)

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемге егемендігін мойындатқан дамушы мемлекеттердің бірі ретінде белгілі. Бұл тәуелсіздік бізге оңайшылықпен келген жоқ. Онда сан ұрпақтың арман-тілегі, маңдай тері мен аянбай төккен қаны бар. Еліміз тәуелсіздік жолында көптеген айтулы оқиғаларды бастан кешіп бүгінге жеткені жасырын емес. Сол оқиғалардың біразына мұрындық болатын, тәуелсіздікті басты ұраны ете отырып соған берік негіз қалап кеткен Алашорда үкіметі “Алаш автономиясының” құрылуы еді.

Алаш қозғалысы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани, мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді. Қозғалыстың туындауы 1905-1907 жылдардағы орыс революциясының өмірге әкелген өзгерістерімен тығыз байланысты. Бұл беталыс біртіндеп өркен жая келіп 1917 жылы жаз айында “Алаш партиясының” құрылуына тікелей ықпал етті. Партияның құрылуына үлкен үлес қосқан “Алаштың” біртуар азаматтары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев, Х.Досмұхаммедов, М.Шоқай, Ж.Ақпаев, Х.Ғаббасовтар “Алаш” саяси партиясын ту ете отырып сол кездің қоғамында орын тепкен маңызды мынадай екі мәселені жүзеге асыруды көксеген. Оның біріншісі – қазақ халқын отарлық езгіден құтқару болса, ал екіншісі қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосу болатын. Осы мәселеге орай “Алаш” партиясы осы заманғы мемлекеттің негізін қалыптастыруға талпынды. Оның біріншісі – саяси партия ретіндегі Алаш партиясын құрды, Екіншісі мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясын, жасақтады; үшіншісі – автономияны басқаратын Алашорда үкіметін өмірге әкелді. Осы үш ұғымның өзі-ақ Алаш қозғалысының тарихи мән-мағынасын айқындап тұр.

“... Бақыт іздеп, ғасырлар бойына Сахараны шарлап шарқ ұрған мұндар жолаушы – қазақ халқы» (М.Әуезов) ғасырларға жалғасқан сонау шырғалаң жылдардың қыспағынан арылу үшін азаттық деп тынбай жүргізіп келді. Содан да қазақ халқының санасынан “азаттық”, “бостандық”, “тәуелсіздік” деген ұғымдар бір сәтке де өшкін тартқан емес. Сараптар болсақ ХХ ғасырдың өзінде қазақ халқы не көріп, басынан не кешпеді. ХХ ғасырға аяқ басқанда бізде бір жағынан соған дейін баса билеп келген феодалдық қатынастардың негіздері қоғамның жаңаруына кедергі келтірсе, екінші жағында жаңа келген қоғамдық қатынастар біздің нақты жағдайымыздан алшақ тұрды. Айталық Қазақстан ол кезде жоғарыдағыдай жолдармен тәуелсіздікке ұмтылғанымен бәрібір саяси-экономикалық дербестігін сақтап қала алмай орыс мемлекетінің құрамында қалып қойған еді. Тәуелсіз ел болуға бірақ табан қалғанына қарамастан Ресей империясының уысынан шыға алмай қалған еді. Соған дейін Қазақстанның жағдайына тек Ресей империясы ғана емес шет елдік капиталистер мен буржуазиялық қатынастардың орнауы да ықпал еткен болатын.

Патша үкіметі бастан –ақыр Қазақстандағы шұрайлы жерлерді қалауынша орыс-казак әскерлеріне үлестіріп, есесіне қазақтарды қуаң сортаң жерлерге ығыстырып шеттету саясатын ұстанып келді. Екі ғасырға созылған бұл барыста қазақ халқы өзіне тиесілі тиесілі 45 млн. десятина жерінен айырды, дәлірек айтсақ еліміздің 16% бөлігі жат қолында кетті. Ресей империясы қазақты отарда ұстаудың негізін тек қана отарлау саясатымен яғни шұрайлы жерлерді тартып алумен ғана шектелген жоқ, бұл іс-әрекет үш бағытта жүзеге асты. Оның біріншісі

1. Қазақ жерінің шекараларына әскери-стратегиялық маңызы бар бекіністер салу және Орталық Ресей мен Сібір аймағын мекен еткен казактарды шоғырландыру.

2. Саяси-құқықтық реформа жасау арқылы қазақ халқын өзін-өзі басқару, билік жүргізу процесінен айырып, патша үкіметінің отарлық саясатын тиімді түрде іс жүзіне асыратын басқаруды енгізу.

3. Экономикалық саясатпен яғни салық жүйесі арқылы жергілікті халықты қанау.

ХХ ғасырдың басында қазақ халқының билігі әлі де Ресей империясының қол астында болғандықтан, қызмет орындарына келген қазақтардың көпшілігі аңқау, сенгіш, қараңғы, отарлаушы елдің заң-зәкүні мен саясатынан хабарсыз болғандықтан көбінде қолындағы бардан айырылып қана отырған. Ол заманда билік жағалаған атқа мінерлердің көздеген мақсаты біреу-ақ болатын - ол – салықтар арқылы баю. Бұл іс-әрекеттер ауылдағы болыс, би, ауылнайлардың да негізгі тірлігіне айналды.

ХХ ғасырдың басында қазақ жерінде қиын-қыстау кезең басталған еді Оған дәлел, орыс көпестері мен капиталистері қазақтардан малдың терісін, жүнін, т.с.с. заттарын өте төмен бағада сатып алса, төмен сападағы тауарларын жоғары бағаға сатып баюдың тиімді жолын көздеген. Ресей империясы өз тұсында Қазақстанның шикізат өнімдерін керегінше пайдаланған. Міне, осыған сәйкес қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал аграрлық ұлттық және таптық мәселелердің шиеленісуі ерекшелігімен көзге түсті. Бұл кезде отарлау саясаты ғана әсер етіп қойған жоқ. Сондай-ақ қазақ халқын шоқындыру саясаты өз қарқынымен жылжып “дегеніне” жетіп отырды. Бұл үрдіс қазақтық атқа мінерлері үшін баюдың тиімді тәсілі болып шықты. Себебі сол кезде орыстың тілін жетік меңгеріп, орыстың дінін қабылдаса шұрайлы жерлер мен майлы орындар үлестіріледі дегендей құлақтандырулар жиі кездесетін. Мысалы, Семей

облысының губернаторының хатында: дала генерал губернаторы жұрт арасында орыс тілін тарату мақсатында енді орыс тілін білуді ауылдық старшиндерден де және кандидаттардан да талап ету пайдалы деп тауып, бұдан былай қызметке тек орыс тілін білетіндер ғана сайланатын болады, - деп жазған. Зерттеу мәселелері көрсетіп отырғандай дін мәселесі де өз “дегендерін” жүзеге асыруды көздеген. Орыстандыру саясаты арқылы қазақтарды христиан дініне шоқындыру саясаты да өз жалғасын тауып жатты. Осыдан байқайтынымыз отарлау саясаты қазақ халқын өз тілінен, дінінен, ділінен айыруға ұзақтан дайындалып, жүйелі іске асып отырған. Бүгінгі дін мен ділімізді былай қойғанда тіліміздегі кейбір олқылықтардың орнын толтыра алмай жатуымыздың бір ұшығы да міне осында жатыр. Оған дәлел ретінде көштің басында отырған қазақтың зиялы қауымы мен олардың бала-шағаларына мемлекеттік бюджеттен өз ана тілін үйренуге қаржы бөлуімізді айтсақ қана жетіп жатыр. Егер осындай олқылықтар елде орын алмағанда бұл қаржы елді дамытудың басқа саласына жұмсалар еді ғой. Айталық осындай XX ғасыр басындағы бізді мешеу халден, қиын-қыстау кезеңдерден алып шыққан интеллигенция өкілдерін біздің жоғары бағалайтынымыз да сондықтан. Дегенмен ол тұста біздің интеллигенция өкілдері саусақпен санарлықтай ғана болды. Оның себебі, ол кезеңде Қазақстанда арнайы оқу орындары болған жоқ, тек бірлі жарымды орта білімді мұғалімдер даярлайтын училищелер ғана болған еді. Қазақтың зиялы қауымын қалыптастыру Петербург, Москва, Варшава, Қазан университеттерінің маңызы өте зор болды. М.Қойгелдиевтің мәліметіне сүйенетін болсақ, XIX ғасырдың 20-жылдарынан 1917 жылға дейінгі мерзімде Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ жастары білім алса, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Петербургте 20-ға жуық қазақ жастары білім алды. Оның қатарында Алаш партиясының негізгі өкілдері: Б.Қаратаев, Б.Құлманов, Б.Сыртанов, А.Тұрлыбаев, Ж.Досмұхаммедов, М.Шақаев, Ж.Ақбаев және т. т. б. Москва мен Петербург университеттерін Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхаммедов, М.Тынышбаев т. б. қазақ жастары бітіргенін деректер растайды.

Зиялы қауымның ішіндегі Ә.Бөкейханов өзінің төңірегіне бір топ зиялы қауымды жинап, қоғамдық- саяси өмірге белсене араласып, қиындықтан қазақ халқын алып шығуға әр уақытта тырысып бақты. Осыдан бастап саяси ұйымдар құрыла бастады. Оған дәлел ретінде 1905 жылдың соңында Орал қаласында өткен Ә.Бөкейханов, Ж.Сейдалиев, М.Дулатов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов қазақ зиялылары өкілдерінің бес облыстық делегаттар съезі аталған бас қосуда жасаған “қазақ конституциялық демократиялық” партиясын құру жөніндегі әрекеті болды. Бұл сол кезде Петербургте оқуда жүрген Х.Досмұхаммедов тарапынан қолдау тапты. Біз бұдан қазақтың зиялы қауымының саяси көзқарасының қалай қалыптасқанына куә боламыз. Дәлірек айтар болсақ, қазақ жастары шетелдерде білім алғандықтан олардың қоғамға “Батыстық” және “Шығыстық” көзқарастары қалыптаса бастады. Анығырақ айтсақ, мұны Ә.Бөкейхановтың 1910 жылы жариялаған “Қырғыздар” атты еңбегіндегі ойлары дәлелдейді. Онда автор қырғыздар арасындағы қалыптасып отырған екі бағытты атап көрсеткен. Оның бірі— ұлттық-діни бағыттағы қырғыздарды басқа мұсылман халықтарымен біріктіру еді. Ал екіншісі – қырғыз халқының мәдениетін батыс халқының мәдениетімен ұштастыру тиімді деп есептейтін бағыт еді. Бірінші бағытқа мұсылман және татар партиясы үлгі болса, екінші бағытқа – халық бостандығы партиясы үлгі болды.

1905 – 1907 жылдары қазақ зиялылары Ресей империясының реформаларына сәйкес белгілі бір іс-әрекеттер жасады. Оларды атап айтар болсақ:

1. Ең болмағанда қазақ елін басқарудағы уездер мен болыстарды басқарудың сипатын өзгерту.
2. Отарлық езгіге қарсы саяси күрес жүргізу.
3. Зиялы қауым үкімет пен қара халықты байланыстыратын күш ретінде көрсетуге ұмтылды.

1905 – 1907 жылдары Қазақстанның саяси өмірінде I және II Думаға дайындық кезеңі болып есептелді. Осыған сәйкес I Думаның төрағасы болып Ә.Бөкейханов сайланды. Дегенмен қисық саясаттың зардабынан Омбы генерал-губернаторының жарлығымен абақтыға жабылды. I-ші Думаның құрамында тоғыз депутат болса оның төртеуі қазақ, бесеуі орыс еді.

II Думаға он үш депутат қатысса оның бесеуі ғана қазақ ұлтының азаматтары еді. Сондай-ақ 1917 жылы 26-27 шілдеде Жалпы қазақ съезі болды. Ондағы қаралған негізгі мәселелер мыналар еді:

1. Мемлекетті билеу түрі.
2. Қазақ автономиясы.
3. Жер мәселесі.
4. Әскер құру.
5. Земство.
6. Оқу мәселесі.
7. мәселесі.
8. Дін мәселесі.
9. Әйел теңдігі.
10. Учредительные собрание сайлауына даярлану және қазақ облыстарынан депутаттар тағайындау.
11. Мұсылмандар кеңесі.
12. Қазақ саяси партиясы.
13. Жетісу облысындағы оқиға.
14. Киев және Петроградта болатын Ресей федерациясының жиынына қазақтардан өкіл жіберу.

Жалпы қазақ съезіндегі зиялы қауымның басты назарында “қазақтың тәуелсіз мемлекетін” құру болатын. Сөйтіп барлық қазақтың арманы болған қазақтың “Алаш” атты партиясы 1917 жылы 5 қазанда құрылды. Оның көздеген басты екі мақсаты анық еді. Бірі – қазақ халқын отарлық езгіден құтқару болса, екіншісі Қазақстанды өркениетті елдер қатарына қосу еді. Осыған орай 1917 жылы 21 қарашада “Қазақ” газетінде “Алаш” партиясының бағдарламасының жобасы жарияланды.

Партия бағдарламасының жобасы

1. Мемлекет қалпы;
2. Жергілікті бостандық;
3. Негізгі құқық;
4. Дін ісі;
5. Билік және сот;
6. Ел қорғау;
7. Салық;
8. Жұмысшылар;
9. Ғылым-білім үйрету;
10. Жер мәселесі.

Иә, осындай басым бағытты өз мойнына көтерген “Алаш” партиясының тарихи орнын уақыттың өзі көрсетті. Яғни біздің бүгінгі тәуелсіздігімізге жол

салғандар Алаштықтар болды десек онымыз артық емес. Себебі біз солар жасап кеткен басымдықтарды орындай отырып өз тәуелсіздігімізге қол жеткіздік.

Қазіргі таңда еліміз тәуелсіз, демократиялы, зайырлы құқықтық мемлекет болып табылады. Елді президент басқарып, парламент жұмыс жасауда. Өзімізге тиесілі Ата заңымыз, төл теңгеміз, рәміздеріміз бен ұлттық әнұранымыз бар. Қазақстан дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында көптеген іс-шаралар өтуде. Елдегі қымбат нәрсе адам және оның өмірі болғандықтан оған сот билігі жауапты болып табылады. Б А Қ- да өз деңгейінде сөз бостандығына ие болуда. Сондай-ақ, экономика жылдан-жылға өсіп отыр. Техника мен технологиялар көптеп пайдаланылып, дамыған елдермен бірге дипломатиялық қатынастар орнауда. Яғни араға бірнеше жылдар салып тәуелсіздігімізге мұрындық болған Алаш партиясы мен оның бағдарламасының орны ерекше. Осыған орай Алаш партиясының зиялы қауымына бас иіп, құрмет көрсетуге тиіспіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өзбекұлы С. Арыстары Алаштың, Алматы 1998.
2. Құдышұлы О. Тәуелсіздік " Алашорданың " арманы болған/ Орталық Қазақстан 1997.
3. Нүрпейісов К. Қазақ қоғамы және Алаш қозғалысы/ саясат, 1998.
4. Қойгелдиев М.Қ. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1907 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі. Алматы 1994.
13. Қосабеков А. Қазақ философиясы тарихын қалай зерттейміз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алашорда үкіметінің еліміздің тәуелсіздік алуына қосқан үлесі, тигізген ықпалы баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль правительства Алашорда в обретении Республикой Казахстан независимости.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

ЖАПОНИЯДА САМУРАЙЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Айтбай Р.Т. - т.ғ.к., доцент м.а., Аширбкова Ж.Б.-т.ғ.к., доцент м.а.
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Жапония тарихында самурайлардың қалыптасуы, қоғамдағы рөлі, дүние танымы мәселелерін түсініп ашып көрсету маңызды. Себебі самурайлар тарихы ҮІІ-ХІХ ғасырдың бірінші жартысын қамтиды. Бүкіл орта ғасырлардағы жапон қоғамындағы болған қоғамдық өзгерістерді түсінуге самурайлар тарихы көмектеседі. Қазіргі кездегі Жапонияның керемет жетістіктері самурай тарихымен тығыз байланысты деуге болады. Бушидо- қуатты күштің қайнар көзі. Бушидоның қағидаларын игерген жапон халқы бүгінгі табыстарына жетуде.

Самурайлардың басқа елдердің әскери топтарынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктері, есімдерін мәңгілік өшпестей етіп тарихта қалдырды. Олардың бір

мезетте ер жүрек, қатыгез жауынгерге айналып, адамды таң қалдырар ерліктер жасауы, артынша табиғаттың сұлулығына таңданып, нәзік жанды ақынға айналуы, самурайдың өзіндік құпия әлемін көрсетеді. Өлім мен өмір жайлы самурайлардың философиялық тұрғыдан терең толғаныста болуы, діннің олардың дүниетанымында үлкен мәнге ие болғандығын байқалтады. Адалдық пен парыз, өзіне деген құрмет самурайды бүкіл әлемге үлгі етті.

Жапон хроникаларында әртүрлі тағы тайпалар мен жапон жауынгерлерінің кескілескен шайқастары жайлы мәліметтер көп кездеседі. Тіпті III-IV ғ.ғ жапон қоғамы күшті әскери бағытта дамығандығы жайлы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі дәлелдейді. Қорымдардан семсер, найза, басқада қарулармен қатар жауынгерлерді бейнелейтін мүсіндер табылған. Мұның барлығы Жапонияда жауынгерлік рух ертеден қалыптасқандығының айғағы.

Самурайлардың қалыптасуы ұзақ уақытқа созылды. 645 жылы орталықтанған мемлекеттің құрылуы аяқталды. Самурайлардың қалыптасуын шартты түрде осы кезеңнен бастауға болады. Онда олар әлі самурай деп аталмаған болатын. Қаруланған адамдарды Буши, Буке, Цувамоно деп атады. «Буши» деп қоғамның жоғарғы сатысынан шыққан жауынгерлер аталды. Бұл термин Нара дәуірінде пайда болды. Ежелгі Жапонияда «самурай» (сабурай) деген сөз «сабурахи» деген етістіктен құралғандықтан «құлы адамға, жоғарғы топ адамына қызмет ету» деген мағынаны білдірді. Бірте –бірте әскери қызметтегі жауынгер жасақтарды осылай атады. «Самурай» сөзі «буши» сөзін түбегейлі қолданыстан шығарды. Бертін келе «самурай» деп екі қылыш ұстауға құқығы бар барлық жауынгерлерді атады.

Алғашқы самурайларды феодалдар өз иеліктеріндегі азды-көпті жағдайы бар ауыл тұрғындарынан алды. Самурайлар қатарын толтырудың екінші көзі: ақсүйек рулардың орта және төменгі сатыдағы егіншілікпен айналыспайтын топтарынан, аңшылар, балықшылар қатарынан алу болды. Өз қожайынынан баспана, азық кейде жер үлестерін алған жасақтар бірте-бірте қарулы қызметкерлерге айналды. Мұндай самурайлардың өздері де феодалға айналды.

Жапондар үшін ең жауынгер және айбатты қарсылас айндар еді. Олардың сырт-тұрпаты австралияның аборигендерін еске түсіретін. Айндар ұзын бойлы, мығым денелі және жауынгер халық болатын. Олардың жауынгерлік рухы жоғары болды. Шайқастарда жеңілген айндар өздерін өлтірді. Әйелдері балаларын өлтіріп, артынан өздерін өлтірді. Айндармен қақтығыс жүздеген жылдарға созылып, самурайларды үнемі әскери дайындықта болуға мәжбүр етті. Ішкі соғыс XV ғасырға дейін созылып, айндардың соңғы тірегі Хоккайдо аралын жапондардың иеленуімен аяқталды. Самурайлар айндардан қайталанбас қайсар жауынгерлік рухты алды.

Сонымен, жаңа жерлерді жаулап алу әлеуметтік топ ретінде самурайлардың қалыптасуының басты себептерінің бірі еді. Жаңа аймақтарды басып алу, феодалдық билеушілерді жақсы үйретілген тұрақты жасақ ұстауға итермеледі. Бастапқыда билеушілер мен жасақтар орталық үкіметке қатал бағындырылды. Орталық әскерін бақылап, қаржыландырып отырды. Алайда империя аумағы кеңейтілген сайын император сарайы провинциялардағы билігінен айырла бастады. Шет аймақтағы феодалдық үйлердің беделі өсіп, жасақ ұстап, қаржыландыруды өз қолдарына алды. Олардың императорға, Фудзивара үйіне бағынуы барған сайын тек шартты түрге айнала бастады.

X ғасырдың басынан орталық үкімет беделінен айрылып, елді бытыраңқылық жайлады. 936 жылы Фудзивара тұқымының бірі Фудзивара Сумитомо Кюсю аралында көтеріліс жасады. 938 ж сегіз провинцияның билеушісі

Тайра Масанадо елдің шығысында бүлік ұйымдастырды. Үкіметке нағыз берілген самурайлардың арқасында ғана бүлік басылды. Самурайлар тарихындағы ең бір қиын кезең самурайлардың самурайларға қарсы соғысы басталды.

Орталық үкіметтің провинцияларға қарсы тұра алатын айтарлықтай күші болмады. Сондықтан самурайлар топтарын бірін екіншісіне қарсы қойып отырды. Сарайдағылар самурайлардың күшейіп келе жатқанына мән бермеді. Сарайдың өз ішінде қырқыстар басталып, самурайлар оған белсене қатысты. 1156 жылы Фудзивара әулеті биліктен тайдырылды. Осы кезден жапон тарихындағы Тайра және Минамота әулеттері арасындағы билік үшін күрес басталады. Бұл кезең самурайлар үшін қиын және билікке келу кезеңі еді. Осы дәуірге байланысты «Тайра үйі туралы повесть» деген ерте жапондық эпос бар. Онда ханзада Моцухитоның Тайра үйінің билігіне қарсы ұйымдастырған бүлігі туралы айтылып, ханзаданың жауынгерлерінің ерлігі көрсетілген. 1180-1185 жылдардағы Тайра мен Минамото соғысында самурайлардың негізгі бөлігі қатыгез, қатал жауынгерлерге айналды. Самурай ең алдымен қаруын, батылдық пен арын жоғары қойды. Осындай қасиетті бағалаған қарсыласын құрметтеді. Екі жақтың қарсыластарының көбі бұрыннан бір-бірін білген. Осы кезеңдерде самурайлардың жауынгерлік мәдениеті мен эстетикасы қалыптасты. Жапонияда өзіндік әскери дәстүр мен этикалық кодекс «Бушидоның» қалыптаса бастауы осы дәуірге жатады.

Елде сарай ақсүйектері -«куге» мен қатар әскери ақсүйектер самурайлардың көсемдері -«буке» қалыптасты. «Ранглер туралы табельде» сарай ақсүйектерін әскери ақсүйектерден жоғары қойылды. 1156-1192 ж.ж аралығы кугенің биліктен тайдырылып, билікке букенің, самурайлардың келуі деп айтуға болады.

1192 жылы Тайраны жойып Минамото Еримото Камакурада өзінің әскери үкіметін құрып, бірінші сёгун болды. Бірінші сёгунат жүйелі әскери диктатура еді.

Әскери үкімет өзінің негізгі рөлін экономикалық шаралармен нығайтты. Еромото жеңілген жауларының жерлерін өзінің жақтастарына алып берді. Бұл шара әскери топтың экономикалық тірегін нығайтты. Сонымен қатар сатылы-бағыныштылық(вассалитет) жүйесінің құрылуына әкелді.

Самурайлардың қатарында төменгі таптардан шыққан білімі, байлығы жоқ топ- асигару(жаяу әскер), болды. Олардың кейбірі ерлігі мен батырлығы үшін қызмет пен атақ алып отырды.

Өздерінің иеліктерінде даймё (ықпалды княздер) толық қожайын болып, тек сёгунге ғана бағынды. Олар іс жүзінде толық тәуелсіз еді, мұндай жағдаймен сегуннің өзі де есептесуге тура келді. Батыл және жауынгер адамдар патша сарайы мен бюрократтарды ауыстырды. Жапонияда тәуелді бағыныштылық парызы -«хоси» – «қызмет ету», ал мырзаның парызы -«гоон»-«рақымшылық жасау». Бұл екі парыз да екі жағы үшін де қажет еді. Бұл екеуінен «тю»-«адалдық» деген моральдық категория туындады. Тю сөзі «мырзаға адалдық» емес, «парызына адалдық» еді. Даймё мен оның вассалдары-жауынгерлерінің арасында өз ара сенімге, моральдық міндеткерлікке негізделген жақын қарым-қатынас орнықты.

Ұрыс даласында мырза мен оның вассалы иық тіресіп бірге соғысты. Мырза өзінің ерлігі, батылдығымен үлгі болып, оның жауынгерлері ол үшін ойланбастан өмірін қиюға барды. Жауынгерлер өз князьдарының батылдығын мақтан етіп, шексіз сеніп, әкесіндей құрметтеді.

Самурайларға сатқындық пен жалдамалылық рухы жат еді. Негізгі пір тұтатын қасиеттер батылдық пен адалдық болатын.

Алғашқы сегун Минамото Йоритомо елді Камакурадағы ордасынан басқарып отырды. Император мемлекет басшысы болып, сегун оған бағынышты болып есептелді. Ал шын мәнісінде император тегі тек діни және моралдық билікті ғана сақтап, саяси және экономикалық биліктен айрылды. Іс жүзіндегі билік сегуннің қолында болды. Екі жағы билік үшін үнемі күрес жүргізіп отырды.

1199 жылы Минамото Йоритомо кенеттен аттан құлап қайтыс болады. Ұзақ тартыстан кейін 1219 жылы билік Хордзэ әулетінің қолына өтті.

Самурайлар таптары билік үшін күресіп жатқанда, император сарайы өз провинцияларын нығайтуға тырысты. Осы кезеңнің оқиғалары жайлы буддо монахи, аристократ, философ Дзиэннің «Гукансё» деген тарихи трактаты бар. Онда автор самурайлардың билік басына келуін талдауға тырысқан. Әрине автор сарай ақсүйектерін қолдаған. Самурайлардың билік басына келуі- жарық янның қараңғы иньмен алмастырылуы деп дәлелдейді.

Хордзэ диктатурасы кезінде Жапония біртіндеп әскери –феодалдық жүйедегі елге айналды. Самурайлар қатал түрде барлығын бақылап отырды. Жапонияның әлеуметтік сатылық жүйесінде самурайлардан кейін шаруалар, қол өнершілер, саудагерлер, ең төменгі сатысында –ханан, эталар тұрды. Әр таптың өзінің жүріс-тұрыс тәртібі, құқы және міндеті болды.

1333 жылы Камакурадағы Ходзэ әулетінің билігі құлатылды. Әулеттің мүшелері бірі де қалмай жойылды. Әулеттің ең соңғы өкілі Такатоки Ходзэ өзіне харакири жасады. Ходзэ әулетінің билігінің ақыры қанды қырғынмен аяқталды.

Камакура сегунатының құлауынан кейін аз уақыт император билігі қалыпқа келтіріледі. 1333-1336 жылдар әдебиетте Кэмми кезеңі деп аталады.

Император Го-Дайго билік басына келді. Бірақ император билігін ұзақ ұстап тұра алмады. Го-Дайго билікті елдің шешуші күштері: сарай ақсүйектері, самурайлар және будда монастырымен бөлісіп, сарай ақсүйектеріне көп жағдай жасады. Әрине мұндай саясат самурайларға ұнамады. Кезінде билік басына келуге көмектескен Минамото әулетінен шыққан әскер басы Асикага Такаудзи осыны пайдаланып император билігін тартып алмақшы болды. Бірақ оның жолында императорға берілген қос самурай Кусуноки Масасиге мен Нитта Ёсисада тұрды.

1336 жылдың наурыз айында Асикага Такаудзи Киотаға жаңа шабуыл бастайды. Го-Дайго қасиетті император нышандары және билік заңдарының символдарымен Киотоны тастап, империяның жаңа астанасы Ёсиноға кетіп қалады. Жеңіске жеткен Асикага Такаудзи 1336 жылдың қараша айында елдегі биліктің өзгертілгенін хабарлап, Киотодағы резиденциясын Мурамачиға ауыстырады. Император тағына император тегіне жататын Комені тағайындады. Осылайша елде екі патшалық бір мезетте билік құрды. Солтүстікте Асика әулеті және оңтүстікте император Го-Дайгоның ұрпағы билік етті. Өз ара соғыс 1336 жылдан 1392 жылға дейін созылды.

Асика әулетінің билік басына келуімен Мурамачи дәуірі басталады. Өз ара соғыс жылдарында самурайлардың дүние танымы өзгеріп, жаңа сипатқа ие болды. Самурайлардың сыртқы болмысы өзгерді. Бұрынғы ғасырларда олардың болмысы алдымен айналасына үрей әкелуге бағытталса, енді эстетикалық жағы басым болды. Мәселен, өткен ғасырларда самурайлар сақал мен шаш қойып, өздерін қаншер етіп көрсетуге тырысты. Енді басқаша дәстүр қалыптасты. Сақал – мұрттарын қырып, шаштарын ерекше тәсілдермен күтті. Кейінірек олар басының алдыңғы бөлігіндегі шаштарды қырып тастады. Мұндай шаш қою әдісі «сакайки» деп аталып, самурайлардың екі қылыш ұстағанындай ерекшелігін білдірді.

Төменгі таптағыларға мұндай шаш қоюға рұқсат берілмеді. Самурайдың сыртқы келбеті оның мейірімділігі мен ішкі дүниесінің сұлулығын білдіруі қажет еді. Самурай келбетінің әрбір бөлігі және оның өзін-өзі ұстау мәнері жоғарғы таптың өкіліне сай болуы тиіс. Асқақ келбет және тура мінез, өктем дауыс, әрбір қимыл мен ой тек қана мен –самурай деуі қажет еді. Самурайлардың мырзаға деген адалдығы артты. Адалдық олардың заңынан дініне айналды. Ол жайында сол кезде жазылған «Ұлы әлем жайлы повесть» атты еңбекте көрсетіледі.

XIV-XVI ғасыр бушидо рухының дамуының маңызды кезеңі болып саналады.

56 жылға созылған оңтүстік және солтүстік әулеттер арасындағы соғыс Дайкокудзи храмында татуластықпен бітті. Шын жеңіс Асика әулетінен шыққан сегун Ёсимицу жағында болатын. Асика әулетінен шыққан сегундар әскербасы мен мемлекеттік қайраткерліктен гөрі, көбіне өнер мен Дзен буддизммен айналысты. Ёсимицу өлгеннен кейін, ұрпақтары өнер мен Дзен буддизмнің жақтаушылары болып, биліктен біртіндеп айрыла бастады.

Феодалдық бытыраңқылық күштілердің өзкүшін көрсетіп, әлсіздерді жоюға оңтайлы жағдай жасады. Сегуннің билігі біртіндеп әлсірей бастады. Ол астананың өзін әзер бақылауында ұстады. Самурайлар арасындағы қан төгіс бұрынғысынан да күшейе түсті.

Сегун Асикаға Ёсимаса әулеттің басқа сегундеріне қарағанда жұмсақ, әрі жауынгерлердің арасын да емес, әйелдердің арасында өскен адам еді. Оны тек өнер сезімі кернеп және сонымен ғана өмір сүрді. Оның көп уақытқа дейін ұрпағы болмады. Ол ұзақ өмір сүрмейтінінен қорқып, өзінің інісін сегун болуға көндіреді. Иошимо таққа отырғаннан кейін Ёсимасаның ұлы дүниеге келеді. Даймелер екіге бөлінді. Бірі тақ мұрагері оның ұлы деп шешті, екіншілері оның інісі деген тоқтамға келді. Даймелер провинциялардан жасақтарын жинай бастады. Екі қарсылас әскер қалыптасты. Шығыста-160 мың самурай, Батыста-120 мың самурай жасақтары бір-біріне қарсы тұрды.

1467 жылы Киото қаласы және оның айналасында кескілеске үлкен соғыс болды. Онда екі жақ бір-бірін жеңе алмады. Тек шығын көп болды. Бастапқы жылдары ұрыстар астанада өтсе, кейіннен провинцияларға ауысты. Арып-ашыған әскер он жыл соғысты. Ешкім жеңіске жеткен жоқ. Астана мен елді мекендер бос қалды.

Бұл кезең 1467 жылдан 1568 жылға дейінгі «сэнгоку джидай» яғни «соғысушы провинциялар дәуірі» деп аталады. Бүкіл ел қанға боялды. Ашаршылық пен ауру жүз мыңдаған адамдардың өмірін әкетті. 250 рулық Даймелерден соғыстың соңына қарай шамамен оншақтысы қалды. Бірақ олардың орнына жүздеген сэнгоку-даймелер бай емес, кіші даймелер келді.

Жапонияның жолдары және су жағалаулары басбұзалар мен қарақшыларға толды. Олардың көпшілігі бұрынғы шаруалар ғана емес, әскери шайқастарда өз қожайындарын жоғалтып, өмір сүрудің бұдан басқа түрі қалмаған самурайлар (ронинами) болды. Бұрынғы шаруалар өздерін қорғай алмады. Кедейшілік пен қорқынышта қатар өмір сүрді. Осы кезде, село тұрғындарының самурай жасақтарына келіп қосылуы өсті.

Осы жылдар самурайлардың әскери өнерінің гүлденген кезеңі деп аталады. Өйткені елде болып жатқан қырғын соғыстан аман қалу үшін бұрынғы әскери өнерді жаңартуға тура келді. Шебер қол басшылардың әскери стратегиялары өте қатты бағаланды. Қол басшыларға «ганпейши» деген атақ берілді. Олар өзіндік әскери стратегиялар ойлап тауып, әскери өнердің ірі мектептерін құрды. Өмірі үшін қорыққан даймелер барлаушылар мен диверсантар ретінде ниндзяларды

пайдалануды кеңінен қолданды. Ниндзялар самурайлардың түнгі бейнесі еді. Басқаша айтқанда самурайлар нақты және мейірімді жауынгерлерде, ниндзя оларға қарама-қарсы еді Тура осы уақыттағы шайқастарға ірі атты және жаяу әскерлер қатысып, отты қару пайда болды.

Самурайлардың негізгі бөлігін төменгі сатыдағы әскерлер- асигаралар құрады. Олар бірнеше миллиондаған адамдардан тұрды. Олардың көпшілігі қорған жанындағы қалаларда өмір сүрді. Олар Сэнгоку джидай кезеңінен бастап Токугава кезеңінің басына дейін молшылықта өмір сүрді. Ең бай даймелер өздеріне қорған сала отырып, өз жауынгерлерін бекіністің ішкі және жақын маңына орналастырды. Орташа бай самурайлар өз үйлерінде тұрып, қызметіне қарай күрішпен үлесін алды. Ал басқалары полиция және әкімшілік қызметтерін атқарып казарма, жатаханаларда тұрды.

Самурайлардың ескі ұрыс жүргізу әдісі бұзыла бастады. Масқаралық әдістер қолдану жиіледі. Жергілікті жердің ерекшелігіне байланысты, күтпеген жерден, түнде шабуылдау, басып алу сияқты бұрындары масқарашылық ретінде саналған әдістер қолданылды. Жауынгер қандайда болсын күтпеген шабуылға дайын болуы қажет жаңа ойынның ережесі осындай болды. Дегенмен, сол уақытта да ар-намыс заңы сақталды.

Елге алғашқы еуропалықтардың келуімен қатар жапон тарихының саханасына ерекше саяси көзқарасты үш тұлға келді. Олар: Ода Нобунага, Тойотоми Хидёши және Токугава Иэясу.

Ода Нобунага Шиба әулетінің Овари провинциясындағы жер басқарушысының баласы еді. Ол өзінің шапқыншылық жорықтарын осы аймақтан сәтті бастап, тез арада Киото қаласына жетіп Асика әулетінің билігін жояды. Бірақ ол өзіне тәуелді Акечи Митсухиде жағынан сатқындыққа тап болып, қазаға ұшырайды.

Жолы болғыш қол басшылардың бірі Тойотоми Хидёши болатын. Оның шыққан тегі шаруа еді. Ол дереу Нобунаганың өлімі үшін кек қайтарды. Өзі оның жолын жалғастырды. Жетінші айдың сегізі күні ол халыққа қару ұстауға тыйым салған жарлығын шығарды. Онда провинцияларда қару ұстауға қатаң түрде тыйым салынады делінген. Бұл жарлықты халық «Тайконың қылыштарын аулау» деп атап кеткен. Хидёши ашық мойындады елде жеке қарудың таралуы салық жинауға кедергі келдіретін. Ол Кореяға жорық үстінде қайтыс болады. Сол кезде Токугава әулеті билікке деген ұмтылысын бірінші кезекке қойып, алдыға шығады. Токугава әулетінің басында айлакер Иэясу тұрды. Ол өзінің барлық бақталастарын мен Хидёшидің қорғауға уәде берген баласын қоса құртып жібереді. Токугава Иэясу 1600 жылы билікке келіп, 1603 жылы сегун атағын алады.

Токугава сёгунатының кезеңінде самурайлардың ішінде белгілі тәртіп қалыптасты. Тап ішіндегі 10 000 коку күріш табысы бар байлар өкілдері даймё титулын алды. Даймелерден басқа жоғарғы әскери қауымды сегунның жеке әскери вассалдары – хатамото (5 мың адамға жуық) арнайы артықшылықтары барлар және 15-20 мың әскері құрады. Бұл топ өкілдері өз қожайындарына берілген және Токугава өкіметінің тірегі ретінде қызмет етіп, мемлекетте маңызды және жауапкершілікті лауазымдарға ие болды.

Токугава сегунаты бекіген кезде бейбітшілік пен бітімге келу самурайлардың көп бөлігін соғысу мүмкіндігінен айырды. Самурайлар өздеріне тән келмейтін шенеуіктік қызметтер атқарды. Бірақ ешқандай қоғамдық өнім шығармай мемлекет есебінен өмір сүрді.

Самурайлардың аз бөлігі ауылдарда шаруаларды бақылайтын әкімшілік қызметтер атқарып, салық жинап, кей жағдайда жерді жалға алды. Бұл самурайлар гесё деп аталды. Олар экономикалық пайдалы жерде отырғандықтан әрқашан жер игеруге қаражаттары болды. Олардың бірте –бірте қарапайым шаруалардан айырмашылықтары азайды. Тек заң бойынша ұстауға рұқсат берілген екі қылыштары ғана олардың әкімшілік қызметкері екендігін еске салды.

Гэнроку (1688-1704) дәуірінен бастап барлық әскери-феодалдық жүйе экономикалық дағдарысты бастады. Саудагерлер мен қолөнершілердің экономикадағы ролінің күшеюі капиталистік қатынастардың пайда болуына алып келді. Бұл жерде самурайлар өздеріне лайық орын таба алмады. Жеткілікті қаражат таппағандықтан бушилар қызметтерін тастап жауынгерге тән емес сауда, қолөнер, сабақ беру, соғыс өнерін үйрету сияқты қызметтерімен айналасуға мәжбүр болды.

1866-1869 жж. азамат соғысы самурайлардың әскери тарихындағы ең соңғы соғыс болатын. Олар екі жақтың әскерін де соғысты. Жеңіс қай жағында болса да, самурайлар жеңіске жетпейтін еді. 1868 ж. Мэйдзидің қалпына келтіру реформалары бушилардың өмірін түбегейлі өзгертті.

1871 ж. император жарлығымен 100000 адамы бар әскер құру жүргізілді. Бұрынғы кезбен салыстырғанда адамдар әскерге шақырылды. Самурайларға соңғы соққы қылыш ұстауға тиім салу еді. Самурайлар дәуірі осымен аяқталды.

Самурайлық рухтың маңызы және жауынгерлік борыштың принциптері жайлы «Будо сёшин-шю» («жауынгерлік өнерге алғашқы нұсқау»), «Хагакурэ» («парақтағы жасырын») деген кітаптар жарыққа шықты.

Бушидоның моралі ерлік пен батырлыққа негізделген. Оның ілімдік мәні әділетсіздікке, ар-намысты қорлауға қарсы тұру. Самурайлық бұл жүйеленген ілім емес еді. Алайда ғасырлар бойы дәстүрге айналып, самурайлардың қағидасы қалыптасты.

Нағыз самурай болғысы келгендерге қойылатын бірінші талап-барлық іс-әрекетінде өзіне есеп беру. Шындық пен әділетсіздіктің бірден-бір өлшемі ар деп есептеді.

Самурайлардың ілімі бойынша қайырымдылық-тектіліктің жоғарғы белгісі. Әлсіз адамға зорлық көрсету қорқақтық, ал көмек беру, оның ішінде әйелдер мен балаларға-ерлік. Өзінің жүрегінде аяушылығы бар адам ғана самурай бола алады.

Самурайлар өз тобының адамдарына қаталдықпен қарап, жоғары талап қойып отырды. Арды аттағандар қатал жазаланды. Мәселен, самурай кодексіне жатпайтын қылық жасап, оны бұзғандарды харакири күтіп тұрды. Жапондар бұл сөзді айтпайды. Оны «сеппуку» немесе «каппуку» деген сөзбен алмастырған. Ол «ішін жару» деген мағынаны білдіреді. Бушидо ғасырдан ғасырға, атадан балаға мұра ретінде сақталып, өзінің мән-мағынасын жоғалтқан жоқ. Бушидо арнайы оқулық ретінде және мектептерде оқытылмады. Сондықтан самурайлардың «ар кодексінің» мәні жайлы көпке дейін белгісіз болды. Тек XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басынан бастап шет ел ғалымдары зерттей бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Носов К.С. Вооружение самураев. М., 2003.
2. Все о Японии. М., 2001.
3. Японские самурайские сказания. Санкт-Петербург. 2002
4. Япония. энциклопедия. 1999.
5. История стран Азии и Африки в средние века. М., 1987.

6. А.Р. Басов Дух Воина .М.,1998.
7. А.Р. Басов Восхождение.М.,2000.
8. Адель Уестбрук, Оскар Ратти .Секреты самураев .М.,2000.
9. У.С. Уилсон Идеалы самураев.М.,1999.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена формированию самурайства как военного сословия и ее роли в японском обществе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада орта ғасырдағы Жапонияда самурайлардың әлеуметтік топ ретіндегі қалыптасуы және рөлі туралы айтылған.

ҰЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АШЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕУРОПА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Бисембаева Л. А.- аға оқытушы(Алматы қ., Қазмемқызпи)

XV ғасыр соңына таман Батыс Еуропада өндіріс пен сауда айтарлықтай дамыды. Ал бұл өз кезегінде жалпыға ортақ айырбас құралы ретінде ақшаға сұранысты туғызды. Еуропада алтын мен күмістен жасалған металл ақшалар жетіспеді. Сонымен қатар, XIV ғасырлар ортасында Жерорта теңізінде сауданың құлдырауы мен алдыңғы Азия мен Балқанды түріктердің алуы және Қызыл теңізде египет сұлтандары монополиясының қайта орнатылуы алтын мен күмістің жаңа кендерінің, жаңа сауда жолдарының қажеттілігін бұрынғыданда арттыра түсті.

Осы жағдайлар Еуропадан Африкаға, Үндістанға және Шығыс Азияға шығатын сауда жолдарын іздеуге себеп болды. Ұлы географиялық ашуларға сол кездегі теңізде жүзу мен әскери істе қол жеткізілген жетістіктер де оңды әсер етті. Оқ-дәрілік қаруларды жетілдірудің маңызда зор болды, тапаншалар мен мушкеттер пайда болды.

Аталған аймақтарға бірінші болып Батыс Еуропадан саяхатқа шыққан Португалия мен Испания еді. Бұл істе қызығушылық танытқандар корольдік билік, шіркеу, копестер, әсіресе, дворяндар болды. Мұхит жолын игеруді бірінші болып португалдықтар бастады. 1487жылы Б.Диас Үнді мұхитына шықты. Бірақ ол қол астындағылардың ықпалымен, саяхатты жалғастырудан бас тартып, Лиссабонға оралуға мәжбүр болды. Осылай, ол, Үндістан жағалауларына жете алмай-ақ отанына оралды.

Үндістанға жаңа жол салуды аяқтау мақсатымен Португалия 1497 жылы 4 кемеден тұратын экспедиция жасақтады. Оның басында Васко да Гама тұрды. Бұл эскадра Африканы айналып өтіп, 1498 жылы 20 мамырда үнді қалашығы Калькуттаға жетті. Үндістанға теңіз жолының ашылуымен португалдықтар оңтүстік және шығыс Азияның теңіздік сауда жолдарын тез игеріп алды, сонымен қатар Үнді мұхитындағы арабтармен аяусыз қақтығыстар жүргізді. Олардың кемелерін тонады, суға батырды. 1511 жылы олар Қытай және Жапониямен сауда байланыстарын орнатты. Осылайша, Батыс Еуропадан Үндістан мен Шығыс Азияға теңіз жолы ашылды. Енді Үндістан мен Шығыс Азияға Батыс жолын ашу мақсатымен 1492 жылдың 3 тамызында Испаниядан экспедиция аттандырылды.

Экспедиция басшысы Х.Колумб Португалиямен ара-қатынысын бұзып алудан сескеніп, саяхатының шын мақсаттары бастапқыда өте құпия ұстады.

1492 жылы 12 қазаны Америка құрлығының ашылған күні деп есептеледі.

Х.Колумб Америкаға төрт рет экспедиция ұйымдастырып, Куба, Гаити, Ямайка және т.б. Кариб теңізінің аралдарын, Орталық Американың шығыс жағалауларын және Венесуэлланы зерттеді. Х. Колумб өмірінің соңына дейін өзінің Шығыс Азия жағалауларына жеткеніне сенімді еді.

Оңтүстік Американың ашылуы Испанияның көптен күткен алтынға қол жеткізсем деген үмітін ақтамады, елде оның әрекеттеріне наразылықтар күшейе түсті. Барлық мүлкін қарыз төлеумен жоғалтқан Колумб 1506 жылы дүние салады. Замандастары ұлы теңіз жаһангерін ұмытып та кетті. Х.Колумб ашқан құрлықты оның атымен емес, итальяндық ғалым Америго Веспуччидің есімімен атады. А.Веспуччи 1499-1504 жылдар аралығында Оңтүстік Америка жағалауларын зерттеуге қатысқан, оның «Оңтүстік хаттары» деген жазбалары Еуропада кеңінен танымал болады.

1508 жылы Америкада отарлар құру үшін испандық дворяндар корольден патент алды. Орталық Америка мен Мексиканы отарлау басталды. 1519 жылы 20 қыркүйегінде Фернанд Иоганның бес каравелласы Испан порты Сан Луканнан Тынық мұхиттың оңтүстік – батысына жол табу, одан әрі Азияға қол жеткізу мақсатымен теңізге шығады. Бұл теңіз саяхаты үш жылға созылды. 1521 жылы Батыс жол арқылы Азияға жетті. Испандықтар Гватемала, Гондурас, Боливия, Чили, Аргентинаны, португалдықтар - Бразилияны басып алды. Батыс Еуропаның басқа елдерінің копестері мен саяхатшылары да байлық іздеу мақсатында Америка құрлығына ене бастады. ХҮ ғасырдың соңында ағылшын және француз теңіз саяхатшылары Солтүстік Американың бір бөлігін зерттеді, ал голландықтар 1606 жылы Австралияны ашады. Осылайша, жаңа әлемге жол ашылды. Америка құрлығына Испания мен Португалияның үстемдігі орнай бастады. Ал, бұл өз кезегінде атаулы құрлықтың өз бетінше дамуына шек қойды және отарлық тәуелділігіне жол салды. Ұлы географиялық ашулардың негізгі әлеуметтік – экономикалық нәтижелері келесідей болады:

1. Батыс Еуропада капиталистік өндірістің қалыптасуына ықпал етіп, буржуазияда қомақты ақшалай қаржының қорлануына себепкер болған отарлық жүйе қалыптаса бастады.

2. Теңіз саяхаты экспедицияның арқасында Еуропа Африка, Америка және Австралиямен өзара сауда жолдары арқылы байланысқа түсті және әлемдік нарық қалыптаса бастады. Жаңа әлем Еуропа мануфактурасы үшін сұраныс тауарларының нарығына айналды. Монополиялық иелік батыс Еуропада капитализмнің қарқынды дамуын қамтамасыз етті.

3. Баға революциясы басталды. Ол Америкадан Еуропаға үлкен көлемде алтын мен күмістің шығарылуымен байланысты болды. Арзан алтын мен күмістің кең көлемде ағылып келуі онының құнының күрт төмендеуіне, ал шаруашылық пен өнеркәсіп өнімдері бағаларының шарықтап өсуіне алып келді.

4. «Баға революциясы» қала және деревня буржуазиясының жағдайының күшеюіне, кірісінің көбеюіне әкелді. Ірі жер иелері – феодалдар тақырға отырды, кедей шаруалар мен жалдамалы жұмысшылар шығынға ұшырады.

5. Ұлы географиялық ашулар нәтижесінде экономикалық өмір орталығы Жерорта теңізінен Атлант мұхитына ауыстырылды. Әлемдік сауданың жаңа орталықтары пайда болды. Олар – Лиссабон, Севилья, Антверпен еді. Антверпен Еуропадағы ең бай қалаға, әлемдік сауда және қаржы орталығына айналды. Осылайша, Ұлы географиялық ашулар нәтижесінде, батыс Еуропаның жекелеген мемлекеттерінде

капиталистік өндірістің дамуына қолайлы жағдай туды. Ұлы географиялық ашулар алғашқы капиталдың қорлану процесін тездетті.

Өнеркәсіптің дамуы, оның ауылшаруашылығынан алшақтай беруі, ауылшаруашылығы саласында айтарлықтай өзгерістер болуына алғы шарт жасады. Ауылшаруашылық өндірісінің тауарлылығы да артты. Жеке қарабас үшін емес, енді айырбас үшін жер өңдеу қарқын алып, мал шаруашылық өнімі артты. Тауарлылықтың өсуімен қатар ауылшаруашылығында да ішкі нарықтың көлемі өсті. Сыртқы нарық тауарлары да ұлғая бастады. Ақша айналысы күрделене түсті, сауда келісімдердің жаңа түрлері ендірілді. Биржа – тауарлар мен құнды қағаздардың операциялары жүзеге асырылатын жерге айналды. Несие мен банк істері дамытылды. XVI ғасырда Батыс Еуропаның өндіргіш күштеріндегі өзгерістер қолөнершілер мен шаруалардың болашақта өзіндік дамуға қабілетсіз екендіктерін дәлелдеп берді. Ұсақ өндіргіш күштерінің жағдайы өзгерді. Бұл қолөнершілердің көпестен экономикалық тәуелділігін орнауын жеңілдетті. Ауылшаруашылығында капитализм өнеркәсіпке қарағанда әлдеқайда баяу жүрді. Негізгі себеп: ауылшаруашылық техникасының баяу дамуы, жерге феодалды меншік және шаруалардың жеке тәуелділігі.

Жалпы алғанда, Батыс Еуропа елдеріндегі капитализмнің даму деңгейі бірдей болмады. Шаруашылық өмірде капитализмнің белсенді түрде дамуына қарамастан, түрлі елдердегі қалыптасқан нақты жағдайларға байланысты әр түрлі болды. XIV-XV ғасырлардың өзінде капитализм белгілері туындаған және басқалардың алдында жүрген Италия XVI ғасырдың өзінің көшбасшылығын жоғалтып, құлдырау кезеңін бастан кешіреді.

XVI ғасырдың ортасына таман экономикалық дамуда артта қалғандар – Германия мен Испания болды. Ал капитализмнің дамуында бірінші орынға Голландия, Англия мен Франция шықты. Қарастырып отырған кезеңдегі капиталистік өндіріс феодализм шеңберінде дамыған құрылым ғана болды. Капиталистік қатынастың дамуының жалғасуы ұлы географиялық ашулармен тездетіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Экономическая история капиталистических стран (под. ред. Ф.Я. Полянского. В.А. Жамина) М., 1986. С. 104.
2. Соколинский З.В. Теории накопления. М., 1973. С. 9, 12.
3. Хошимура Ш. Теория воспроизводства и накопления капитала. М., 1978. С. 212-221.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются великие географические открытия и их роль в развитии экономики и культуры Европы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ұлы географиялық ашылымдар мен олардың Еуропа экономикасына мен мәдениетіне тигізген ықпалы қарастырылады.

К ВОПРОСУ ОБ ИСТОРИЧЕСКИХ КОРНЯХ ТОЛЕРАНТНОСТИ НАРОДОВ СРЕДНЕЙ АЗИИ

Муртазаева Р.Х. – д.и.н., профессор

(г. Ташкент, Национальный Университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека.)

Традиции добродетели, присущие народам Востока с древних времен, сохранены и продолжают сегодня. Ученый Абу Наср Фараби, живший в средние века, в своей книге «Люди добродетельного города», пишет: «Город, объединяющий людей для помощи друг другу на пути достижения настоящего счастья, - добродетельный город и общество людей, объединённое целью помощи друг другу для достижения счастья – добродетельное общество. Народ, нация, ничего не жалеющие для ближнего и для того, чтобы все города были благополучными – является добродетельным народом и добродетельной нацией».

Добродетель и щедрость, гостеприимство и милосердие, формировавшиеся веками, являются высокими духовными качествами узбекского народа. Эти качества сыграли большую роль во время самых трудных исторических испытаний, став основой стойкости нашего народа. В исследовании исторических корней добродетельных качеств нашего народа следует обратить особое внимание на словарное значение понятия «добродетель». Это слово имеет историческое, философское, политическое и психологическое значение. В науке в большинстве случаев понятие «добродетель» используется в качестве синонима слова «толерантность» и толкуется в разных языках с сохранением корня слова.

Следует отметить, что исторические корни добродетели уходят глубоко в прошлое. Они связаны с экономическими и культурными отношениями между странами и цивилизациями, с древними торгово-транзитными связями, с условиями проживания населения на определенных территориях, с особенностями военно-политических ситуаций и миграцией населения.

Народы и нации мира в процессе своего историко-культурного развития, создавая различные духовные и материальные ценности, закладывали основы своеобразных цивилизаций. Такое разнообразие цивилизаций и разделение их развития на этапы было связано прежде всего с особенностями социально-экономической среды, природными условиями, природно-географическим расположением, методами ведения хозяйства и прочими условиями. Эту связь мы можем проследить на примере возникновения и развития межтерриториальных отношений у народов, занимавшихся производством, с населением, у которого ведущей отраслью было животноводство. Эти связи подчинены определенной закономерности в пропорциональности возникновения форм социального управления.

Из истории известно, что многообразие отношений между народами, разные формы ведения хозяйства и факторы материально-духовной сферы на Древнем востоке появились и стали развиваться значительно раньше, чем на Западе. Достаточно вспомнить древнюю и средневековую мировую историю, которая свидетельствует, что определенные формы ведения хозяйства, некоторые обычаи и традиции повседневной жизни народы Запада перенимали от народов Востока.

Взгляд на историю культурно-экономических отношений показывает, что непродуктивный труд человека, низкий уровень развития производительных сил и разделение труда считались единой основой развития общества. По мнению некоторых исследователей, процесс постоянных историко-культурных связей и

разделение труда обеспечили рост общего объёма производства и дополнительной продукции, что, на наш взгляд, привело к усложнению системы потребностей. Этот процесс, в свою очередь, создал широкие возможности для дальнейшего разделения на классы и развития социально-экономических, культурно-бытовых и историко-культурных отношений между народами.

Анализ проведенных исследований показывает, что цивилизация в Средней Азии формировалась и развивалась в непосредственной связи с первобытными цивилизациями на Востоке, как и культура Месопотамии и культура Хараппа в Индии. Средняя Азия, расположенная между двух известных цивилизаций, имела большое значение в экономическом и культурном объединении народов Востока в единое целое и в развитии различных отношений между ними. Следует отметить, что во все времена развития человеческого общества экономические, политические и культурные взаимоотношения между различными племенами, народами, этносами и территориями основывались на принципах мирного соседства, доброты и благодеяния.

Древние народы, жившие на территории нашего края, тоже не остались в стороне от этих процессов и их добродетельные качества уходят в глубь истории. Исторические корни добродетели, как было сказано выше, непосредственно связаны с такими факторами, как развитие культурных и экономических отношений, развитие древних путей и возникновение центров цивилизации.

В процессе исследования особенностей возникновения и развития начальных историко-культурных и экономических отношений следует обратить особое внимание на широкое распространение достижений производства и культуры, как первичных особенностей данной цивилизации, непосредственно связанных с тем, что народы были заинтересованы в расширении связей и распространении их в других центрах.

В современной историко-философской, психологической и научно-популярной литературе принято называть форму относительно развитого общества «цивилизацией». По данному определению цивилизованное общество, в какое-то время противопоставленное другому обществу, не достигшему определенного уровня экономического развития, социального порядка и принятой нормы политической стабильности, может служить самым высоким эталоном развития социальной культуры. Несмотря на первичность или вторичность, цивилизация – это определенный этап исторического развития социальных организмов, объединенных общими этническими признаками, создающих материальную культуру и ориентированных на определенную систему ценностей, занимающихся земледелием и ремесленничеством, воздвигающих города. Развитие цивилизации может быть различным в зависимости от множества факторов.

Начиная с конца прошлого века до сегодняшних дней, ученые ведут исследовательские работы по изучению историко-культурных процессов эпохи бронзы на территории Средней Азии. В результате этих исследований появилась возможность внести ясность в проблему культуры эпохи бронзы, в вопросы её происхождения, в периодизацию и хронологию, в также во многие другие аспекты. В результате на основе сравнительного анализа можно сделать следующий вывод: в этот период в различных природно-географических, экологических и политических условиях на территории Средней Азии формировались разные исторические культурные оазисы, а между ними возникли и стали развиваться многосторонние взаимоотношения. Эти процессы имели большое значение для развития цивилизации.

По результатам исследований, к периоду поздней бронзы (в начале II-I тыс. до н.э.) культура племён, живших на территории Средней Азии, переживала территориальное развитие, то есть этот период характеризуется распространением даштских племён на обширной территории даштов и адиров. Здесь господствовало животноводство в хозяйстве, земледельческие племёна владели культурой градостроительства на предгорных территориях, в оазисах, где и возникали поселения на берегу рек и горных ручьев.

По свидетельству археологических источников, земледельцы и животноводы обменивались своими культурно-хозяйственными достижениями и поддерживали постоянную связь. Постоянные этнические, экономические и историко-культурные отношения населения обеих территорий в последующий период дали свои результаты. В эпоху железа общество входит в новый этап своего развития: культурная и хозяйственная деятельность владельцев обеих территорий испытывает на себе несомненное влияние со стороны и точно так же влияет на культурное развитие соседей. Все эти процессы в некоторых случаях проходили мирно (древние дороги, взаимообмен и др.) а в некоторых случаях военно-политическим путём (в большинстве случаев кочевники нападали на оседлые оазисы). Отношения этих оседлых и животноводческих племён в конечном итоге определяли быстрое развитие общества. Основными признаками развития цивилизации в бронзовый и железный периоды являются аграрно-хозяйственные и ремесленные достижения. Связанные с системой искусственного орошения, а также переход от животноводческого и земельного хозяйства к выпасному животноводству и полукочевому образу жизни. Найдя подтверждение тому, что корни древних добродетельных качеств народов уходят в глубь историко-культурных отношений, надо особо отметить в этом процессе взаимовлияние культур на определённых территориях. Особо важно взаимовлияние местных цивилизаций, возникших на юге Средней Азии, и их территориальных соседей.

Территории Дактрии и Маргианы, расположенные на юге Средней Азии, считались очагами цивилизации в нашем крае. О происхождении их культур написано немало исследований, и существует ряд точек зрения по этому поводу. Множество исследователей связывают генезис этих цивилизаций с миграционными процессами.

По мнению В.М.Массона в бассейне реки Мургаб появление первых мест остановок связано с восточной экспансией культуры в предгорья Копетдага. Как утверждает исследователь, комплекс келлели в Маргиане относится к археологической культуре Олтинтепе. Ученый не отрицает того, что появились группы, прибывшие из Северо-Восточного Ирана, которые быстро нашли общий язык с местным населением. И.Масимов и А.Асхаров также признают мнение В.Массона о том, что с Копетдагских предгорных равнин миграционные процессы распространились в Маргиану, а затем в Бактрию.

И.В.Сариади считает, что племена южного Туркменистана освоили бассейн реки Мургаб, и тем не менее он находит сходство особенностей археологического комплекса в Бактрии-Маргиане не с культурой Намазгаха V в Южном Туркменистане, а видит его относительное сходство с культурой этого периода в Иране. По мнению П.Амьёу, кочевническая часть населения Элама организовывала общины и играла важную роль в торговых отношениях с некоторыми территориями. Поэтому исследователь выдвинул предположение о том, что, возможно, в Бактрии и Маргиане возникали группы аристократов,

которые сближались с кочевыми ремесленниками. Он считает, что укрепленные крепости и цитадели принадлежали именно этим сословиям.

По мнению В. Алёкшина, культура Сополли, возникшая на территории даштов в Средней Азии, позднее распространилась на предгорные равнина Маргианы и Копетдага. Б.Н.Удеумурадов, опровергая мнения других исследователей, выдвигает предположение о местном происхождении культуры Маргианы в эпоху бронзы.

В результате сравнительного анализа проведенных исследований можно прийти к выводу, что направления культуры Бактрии и Маргианы были разработаны в местных условиях и они являются плодом местной цивилизации. Надо особо отметить в этих процессах определенное влияние развитых культурных традиций, возникших на других территориях, и освоение их местным населением, которое развивало эти традиции на новой, свойственной им, основе. В формировании совокупности культур Бактрии и Маргианы несомненно участие южно-туркменских племён. Но следует отметить, что факт связи миграции населения, живущего в одном регионе, с распространением влияния мигрантов на такой большой территории именно во второй половине 2 тыс. до н.э., вызывает сомнение.

По мнению некоторых исследователей, в начале 2 тыс. до н.э. Бактрия и Маргиана были основным центром, где прошла широкомасштабная волна миграции племён, охватившая всю Юго-Западную Азию. Именно в этот период в оазисах Восточного Ирана, на юге Средней Азии, на больших территориях Балухистана и, отчасти в оазисах Индии, появились схожие культуры, в некоторых случаях даже одинаковые, корни которых уходят на Запад и в Малую Азию.

К периоду поздней бронзы на северо-восточных территориях Узбекистана благодаря культурным и экономическим отношениям усилилось взаимовлияние появившихся культур. Что касается территорий, то этот процесс мы можем проследить на примере пространства Ферганской долины.

Самым изученным и известным местом в Ферганской долине является Чуст. Руины этой древней деревни, известной среди населения под названием Буонамазар, расположены на берегу Говасой, на севере, в двух километрах от города Чуст. Эту местность в 1950 г. обнаружил М.Э.Воронец. Этот памятник вначале был изучен группой исследователей под руководством В.И.Спришевского, затем Ю.А.Заднепровского. Благодаря тому, что найденные в результате раскопок изделия материальной культуры значительно отличались от вещественных изделий, обнаруженных на других территориях, эта культура в науке получила название «Чустская культура».

В период формирования Чустской культуры на всей территории Средней Азии происходили важные социально-экономические и историко-культурные изменения. По мнению исследователей, эти изменения были связаны с приходом населения, жившего между реками Енисей и Урал (культура Андронов) и кочевых животноводческих племен, живших между реками Волга и Дон (культура Ягачбанда).

В эпоху бронзы эти племена, прибывшие с севера, смешались с местным населением Средней Азии. Именно в тот период часть северного населения Средней Азии переправляется на юг, а группы, оставшиеся на севере, осваивают бассейны рек, берега торных речек и родников в предгорьях. Эти племена переходят к орошаемому земледелию на территориях, благоприятных для этого вида хозяйствования. Таким образом в конце 2 тыс. до н.э. к началу I тыс. на

северных и восточных территориях Средней Азии начали формироваться центры древнего земледелия.

К этому времени, по мнению исследователей, цивилизации, существовавшие в III-II тыс. до н.э. на Среднем Востоке, были следующие: Индия, Туран, Кандагар, Сеистан, Иран-Балухистан, Кветт-Маргар, Бактрия и Маргиана, Урмиалды.

Несмотря на то, что все вышеуказанные центры цивилизации ещё не изучены полностью, большинство исследователей считает, что между ними существовали широкомасштабные историко-культурные связи, обеспечивающие их взаимовлияние. Что касается взаимосвязей, то здесь надо отметить, что основой для развития исторической цивилизации на Среднем Востоке послужили традиции Шумер-Элома. Свидетельства взаимовлияния культур можно проследить в архитектурно-строительной планировке построек путевых остановок, в легендарных пейзажах на глиняных изделиях, в некоторых изделиях ремесленников, а также в проведении религиозных мероприятий.

Кроме того, исследователями подтверждается, что энеолит, начиная с эпохи бронзы, оказывал сильное влияние на Индийскую цивилизацию и культуру Среднего Востока.

Начиная с эпохи бронзы и во время поздней культурной экспансии, круг урбанистического развития распространился на территории Юго-Западного Таджикистана в северном и северо-восточном направлении, где и столкнулся с культурой Даштских животноводов. Это начало осложнения этнополитических процессов в регионе, вызванных взаимокультурным влиянием на пограничных территориях даштских и оседлых общин на существующей историко-культурной основе.

Можно сделать вывод, что в середине 2 тыс. до н.э. на территории древней Бактрии в четырёх направлениях развивались следующие виды цивилизации: культура оседлого земледелия в Сополли-Дашли (Сополлитепа, Джаркутан, Дашли, Муллали, Бустан, Гандыркуль, Норак). Культура смешанного животноводства (первоначальный Гулхар, Джаркуль, Вахш, Макани-Мор, Айкуль, Джаркуль), даштская культура (Андроново, местность Кургантепа), культура земледелия и животноводства переходного периода (Тегузак, Кангурттут, Кушсай).

Анализ результатов проведенных исследований показал, что интенсивно развивающиеся взаимоотношения животноводов на севере с земледельцами на юге (сначала через экономико-культурные связи, а затем через прямую экспансию или миграцию), во 2 тыс. до н.э. оказали заметное влияние на историко-культурные процессы на Среднем Востоке и сыграли важную роль в определении исторической судьбы общин, живших на этих территориях.

В эпоху бронзы на территории Средней Азии существовали разные по своему уровню развития историко-культурные регионы, военная мощь которых была не равнозначна. Противоречия в отношениях между всё более усложнялись из-за того, что социально-экономическое развитие двух этнических культурных систем (оседлых и кочевых) не было одинаковым. В этих двух этно-культурных системах геополитические связи развивались параллельно с социально-культурными отношениями. В результате на историко-культурной арене Средней Азии ещё более активизировались процессы перегруппировки социальных систем, некоторые из которых потерпели крах и погибли, другие начинали формироваться, возрождаясь, третьи смешались и стали развиваться на новой культурной основе. В результате археологических исследований было обнаружено, что эти сложные историко-культурные процессы вначале проходили

во время развития первых урбанистических центров, таких как Намазгах, Олтиндепа, Сополлитепа, Гонур, Мергар, Шахри Сухта.

Сравнительно-исторический анализ результатов исследований показал, что появился взаимообмен на различных территориях Средней Азии, росло взаимовлияние различных культур, а социально-культурные конфликты в процессе развития, в первую очередь, решались путём разъединения и дальнейшего регионального объединения. Эти проявления по своим социально-политическим особенностям составляют основу исторического движения цивилизации на пути культурного согласования и социально-экономического развития. Они нашли своё отражение в многогранном урбанистическом развитии в Средней Азии, что доказывают археологические материалы, свидетельствующие о историко-культурном возрождении центров, существовавших на этой территории, начиная с энеолита до начальной эпохи железа.

В формировании и развитии цивилизации Узбекистана, в укреплении и развитии традиций толерантности велико было значение торгово-транзитных путей сообщения. Исследования по проблемам древних дорог, которые велись со второй половины 19 века до сегодняшнего дня, окончательно доказали, что цивилизация Узбекистана непосредственно связана со всей цивилизацией Востока.

Проблемам изучения древних дорог Средней Азии посвящены различные исследования. Например, уже в конце 19 века и начале прошлого века исследователи в произведениях средневековых авторов нашли описания древних дорог от Балха до Кеша и Самарканда, а также магистралей других направлений. Исследования дают сведения о том, что некоторые древние пути пользовались вплоть до позднего Средневековья.

Дошедшие до нас древние письменные источники, содержащие сведения о самых древних народах, живших на территории нашего края, не дают достаточно полных сведений об экономических и культурных связях населения, жившего на этих территориях. Поэтому очень велико значение археологических, этнографических и антропологических сведений. В результате анализа этих данных появилась возможность изучить своеобразные особенности и закономерности освоения земель на территории Средней Азии земледельцами и животноводами. Также немаловажное значение имеет изучение истории взаимоотношений на этой территории, в частности, древних дорог и направлений, имевших важное значение в торгово-обменных и культурных связях.

По результатам исследований, уже в 4-3 тыс. до н.э. территория Средней Азии начинает входить в систему торгово-обменных и культурных отношений, сформировавшихся на Древнем Востоке и во многих случаях характерных именно для этой территории. В это время в результате появления самых древних дорог наблюдается развитие культурных и экономических отношений среди народов Востока, в частности, развитие торговли. Например, по мнению исследователей, уже в 4-3 тыс. до н.э. на территории Южного Туркменистана появляются первые глиняные колёса, а к середине 3 тыс. до н.э. появляются четырёхколёсные телеги, запряженные быками. Следует отметить, что появление и развитие первых транспортных средств создает хорошие условия для ускорения процесса распределения продукции сельского хозяйства и ремесленничества на внутренней территории, что в свою очередь способствует повышению эффективности экономических и культурных отношений на древних дорогах.

Как было отмечено выше, к периоду бронзы процесс освоения населением Средней Азии новых земель становится наиболее интенсивным. В это время в Средней Азии располагались многочисленные племена и этнические группы, ими были освоены все территории, кроме внутренней части пустынь Каракумы и Кызылкумы, а также верхних регионов Памира и Алая. Материальная культура на этой территории в общем случае делится на две группы – на историко-культурную общину Андропова (Северная зона), владеющую животноводческим хозяйством и историко-культурную общину Намазгаха (Южная зона), занимающуюся земледелием. Между ними и соседствующими с ними территориями существовали различные связи через древние дороги. Эти связи создали возможность быстрого развития торгово-обменных отношений между животноводами и оседлым населением. Доказательством тому может служить находки продукции, изготовленной на определенной территории или находки сырья на древних территориях. Например, посуда, свойственная культуре Андропова, была найдена на территории Маргианы, Бактрии, Согдианы, а глиняные и металлические изделия, изготовленные в Хорезме, часто встречались при раскопках на северных территориях. В памятниках Заманбаба и Гуджайли найдены изделия, изготовленные из Бадахшанского лазурита.

Надо отметить, что уже в эпоху бронзы открывались широкие возможности для развития межтерриториальных и культурных отношений, для появления и развития внутренних и внешних путей на связанных друг с другом территориях, где находились источники редкого сырья и драгоценных камней, различные материалы и металлы.

Территория Средней Азии с древних времён была богата различными драгоценными камнями и металлами, а редкие камни, которые находили здесь, уже в то время были известны и популярны на всем Востоке. Особенно большой спрос был на изделия, изготовленные из лазурита. По результатам исследований, в 4-3 тыс. до н.э. в Передней Азии, Месопотамии, Иране и Средней Азии появились изделия, изготовленные из лазурита. По мнению многих исследователей, большинство из них было изготовлено из Бадахшанского лазурита. Распространение драгоценных металлов Средней Азии на восток послужило причиной научных дискуссий о древних путях. Кроме того, и письменные источники содержат сведения о том, что из областей Средней Азии были вывезены драгоценные камни и металлы.

Из вышеизложенного можно сделать вывод, что уже в эпоху бронзы появились древние торгово-транзитные дороги. Многие исследователи эту дорогу называют «Лазуритный путь». В это время один из торговых путей в Средней Азии соединял Бактрию и Маргиану с древним Хорезмом, Согдианой, Центральным Казахстаном и Уралом. Бадахшанский лазурит был особенно знаменит в Месопотамии в 3 тыс. до н.э. По мнению исследователей, в эпоху бронзы ещё одна дорога шла из Бадахшана на юго-Восток, соединяя через Афганистан древние народы Средней Азии с крупными центрами – такими городами Месопотамии, как Ур, Урук, Киш, Лагаш. Третья дорога в эпоху бронзы связывала Бактрию и Маргиану на юге Средней Азии с культурными центрами Харappa в Индии и Моханджо Даро в Иране. Ко 2 тыс. до н.э. территории Ферганы и Шаша тоже установили отношения с Древним Востоком. По результатам археологических исследований, в это время торговые пути из городов Месопотамии проходили через Южный Туркменистан в Бактрию и Согдиану, а затем в Фергану. Одна ветвь этой дороги проходила из Ферганы на

Запад, через пустыни Казахстана на Урал и берега Волги. А другая ветвь из Ферганы на Восток, через Даван на Синцзян, Северный Китай.

К 3 тыс. до н.э. центральные регионы Средней Азии тоже установили связи с такими цивилизованными странами, как Месопотамия, Индия и Иран. В результате исследований в памятниках древней культуры Саразма, по верхнему течению Заравшана, найдены изделия, очень похожие на предметы индийской цивилизации: украшения из ракушек, образцы глиняной посуды. Это сходство даёт основание утверждать, что существовали отношения между обеими территориями. Как видим, население жившее во 3-12 тыс. до н.э. на юге Средней Азии больше общалось с народами Месопотамии и Ирана, а население центральных территорий установило непосредственную связь, в основном, с Индией. Надо отметить, что существуют сведения о картах-путеводителях по Месопотамии и соседним государствам для торговцев Месопотамии, занимавшихся внутренней и внешней торговлей в середине 2 тыс. до н.э. В библиотеке Ашшурбанипала найдены карты расположения территорий, начиная от Урарту до Египта. По мнению исследователей, отношения Индии с Месопотамией и Ираном преимущественно велись через морские пути, а отношения с Средней Азией в основном по суше.

По результатам исследований, проведенных в последние годы, дорога, ведущая из Индии в Среднюю Азию, проходила через перевалы Гиндукуша и в месте впадения реки Кукча в Амударью (Северный Афганистан) разветвлялась.

Ветвь северного направления дороги проходила через Бактрию (Дашли, Сополли, Джаркутан) в долину Зарафшан (Саразм, Заманбаба), в Кызылкумочаткалские – Курамские горы и в медно-свинцовые карьеры Центрального Казахстана. Второе направление из Шуртугая вело по левому берегу Амударье к долине реки Мургаб, Таджики, Южному Туркменистану (Алтинтепа, Камазгах) и к северо-западному Ирану.

Следует обратить особое внимание на большое значение прямых экономических и культурных связей и древних дорог в продвижении и развитии традиций толерантности нашего народа. Вместе с тем следует отметить, что миграционные процессы, имеющие место в древние времена, тоже являлись одним из важных исторических корней толерантности.

В последние годы были проведены определённые исследования о влиянии переселения народов на местную культуру. Некоторые ученые, сравнив среднюю продолжительность жизни и антропологический облик древнего населения (Бустансой) на юге Узбекистана с населением, жившим в эпоху бронзы на территории Средней Азии и Казахстана, пришли к выводу, что между ними нет значительной разницы.

В этот период народы с расовым обликом средиземноморья и своей материальной культурой под влиянием миграционных процессов сближались с местным населением. О чем свидетельствуют памятники эпохи бронзы на территории Узбекистана (Чуст, Далварзин, Сополли, Джавкутен, Муллали), и памятники культуры юго-западного Таджикистана (Тигровая Балка, Маканимар), Южного Туркменистана (Алтинтепа, Намазгах), и Северного Афганистана и Ирана.

В результате усиления миграционных процессов в конце 2 тыс. до н.э. и начале 1 тыс. на большой территории Средней Азии произошли социально-экономические изменения. В это время носители кочевой культуры Андроновцы, пришедшие с Севера, смешались с местным населением и стали, заниматься

земледелием, расположились на благоприятных землях, переходя к оседлому образу жизни.

Большинство исследователей относят формирование новых исторических традиций к середине 3 тыс. до н.э. – 2 тысячелетию, считая их результатом миграционных процессов на территории Сред. Азии. В этом процессе, кроме того, особенно важное значение имеет культурно-экономическое взаимовлияние как результат соответствующих связей. Надо отметить, что основой для развития исторической цивилизации Среднего Востока послужили давние шумеро-элалеские традиции. Степень их влияния можно увидеть в предметах экономической и культурной жизни, в архитектурно-плановом развитии местности, в некоторых изделиях ремесленников. Кроме того, индийская культура тоже сильно повлияла на цивилизацию Среднего Востока.

В продолжение поздней культурной экспансии круг экономического и культурного развития распространяется в северо-восточном направлении на территорию юго-западного Таджикистана и сталкивается с культурой даштских животноводов. С этого времени взаимокультурное влияние на пограничных территориях даштских и оседлых общин ещё более осложняет этнополитические процессы, которые протекают на историко-культурной основе в регионе.

Кроме того, объединение культур земледелия и животноводства в этот период явилось первопричиной относительной эффективности ведения хозяйства. Были достигнуты особенно высокие результаты в добыче и переработке металла, в производстве гончарных изделий. В деятельности ремесленников эпохи бронзы в этих сферах происходят качественные технологические изменения, которые были тесно связаны как с внутренними, так и внешними факторами.

Всё более активные взаимоотношения южных земледельцев и северных животноводов (сначала через связи, а потом через прямую экспансию или миграцию) во 2 тыс. до н.э. заметно повлияли на историко-культурные процессы в Средней Азии и сыграли важную роль в определении исторической судьбы общин, живших на этой территории, а также на развитие традиций толерантности. Противоречия во взаимоотношениях в новом культурном окружении из-за неодинакового социально-экономического развития двух этно-культурных систем ещё более осложнились.

В этих системах геополитические связи развивались параллельно с культурно-социальными отношениями. В результате на исторической арене Средней Азии этого периода активизировались процессы перегруппировки социальных систем, некоторые из которых потерпели крах и погибли, другие начали возрождаться, а третьи смешались. Культурная миграция в большинстве случаев проходила в условиях этно-политических столкновений, и этот процесс находился в непосредственной зависимости от особенностей социального положения и урбанистического развития.

Исторические корни толерантности тесно связаны с древними народами и их созидательной деятельностью в социально-экономической сфере. Этот важный тезис можно истолковать следующим образом: во первых, в это время происходит деление производителей продуктов труда на классы соответственно природному местоположению. Результаты проведенных археологических исследований дают возможность разделить южные и северные территории Средней Азии и Казахстана (на юге народы занимались земледелием, а на севере – животноводством) и сопоставить факты, имеющие отношение к традициям толерантности; во-вторых, рост численности крестьянских общин, рано перешедших к земледелию и производственной экономике влияли на

демографическую ситуацию. Это послужило толчком к переселению классов, являющихся носителями археологической культуры, и к изменению системы ведения хозяйства. Данные факторы явились основой широкого распространения традиций толерантности; в-третьих, формирование современных народов нашего края происходило в сложных этно-культурных условиях, в процессах, протекающих на территории Средней Азии превалировали местные обычаи и традиции, уходящие своими корнями в глубь истории; в-четвертых, именно это древнее население в процессе развития первобытной урбанистической культуры заложило основы начальной государственности, став руководителем социально-экономического развития на территории нашего края. Представителями именно этой культуры были созданы первые крестьянские поселения и первые города.

Результаты антропологических исследований свидетельствуют, что в период поздней бронзы и в начале периода железа, на большей территории Средней Азии распространяются представители европеоидной расы. В последние годы это подтверждается находками в могильных захоронениях, в остатках крепостных сооружений на территориях Узбекистана, Туркменистана, северного Афганистана, южного Таджикистана и северо-восточного Ирана. Сравнительное изучение погребений с антропологической точки зрения может служить основанием для таких утверждений.

На основании анализа результатов археологических и антропологических исследований ученые пришли к выводу, что к периоду бронзы в южных областях Средней Азии распространилась раса, представители которой были узколицыми и высокого роста. А на северных даштских и пустынных территориях жили племена, отличавшиеся от южного населения тем, что имели круглые головы, а лица их были не очень широкие и вытянутые.

В науке древние люди, имеющие южное обличие, именуется «представителями средиземноморской расы». Они были распространены на больших географических пространствах Передней Азии, Месопотамии, Ирана, Афганистана, Средней Азии, Индии и т.д. Люди, имеющие северный тип лица, распространялись на территории от Южной Сибири до Казахстана, от северо-восточной части Средней Азии до берегов Урала и Волги.

По исследованиям А.Сагдуллаева, к периоду бронзы на территории Средней Азии начинается процесс объединения древних представителей южного типа с северянами. Именно в этот период племена периода бронзы, жившие на территории нашего края, заложили основы древних наций и народностей. Это время характеризуется тем, что на территории нашего края происходили сложные этно-культурные процессы. В частности, если плодородные оазисы южных территорий осваивались оседлыми земледельцами, то в северных областях распространялись племена кочевых животноводов. На основе тесных взаимоотношений кочевых животноводов с оседлым населением активизируются социально-экономические и культурно-этнические отношения. В результате развития этих отношений формируются традиции толерантности.

С середины 2 тыс. до н.э. на территорию Средней Азии начинают мигрировать с северо-востока новые этнические группы, занимающиеся животноводством. Памятники культуры этих групп (Тозабагяп), имеющие ряд отличий от местной цивилизации, впоследствии обнаруживаются и изучаются на территории нижнего бассейна реки Зарафшан. Точно такие же следы этносов были найдены в Ташкентском оазисе, в Ферганской долине, в горных и предгорных территориях Северной Бактрии. На больших территориях, в частности, в пустынях Казахстана, Алтая, Южной Сибири, на предуральских

территориях жили этнические группы, создавшие особую культуру (Андроново). Этно-культурные связи и элементы сходства у представителей двух цивилизаций были выявлены в результате археологических и антропологических исследований.

Созидательная деятельность древнего населения имеет очень большое значение для всестороннего развития регионов, в частности, в появлении поселений и городов.

Следовательно, численность древнего городского населения и определение его местоположения является вопросом очень интересным и спорным. Если в настоящее время существуют определённые исследования и полученные результаты о численности населения городов Средневековья, периода колониализма, советского периода и периода независимости, то задачи определения численности населения древних городов изучены недостаточно. В настоящей работе мы сделаем попытку провести сравнительный анализ исследований, сделанных в этой области, хотя и не претендуем на его полноту.

Первые сведения о численности населения древних городов появились в исследованиях зарубежных ученых. В частности, Г.Чайед, говоря об основных признаках градостроительства, предлагал считать городами поселения, в которых проживало 5000 и более человек. Г.Франкфорт, на основе специальных исследований, пришёл к выводу, что плотность населения древних городов Месопотамии составляла 400 человек на 1 гектар. В.М.Массон, полагаясь на эти выводы сравнительного анализа Г.Франкфорта, выдвинул идею о том, что, возможно, в Кайнубадшахе (Таджикистан) жили 3500 человек, в Саксанахуре (Таджикистан) примерно 2000, в Зартепе (Узбекистан) примерно 6500. Но исследователь полностью не обосновывает свою идею и сам говорит о своих сомнениях.

В.М.Массон, основываясь на своих археологических и палеоэтнических исследованиях, высказывает мнение о том, что во времена распространения Джейтунской культуры в Копетдагских предгорных равнинах жили примерно 3000 человек, плотность населения была очень низкой, т.е. на 100 км² приходилось 14 человек. Кроме того, исследователь после анализа палеоботанических материалов и древних оросительных сооружений в Геоксюре приходит к выводу, что на этой земле жили 2000 человек.

В отличие от других памятников, о населении Сополлитепа существуют подробные сведения. Следует отметить, что из-за отсутствия культурных слоев в большей части поселения, учёт велся только на основании сведений из крепости, а затем уже полученные данные использовались на других территориях. По результатам многолетних исследований А.А.Аскарова, общая площадь крепости Сополлитепа составляла 6724 м². На первом этапе в крепости жили 30 малых семей и на каждую семью приходилось 224 м² площади. На втором этапе жил 61 человек. И на каждую семью приходилось 110 м² площади. На третьем этапе численность семей сократилась до 47, и на каждую семью приходилось 143 м² площади. Общим числом на каждую отдельную семью приходилось $(124+110+143):3=159\text{ м}^2$ площади. Если разделить общую площадь местности на эту цифру, то получим примерное количество семей, живших в Сополлитепе. $40.000:159=251$ семья. Средняя численность малых семей 5-6 человек. Значит, в Сополлитепе жили примерно 1255-1506 чел.

О численности населения древних городов даёт сведения Э.В.Ртвеладзе, в своей специальной (и единственной) статье. Ученый, опираясь на результаты археологических исследований, проводит сравнительный анализ численности

населения древних городов Северной Бактрии. По выводам исследователя, внутренняя территория оборонных стен Дальверзинтепе составляла 17 гектаров, на 1 гектар - 280 человек, по общему счету в древнем городе проживали более 6000 человек. Исследователь, на основе сравнительного анализа, определяет численность населения многих древних городов и поселений Северной Бактрии следующим образом: Зартепа – около 3000 чел., Хайтабадтепа – около 1500, Джандавлаттепа – около 1500; Талашкантепа II- около 100; Ялангтуштепа – около 3500; Кампыртепа – 800-900; Хайрабадтепа – около 500; Бабатепа – более 700; Арпапаятепа – около 300; Келинчактепа – более 70; Аккурган – 140-150 чел.

Итак, как мы видим, сведений о населении древних городов очень мало. Несмотря на это, обобщение этих малочисленных сведений и продолжение исследований в этой области, несомненно, расширит наши представления об изучении истории населения первых городов. Что касается численности населения городов в средние века и более поздние периоды, то здесь существует относительно больше сведений, и это направление является отдельной темой. Как называлось население, жившее когда-то в древности на территории нашего края, нам неизвестно. Впервые сведения о населении Средней Азии упоминаются в восточных и греко-римских источниках. По сведениям греческих историков, племена, жившие на большой территории Евразии, назывались общим названием «скифы». Геродот дал высокую оценку им: «этот народ по древности своей не уступает египтянам». Ещё один историк того времени, Плиний упоминает о существовании ещё около 20 племён на территории Средней Азии. В письменных источниках чаще упоминаются два крупных племени скифов: саки и массагеты. В миххатских письменах ахеменидов саки делятся на 3 вида (хаумаварка, тиграхауда, тийай-парадарай). О массагетах тоже существуют различные мнения, они считались местными животноводами и отличались воинственностью. Но письменные источники не дают сведений о том, к какой расе принадлежали эти народы и племена.

О древних племенах, живших на территории нашего края, даются относительно древние сведения в «Авесте». По сведениям из «Авесты», общество делилось на 4 основных части – дом, семейное общество – «нмана» или «дмана», радственное общество – «вис», племя – «занту», союз племён – «дахию». В третьей главе яштов говорится: «Мы почитаем бога Митру. Никто не вправе говорить ему ложь: если в доме – глава семьи, старейшина рода, вождь племени и глава государства – является лжецом, то рассерженный Митра полностью уничтожает семью, род, государство и их вожаков».

По сведениям из системы руководства в «Авесте», область называлась «дахию» в её глава – «дахиюпати». Человек, управлявший государством, назывался «кави» или «Састар». Однако в этом источнике нет сведений о правителях городов и деревень. «Авеста» разделяет древнее общество на четыре сословия. Это – коины, военные, животноводы и ремесленники. По разным сведениям из этого источника можно судить о том, что в древних городах развивалось ювелирное дело, гончарное дело, ткацкое и кузнечное ремесло.

На основе сравнительного анализа сведений археологических и существующих письменных источников можно сказать, что очень большой период древней истории Узбекистана не имеет письменных документов, и изучается только на основе археологических и антропологических сведений. Из письменных источников Древнего Востока (Индия, Ассирия и Иран) известно, что в середине и конце I тыс. до н.э. история Средней Азии, Афганистана, Индии и Ирана была связана с распространением индийского-иранских племён.

Индийско-иранские племена вначале жили на обширной территории между Волгой, Уралом и Южной Сибирью. А расположение населения на территории Средней Азии, возможно, связано с разделением этнических территорий в IX-VIII вв. до н.э. Следует отметить, что ко времени похода на землю Узбекистана царей иранской династии ахеменидов в VI в. до н.э. процесс разделения этих народов уже полностью был закончен. Границы территориального расположения различных народов, административные границы областей и первые города появились ещё до прихода ахеменидов.

На протяжении тысячелетий история родов и племён, живших на территории Узбекистана, созидательная деятельность местного населения, традиции и культура толерантности не исчезли бесследно. Они составили основу культуры первых городов и основу системы первой государственности. В отношениях с соседями все большую роль играла толерантность. Некоторые из этих племен создавали крупные объединения, которые стали нашими предками и были упомянуты в самых древних письменных источниках. По свидетельству этих источников, в VII-VI вв. до н.э. в крестьянских оазисах Узбекистана жили согдийцы, бактрийцы и хорезмийцы, которые создали высокую городскую культуру, имевшую крепкую основу и способную конкурировать с древним Восточным градостроительством. Саки и массагеты, жившие в горах, степях и пустынях Средней Азии и Казахстана, занимались в основном животноводческим хозяйством и развивали культурные и экономические отношения с оседлым населением.

Различные народы, жившие в первой половине I тыс. до н.э. на территории нашего государства, общались на диалектах древних восточно-иранских языков. Их этнический облик и языки были близки друг другу. Поэтому согдийцы, бактрийцы, хорезмийцы, саки и массагеты были родственными народами и понимали друг друга. Особенно, была похожа материальная и духовная культура земледельцев и оседлых племен с хозяйством и культурой городского типа

ЛИТЕРАТУРА

1. Авеста. Избранные гимны. Душанбе 1990.
2. Дальверзинтепа. Кушанский город на юге Узбекистана. Ташкент 1979.
3. Дандамаев М.А. Политическая история Ахеменидской державы. М.Наука, 1985.
4. Матвиевская Г.П., Юлдашев Х.Х. Ал Фараби –выдающийся ученый средневековья. Ташкент 1998.
5. История Узбекистана. Ташкент 2004.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены исторические корни толерантности древних народов, населявших обширную территории Средней Азии и Казахстана, взаимодействие кочевой и оседлой культуры и их взаимовлияние.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Орта Азия мен Қазақстанда ежелден мекен еткен халықтардың өз ара байланысы мен көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалы мәселелері баяндалады.

ПАЛЕСТИНА-ИЗРАИЛЬ ЖАНЖАЛЫ: ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ

Илиясова К.М., - т.ғ.к., доцент м.а.

Жалмағамбетов Е.А.(Қызылорда қ., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін дүние жүзінің саяси картасында айтарлықтай өзгерістер болды. Соның бір айғағы Таяу Шығыста еврейлер негізін қалаған Израиль мемлекетінің пайда болуы. Бұл мемлекет ежелден еврей мен арабтардың қонысына айналған Палестина жерінде құрылған еді. Палестина - Египет пен Сирия арасында орналасқан.

Израильдің құрылуы қазіргі уақытқа дейін шешімін таппаған көптеген даулы мәселелерді туғызып келеді.

Б.з.д. 1 мың жылдықта Палестина жері Египет құрамында болатын. Кейіннен Арабия түбегінде ислам діні пайда болғаннан бастап 1 араб халифы Омар Палестина жерін жаулап алады. Кейіннен бұл жер Осман империясының қол астына өтті. Палестина жеріндегі қасиетті Иерусалим қаласы еврейлер мен христиандар және мұсылмандар үшін киелі жер болып саналады.

1918 жылға дейін Осман империясының құрамында болған Палестина жері империя ыдырағаннан кейін Ұлыбританияға мандаттық жүйе негізінде берілді. 1919 жылы бұл территорияда 568000 араб мұсылмандар, 74000 христиандар және 58000 еврейлер тұрды/1/. Палестинаға еврейлердің иммиграциясы Ұлыбритания мандатығы кезінде күшейді. Британ үкіметі жылына 10000 еврейлер келуіне квота бөлді, сөйтіп Палестинадағы еврейлердің санының өсуі үшін жағдай жасалды. Жалпы еврей мемлекетін құру ісі ХХ ғасырдың басында-ақ көтерілгенін аңғаруға болады.

Палестина жерінде еврей мемлекетін құруда екі ұлы державалардың АҚШ пен КСРО-ның ықпалы зор еді. АҚШ сол кезден-ақ сионистік ұйымдардың ықпалында болды. Ал ХІХ ғасырда сионистік ұйымдар Израилді құруда зор жұмыстар жасады. Иерусалимдегі Сион тауы атауынан шыққан сионизм еврейлердің реакциялық шовинистік және буржуазиялық саясаты болғандықтан, негізгі мақсаты Палестина жерінде еврей мемлекетін құру және бүкіл дүние жүзіндегі еврейлерді осы жерге шоғырландыруға бағытталды. Сионистердің басында 1897 жылы құрылған Дүние жүзілік Сионистік ұйым тұрды. Орталығы АҚШ және Израиль мемлекетінде орналасқан/2/.

Израиль мемлекетін құруда КСРО- да өзіндік мүддесін ойлаған. 1947 жылы Палестинада 614000 еврейлер тұрып жатты/3/. Бұл 1919 жылмен салыстырғанда 10 есеге өскен. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистік террордан бас сауғалаған еврейлер Палестина жерінен пана тапты. Осы жерде айта кететін жәйт Дүние жүзілік сионистік ұйым Еуропадағы еврейлерді Палестинаға шоғырландырып, осы жерде еврей мемлекетін құру мақсатын көздеген болатын.

1952 жылы 12 қаңтарда Венгрияның астанасы Будапеш қаласында Европалық Равиндер кеңесінде сөйлеген сөзінде Эммануил Рабинович : « Біз екінші дүние жүзілік соғыс кезінде өзіміздің адамдарымызды (еврейлерді) құрбан етуге мәжбүр болдық. Бұл біріншіден бізге, фашистердің жасаған зұлымдықтарын айғақтайтын куәгерлер мен нақты тарихи құжаттарды жеткізді. Сол арқылы дүние жүзінедегі еврей халқына жанашырлық танытып, еврей мемлекетін құруға өз септігін тигізу үшін жасалынған барлық шараларды қолдануға итермеледі. Біздің отандастарымыздың төгілген қаны жауапсыз қалған жоқ, сонымен бірге бұл біздің мақсаттарымызға жету үшін төлеген құнымыз онша көп те емес» деген

болатын/4/.Бұдан сионистік ұйымдардың өз мақсатына жету үшін батыл істерге бара алатындығын көреміз.

1948 жылы Палестина жерінде Израиль мемлекеті құрылады. Палестина мәселесі бойынша 3 жоба қарастырылған. Бірінші жоба бойынша 1943 жылы құрылған Ливан мемлекеті сияқты мемлекет құру ойластырылған. Екінші жобаға сәйкес Югославия немесе Швейцария типіндегі мемлекет құру. Ал, үшінші жобада Палестинада екі дербес мемлекет- еврей және араб мемлекеттерін құру көзделді.Ал,Иерусалим қаласына «ашық қала» мәртебесін беру мәселесі назардан тыс қалмады.

Израиль мемлекетін құруда АҚШ-та мүдделі болды. Ал КСРО неге үшінші жобаны қолдады деген сауалға келсек, көптеген жылдар бойы біз еврей мемлекетін құруда АҚШ-тың үлесі басым деген көзқараста болдық, ал шын мәнісінде КСРО-ның көмегінсіз, дәлірек айтсақ И.В.Сталиннің тікелей араласуынсыз Израиль мемлекетін құру мүмкінде емес еді. Неге десеңіз, біріншіден КСРО үшінші жобаны қолдады. Екіншіден, дүние жүзінде ол кезде КСРО-ны билеген И.В.Сталиннің беделі күшті болатын. Үшіншіден, БҰҰ-да КСРО саяси салмағы бар басқа да мемлекеттер арасында беделді зор елдердің бірі болақтың.И.В.Сталиннің Палестина жерінде еврей мемлекетін құру жобасын қолдауындағы басты мақсаты- араб мемлекеттерін өзіне қарату еді. И.В.Сталин Израиль мемлекетін құруды жақтаған АҚШ араб елдері арасында беделінен айырылып қалады, содан кейін араб мемлекеттері КСРО-мен тығыз қарым-қатынас орнатады деп ойлады/5/.

И.В.Сталиннің осындай ой-тұжырымдары кейіннен нақты іске асырылды. Көптеген араб елдері КСРО-мен байланыстар орната бастады.Ал, Египет,Сирия,Иордания мемлекеттерімен достық, қарым-қатынастар нығайып, беделі өсті.1947 жылы 28 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясындағы сайлау нәтижесінде көпшілік дауысқа ие болған Палестина жеріндегі ағылшын мандаты жойылды,1948 жылы мамыр айында бұл жерде еврей және араб мемлекеттерін құру шешілді . 1948 жылы 14-15 мамырда О.Бан-Гуриан Израиль мемлекетінің құрылғандығы туралы мәлімдеп, тәуелсіздік декларациясын жариялады /6/

1948 жылы Израиль әскерлері 7 араб елдерінің жеріне басып кіріп, бірінші Араб-израиль соғысын бастады. Бұл соғысқа араб елдері Египет, Сирия, Ливан, Иран, Иордания, Сауд Арабиясы және Йемен қатысты. Нәтижесінде Израиль айтарлықтай жерлерді басып алды. Ал, Иордания Иордан өзенінің батыс бөлігін, Египет Газа секторының өзіне бағындырды. 1948-1949 жылдары алғаш рет босқындар мәселесі шықты. Соғыс жылдары Палестинадан 900 мыңдай араб босқындары көршілес жатқан араб мемлекеттеріне кетуге мәжбүр болды/7/. Бұл соғыстағы әскери іс-әрекеттер еврей мемлекетінің жер көлемін ұлғайтуға, сонымен бірге дүние жүзілік аренада өзінің күш-қуатын көрсетуге бағытталды.

1948-1953 жылдары Израиль премьер-министрі, қорғаныс министрі қызметін атқарған О.Бен-Гуриан бірінші Араб-израиль соғысында үлкен рөл атқарды .Ол Израиль мемлекетінің арабтарға қарсы соғысын бастап, Таяу Шығыстағы тікестің негізін салушы ретінде танымал. Бұған қоса сионистік ұйымдардың да дүние жүзіне бүгінге дейін ықпалы зор болып отыр. Сионистік ұйымдар арабтардың көптеген мемлекеттерінде де жұмыс жасады. Әсіресе ірі араб мемлекеті саналатын Египетте сионизм кеңінен құлашын жайды. Каирде Сионистер «Сионистік журнал», «Израиль журналы» атты басылымдарды үш тілде жарыққа шығарды/8/. Жалпы сионистік ұйымдар Израиль мемлекеті арқылы араб елдерін бағындыруды мақсат етеді. Өйткені, Араб елдері Ұлыбритания және АҚШ-тың ықпал аймағы болған. Осы тәуелділікті ұстап тұру үшін бұл

мемлекеттер барлық мүмкіндіктерді қолдануға тырысты. 1952 жылғы шілде революциясынан кейін Египет өз тәуелсіздігін жеңіп алды. Тәуелсіздік алғаннан Египет Суэц каналын национализациялады. Бұл ағылшын, американ капиталистеріне тиімсіз еді. Себебі Суэц каналы Еуропадан Азияға (Үндістан мен Қытайға) теңіз арқылы шығатын ең жақын жол болатын.

Қорыта келгенде, XX ғасыр басынан бастау алатын еврейлердің дербес мемлекетін құру идеясының екінші дүние жүзілік соғыстан кейін қайта жаңғырып, Палестина жерінде Араб және Израиль мемлекеттері өмірге келді. Екі ел арасындағы үздіксіз соғыстар, тек осы екі мемлекетке қатысты аралық жанжал емес, сол аймақтағы 20-дан астам араб елдеріне қатысты соғыс деуге толық негіз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медведев Р., Медведев Ж. Неизвестный Сталин, М., 2007 374 б.
2. Советский Энциклопедический словарь, М., 1981 1224 бет.
3. Медведев Р., Медведев Ж. Неизвестный Сталин, М., 2007 375 б.
4. www.rance.com “ Full Speech of Rabbi Emmanuel Rabbinoitch in Budapest in 1952”
5. Медведев Р., Медведев Ж. Неизвестный Сталин, М., 2007 380 б.
5. Новейшая история стран Азии и Африки. XX век. В 3-х частях, часть 3. 1945-
6. 2000 Учебное пособие. М., 2004 43 б.
7. Василеев М. История Востока, В 2-х томах. Том 2. М., 1998
8. Агарышев А. Насер, М., 1975 42 б.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории образования Израиля, палестинско-израильским отношениям конца 40-50-х годов XX в.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Израиль мемлекетінің құрылуы, X ғасырдың 40-шы ж. аяғы-50-шы жылдардағы Палестина мен Израиль қарым-қатынастары тарихы айтылған.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРДЕ

Бакаева Г.Е. - оқытушы, Қалдыбаев С.О. - оқытушы
(Алматы қ., Қазмемқызпи)

Әлемге Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген атпен танылған қола дәуірі бүгінгі Қазақ елінің б.з.д. 1-3 мыңжылдықтағы тарихын қамтиды. Қола дәуірінің соңғы да ең жоғары даму сатысына жататын Беғазы кешені Ақтоғай ауданындағы Беғазы тауының етегінде 10 гектарға жуық жерді алып жатыр. Көне заманның жойқын белгілері Беғазы тауының бір тармағында сақталғандықтан Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталған. Бұл мәдениетке тән бір қасиет, ол, бірінші жағынан,

андронов дәстүрін сақтайды, екінші жағынан, онда жаңа элементтер: мазарлардың айрықша типі, өзіндік өзгешелігі бар жерлеу салты, қыш ыдыс-аяқтардың жаңа түрлері пайда болады. Мәйіттерді бүктеле жатқызып қоюмен бірге, оларды шалқасынан жатқызып қою да кездеседі. Бұл мәдениетті ашып, кең тұрғыдан насихаттауға ең алдымен Әлкей Марғұлан зор еңбек сіңірді.

Беғазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты Ә.Х.Марғұланның «Беғазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты еңбегінің алатын орны ерекше. Бұл еңбек 1979 жылы жарық көрген. Ғылыми еңбек алғысөзден, кіріспе бөлімнен, 6 тараудан тұрады.

Қарастырылып отырған Беғазы - Дәндібай мәдениеті мәселесі жоғарыда аталған еңбектің II тарауында көрініс тапқан. Бұл тарауда Орталық Қазақстанның әр уақыттағы ескерткіштерінің ішінен қола мәдениеті дамуының шарықтау кезеңіне тән ескерткіштер кешені ерекше айқындалады. Автор өз уақытында ұзақ жылдар бойы бұл ескерткіштер белгісіз болғандығын, оларды тек соңғы 30 жылда ғана Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы ашып, зерттегендігін айтқан. Ғылымға бұл Беғазы - Дәндібай мәдениеті деген атпен енген болатын.

Автордың көрсетуінше Орталық Қазақстандағы қола мәдениетінің соңғы кезеңіндегі ескерткіштердің бұл тобы Оңтүстік Сібірдің қарасуық мәдениетіне және жергілікті ертесак мәдениетіне сәйкес келген. Зерттеуші Беғазы - Дәндібай мәдениетін Орталық Қазақстандағы қола мәдениетінің заңды және дамыған түрі екендігін ескерткен /1.61/.

Алайда мәдениеттің шығу тегі жөнінде біржақты пікір болмаған. Бұл мәселе деректік қордың аздығымен, Қазақстанның қола мәдениеті жөнінде фундаментальды материалдардың жоқтығымен түсіндірілген. Мысалы, қола мәдениетінің соңғы кезеңі болып табылған қарасуық типі Қазақстанда болмаған, ал аймақтағы басты андронов мәдениеті ерте сақ кезеңіне өткен деп есептелген. Дәндібай ескерткіші сол уақытта Орталық Қазақстанға тән емес бірегей ескерткіш болған. Ол ескерткіштен тек қана қарасуық мәдениетінің батыс шекарасын және батыстық нұсқасын қарастырады.

Қазақстан территориясында андронов мәдениеті мен ерте сақ мәдениетінің арасындағы өтпелі кезең болмаған деген пікірді қолдаған С.С.Черников болған. Ә.Х.Марғұлан андронмен ешқандай сәйкестігі жоқ кейінгі қола дәуірінің дәндібайлық классикалық ескерткішін ол андрон мәдениетінің соңғы кезеңіне жатқызған деп көрсетеді. С.С.Черниковтың пікірі мынандай болған: «Андроновская культура, когда-то яркая, самобытная и сильная, изживает себя, переходя в культуру ранних кочевников» /2.69/.

С.С.Черниковтың бұл пікірімен Ә.Х.Марғұлан келіспей өз тарапынан археологиялық ескерткіштерге дифференциалданбаған тұрғыдан қарау даму заңдылықтарын дұрыс түсінуге және б.э.д II-I мыңжылдықтардағы Қазақстанның ежелгі қоныстанушыларының мәдениетіндегі өзгешеліктерге кедергі жасайды деген тұжырым жасаған.

Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі бай материалдарды зерттеу, жаңа ұрпақтың өздерінің ата-бабаларының салт-дәстүрін сақтай отырып, жаңа мәдениет түрін жасағандығын көрсетеді. Мұны әсіресе құрылыстық мәдениет ескерткіштерінен керамика және бір-біріне ұқсамайтын, әр кезеңде ерекше типологиялық топты құрайтын қола бұйымдарынан көреміз. Дегенмен Ә.Х.Марғұлан тарихи дамудағы әр түрлі сатылардың ерекшеліктерін біртұтас біріктіру дұрыс емес деп тапқан. Сонымен қатар С.С.Черниковтың кейінгі қола дәуірін кезеңдеуі мен аймаққа бөлудегі жасаған байламын әділетті деп санамаған.

Автор бұл зерттеуші жапсырмалы білікті керамиканы ерте андрон уақытына апарып көнелендірмек болған дейді /1.62/.

Жапсырмалы білікті керамиканың кейінгі қола кезеңіне тән екендігін М.П.Грязнов дәлелдеген. Ә.Х.Марғұлан М.П.Грязновтың көзқарасының әділдігін Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің қоныстарындағы (Суық-Бұлақ, Шортанды-Бұлақ) материалдардың көптігі, жапсырмалы білікті керамиканың алдыңғы қатарларда тұруы дәлелдейді деп көрсеткен.

Ә.Х.Марғұлан біз басшылыққа алып отырған ғылыми еңбегінде беғазы - дәндібай уақытындағы бір топ ескерткіштердің ашылуы олардың туыс мәдениеттермен, әсіресе Оңтүстік Сібірдегі қарасуық мәдениетінің арасындағы қарым-қатынас жөнінде мәселені алға қоятындығын баяндай келе қарасуық мәдениетінің шығуы туралы бір қатар шетелдік зерттеушілердің пікірлеріне тоқталған. Өз уақытында автор қарасуық мәдениетінің шығуына байланысты төрт қарама-қайшы көзқарастың қалыптасқандығын айтқан. Автордың көрсетуінше ғалымдардың бір тобы қарасуық мәдениетін инь мәдениетінің әсерінен пайда болған деп есептеген. Зерттеуші бұл гипотезаның швед ғалымы Б.Карлгренаның еңбегінде көрініс тапқандығын көрсетеді. Ә.Х.Марғұланның еңбегінен көріп отырғанымыздай Б.Карлгренаның теориясына тағы бір швед ғалымы Андерсон қарсы шыққан. Ол көп жылдар бойы Ганьсу, Цинхай, Хэнань провинцияларында, Хуанхэ өзенінің жоғарғы аңғарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Көп жылдық бақылауының негізінде Андерсон Ордос қоласы Оңтүстік Сібірден шыққан деген нақты шешімге келген. Андерсонның мұндай шешімге келуін Ә.Х.Марғұлан былай түсіндіреді: «Он имел в виду историческую географию, по которой провинция Ганьсу с Ордосом не входила в состав древнего Китая, а составляла особый регион, населенный северо-западными скотоводческими племенами, больше связанными с Южной Сибирью. В древнекитайских анналах этот район охарактеризован как территория, населенная скотоводами-жунами» /1.62-63/.

Ағылшын ғалымы В.Ватсон қарасуық мәдениетінен автохтонды дамуды көруге тырысқан. Ол қарасуық мәдениетінің негізінде Оңтүстік Сібір өнері жатыр деген байлам жасаған.

Ғалымдардың келесі бір тобы шындықтан алыс көзқараста болған. Олар қарасуық мәдениетінің шығуын Батыс Иранмен байланыстырған. Н.Л.Членовтың ойынша қарасуық мәдениеті Батыс Ираннан шығысқа қарай келген. Алдымен мәдениеттің негізі Ауғанстанда болған, одан кейін Синьцзянға, Синьцзяннан Монғолияға, Ордосқа, Байкал мен Минусинск шұңқырына енген.

Н.Л.Членов Пауэлла мен басқа да еуропалық ғалымдардың идеясын жалғастыра отырып луристандық мәдениетті Орталық Еуропаға дейін әкеліп, оның гальштат мәдениетіне тигізген әсерін анықтамақ болған /3.7/.

Біз басшылыққа алып отырған еңбекте бұл қате көзқарас критика барысында әділ бағаланған деп көрсетіледі /1.63/.

Таяу Шығыстан қарасуық мәдениетінің миграциясы мен оның ежелгі Қытай мәдениетіне әсері жөніндегі идеяны дамытқан Л.С.Васильев болды. Р.Гиршманның, Э.Порадтың, Э.Террастың, Дейсонның, П.Кальмейердің зерттеулері бойынша луристандық қола Оңтүстік Сібірдегі қарасуық мәдениетінен біршама кейін пайда болған. Р.Гиршман луристан қоласын үш кезеңге бөледі: ерте (б.э.д XII-XI ғғ), орта (б.э.д X-IX ғғ), кейінгі (б.э.д VIII-VII ғғ). Ал Э.Порад луристан қоласын б.э.д X-IX ғғ, Дейсон, Э.Террас барлық кешенді б.э.д IX-VIII ғғ, П.Кальмейер б.э.д VIII-VII ғғ. деп көрсеткен. Р.Гиршман Иранда көпжылдық археологиялық зерттеу жұмысын жүргізе отырып луристан

қоласының шығуын Азиямен байланыстырады. Оның пікірінше Гиссара қонысындағы III мыңжылдық боялған керамика Трансоксониядан ауып келген тайпалардың негізінде жаңа мәдениеттің пайда болуы нәтижесінде сазбалшықпен араласқан.

Ғалымдардың үлкен бір тобы қарасуық мәдениеті жергілікті андрон дәстүрінің негізінде жатыр деген принципті ұстанған. Ә.Х.Марғұлан бұл принцип нақты тарихи фактілерге негізделгендіктен қарасуық мәселесін шешуде көп көмегін тигізеді деп санаған. Кезінде Г.П.Сосновскийде қарасуық мәдениеті Минусинск котловинасы мен Забайкальда жергілікті негізде дамыған деген тұжырым жасаған.

М.П.Грязнов қарасуық мәдениетінің андроннан шығуы шаруашылықтағы ұқсастықтарға байланысты деген. Оның пайымдауынша қарасуық мәдениетіндегі жаңа элементтер Байкал мен Монғолия алқаптарындағы тайпалардың өзара мәдени үрдісінде пайда болған.

Автор С.В.Киселевтің қарасуық мәдениетіне сырттан келген әсерді айтуда біраз асыра сілтеушілік жасағандығын алдыға тартады. С.В.Киселевтің ойынша қарасуық ыдыстарындағы геометриялық өрнектер ертеандроновтық өрнектің дамыған нәтижесі болып табылады. Қарасуықтық қола құрал-саймандар мен қару-жарақтарда батыстық байланыс байқалмаған /1.64/.

Ә.Х.Марғұланның еңбегінен байқауымызша өте жоғары деңгейде дамыған тас архитектура Беғазы - Дәндібай ескерткішінің өзіндік ерекшелігі болып саналады. Зерттеуші Беғазы-Дәндібай мәдениетінің құрылысын қарасуық мәдениетімен салыстыра отырып қарастырған. Оның баяндауынша Беғазы - Дәндібай мәдениетінің құрылысы жоғары дамыған техникасымен және бай жасалуымен ерекшеленген. Автор беғазыдәндібайлықтардың құрылыс мәдениетіндегі жетістіктердің дәлелі ретінде Жезқазған, Атасу, Бұғылы I, II типіндегі кең металлургиялық қоныстар мен баспана құрылысының қалдықтарын атайды. Ә.Х.Марғұланның көрсетуінше Атасу, Бұғылы I, II, Тағыбай-Бұлақ қоныстарының тас қабырғалары бірнеше ондаған жылдарға шыдас беретіндей етіп салынған. Сонымен қатар тарауда Беғазы - Дәндібай керамикасына да ерекше көңіл аударылған. Еңбектен көрініс тапқандай Беғазы - Дәндібай керамикасы қарасуық керамикасынан пішіні жағынан әр түрлілігімен, бұйымдар қатарының кеңдігімен, сапасының жоғарылығымен ерекшеленген.

Сондай-ақ бұл еңбекте беғазы мәдениетінің қарасуық мәдениетінен айырмашылығы ескерткіштердің кеңдігі арқылы көрініс тапқан. Мәселен, автор мынандай ескерткіштер тобын көрсетеді: Жезқазған, Саяқ, Алабұғы, Үрпек, Имантау, Қызылеспе, Шакпақ, ежелгі мыс балқыту орталықтары Жезқазған (Мильқұдық, Сорқұдық, Айнакөл), Саяқ III, IV, Суық-Бұлақ, Тағыбай-Бұлақ, Атасу, Шортанды-Бұлақ, Қарқаралы I, II, ірі қоныстар-Бұғылы I, II, Атасу I, Шортанды-Бұлақ, Ақкезен, Қарқаралы I және II; плотина түріндегі ірі гидротехникалық ғимараттардың қалдықтары, құрбандық шалатын орындар секілді

Зерттеуші бұл мәліметтердің бірнеше ғалымдардың Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстанның алдыңғы скиф мәдениеті тек Енисейдегі қарасуық мәдениетінің ықпал етуінен туындаған деп орныққан пікірлерінің жалғандығын әшкерелеп беретіндігін нық сеніммен көрсеткен /1.66/.

Автор беғазы мәдениеті ерекше этникалық мәдениеттің дамуы болып табылмайтындығын айтқан. Оның көрсетуінше бұл мәдениет ұзақ уақыт бойы заңды жолмен біртіндеп орта қола мәдениетінен бөлініп шыққан. Сол ұзақ уақыт ішіндегі негізгі сатылар Атасу өзенінен Ертіс өзеніне дейінгі аралықта кең тараған

ескерткіштер тобымен белгілі өтпелі кезең болып табылған. Зерттеуде көрсетіліп отырғандай Орталық Қазақстан тайпаларының этникалық құрамында еш өзгеріс болмаса да, олардың тұрмысында, мәдениетінде алға басу байқалған. Олар архитектура - құрылыс өнерінде, керамика және металл өңдеуде көрініс тапқан жаңа өндіріс түрінің өсуімен байланысты болған.

Ә.Х.Марғұлан бұл еңбегінде Беғазы ескерткішінің уақыт межесі жөнінде бірер ауыз сөз еткен. Зерттеуші Беғазы кешенінің уақытына байланысты әр түрлі пікірлердің бар екендігін айтқан. Зерттеуден байқап отырғанымыздай Беғазы кешенінің уақытына байланысты бірінші қателік Л.Р.Қызыласов пен Ә.Х.Марғұланның алғаш жарияланған материалдарында кеткен. Онда Беғазының уақыты б.э.д VII-VI ғғ. деп белгіленген /4/.

Автор оның себебін Беғазының үлкен тасты мавзолейлерін Забайкальдың плита қоршауларымен қате салыстыруда деп көрсеткен. Жоғарыдағы уақытқа сәйкес келмейтіндігіне Беғазы 2 мавзолейіндегі садақ ұштары да дәлел болған, олар скиф садақтарының түп тұлғасы болған.

Беғазы кешенінің уақытын алғаш дұрыс анықтаған С.В.Киселев. Ол кешеннің уақыт межесін б.э.д XIII-X ғғ. деп берген /5.158/.

М.П.Грязновтың бақылауынша қола найзаларының ұшы алдыңғы скиф уақытында пайда болған пішіндерге тән болған. Ол кешеннің нақты әрі ғылыми дәлелденген уақыт межесін берген.

Ә.Х.Марғұлан өз уақытында көптеген еңбектерде Беғазы ескерткішін 200-300 жылға жасартып нақты емес уақыт межесін заңдастыруға ұмтылыс жасалғандығын айтып өткен. Автордың көрсетуінше М.П.Грязнов Беғазы кешенін даталауға забайкаль мен монғолдық плита қоршауларының негіз бола алмайтындығын, беғазы плита қоршауларын Забайкаль мен Монголияның обаларымен салыстыру еш күмән тудырмайтын қателік болып табылғандығын дәлелдеп берген. Беғазы тас мавзолейі өзінің масштабымен ғана емес, сондай-ақ қабырға құрылысының мықтылығымен, әсіресе андронов дәстүріне апаратын көптеген архаикалық элементтері бар мәдениетімен ерекшеленген /1.67/.

Ә.Х.Марғұланның зерттеу еңбегінің біз қарастырып отырған тарауынан беғазы-дәндібай мәдениетінің ескерткіші Беғазы моласы туралы толыққанды мәлімет алуға болады. Бұл тарауда Орталық Қазақстанның кейінгі қола дәуірінің ескерткіштерінің ішінен Беғазы тас мавзолейі ерекше аталады. Тараудан байқап отырғанымыздай Беғазы мавзолейі Жезқазған облысындағы Ақтоғай ауданының территориясындағы Қызыл-Арай мен Беғазы тауында орналасқан. Бұл алып құрылыс ірі гранит кесектерінен салынған. Құрылыстың циклдік қабырғалары және үлкен гранит блоктары қазақ халқының мұндай құрылыстарды «алыптың орны» немесе «мықтың үйі» деп атауларына себеп болған. Автор еш күмәнсіз Беғазы типіндегі құрылыстарды қола мәдениетінің даму кезеңінде пайда болған деп көрсеткен /1.69/.

Автор құрылыстық конструкцияның негізгі идеясындағы жобаның нақтылығын, әсіресе ірі гранит плиталармен қапталған қабырғалар конструкциясын, олардың төменгі бөлігінің шой таспен толтырылуын, шатырды жабу идеясындағы шешімдерін, қабырға құлап қалмауы үшін қойылған тіреуді және тағы басқаларды беғазы құрылысының барлығына тән белгілер деп берген.

«Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» еңбегінің біз қарастырып отырған тарауында ауқымды орынды Дәндібай ескерткіші алады. Дәндібай обасын 1933 жылы М.П.Грязнов ашқан. Ескерткіш Қарағандыдан оңтүстік-батысқа қарай 60 шақырымда Шерубай-Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан. Дәндібай обасы Орталық Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің

маңызды бөлігін құраған. Ә.Х.Марғұлан Дәндібай кешенін қазу барысында 11-ші қоршау қызықты нәтижелер берді деген /6.216/. Зерттеушінің көрсетуінше Дәндібай обасының құрылысы толығымен Орталық Қазақстандағы кейінгі қола дәуірінің қабір құрылыстарының конструкцияларымен сәйкес келген. Олардың қатарында Беғазы, Бұғылы III, Саңғыру I, III, Ақсу-Аюлы II аталады. Автордың сипаттауынша қоршаудың дәл ортасында жерлеу бөлмесі орналасқан. Қоршау қабырғасының ішінен тереңдігі 1,2 метр болатын ор қазылып, екі қатар болып тастар қаланған екен. Ішкі қабырғаның размері 5,2x5,2 метр, биіктігі-2 метр, қалыңдығы-0,8 метр. Сыртқы қабырғасы сопақша таспен қаланған. Размері 9,8 метр, қалыңдығы-0,5 метр, биіктігі-0,7 метр. Сыртқы қабырға мен ішкі қабырғаның арасынан ұзындығы 3 метр болатын өтпелі коридор жүргізілген. Коридор ішкі қабырғадан жоғары орналасқан /7.3-52/. Зерттеуші коридорды алтарь мағынасында болған деп көрсеткен. Мұнда отқа табыну және өлгендерге арнап құрбандық шалу рәсімдері жүргізілген. Зерттеуден көрініс тауып отырғандай ішкі төртбұрышта пирамида пішіндес қақпақ болған. Оның тек сынықтары ғана сақталған екен. Ол М.П.Грязновтың мұқият жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қалпына келтірілген. Байқауымызша оба тоналған. Ә.Х.Марғұланның баяндауынша тонаушылар құрылыстың оңтүстік бөлігін бұзып кірген. Онда бас сүйегі жоқ адам қаңқасы ретсіз шашылып жатқан. Тонаушыларды аса қызықтыра қоймаған қыш ыдыстар және металл заттары жерлеу бөлмесінің әр бұрышында орналасқан. Бөлмеде қойдың, жылқының сүйектері түріндегі құрбандық азықтарының қалдықтары болған. Бөлмелер мен тас қирандылардан 12 ыдыс, екі қола садағының ұшы, қыспа ретуш техникасымен даярланған миндал тәріздес тас құрал қолға түсірілген. Бұл құралды автор М.П.Грязновтың анықтауынша тері өндеуге пайдаланған деп болжайды /6.218/.

Беғазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты мағлұматтар К.С.Алдажұманов пен А.З.Бейсеновтың редакциялығымен шыққан «Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем» еңбегінде де көрініс тапқан /8/. Бұл еңбектің 3 бөлімі толығымен беғазы - дәндібай кезеңіне арналған. Бөлімнің I тарауында Беғазы - Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері мен зерттелу тарихы қарастырылған. Тарауда б.э.д.13-12 ғасырларда Орталық Қазақстанның андрон тайпаларының материалдық мәдениетінде, шаруашылық-мәдени типінде өзгерістер болып, қола дәуірінде Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ескерткіштері арқылы көрініс тапқан жаңа кезең басталды деп баяндалады /8.148/. Сонымен қатар М.П.Грязновтың Дәндібай обасына жүргізген зерттеу жұмысына қысқаша тоқтала отырып, зерттеушінің қабірге берген сипаттамасы көрсетіледі. Мәселен, белгілі қабір былай сипатталған: «В яме глубиной 1,2 м устроено квадратное в плане массивное сооружение площадью свыше 27 кв.м (5,2x5,2 м). Стены его толщиной до 60 см и высотой около 70 см сложены из бутового камня. Основа крыши представляла собой пирамидальный бревенчатый сруб в 4 звена, накрытый сверху бревенчатым же накатом из 12-14 бревен. Пирамидальная форма сруба достигалась тем, что бревна каждого нового звена укладывались на 15-20 см ближе к центру сооружения. Так как в месте соединения бревен друг с другом пазов не вырубалось, наклонные стены сруба имели просветы шириной в толщину бревна. Стены ограды сложены из крупного бутового камня. Толщина их была, вероятно, 40-50 см, высота неопределима...» /9.131/.

Еңбектен байқап отырғанымыздай ұзақ уақыт бойы Дәндібай материалдары бірегей болып саналған. Бірақ ҚазССР ҒА-ның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1940 жылдың аяғында жарқын материалдарымен жаңа обаларды ашқан. 1947 жылы Беғазы обасында қазба жұмысы басталған. Беғазы обасынан

ауданы 10 га болатын андронов қоршауларынан қазақ мазарларына дейінгі уақыт аралығына тән обалардың құрылысы табылған.

Сарыарқаның қола дәуірі бойынша алғаш материалдарды талдап қорытындылаған К.А.Ақышев болды. Ол Орталық Қазақстандағы андронов мәдениетін федоров және алакөл кезеңіне бөліп, кейінгі қола кезеңін дәндібайлық деп атаған /10.9/. Бұл кезең мәдениеті жөнінде қарастырылып отырған еңбектен К.А.Ақышевтің мынандай тұжырымдарына көз жеткіземіз: «бұл кезеңнің мәдениеті қарасуық мәдениетінің әсер ету нәтижесі емес, ол алакөл кезеңіндегі мәдениеттің даму нәтижесі». К.А.Ақышев беғазы-дәндібай мәдениетін автохтонды негізде пайда болған дей отырып С.А.Киселевтың: «бұл обадағы керамика Оңтүстік Сібірдің қарасуық мәдениетіндегі ыдыстарға жақын» деген пікіріне қарсылық танытқан /8.149/. Мұның негізінде С.В.Киселев Беғазы мен Дәндібай ескерткіштерін Оңтүстік Сібірден қоныс аударушылар қалдырған деп есептеген /5.143-178/.

Басшылыққа алынып отырған еңбекте академик Ә.Х.Марғұланның кең масштабты экспедициялық жұмысының нәтижесінде Сарыарқа территориясынан қола дәуірінің ондаған қоныстары мен обалары анықталғандығы да айтылған. Зерттеушінің қола дәуіріндегі ескерткіштердің көпшілігі Қарқаралы мен Баянауыл тауларына шоғырланған деген пікірі де көрсетілген /8.149/. Бай шабындық пен руда шығатын таулы аудандар Орталық Қазақстанда қола мәдениеті дамуының басты ошағы болып табылған. Осы жылдары Суықбұлақ, Қарқаралы I, Қарқаралы II, Бұғылы I, II, Шортандыбұлақ қоныстарына қазба жұмыстары жүргізіліп, Еңбексүйгіш, Нарбас, Бұғылы III, Беғазы және басқа да обалардағы қабір құрылыстарының зерттелгендігі тілге тиек етілген.

Еңбектен көрініс тауып отырғандай 1970-1980 жылдары Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің экспедициясы беғазы-дәндібай кезеңінің жаңа ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қарағаш, Еңбексүйгіш, Доңғал, Диірмен обалары мен Нүркен селосынан Қопа I, Кент тауынан Әкімбек, Доңғал, Домалақтас, Кент қоныстарына қазба жұмыстары жүргізілген екен /8.149/.

Қарастырылып отырған еңбекте беғазы-дәндібай кезеңінің шаруашылығы және материалдық мәдениеті жөнінде құнды мәліметтер енген. Беғазы-Дәндібай кезеңінде адамдардың өмірінде айтарлықтай өзгерістер болған. Андрондықтардың кешенді малегін шаруашылығының орнын отарлы мал шаруашылық алмастырған. Шаруашылықтың бұл түрінде жайылым қыстық және жаздық болып бөлінген /11.237/.

Беғазы-дәндібайлықтардың шаруашылығы негізінен табиғи болған. Қолөнер кәсібінде тұрғындарды қола бұйымдарымен, яғни қару-жарақ, құрал-сайман, әшекей бұйымдармен қамтамасыз еткен тау кен ісі мен металлургия ерекше айқындалған /8.152/.

Бұл еңбекте Беғазы-Дәндібай қоғамының өркениеттік деңгейі де қамтылған. Беғазы-Дәндібай қоғамы басында күшті көсемдері бар ірі біріккен тайпалық-көсемдіктерден құрылып, мемлекеттік құру сатысына дейін жеткен. Біріккен көсемдіктердің экономикалық, әкімшілік, саяси және идеологиялық орталықтары - Кент, Бұғылы II, Шортандыбұлақ қалаларындағы қоныстар болған /8.156/.

Беғазы обасына қатысты Б.Әбеуовтың «Беғазы кешені» атты мақаласының да өзіндік орны бар. Мақалада қола дәуірінің соңғы да ең жоғарғы даму сатысына жататын Ақтоғай ауданындағы Беғазы тауының етегінде 10 гектарға жуық жерді алып жатқан Беғазы кешені туралы айтылған. Автор алдымен Ә.Х.Марғұланның басшылығымен жүргізілген зерттеу жұмыстарына тоқталған. Ол сол уақыттағы

ұлы жаңалық - Беғазы-Дәндібай дәуірінің тұтас кешені болған дей отырып, Ә.Х.Марғұлан бұл кезеңнің қола дәуіріндегі дамудың ең жоғарғы сатысы екенін дәлелдей отырып көшпелі халықтарда ешқандай өркениетті өрлеу-жазу, сызу, мәдениет, өнер болмаған деген тұжырымды жоққа шығарды деп көрсеткен /12/.

Беғазы кешенінде барлығы алты кесене болған. Б.Әбеуов Ә.Х.Марғұланнның «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты монографиясындағы мәліметтерге сүйене отырып бұл кешен қола дәуірі дамуының ең жоғарғы сатысына көтерілген тұста, патриархалдық-рулық қауымдастықтың тайпалық одақтарға біріге бастаған кезеңінде даңқты қолбасшылар мен атақты адамдарға салынған деп баяндалады. Оның ішінде аса аумақты бірінші және екінші кесенелерге сипаттама берген. Мақала авторы бірінші кесенені өзінің мөлшері мен сәулеттігі жағынан қола дәуірі мәдениетінің теңдесі жоқ аса ірі ескерткіш болып табылатындығын айтқан. Оның ойынша мұның өзі көне қазақ жерінде өркениетті дамудың болғандығының дәлелі саналған. Бұған қоса Беғазы кешеніне жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде қоладан жасалған әр түрлі тұрмыстық заттардың: қару-жарақтың, қыш ыдысаяқтардың, кен алып мыс, қалайы балқытатын орындардың табылуы да бұл дамудың соншалықты биік болғанын көрсетеді деген. Мақалада автор кесенелердің өте ертедеақ тонауға түскенін, сөйтіп алтын, күмістен жасалған аса бағалы ескерткіштердің қолды болғандығын айта кетуді жөн санаған /12/.

Бұл мақалада Дәндібай ескерткіші жөнінде де сөз болады. Автордың айтуынша Дәндібай ескерткіші Орталық Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштері кешенінің құрамдас бөлігі болып табылған. Онда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары қола дәуірінің тым көне кезеңіне тән емес дүниелердің бетін ашқан екен. Автор Беғазы-Дәндібай мәдениет дәуірінің біртұтас кешенінің сілемдерін бізге жеткізгендігін тілге тиек ете келе, оны сақтау және тарихи жазба деректермен қоса келешек ұрпақтарға қалдыруды борыш санай отырып мақаласын аяқтайды /12/.

Сөз соңында айтарымыз: қола дәуірінің соңғы да ең жоғарғы даму сатысы Орталық Қазақстанда жаңа мәдениет - Беғазы-Дәндібай мәдениетінің құрылуымен белгілі. Орталық Қазақстандағы көне дәуір ескерткіштерін зерттеу 1946 жылдан бастап қана шындап қолға алына бастаған. Сөйтіп ұлы ғалым Ә.Х.Марғұланнның басшылығымен қазақ жерін мекендеген халықтар тарихының тұтас бір дәуірлері ашылып, ұлы жаңалықтар жасалды. Соның бірі осы Беғазы Дәндібай мәдениеті болып табылды. Беғазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты Ә.Х.Марғұланнның «Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты монографиялық еңбегі және т.б. авторлардың еңбектеріне қысқаша тарихнамалық талдау жасалып, авторлардың тұжырымдары мен кереғар пікірлері көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан А.Х. Беғазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979 -360 с
2. Черников С.С. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. - Алма-Ата, 1949. - 315 с
3. Членова Н.Л. Карасукская культура // История Сибири. - У., 1964. Т.1. - 323 с
4. Кызласов Л.Р., Марғұлан А.Х. Плиточные ограды могильника Беғазы // Краткие сообщения Ин-та истории материальной культуры. 1950. Вып. XXII. - 298 с
5. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири // Материалы и исследования по археологии СССР. 1949. № 9. - 364 с

7. Маргулан А.Х. Сочинения. В 14 томах. Том 1. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алматы: Атамұра, 1998. - 400 с
8. Маргулан А.Х. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане // Изв. АН КазССР. Сер. археол. - Алма-Ата, 1951. № 108 Вып. 3. - 89 с
9. Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем. Под редакцией К.С. Алдажуманова, А.З. Бейсенова. - Алматы, 2004. - 598 с
10. Грязнов М.П. Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане // Советская археология. 1952. Вып. 16. - 186 с
11. Акишев К.А. Эпоха бронзы Центрального Казахстана: Автореф. дис. канд. ист. наук. - Л., 1953. - 18 с
11. Шнирельман В.А. Происхождение скотоводства. - М., 1980. - 189 с
12. Әбеуов Б. Бегазы кешені // Сарыарқа 1994. 12 қыркүйек

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Бегазы-Дәндібай мәдениетіне қатысты еңбектерге тарихнамалық талдау жасалады.

РЕЗЮМЕ.

В статье авторы рассматривают историографию Бегазы-Дандыбаевской культуры.

ҚАЗАҚ, ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУ ШЕЖІРЕСІНЕН

Тұрлығұл Т.Т. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Үш жүз жылға жуық отарлық бұғау мен коммунистік идеологияның құрсауында болған Қазақстан тарихы ғылымының 1990 жылдарға дейін бұрмаланбаған бірде-бір маңызды проблемасы жоқ. Солардың бірі – Қазақстан тарихының оқу орындарында оқытылу мәселесі.

Осыған байланысты біз Қазақстан тарихының оқу орындарында оқытылу тақырыбын зертеу барысында жеке шәкірттеріміздің дайындық мүмкіндігін ескере отырып (араб, латын әліпбиін білу т.б.), оларды осы пәннің оқу орындарында оқытылу тарихын зерттеуге бағыттадық. Айтқалы отырған шәкірттеріміз 2002 – 2006 жж. Ы.Алтынсарин атындағы қазақ білім академиясының аспиранттары: Қ.Ж.Адамбосынов, М.Т.Райымбекова, екеуі де біздің ғылыми жетекшілігімізбен педагогика ғылымдарының ғылыми дәрежесін алуға кандидаттық диссертацияларын дайындады. Алғашқысы, 1920 жылға дейін Қазақстан медреселерінде, ал екіншісі, Кеңестік Қазақстан мектептерінде (1960-ж. дейін) тарих пәнінің оқытылуын зерттеді. Мақаланың осы алғашқы тақырыпшасында біз орта ғасырлардан бері қарай медреселерде Қазақ, Қазақстан тарихына қатысты мәселелердің оқытылуы туралы деректері мен басқа да материалдарды Қ.Ж. Адамбосыновтың зерттеу еңбегі /1/ мен ғылыми-әдістемелік мақалаларына сүйене отырып келтірдік.

IX ғасырдан бастап Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанға ислам дінінің кеңінен тарай бастауына байланысты медреседегі оқу-тәрбие жұмысы жетіле түскен. Олардың оқу жоспарларына діни пәндермен қатар білім негіздерін оқытатын пәндер де енгізілген. Бірақ XIV ғасырға дейін тарих жеке пән болып

оқытылмаған. Тарихи тақырыптарға арналған ислам тарихы, шығыс тарихы, түрік тарихы, әлем тарихы, пайғамбарлар тарихы сияқты оқулықтар Созақ, Сайрам, Сығанақ, Түркістан, Отырар, Тараз т.б. қалалардағы медреселер де әдебиет, философия, география, дін тарихы сияқты пәндердің құрамында оқытылған.

Қ.Адамбосыновтың жасаған тұжырымы бойынша, біз әңгіме етіп отырған медреселердің оқу жоспарына тарихтың пән болып енгізілуі Ұлықбектің есімімен байланысты. Өзі ашып, басшылық жасаған медресенің оқу жоспарына тарихты пән етіп енгізеді және осы пәннен «Шыңғысханның төрт мемлекеті» деген оқулық жазған. Оқулық Самарқандтағы медреселермен қатар Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардағы медреселерде міндетті оқулық ретінде пайдаланылған. Өйткені мұнда Жошы ұлысы (Алтын Орда), Шағатай ұрпақтарының билігіндегі Орталық Азия тарихы баяндалады (1,76 – 77 б.).

Сонымен қатар медресе ұстаздары өздері тапқан тарихи кітаптарды да күнделікті сабақтарында үнемі пайдаланған. Мысалы, Семей қаласындағы «Ахмет Риза» медресесінде «Тарих Түркия», «Тарих Әл-Камл» (Әлемнің кемел тарихы) сияқты еңбектер болған. Әсіресе соңғысы тұрақты оқулық ретінде пайдаланылған, өйткені оның діни жағынан гөрі ғылыми сипаты басым болған, ол XI-XVII ғғ. аралығындағы мұсылман әлемінің тарихын баяндаған. Оның мазмұнында Қарахан мемлекеті, Тұғырыл, Арсылан мен Тауғаш хандар, Хорезім мемлекеті, Атымтай Жомарт т.б. туралы тарихи мәліметтер келтірілген (бұл да, сонда).

Қ.Ж.Адамбосынов еңбегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі медреселер үшін дайындалған тарих оқулықтары арасында қазақ авторларының еңбектеріне арнайы тоқтайды. Солардың бірі Кабир мен Фазыл Тойкиндердің «Түркі тарихы» оқулығы. Мұнда Қазақстан тарихы көне түркілер дәуірінен басталып XIX ғасырдың соңына дейінгі аралықты қамтиды. Алаш ардагерлерінің бірі Мәнен Тұрғымбаевтың «Пайғамбарлар заманы» оқулығында тарих пәнін оқытудың мақсат міндеттерін, соны орындаудың әдістемелік жолдарын ашып көрсетуге баса назар аударылған.

XX ғасырдың басындағы Мамания, Иякобия, Шамсия т.б. медреселерде «Татар тарихы» оқулықтары оқытылған. Ол оқулықтардың көбі Қазан қаласындағы баспалардан шыққандықтан осылай аталуы, авторлардың көбі татар ұлтынан болғаны түсінікті. Бірақ олардың бәрінің де мазмұнын да бүкіл түркі халықтарының тарихы, солардың арасында Қазақстан жеріндегі түркілердің, қазақ халқының да тарихы қамтылған. А.Е.Убайдулиннің татар тарихы оқулығында бұрынғы түркілер, ғұндар, Атилла, Алтын Орда мемлекеті, әсіресе Қыпшақтар тарихы сияқты Қазақстан тарихына тікелей қатысты тақырыптар баршылық.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып жас ғалым Қ.Ж.Адамбосыновтың: «Қазақстан тарихының оқытылу үрдісінің орта ғасырлардан басталуының қоғамдық саяси мәні тереңде жатыр. Біріншіден, Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының 2% ғана сауатты болған деген пікірді жоққа шығарды. Екіншіден, Қазақстанда білім беру мекемелері Ресейге қосылған соң пайда болды деген пікірдің негізсіз екенін дәлелдеп отыр. Үшіншіден, ұлттық тарихымызды оқыту орта ғасырлардан басталған. Төртіншіден, қазақ халқының тарихынан білім беретін оқулықтар Кеңес өкіметіне дейін-ақ жарық көрген» - деген тұжырымы қолдауға тұрарлық /1,76/.

Кейбір мәліметтер бойынша XIX ғасырдың соңына қарай Қазақстанда жүзге жуық медреселер болған, олардағы оқушылар саны бес мыңнан астам екен. Мұның өзі ол оқу орындарының оқу жоспарында Қазақ, Қазақстан тарихы деген

пән болмағанымен оның мазмұнының басты-басты тақырыптарын оқыту шежіресі ғасырлар қойнауына кететінін көрсетеді.

2.Қазақ тарихын оқыту мәселесін алғаш кімдер және қашан көтерді(1958/59 о.ж. дейін)? Қолда бар деректерге қарағанда Қазақ тарихын оқытуға алғаш тұңғыш әрекет жасаған Ыбырай Алтынсарин. Оның 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясындағы» балаларға арналған әңгімелерінде тарихи материалдар да кездеседі. Мұнда Қазақ тарихында белгілі орны бар Жәнібек батыр (Шақшақ Жәнібек Қошқарұлы) ,«Жиренше шешен», «Киіз үй мен ағаш үй», «Қыпшақ Сейіткұл» т.б. туралы әңгімелер бар /2/.

Ы.Алтынсарин Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «...Қазір «Қазақ хрестоматиясының» екінші бөлімін құрастырып жатыр едім. Осы бөлімнің «Тарих» тарауына қазақ тарихынан да мақалалар берілуі қажет, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын. Тіпті Левшин мен Вельяминов-Зерновтың кітаптарын да таба алмадым...» /3/ дей келіп, әрі қарай осындай материал табуға көмектесуді сұрайды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында біздің елімізде мектептегі тарих пәнінің мақсат-міндетін алдымен айтқандардың бірі – Жүсіпбек Аймауытов. 1924 жылы Орынборда басылып шыққан «Тәрбие жетекшісі» деген еңбегінде бірқатар дидактикалық мәселелермен бірге, тарих пәнін оқытудың мән-мазмұнына да ерекше тоқталады. Бұл пәнді 4-кластан бастап оқытуды ұсынады. Қандай тарихты оқыту керек деген сұраққа дүние жүзі, КСРО тарихтарынан бұрын алдымен балалардың күнделікті өміріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты өз жұртының тарихын оқытудан бастаған дұрыс /4/ - дейді. Бірақ Кеңес мектептерінде ұлт республикаларының тарихын оқыту туралы ол кезде ешқандай шешім қабылданбаған болатын.

Бұл мәселені қозғауға БК(б)П Орталық Комитетінің «Бастауыш және орта мектептердің оқу программалары мен режимі туралы» 1932 жылғы 25 тамыздағы қаулысы түрткі болды. Онда: «Қоғамтану, әдебиет, тіл, география және тарих пәндерінің оқу программаларына КСРО халықтарының ұлттық мәдениетінен, көркем өнерінен, сондай-ақ тарихи дамуынан, КСРО-ның өлкетану материалдарынан (табиғат ерекшеліктері, өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық дамуы т.б.) негізгі білім беретін материалдарды ендіру қажет» /5/ - деп көрсеткен болатын.

1934 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту Комиссариатының алқасы профессор С.Ж. Асфендияров құрастырған «Қазақ тарихы програмын» бекітті. Ол орта мектептің 6-7 кластарында оқытуға арналған, 24 сағаттық /6/. Көп ұзамай осы автордың оқулығы да жарыққа шықты /7/, бірақ ол жылдары да Қазақ тарихы мектептерде оқытылмай қалды.

1941-1945 жылдардағы соғысқа байланысты уақытша Алматыға орналасқан КСРО Ғылым академиясының тарихшы ғалымдарының және Е. Бекмахановтың қолдауымен академик А.М. Панкратова Қазақстан КП Орталық Комитетіне хат жазып, орта мектепке арналған Қазақ ССР тарихы оқулығын жазып, баспадан шығаруды сұрайды. Оған рұқсат та алады. Оны жазуға Мәскеу мен Алматының белгілі тарихшылары және көрнекті жазушылар М.Әуезов, С.Мұқанов қатысады. Қолжазба 1942 ж. қазанда дайын болады. Бірақ ол алғашқы талқыландығанда-ақ елеулі алауыздық туғызады, негізгі пікір талас ұлттық қозғалыстар төңірегінде болады. Кітаптың көлемі де өте үлкен еді. Сондықтан авторлар оны қысқартпай осы күйінде шығарайық, сосын онан кішірейтіп 10 баспа табақ етіп мектепке арналған оқулық дайындайық деп келіседі. Оның алғашқы нұсқасы академиялық

том ретінде баспадан шығады /8, 9/. Бірақ түрлі себертерге байланысты ол жылдары мектепке арналған оқулық жарыққа шықпады.

3. Кеңестік Қазақстан мектептерінде Қазақ ССР тарихы курсының оқытылуы (1958/59 – 1988/89 оқу жылдары). 1958 ж. КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы Заң» қабылдады. Сессия мәжілісіне дейін Заңның жобасы бүкілхалықтық талқылаудан өтіп, Кеңес мектебінің жұмысын одан әрі жетілдіруге бағытталған көптеген ұсыныстар түсті. Сол ұсыныстардың арасында мектептерде одақтас республикалар тарихын оқытудың қажеттігі туралы да орынды тілектер айтылды. Осыны ескере келіп, КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі 1959 жылы 8 қазанда «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қаулы/10/ қабылдады. Қаулыда мектепте одақтас республикалар тарихын оқыту қажеттігі және оның маңызы атап көрсетілді. Сонымен қатар онда одақтас республикалар тарихынан мектеп оқулықтарын, оқу кітаптарын, көрнекі және әдістемелік құралдар шығару оқу министрліктеріне тапсырылған болатын.

Бұл қаулы осыған дейін өз мектептерінде республикаға аты берілген халықтың тарихын оқыта алмай келгендерге енді оны оқытуға мүмкіндік берді. Сондай республиканың бірі Қазақ ССР-і еді. Осы қаулыға сай орта мектептерде Қазақ ССР тарихы 1958/59 оқу жылынан бері оқытыла бастады. Алғашқы оқу жылында 8-класқа, 1959/60 оқу жылында – 9, сосын 10-класқа енгізілді. Ал, 1960/61 оқу жылынан бері бұл курс материалдары 4-класта оқытыла бастады.

Қазақ ССР тарихынан мектеп курсының бағдарламалары жасалып, ол Қазақ ССР Оқу министрлігінің алқасында бекітіліп /11/, орта мектепке арналған Мәскеуде СССР Оқу министрлігі арқылы дайындалған тарих бағдарламаларымен бірге баспадан шықты /12/.

Орта мектептің 8-10 кластарына арналған Қазақ ССР тарихының бұл бағдарламасы ежелгі дәуірден бастап, 1960 жылға дейінгі аралықты қамтыды. Оның материалдарын оқытуға 8-класта – 13, 9 класта – 15, 10 класта – 20, барлығы – 48 сағат бөлінді. Бұл әрине жеткіліксіз еді.

1961-62 оқу жылына арналған тарих бағдарламаларында 4 класта оқылатын «Қазақ ССР тарихынан эпизодтық әңгімелер» курсының да бағдарламалары енгізілді. Оны оқытуға небәрі 8-10 сағат бөлінді.

Қоғамның ілгері қарай дауына, оның мектептердің оқу-тәрбие жұмыстарына қоятын талаптарының арта түсуіне байланысты басқа оқу бағдарламалары сияқты Қазақ ССР тарихының да оқу бағдарламалары жетілдірілді, өңделді.

Қазақ ССР тарихының оқу жоспарына енуіне байланысты Оқу министрлігі мен Республикалық педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін жедел шаралар қолданды.

1958/59 оқу жылында 8-класта Қазақ ССР тарихын оқытуды дұрыс бастау үшін осы класқа арналған оқу құралын жазатын авторлар ұжымы алдын-ала іріктеліп, оларға дер кезінде тапсырма берілді. Осының нәтижесінде бұл оқу құралы қазақ, орыс тілдерінде дер кезінде баспадан шықты/13/. Оны жазуға тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Бекмаханов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Х.Әділгереев, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент А.Чижов, тарих ғылымдарының кандидаты С.К.Ибрагимов қатысты. Көлемі 2,1 баспа табақ, суретсіз, басқа да әдістемелік қосымшаларсыз шыққанына қарамастан, осы шағын оқу құралы Қазақстан тарихы оқулықтарының тұңғыш бастамасы болды.

І кесте. 1958/59 – 1988/89 о.ж. жалпы білім беретін орта мектептегі тарих пәнінің құрылымы, жеке курстарға бөлінген сағат саны

№	Жеке курстар	Қай сыныптарда оқытылады?	Бөлінген сағат саны	Оқытылу сипаты
1	Дүние жүзі тарихы	5,6,8-10	310	Дербес курс
2	КСРО тарихы	4,7-10	320	Дербес курс
3	Қазақ КСР тарихы	4,7-10	4 сыныпта – 8, 7с. – 12, 8с. – 9, 9с. – 18, 10с. – 16 Барлығы – 63с.	Қосымша курс. КСРО тарихы құрамында, соған бөлінген уақыт есебінен оқытылды

Қазақ ССР тарихының тұрақты оқулықтарын жасау қолға алынды. Осы мақсатта республика Оқу министрлігі Қазақ Мемлекеттік университетінің профессоры Е. Бекмахановқа Қазақ ССР тарихынан 8-9 жәнә 10-класстарға екі, ал Т.Тұрлығұловқа 4-класқа арналған оқулықтар жазуды тапсырады. Авторлар бұл тарсырмаларды уақытылы орындады және ол оқулықтар дер кезінде баспадан шықты/14,18/.

Мектеп үшін Қазақ ССР тарихынан оқулықтар дайындауды дұрыс ұйымдастыру үшін Республика Министрлер Кеңесі 1960 жылы 16-майда Қазақ ССР тарихынан 7-8 жәнә 9-10 кластар үшін оқулықтар жазуға бәйге жариялау туралы қаулы қабылдады/15/. Бірақ та көрсетілген мерзімде жәнә ол мерзім ұзартылсада оқулық қолжазбалары түспегендіктен, Оқу министрлігі профессор Е.Бекмахановқа Қазақ ССР тарихынан 7-8 кластарға арналған элементарлық курстың жәнә 9-10 кластар үшін жүйелі курстың оқулықтарын жазуды тапсырады. Бұл екі оқулық та дер кезінде баспадан шықты/16/.

Республика мектептерінің 5-11 сыныптарында он жылға жуық пайдаланылып келген Қазақ ССР тарихының бағдарламасы 1992 жылы жарыққа шыққан еді/17/. Қазақстан республикасының тәуелсіздік алуына жәнә дүниежүзілік қауымдастықта болып жатқан үлкен өзгерістерге байланысты бұл бағдарламалардың әдіснамалық негіздемелері де, құрылымы да, мазмұны да бұрынғылардан мүлде өзгеше болды.

Бұл жерде Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұқан Бекмахановтың /1915-1966/ Қазақстан тарихы мектеп курсының қаз-қаз тұруына жәнә қалыптасуына қосқан үлесін атап өту біздің шәкірттік парымыз.

Е.Бекмаханов жазған Қазақстан тарихының оқулықтары отыз жылдай республика мектептерінде пайдаланылды. Ол қайтыс болғаннан кейін 70-жылдардың аяқ кезінен бастап Қазақстан тарихының мектеп оқулықтарына оның қызы Н.Е.Бекмаханова /қазір Ресей Федерациясы Ғылым академиясы тарих институтында қызмет атқарады, тарих ғылымдарының докторы, профессор/ екінші автор болып тағайындалды жәнә қажетіне қарай оқулықтарға тиісті өзгерістер жасап, оларды жетілдірді.

4-класта Қазақстан тарихының материалдары оқытыла бастады,оның да оқулықтары жарыққа шықты/18/. Бұл оқулыққа да қажетті өзгерістер мен толықтырулар егізіліп отырылды және 80-жылдардың аяғына дейін жыл сайын /28 рет/ қайта басылды.

1987/88 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихының жаңа, жетілдірілген бағдарламаларға көшуіне байланысты Қазақ ССР Оқу министрлігі мен Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі Мемлекеттік Комитет 1987 жылы Қазақстан тарихының оқулықтарына бәйге жариялады/19/. Оның алғашқы қорытындысы бойынша 5 және 8-9 кластарға арналған оқулықтарға бірінші бәйге берілді /20/, ол оқулықтар баспадан шықты. Ал басқа кластар үшін оқулық қолжазбалары кешігіп түсті, оларға да Министрліктің арнайы бұйрығымен бәйге берілді.

Қазақстан тарихы мектептің оқу жоспарына жеке пән болып енгізілсімен, оны жаңа оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында бірқатар шаралар іске асырылды.

II кесте. 1990/91 – 1999/2000 оқу жылдарындағы мектептегі тарих пәнінің құрылымы, жеке курстарға бөлінген сағат саны

Сыныптар	Дүние жүзі тарихы	Бөл.сағат	Қазақстан тарихы	Бөл.сағат
5			Қазақ елінің қысқаша тарихы	68
6	Ежелгі дүние жүзі тарихы (Б.з. V ғ. дейін)	51	Ежелгі Қазақстан тарихы	17
7	Орта ғасыр.дүние жүзі тарихы (Б.з. V – XV ғғ.)	34	Орта ғас. Қазақстан тарихы	34
8	Орта ғасыр. Дүние жүзі тарихы (XV – XVII ғғ.)	34	Орта ғас. Қазақстан тарихы	34
9	Жаңа замандағы дүние жүзі тарихы (XVII ғ. – 1914 ж.)	68	Жаңа замандағы Қазақстан тарихы	34
10	Қазіргі заманғы дүние жүзі тарихы (1914 – 1945 жж.)	68	Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы (1914 – 1945 жж.)	68
11	Қазіргі заманғы дүние жүзі тарихы (1946ж. қазірге дейін)	68	Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы (1946 жылдан қазірге дейін)	34
	Барлығы	323	Барлығы	289

Бұл жауапты іске еліміздің белгілі тарихшы, әдіскер ғалымдары, сонымен қатар тәжірибелі, шығармашылықпен жұмыс істейтін мектеп мұғалімдері қатысты. Мысалы, академиктер М.Қозыбаевтың авторлығымен 10-класқа арналған Қазақстан тарихы 2004 ж. 5-рет, К.Нұрпейісов бастаған бір топ ғалымдардың 11-класқа арнаған оқулығы сол жылы сегізінші рет басылды. «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қызметкер», тарих пәнінің мұғалімі Д.Бабаев жазған, 8-класқа арналған Қазақстан тарихы оқулығының 5-басылымы

2001 жылы шықса, осы класқа арналған академиктер К.М.Байпақов, Б.М.Көмеков және К.А.Пищулина жазған балама оқулық 2003 жылы 4-рет басылды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қасымбаевтың да 9-класс үшін жазған оқулығы 5 рет баспадан шықты. К.Байпақовтың 6-класқа, Т.Тұрлығұловтың 5-класқа арналған тарих оқулықтары да 3 рет басылды.

Сөйтіп, Қазақстан тарихы мектеп курсының қалыптасуында басты орын алатын оның мазмұнын, яғни бағдарламалары мен оқулықтарын жетілдіруде біраз жұмыстар атқарылды. Ал, оларды талапқа сай оқыту үшін басқа да бірқатар құралдар қажет еді. Өткен қырық жылдай уақытта /2000 ж. дейін/ Қазақстан тарихының мектепке арналған хрестоматиялары /1962,1965,1992 жж./, әдістемелік әдебиеттер, оқу, диафильмдер, басқа біраз құралдар жарық көрді. Осы курсты оқыту әдістемесінің проблемалары ғылыми тұрғыда зерттеліп, соның нәтижесінде педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне бір, ал кандидаты дәрежесіне 7 диссертация қорғалды. Осы іс-шаралар Отан тарихы пәнін оқытуды жақсартуға түсуге игілікті әсер етті. Бұл маңызды істі жүзеге асыруға қазіргі Білім, ғылым министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы мен «Рауан» /«Мектеп»/ баспасы ұйытқы болды.

4.Тәуелсіз ҚР алғашқы тарих бағдарламалары мен Қазақстан тарихы оқулықтары (1991 – 2000 жж.). 90 жылдардың басынан бастап шыға бастаған Қазақстан тарихы мектеп оқулықтарын жасауда, олардың қолжазбаларын талқылап, жетілдіруде, сараптамадан өткізуде ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектеріндегі, сөйлеген сөздеріндегі тарихтың білім, ғылым ретіндегі, сондай-ақ адамдарды Отан сүйгіштікке, жоғары адамгершілік рухта тәрбиелеудегі маңызы, өз тарихымызды барлық қазақстандықтардың оқып меңгеру қажеттігі туралы айтқандары тікелей басшылыққа алынды. Сонымен қатар Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес бекіткен «ҚР гуманитарлық білім беру» /21/, «ҚР тарихи сана қалыптастыру» /22/, «ҚР этникалық-мәдени білім беру»/23/ тұжырымдамаларындағы әдіснамалық бағыттар үнемі ескерілді.

90 жылдары дайындалған Отан тарихы оқулықтарында тарихтағы бірқатар ақтандақтардың беті ашылды, көптеген ғылыми проблемаларға, тарихи фактілерге, құбылыстарға жаңа әдіснамалық, тарихи шындық тұрғыда баға берілді. Адамзат жасаған құндылықтарды, оған дала өркениетінің қосқан үлесін, Қазақстан халықтарының мәдени жетістіктерін, рухани тіршілікті, әлеуметтік топтар мен тарихи қайраткерлердің қызметін, саяси тарихтың түрлі қырларын, идеялық-саяси, ұлттық, діни қозғалыстардың тарихын ашып көрсетуге т.б. басты назар аударылды.

Сонымен қатар 90-жылдары алғашқы басылымдары жарық көрген бұл оқулықтардың кемшіліктері де болды. Олардың көбі жаңа буын оқулықтарын дайындау кезінде ескерілді.

5.Қазақстан тарихының негізгі мектепке арналған жаңа бағдарламалары мен оқулықтарының басқа да оқу құралдарының ерекшеліктері. Қазақстан Республикасы мектептерінде қазір кеңінен пайдаланып жатқан Отан тарихының жаңа буын оқулықтарына дайындық 90-жылдардың екінші жартысында-ақ басталды.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей нұсқауымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылы 26 қыркүйекте «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы» деп аталатын қаулы қабылдаған болатын. Осы құжатқа сәйкес негізгі мектептің 5-9 сыныптарында оқылатын оқулықтарға және олардың оқу-әдістемелік кешендерін

(ОӘК) дайындауға 1998 жылдың 14, 18 қарашасында республикалық мұғалімдер газеттерінде бәйге жарияланды. Бұл бәйгенің нәтижесінде бас-аяғы біржарым жылда 5, 6, 7, 8, 9 сыныптарға 22 пәннен 120 оқулық, 360 қосымша әдістемелік құрал тәжірибеде байқап-сынап көру үшін шағын тиражбен баспалардан шығып, Ы.Алтынсарин атындағы Білім Академиясының Республикадағы 70-тен астам эксперимент мектебінде сынақтан өтті. Бір-ер жылда жалпы көлемі 5 мың баспа табақтай 120 оқулық пен ОӘК-нің 360 кітабы мен кітапшасын жарыққа шығару Кеңес мемлекеті түгіл дүниежүзілік тәжірибеде бұрын-соңды болмаған.

Кімде-кім жаңа буын оқулықтары туралы әңгіме қозғағысы келсе алдымен жоғарыдағы фактілер мен мәліметтерді ой елегіне өткізу тиіс.

Жұмыстың ауқымдылығын елестету үшін сол жылдары біз қызмет еткен Тарих пен қоғамтануды оқыту зертханасының тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Бұл зертхана дүние жүзі, Қазақстан тарихына қоса қоғамтану және Құқық негіздері пәніне де қамқорлық жасады. Тарих пәндерінің оқулықтарын дайындаудың ұйымдастыру жұмысынан-ақ олардың еркешелігі байқалды. Алдымен оқулық авторларының құрамына қарасақ 5, 6, 7, 8, 9 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы оқулықтары авторларының сапалық құрамы бәйге талаптарына сай іріктелген, яғни әрбір оқулық авторларының құрамына бір-бірден тарихшы, әдіскер ғалым және мектеп мұғалімі бар. Мұны Отан тарихы жаңа буын оқулықтарының бірінші ерекшелігі деуге болады.

Оқу-әдістемелік кешен құралдарын жазған авторлар арасында да тәжірибелі мұғалімдер, білікті тарихшы да, педагог ғалымдар да бар.

Авторлар ұжымының толықтығы, олардың арасында қажетті мамандардың болуы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуына және оқу құралдарының уақытылы жазылып бітуіне мүмкіндік берді. Тек тарих пәні оқулықтарын жазуға мектеп мұғалімдерінен бастап ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигіне дейін 28 автор қатысты. Олардың үшеуі академик, 13-і Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің, 4-і Абай атындағы АЛМУ-дің профессорлары мен доценттері, 5-і мектеп мұғалімдері, ал әдістемелік құрал авторларының басым көпшілігі мектеп мұғалімдері, олар – 26.

Сөйтіп 2000/2001 оқу жылынан бастап негізгі мектепте тарих пәндері жаңа бағдарламалар мен жаңа буын оқулықтары бойынша оқытыла бастады. 2005/2006 о.ж. 9-сынып осы бағдарламамен оқыды, осымен негізгі мектеп жаңа буын оқулықтарына көшіп болды.

III кесте. 2000 – 2006 жылдар аралығындағы негізгі мектептегі тарих пәндерінің құрылымы, жеке курстарға бөлінген сағат саны

Сыныптар	Дүние жүзі тарихы	Бөл.сағат	Қазақстан тарихы	Бөл.сағат
5	Ежелгі дүние жүзі тарихы	34	Ежелгі Қазақстан тарихы	34
6	Ежелгі дүние жүзі тарихы (Б.з. V ғ. дейін)	34	Ежелгі Қазақстан тарихы	34
7	Орта ғасыр. Дүние жүзі тарихы (Б.з. V – XVII ғғ.)	51	Орта ғас. Қазақстан тарихы	51

III-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
8	Жаңа замандағы дүние жүзі тарихы (XVII ғ. – 1914 ж.)	51	Жаңа замандағы Қазақстан тарихы	51
9	Қазіргі заманғы дүние жүзі тарихы (1914 – 2000 жж.)	51	Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы	51
	Барлығы	221	Барлығы	221

Жаңа буын оқулықтарының авторлары жоғарыда көрсетілгендей үш тұжырымдаманы басшылыққа ала отырып, оқулықтарға аса маңызды әдіснамалық, тұжырымдамалық жаңалықтар енгізді. Олардың қатарында қазақ халқының әлемдік өркениетке қосқан үлесі, орта ғасырлық мемлекеттік құрылымдар мен Қазақ хандығының сабақтастығы, Қазақстанның Ресейдің отарына айналуы, ұлт-азаттық көтерілістер мен қозғалыстар тарихы, қазақ халқының шығу тегі, оның халық болып қалыптасуы тағы басқа да маңызды проблемалар бар. Жаңа буын оқулықтарында Отан тарихындағы аса көрнекті тұлғаларды, қайраткерлерді, олардың тарихтағы, халық алдындағы еңбегін көрсетуге айрықша назар аударылды. Бұл тұрғыда XIX – XX ғасырлар тоғысындағы қазақ зиялыларының, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы көрнекті қайраткерлеріміздің, ақын-жазушыларымыздың, ғалымдардың, қоғам-мемлекет жұмысындағы халықтың бір туар ұлдарының қызметін ашып көрсетуге ерекше орын берілген.

Жаңа буын оқулықтары мен ОӘК-інің тағы бір ерекшелігі олардың түпнұсқасының алдымен мемлекеттік тілде жазылып, сосын басқа тілдерге аударылуы. Мұның өзі де үлкен жетістік. Өйткені бұған дейін Қазақстан тарихы оқулықтарының көбі алдымен орыс тілінде жазылып, қазақ және басқа тілдерге сосын аударылатын. Өз мемлекетінің, өз халқының тарихы алдымен елге аты берілген халықтың тілінде жазылуы тәуелсіздіктің белгісі.

Жаңа буын оқулықтарының тағы бір басты ерекшелігі – олардың қазіргі талаптарға, яғни тарихты оқытудың жаңа мақсат-міндеттеріне сай жазылуы. Ол-адамзат жинаған құндылықтарды оқыту, оның өзінде шу дегенде өз ұлтының құндылықтарын оқыта отырып, Қазақстан халықтарының, одан әрі дүние жүзі халықтарының жинаған құндылықтарымен таныстыру. Бұған қоса білім мазмұнының ұлттық (халықтық) болу талабы тарих пәніне тікелей қатысты екені ескеріліп, бұл мәселеге жаңа бағдарламалар мен оқулықтардың мазмұнында ерекше орын берілді.

Мектепте Қазақстан тарихын оқытудағы үлкен өзгеріс оның құрылымы мен мазмұнында болды. Енді оқушылар негізгі мектептің 9-сыныбын бітіргенде барлық пәннен де аяқталған білім алады. Қазақстан тарихы бұрынғыдай жеті жыл емес, бес жыл оқытылады, оны оқытуға бұрынғыдай 310 емес, 221 сағат бөлінеді. Бағдарлы мектептің 10-11 сыныптарында тарих пәнінің қалай оқытылатыны бөлек әңгіме (бұл туралы «Хабаршы» журналының 2007ж. №2 санындағы аталған автордың мақаласын көруге болады).

Енді 5-сыныптан бастап-ақ Қазақстан тарихының жүйелі курсы оқытылады. Бұған дейінгі бағдарлама бойынша Ежелгі қазақстан тарихы 6 сыныпта 17 сағат көлемінде оқытылып келген еді, енді ол 5-6 сыныптарда 68 сағат көлемінде өтіледі. Бірақ олардың төрттен бірі «Тарихқа кіріспе» бөліміне берілді.

IV кесте. Қазақстан тарихының негізгі мектепке арналған жаңа буын оқулықтары және олардың авторлары

Сынып	Сағат саны	Оқулықтың аталуы	Авторлары
5	34	Ежелгі Қазақстан тарихы	Т.Тұрлығұл-пед.ғ., док. проф.; Ж. Таймағанбетов-тарих ғ.док., проф.; Б.Адырбекова-тарихшы мұғалім
6	34	Ежелгі Қазақстан тарихы	Т.Тұрлығұл, Ә.Төлеубаев тарих ғ.док. проф.; Қ.Құнапина, т.ғ.к-ты, тарихшы әдіскер
7	51	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы	С.Жолдасбаев, тар.ғ.д-ты, проф.; Д.Бабаев – «ҚР еңбегі сіңген қызметкер», тарихшы мұғалім
8	51	Жаңа замандағы Қазақстан тарихы	Ж.Қасымбаев – тарих ғ.д-ы, проф.
9	51	Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы	М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов ҚР ҰҒА академиктері, Қ.Жүкешев философ, ғ.к.

Оқулықтардың бәрі жаңа бағдарламаға сәйкес жазылған және де оларға қойылатын қазіргі талаптар да мүмкіндігінше ескерілген.

Жаңа оқулықтардың көбі жақсы безендірілген. Бояулы суреттер т.б. талапқа сай жасалған. Кейбір тақырыпшалар соңында «Сыныптан тыс оқу үшін» деген айдармен қосымша мәтін берілген.

Жаңа оқулықтар бойынша шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беру үшін сол оқулықтарды тиімді пайдалануға көмектесетін қосымша құралдар қажет. Қазақстан тарихынан ондай құралдардың санын әр сынып бойынша 6-7-ге жеткізуге болады. Әзірге әр оқулыққа 3-тен ғана дайындалды. Олардың ең бастысы - әдістемелік құрал. Оның міндетті-оқулықта берілген әрбір тақырыпша-сабақ материалын қалай еткенде тиімді оқытудың әдістемелік жолдарын ұсыну. 5-6 сыныптар үшін тағы қосымша екі құрал «Дидактикалық материалдар» мен «Жұмыс дәптері» бар. Бұлар негізінен мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өздігінше жұмыс істеуіне арналған.

7-9 сыныптарға «Дидактикалық материалдар» орнына «Қазақстан тарихының хрестоматиялары» ұсыналады. Бұлар да оқушылардың сабақта және үйде өздігінше жұмыс істеуіне арналған.

Таяу жылдары еліміздің мектептері 12 жылдық оқыту жүйесіне көшкелі отыр. Демек Отан тарихы пәнінің оқытылу шежіресі одан әрі жалғасып, толығына түседі. Сол шежіренің бастауына да осы мақалада келтірілген деректер мен мәліметтер негізгі арқау болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбосынов Қ.Ж. XIX ғ. соңғы ширегі мен 1920 жылға дейінгі Қазақстан медреселеріндегі тарих пәні: бағдарламалары, оқулықтары, әдістемесі. Алматы, 2006, 120 бет.
2. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. А., 1955, 88-б.
3. Бұл да, сонда 353 б.
4. Қалиев С. Халық жауы атанған ғалымның жаңа қыры. //Өркен, 1989, 8 шілде.
5. Сборник руководящих материалов о школе. М., 1948, 62-68 б.
6. Қазақ тарихы програмы. //Қазақ тарихы, 1993, №2.
7. С.Аспандияров. Қазақ тарихының очеріктері. Алматы, 1994.
8. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. А., КазОГИЗ, 1943.
9. Козыбаев И.М. Историческая наука Казахстана. А., 1992, с. 23-40.
10. «Халық мұғалімі» журналы, 1959, №11.
11. Қазақ КСР Оқу министрлігі алқасының қаулысы. 1960, 22.09, №53.
12. Орта мектеп программалары. 1960/61 оқу жылына арналған. СССР, Қазақ ССР және СССР Конституциясы. Алматы, 1960.
13. Қазақ ССР тарихы, 8-класқа арналған оқу құралы. А., 1958.
14. Е.Бекмаханов. Қазақ ССР тарихы. Қазақстан орта мектептерінің 8-9 кластарына арналған оқу құралы. А., 1959. Сол автордікі, Қазақ ССР тарихы, 10 кл. арналған оқу құралы, А., 1960.
15. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1960, 26 мамыр.
16. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасы. Тарих, Алматы, 1992.
17. Е.Бекмаханов. Қазақ ССР тарихы. 7-8 кл. арналған, А., 1962. Қазақ ССР тарихы, 9-10 кл. арналған, А., 1963, бұл да, сол автордікі.
18. Т.Тұрлығұлов. Қазақ ССР тарихынан әңгімелер. 4-кл., арналған, Алматы, 1962.
19. «Қазақстан мұғалімі» газеті, 1987, 19 июнь.
20. Н.Е.Бекмаханова. Қазақ ССР тарихы, 8-9 кл. Т.Тұрлығұлов. Қазақ ССР тарихынан әңгімелер, 5-кл., А., 1991.
21. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 26 тамыз, 1994 ж.
22. Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 20 маусым, 1995 ж.
23. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 7 тамыз, 1996 ж.
24. А.К.Кекилбаев. Восстановить нашу подлинную историю. //Наука Казахстана. №13, 1-15 июля 1998.
25. //Егемен Қазақстан, 2 ақпан 2001 ж.
26. //Егемен Қазақстан, 13 қазан 2004 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан тарихының кейбір маңызды тақырыптарының ортағасырлардағы медреселерде оқытылғанынан бастап, мектептік курс, қазіргідей пән болып қалыптасуына дейінгі шежіресі баяндалады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена истории становления истории Казахстана как предмета

*АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ***ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АЖЫРАСУДЫҢ
СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ**

Баудиярова Қ.Б. – Алматы қ., «Сымбат» сән бизнесі академиясы

Мемлекет – бір адам десек, әр отбасы сол «адамның бір жасушасы» деген рас болса, мемлекеттің да адам сияқты ауру жұқтырып, сырқаттанып және емделіп отыруы заңды. Қазақстан мемлекеті де ажырасу деген қоғамдық ауруға шалдықты. Ажырасу қазақ қоғамында бұрыннан пайда болып, 1990 жылдардан бастап, еліміздің материалдық және рухани жағынан құлдырағанда көз ілеспес жылдамдықпен өршіді.

Еліміздегі статистика жөніндегі агенттіктің мәліметтеріне жүгінсек, 2001 жылғы он айда тіркелген неке саны 76600, ал ажырасқандар саны 25 мың, яғни 1000 адамға 6,2 неке мен 2,0 ажырасу келеді екен. 2000 жылғы қаңтар-қазанда тиісінше 75300 неке мен 22700 ажырасу, яғни 1000 адамға шаққанда 6,1 некелесу мен 1,8 ажырасу болады. Бүкіл Қазақстан бойынша ажырасқан әйелдердің саны 1999 жылы 461 мың 600 адамға жеткен. Қазір бұл көрсеткіш жарты миллионнан асып кетті /1/.

2006 жылы қаңтар айында Алматы қаласы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссия жүргізген әлеуметтік зерттеулер қортындысы жарияланды. Қорытындылармен республика әйелдер кеңесінің вице-президенті, Алматы қаласы әкімі жанындағы отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссияның төрайымы Климова Тамара Васильевна таныстырды.

Алматы қаласында жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге 18-45 жас аралығындағы 1 мың әйел мен ер адам тартылған. Ғылыми зертеу сауалнамалары отбасы бақытына байланысты бірқатар сұрақтарды қамтыған. Алматы қаласында респонденттердің арасында ажырасқандар 4,5% құрапты. Сауалнамаға жауап бергендердің 40% отбасын жалғыздықтан құтылу үшін құрамыз десе, 28% бала өсіріп, тәрбиелеу үшін, 7% отбасы құру еркіндігінді шектеу, қызметінді өсіру жолындағы үлкен кедергі, 13% бір әуенді, қызықсыз үй жұмысы деп бағаласа, сауалнамаға жауап бергендердің 29% ғана отбасы құруды бақыт, тіршіліктегі мақсаттарының орындалуына жетелер бағдаршамға бағалаған. Осының өзінен шығатын қортынды – респонденттердің отбасы бақытынан гөрі қара басын көбірек ойлайтынын аңғару қиын емес. Мемлекет – шағын отбасынан құралады десек, оның бүтіндігін сақтау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Неке тұрақсыздығы ажырасуға әкелетіндігі сөзсіз. Демографиялық көзқарас бойынша некенің басты мақсаты – тұрақтылық, яғни адамзаттың сақталуын қамтамасыз ету. Зертеп отырған мәселені шешу мақсатында Оңтүстік Қазақстанның әр облысы бойынша белгілі жас мөлшеріндегі ажырасқан ерлер мен әйелдерді бөліп қарастырамыз. 16-19 жас аралығында некеге аз отыратындықтан, ажырасу да көп емес. Соған қарамастан 16-19 жас аралығында ажырасу ерлерге қарағанда әйелдерде көбірек. Бұл жас аралығындағы ажырасуға жастардың неке мен отбасына мүлдем дайындықтарының жоқтығы, некесіз тым ертерек екіқабат болуы, мінездерінің сәйкес келмеуі, кейін тағы үйленем деген үміт және т.б. себептер жатады. Аталған себептерге байланысты ажырасу көрсеткішін төмендегі 1-кестеден көреміз.

1-кесте – Оңтүстік Қазақстан бойынша 16-19 жас аралығындағы ажырасушылардың үлес салмағы /2, 22 б./

Облыстар	Ажырасқандар		%	
	1989 ж.	1999 ж.	1989 ж.	1999 ж.
	Ерлер			
Барлығы	169	125	0	0
Алматы облысы	17	22	0	0
Жамбыл облысы	11	14	0	0
Қызылорда облысы	6	0	0	0
Оңтүстік Қазақстан облысы	18	14	0	0
Алматы қаласы	15	14	0	0
	Әйелдер			
Барлығы	1720	1767	0,3	0,3
Алматы облысы	226	354	0,4	0,6
Жамбыл облысы	169	150	0,5	0,4
Қызылорда облысы	52	62	0,2	0,3
Оңтүстік Қазақстан облысы	218	187	0,3	0,2
Алматы қаласы	112	72	0,3	0,2

20-24 жас аралығындағы ажырасу ерте ажырасуға жатады. Одан кейінгі жылдары ерлі-зайыптылар бір-бірінің мінезіне көніп, отбасылық өмірге толығымен үйреніп, тұрақтанады. 1989 жылмен салыстырғанда бұл жас аралығындағы ажырасу 1999 жылғы санақ көрсетуі бойынша өскен. Әр облысты жеке талдау барысында 2 – кестеге көз сала отырып, ажырасудан ең жоғарғы көрсеткішке ерлер ішінде Алматы облысы мен Жамбыл облысында – 1,1 %, Алматы қаласында – 0,9 %, Қызылорда облысында – 0,8 %, Оңтүстік Қазақстан облысында – 0,6 %. Енді әйелдер бойынша Алматы облысы мен Жамбыл облысында – 5,4 %, Алматы қаласында – 4 %, Қызылорда облысында – 4,3 %, Оңтүстік Қазақстан облысында – 3,7 %.

20-24 жас аралығындағы ажырасудан әйелдер ерлерден асып түседі. Бұл әйелдердің ерлерге қарағанда некеге ерте отыруына және ерлі-зайыптылардың жас алшақтығына, яғни ерлердің әйелдерден 1-5 жасқа үлкен болуына байланысты. Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында ажырасудың аз болу себебі, қазақтардың көп шоғырлануына байланысты. Екіншіден, жоғарғы ұрпақ өкілдерінің жұбайларға әсер етуі. 20-24 жас аралығында ажырасудың негізгі себептері физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдай / 3/. Сонымен қатар ерлі-зайыптылардың әлі де жас болуына байланысты, болашақта жаңа отбасын құруға мүмкіндіктің болуы. Оның үстіне жастардың кейбірінде бала болса, кейбірінде болмайды.

Әр облыс бойынша талдау жасай отырып, 25-29 жас шамасына сәйкес Алматы қаласын екі жынысқа да тән ажырасудан бірінші орынға қоямыз. Оған Алматы қаласына барлық ұлт өкілдерінің шоғырлануы мен осы қалаға тән қасиет некеге кеш отыру әсер етеді. 3 – кесте көрсеткендей, ерлер ішіндегі ажырасудан Алматы қаласынан кейін, Алматы облысы – 4,6%, Жамбыл облысы – 4,1%, Қызылорда облысы – 3,5%, Оңтүстік Қазақстан облысы – 2,9 % тұр.

Жастардың кейбірінде бала болса, кейбірінде болмайтындығын 2-статистикалық кестеден көруге болады.

2-кесте – Оңтүстік Қазақстан бойынша 20-24 жас аралығындағы ажырасушылардың үлес салмағы /2, 23 б./

Облыстар	Ажырасқандар		%	
	1989 ж.	1999 ж.	1989 ж.	1999 ж.
Ерлер				
Барлығы	6842	6358	1	1
Алматы облысы	710	722	1,1	1,1
Жамбыл облысы	399	475	1	1,1
Қызылорда облысы	198	229	0,8	0,8
Оңтүстік Қазақстан облысы	628	551	0,8	0,6
Алматы қаласы	486	437	1	0,9
Әйелдер				
Барлығы	21237	28283	3,3	4,5
Алматы облысы	2499	3343	3,9	5,4
Жамбыл облысы	1615	2365	3,9	5,4
Қызылорда облысы	618	1153	2,6	4,3
Оңтүстік Қазақстан облысы	2353	3178	3	3,7
Алматы қаласы	2197	52,6	3,1	4

Енді әйелдер бойынша Жамбыл облысында – 10,8%, Алматы облысында – 10,6%, Қызылорда облысында – 8,9%, Оңтүстік Қазақстан облысында – 27,8%. 25-29 жас аралығында Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ажырасу аз. Бұның себептерін жоғарыда атап көрсеттік.

3-кесте – Оңтүстік Қазақстан бойынша 25-29 жас аралығындағы ажырасушылардың үлес салмағы /2, 24 б./

Облыстар	Ажырасқандар		%	
	1989 ж.	1999 ж.	1989 ж.	1999 ж.
Ерлер				
Барлығы	24101	25896	3,2	4,5
Алматы облысы	2349	2778	3,2	4,6
Жамбыл облысы	1418	1659	3,1	4,1
Қызылорда облысы	615	897	2,4	3,5
Оңтүстік Қазақстан облысы	2009	2265	2,5	2,9
Алматы қаласы	1968	2185	4,2	5
Әйелдер				
Барлығы	46021	57982	6,1	9,9
Алматы облысы	4924	6386	6,6	10,6
Жамбыл облысы	3105	4384	6,6	10,8
Қызылорда облысы	1220	2123	4,8	8,9
Оңтүстік Қазақстан облысы	4443	6022	5,5	7,8
Алматы қаласы	4561	6056	8,8	11,7

30-34 жас аралығында да ажырасу кездеседі. Екі жыныс бойынша ажырасу Алматы қаласында көп. Тағы да Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ажырасу екі жыныс бойынша төмен дәрежеде. Оны 4-кесте

дәлелдейді. 30-34 жас аралығында ажырасудың негізгі себептері жоғарыда атап көрсеткендей физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдай. Тағы бір айта кететін жайт, 30-34 жас аралығында ажырасуға тікелей әсер ететін ішкі отбасылық қатынас. Үй басшысы болуға талас, білім дәрежелерінің әр түрлі болуы, біреуінің мінезін екіншісінің көтере алмауы, әйел парызы мен еркек парызын түсінбеулері, ата-ене мен туған-туыстарының әсері, некеге кеш отыруы.

4-кесте – Оңтүстік Қазақстан бойынша 30-34 жас аралығындағы ажырасушылардың үлес салмағы /2, 25 б./

Облыстар	Ажырасқандар		%	
	1989 ж.	1999 ж.	1989 ж.	1999 ж.
	Ерлер			
Барлығы	31338	33532	4,7	6,2
Алматы облысы	2969	3457	4,6	6,1
Жамбыл облысы	1756	2155	4,4	6
Қызылорда облысы	606	1079	3	4,9
Оңтүстік Қазақстан облысы	2296	2734	3,5	3,9
Алматы қаласы	3201	3345	7,3	8,4
	Әйелдер			
Барлығы	52548	65130	7,8	11,7
Алматы облысы	4952	6765	7,6	11,5
Жамбыл облысы	3589	4709	8,8	12,8
Қызылорда облысы	1048	2141	5,1	10,1
Оңтүстік Қазақстан облысы	4589	6100	7	8,6
Алматы қаласы	6450	7339	12,8	15,8

Сонымен қатар 35-39 жас шамасындағылардың арасында да ажырасу көп кездеседі. Бұған себеп – сезімнің жойылуы, материалдық жағдайдың жақсаруы, балалары өсіп, бұрынғыдай ерлі-зайыптыларды біріктіре алмауы, олар үшін бірге тұрудың қажетсіздігі, оның үстіне жұбайлардың біреуінің басқа адамда көңілінің болуы. Екі жынысқа да тән 35-39 жас аралығындағы ажырасу көрсеткіші өте жоғары Алматы қаласы. Әйелдер бойынша 18,3% болса, ерлер бойынша 10,1%. Оны төмендегі 5-кестеден көреміз. Керісінше қай жас шамасын алмасақта Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында бұл көрсеткіш төмен дәрежеде. Оның себебі, бұл облыстарда қазақтардың көп шоғырлануы және жоғарғы буын өкілдерінің әсері.

5-кесте – Оңтүстік Қазақстан бойынша 35-39 жас аралығындағы ажырасушылардың үлес салмағы / 2, 26 б./

Облыстар	Ажырасқандар		%	
	1989 ж.	1999 ж.	1989 ж.	1999 ж.
	Ерлер			
Барлығы	30993	39189	5,7	6,7
Алматы облысы	2793	3705	5,2	6,2
Жамбыл облысы	1684	2231	5	6,2
Қызылорда облысы	590	1021	3,7	4,8
Оңтүстік Қазақстан облысы	2022	2676	4	3,9
Алматы қаласы	3476	4307	8,7	10,1

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Әйелдер			
Барлығы	52488	75847	9,3	12,3
Алматы облысы	4596	7253	8,5	11,4
Жамбыл облысы	3417	4984	9,8	13,2
Қызылорда облысы	914	1769	5,4	8,3
Оңтүстік Қазақстан облысы	4123	6288	7,8	8,8
Алматы қаласы	7222	9336	15,9	18,3

Сонымен қорыта келе ажырасуға негізінен әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және физиологиялық факторлар әсер етеді. Ажырасудың ең жоғарғы көрсеткіші Алматы қаласында болса, ең төмен көрсеткіші Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында. Бұған себеп, аталған облыстарда қазақтардың көп шоғырлануы. Екіншіден, жоғарғы ұрпақ өкілдерінің жұбайларға әсер етуіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байсақал Н. Отбасының бүтіндігі – бүгіннің өзекті мәселесі: Алматы қаласы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы жүргізген әлеуметтік зерттеулер қортындысы // Алматы ақшамы. – 2006. – 17 қаңтар.
- 2 Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан: статист. сб. – Алматы: Гос РК по стат., 1999. – 211 с.
- 3 Калыш А.Б. Разводы в Казахстане: динамика, мотивы и причины // V конгр. этнографов и антропологов России: тез. докл, Омск, 2003, 9-12 июня. – М., 2003. – С. 95-97.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Оңтүстік Қазақстандағы ажырасудың статистикалық көрсеткіші қаралады

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются статистические данные разводов в Южном Казахстане.

БӨКЕЙ ОРДАСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫПТАРЫ

Кәдірбек Ш. Д. – аспирант (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Тарихтың көп ғасырлық беттері дәлелдегендей қай халықты алсаңыз да көршілес халықтармен саяси әлеуметтік, экономикалық және мәдени байланыстарға түспейінше өркендемейтінін көрсетеді. Ұлы даланы мекендеген қазақтар аймақтық ерекшеліктерін жүйелей отырып өз тарихының мәдени сана сезімін қалыптастырғаны заңдылық. Батыс Қазақстан аймағы қазақтарының дәстүрлі әдет-ғұрыптары этнографиялық тұрғыда әлі де болса жеткіліксіз зерттелген жергілікті ерекшеліктері бар өлке болып табылады. Шөлді аймақта орналасқан бұл өңірдің қазақтарында ХІХ ғ. аяғы - ХХ ғ. басына дейін үлкен патриархалды отбасы қалдықтары ретінде сақталған. Жергілікті халыққа

жартылай отырықшы түркімен қоғамындағы патриархалдық жүйенің әсерін болжау қиын емес. Осындай ерекшеліктер көршілес Маңғыстау қазақтарына да тән болған. Мысалы, өзінің тоғыз жылдық сапарында Маңғыстауды басып өткен орыс офицері Ф. Ефремов мұндағы қазақтардың үлкен отбасылы екендігін айта кетеді.

XVIII ғасырдың соңында Кіші жүздегі саяси әлеуметтік және шаруашылық дағдарысы әбден күшейген кезде құрылған Бөкей Ордасы Жайықтың батысына өткен кезде, оған келушілер негізінен Байұлы рулары болғанын тарихи мәліметтер айғақтайды. Мұнда барлығы 22775 адам өткен. Бірақ осы жылғы Бөкей бастап өткен қазақтардың үй саны жөніндегі мәліметтер қайшылықты. А. Казанцев, А. Харузин бұл цифрды 3000-ға дейін азайтады /1/. Осындай мәліметтерден Бөкейге еріп, қолдап Еділ Жайық аралығына өткен шаңырақ саны туралы өте кереғар пікірлер туындайды. Бұл қайшылықтың басты себебі 1801 жылы Бөкейден бұрын да Нарын құмында қыстап шыққан шаңырақтар мен Бөкеймен келген шаңырақтарды бөлектеп көрсетілмегендігінде. А. Н. Харузиннің айтуынша XVIII ғ. аяғында адай руының 500 дей шаңырағы Бөкей Ордасына барып қоныстанғанға дейін олар үлкен патриархалды отбасылы болып, ал келгеннен кейін оның ыдырай бастағанын жазды /2/. Бұрыннан қалыптасқан отбасылық жүйедегі мұндай өзгеріс ең алдымен қоғамда болған әлеуметтік, экономикалық дамудың нәтижесінде ғана мүмкін болады. Яғни Бөкей Ордасында жеке меншіктің маңызы біртіндеп арта түсіп, экономикалық жіктелудің айқындалуына байланысты үлкен патриархалды отбасының сыр-сипатына өзгерістер еніп, орнына дара шағын отбасының шығуы ертеректеу басталды. Ал, Маңғыстауда отбасылық өзгерісі кейінірек болды. Бірақ бұдан патриархалды отбасы қалдықтары сол кезден бастап мүлдем жойылып кетті деген ұғым тұмауы керек. Оның қалдығы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына дейін бөлінбеген отбасы ретінде жетті /3/.

Бөкей Ордасындағы XIX ғ. дара отбасы үстемдігінде әкесінен бөлініп кетсе де әкенің және үлкен ағаның ықпалы жүрген. «Үлкен үй» немесе «қара шаңырақ» деп аталатын әкенің үйі қашанда ұрпақ үшін қадірлі, қасиетті орда ретінде бүгінге дейін жетті. Қара шаңырақты қадірлеу ата-баба әруағын қадірлеумен байланысты нанымның бір түрі болуымен бірге, бұдан үлкен патриархалды отбасының ыдырау кезіндегі шағын отбасылардың арасындағы қатынастардың сілемін сақтай түсу нышанын да аңғарамыз /4/. Ержетіп үйленген балаларды енші беріп шығарудың зор саяси-шаруашылық маңызы болды. Бұл әсіресе әкенің қоғамдық ықпалын көтеруге себін тигізді. Еншісін алып бөлек шыққан отауға ағайын-туғандары шама-шарқынша үлес қосқан. Мұндай көмек түрлері «тамыздық», «үме», «немеурін» деп аталады. Сөйтіп Бөкей Ордасында үлкен патриархал отбасы ыдырап «қара шаңырақ» деп аталатын отбасылық туыстық топтар қалыптасты.

Қазақ арасындағы барлық дерлік туыстық және жақындық атаулардан Бөкей қазақтарының айтарлықтай ерекшелігі жоқ деуге болады. Л. Ф. Баллюзек «Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской Орде силу закона» атты еңбегінде Кіші жүз қазақтарындағы құда түсу дәстүрінің ерекшеліктеріне тоқталады /5/.

Үйленуге байланысты гұрыптар. Ержеткен ұлын аяқтандырғысы келген қазақтар беделі мен әл-ауқаты теңесетін немесе текті әулиетпен құдаласуға тырысады. Сөйтіп қыз айттыруға еті тірі, сөзге шешен бір-екі кісіні жібереді. Егер қыздың әкесі қарсы болмаса арнайы құда түсу үшін хабаршыны жіберу мерзімін, қыздың қалыңмал мөлшерін белгілейді. Қалыңмал мөлшері орта есеппен 40-50

жылқы болады. Өзара сөз байласқан құдалар «қарғыбау» деп аталатын жол-жоралғы жасайды. Яғни бұл атастырылған қыздың болашақ қайынжұртына келін болып түскенше келеңсіз жайға ұрынып қалмау мақсатында немесе екі жақтың сенімділігіне күдік болмауы үшін жасалатын төлем, кәде /6/.

Ұзатылатын қыз жақын құрбыларын, жеңгелерін ертіп туысқандарын аралайды, ал олар қызға шама-шарқынша сыйлықтар (кілем, тон, шапан, ыдыс-аяқ т.б.) береді. Бұл сыйлықтарды анасы қыздың жасауына қосады. Қыз ұзату тойы тұрмысқа шығатын қыз әкесінің үйінде болатын той. Ұзату тойының басталуының тағы бір дәстүрі – қалыңдыққа арналып жасалатын баскиім-сәукеленің жасалып бітуі. Сәукеле өте сәнділігімен ерекшеленеді. Қыз ұзату тойының басталатын күнін белгілеу қыз әкесінің еркінде. Ол әдетте ауа – райының ашық болуын есептей келіп, бір сәтті күнді белгілейді. Арнайы шақырылған құдалар қалыңдық жағына қалыңмалын және басқа да сый-сияпаттар апарды. Құдаларға салтанат көрсетіліп басты жоралғысы құдаларға арнайы пісірілген құйрық-бауыр асатып жекжаттыққа жол ашылады. Той көркін кіргізуші ақын әнші жігіт «тойбастар» айтады. Той бастар, жар-жар, сыңсу, беташар мен той тарқардың да өзіне тән сазсыз орындалмайтыны белгілі.

Тойбастардың мазмұны мен көркемдік сипатында дәстүрлі қалыптасқан формуладан гөрі авторлық қолтаңбалар басымрақ. Өйткені, әркім оны өз қабілетінше жырлайды. Той жасаушы өз атақ-абыройын асыру үшін той бастарға әйгілі ақын-жырауларды шақырды. Ондай ақын-жыраулардың той бастарын ел озық үлгі санап ауыздан тастамай айтып жүретін болған. Мысалы, тойбастар жөнінде алғаш ғылыми пікір айтқан ғалым А. Байтұрсынов бөкейлік кете руынан шыққан Шернияз ақынның Баймағамбет сұлтанның қызы Ақыл Қаныкейдің тойын бастағанын мысалға келтіреді. Дәстүр бойынша жиын-тойда аста атқарылатын рәсімдік жоралғылардың бәрін әр жүздің нөқта ағасы саналатын рулардың белгілі адамдары бастайтын болған. Н. И. Гродековтың айтуынша Ұлы жүздің қыз ұзату келін түсіру тойларын міндетті түрде жалайыр руының ақын-жыршылары бастайтын болған /7/.

Тойбастардың барлық түрі жұртқа сәлемдесуден басталып, өзін таныстыра отырып той жасаушыны дәріптейді. Сонымен қатар тойдың сән-салтанаты мадақталып, өзін де көтермелей отырып той иесінен көрсетілетін сый-сияпаттың мырзалық белгісі екендігін ескерте кетеді. Қыз ұзату тойындағы той бастардың соңы тілек айтумен, ұзатылған қызға бата берумен аяқталады.

Ақсақалдар құда түсудің осындай ырымдарын жасағаннан кейін кезек жастарға беріледі. Онда айналасын думандатып жүретін өнерлі де тапқыр әйел тойды қыздыра түседі. Ол жаңа құдаларға қолайсыздау, алдын-ала әзірлеген әзіл-қалжың ойындармен жиылған жұртты күлкіге батырады. Оларға оғаш, тұрпайы киімдер кигізіп, бір тізерлетіп тұрғызып немесе өгізге теріс мінгізіп, ауылды аралатады. Көбіне құдалар кәдесін беріп құтылады. Мұнан соң той «ай қабақ ату», «ат бәйгісі» сияқты ұлттық ойындармен жалғасын табады. Бөкейлік қазақтарда бірнеше күнге созылатын қыз ұзату тойының аяғында қалыңдықтың туыстарының бірі қыздарымен қоштасу мақсатында ойын-сауық ұйымдастырады. Оны «болыс үй» деп атайды. «Болыс үй» рәсімінен соң қыз қайтып әкесінің табалдырығын аттамайды. Осы думан кезінде «тартыс» деген салттық ойын ойналады. Көпшілік екіге жарылып қыз үшін таласқа түседі. Ортада арқаннан ұстап қыз тұрады, арқанның екі шетінен ұстаған адамдар арқан тартысады. Яғни бірі болыс үйге қарай, екіншісі қызды жібергісі келмей өз үйіне тартады. Кейде әзіл-шыны аралас бұл ойын бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Күйші Дәулеткерей «Тартыс» атты күйінде қыздың қимастық сезімін тамаша бейнелейді. Мұнан соң

ата-анасы қызы мен күйеу баласына ақ жол тілеп, құдаларды аттандырарда келіншектер күйеуден «күйеу аттандырар» атты кәде сұрайды. Үйінен аттанарда қыз елін, жерін, ата-анасын, туған туысқандарын қимай «сыңсу» айтады. Сыңсу да үйлену салты /8/.

Қыздың тума туыстары ата-анасы алдына мал айдатып, барлық жасауын түгелдеп аттандыруға тырысқан. Құдалардың әрқайсысына жөн-жоралғысымен тоғыз-тоғыздан ат, шапан таратады, яғни «киіт» кигізеді. Қалыңдықты күйеу еліне ертіп бару үшін қыздың шешесі, аға не інісі, жеңгесі, екі-үш қосшы жігіт үлкен дайындықпен аттанады. Қазақ тәртібінде қызын ертіп баруға тек шешенің немесе шеше орнына жүретін жақын жеңгенің баруы – аналық дәуірмен байланысты деген болжамға әкеледі. Оларға да асыл ыдыстармен құйрық бауыр таратудан киіт кигізуге дейінгі сый құрмет жасалады. Бірақ қыз жақтан барған құдаларға дәрекі ойындар мен әжуа-мазаққа тиым салынады.

Күйеу аулына жеткенде «келін келді» деп күйеу жанына ерген серіктерінің бірі көштен озып суыт кетеді де күйеу әкесінен сүйінші сұрап, хабар жеткізеді. Күйеу шешесі ауыл әйелдерімен көш алдынан шығып, шашу шашып, қыз шешесінен жасауды күтіп алады /9/. Келін босағаны оң аяғымен аттап, отқа май тамызады. Сол күні келген құда құдағиға қонақасы беріліп келесі күні ұлы той үстінде «беташар» болады. Жаңа түскен келіннің мінезі жұмсақ, инабатты болсын деген ниетпен аяғының астына бөстек төсеген. Келіннің беті ашылған соң үлкендер бата беріп ақ тілектерін айтады. Келін тізе бүгіп сәлем салады. Ұлт дәстүрі бойынша жаңа түскен келін атасының, қайны, қайынсіңлілерінің атын атамай өзіне лайықты ат қояды. Мысалы, «мырза», «биата», «шырақ» т.б. Осындай ат тергеу біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көрегендік, кішіпейілділік қасиеттерінің биік көрінісі.

Өлікті жөнелтуге байланысты ғұрыптар. Қара жамылу, аза тұту, ас беруге байланысты әдет-ғұрыптар көбінесе ислам ғұрпын сақтаушы басқа да халықтар дәстүрлерімен ұқсас келеді. Бұл туралы белгілі зерттеуші Л. Я. Штенберг былай деп жазады; нәсілі, географиялық орналасуы және мәдени дәрежесі бір-бірінен алшақ жатқан этнографиялық жағынан әртүрлі халықтардағы қаралы күндерге байланысты ғұрыптардың түгелге жуығы бір-біріне ұқсас болып келетіндігі таң қалдырады /10/.

«Тумақ болған соң өлмек» парыз дей отырып, халқымыз өлімді шамасы келгенше туған-туыс, ел-жұрт болып аса құрметпен аттандыруға ат салысады. Жалпы қазақ қоғамында әрбір өлген адамды соңғы рет алыс сапарға аттандыру оның жасына, жынысына, тегіне, дәулетіне, қоғамдағы жеке басының беделіне байланысты. Марқұмның денесі арнайы тігілген киіз үйге шымылдыққа қойылады. Бөкей Ордасында адам өлісімен жанындағы ақсақалдар оған иман тілеп, бетін жауып үйдің оң жағына құрылған шымылдық ішіне орналастырып, басын солтүстікке құбылаға қаратып шалқасынан жатқызады да, үстіндегі киімдерін шешіп, үстін ақ шүберекпен жабады. Этнограф Ә.Т.Төлеубаев «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов» атты еңбегінде жерлеу ғұрпының жоралғыларына кеңінен тоқталады. Мәйітті жуушылар саны тақ болуы керек. Ол негізінен марқұмның жақын туыстары және міндетті түрде шеше жағынан бір адамның қатысуымен атқарылады. Бұл істі атқарушылар «сауап» алып, құдайдың рахымына бөленеді. Мәйітті жерлегенше жеке қалдырмай, өлік «қонақ» етіліп, жақын туыстары немесе ауыл ақсақалдары кезектесіп күзетеді. Мәйітті оң жаққа қою оны қонақ ретінде сыйлау ұғымынан туса керек. Сондай-ақ оң жақта отырған қызды қонақ ретінде сыйлаған, яғни қонақ басқа отбасыға, басқа ортаға тиесілі дегеннен шықса керек /11/.

Азалау фольклорын ішкі жанрлық түрлерге арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау деп жіктеуге болады. Бұл жанрлық түрлер бір-бірімен мазмұндық тақырыбымен, атқарылу ретімен ғана емес, орындалу мәнерімен, саз әуенімен, көркемдік сипатымен де бір-бірімен ажыратылады. Оған оларды жеке-жеке топтап өзіндік сипаттарына арнайы тоқтала отырып көз жеткізуге болады.

Арыздасу - адамның туған жерімен елімен, құрбы-құрдастарымен тіпті жан серігі болған атымен, сұңқарымен, өнерімен қоштасатын жыр түрі. Мұндай қоштасу ажал алдындағы адамның бала-шағасына, жора-жолдастарына азаматтарына арналып айтылады. Бөкейлік қазақтар арасында ол «бақұлдасу», «қоштасу мезгілі» деп аталып келген. Арыздасудың өлеңмен айтылуы шарт емес. Ол көбіне қара сөзбен айтылған.

Арыздасуды кең мағынасында қазақ фольклорындағы қоштасудың бір түрі ретінде қарастыруға болады. Өйткені ол дүниеден қайтқан адамның ғана аузынан шығатын ғұрыптық жыр емес. Оның негізгі мазмұны артында қалып бара жатқан ұрпағына өмірден көрген білгені мен көкірегіне тоқығандарын ойына түйгендерін сөз ету. Өзінен қалатын мұраны табыстау. Тіпті зиратын қай жерге тұрғызу керектігін, әлдекімдердің қарызы мен аманаттарын беруге дейін ет жақындарына тәптіштеп тапсырып кетеді. Мұндайда ертедегі әулетті кісілер алыстағы ағайындарын ат жіберіп алдырып араздасып жүргендер болса, бір-бірінен кешу сұрайтын болған. Мәселен әйгілі Қабанбай батыр жырында қалжыраған Қабанбай сын сағатта аталас батыр інісі Дәулетбайды іздетіп алдырып арыздасып жалған дүниедегі ренішке кешу сұрап аманаттарын айтып кетеді /7/.

Қоштасудың мұндай түрлерін Нұрым Шыршығұлұлы сияқты әйгілі ақын-жыраудың шығармаларынан да табамыз. Сондай-ақ Исатайдың Махамбетке айтқанына тоқталсақ:

Адыра қалған қу Нарын,
Қарағай қайың тал терек,
Қалың орман ну қалды ау
Соңымда қалған елдерге,
Арманымды айтып кетейін
Артымда тірі сен қалсаң
Найза ұстаған ерлерге
Қапыда өткен дүние ай
Талауға түсіп бүлініп,
Халқымның көрген зорлығы ай
Жасөспірім Наушаны,
Жолдасым саған тапсырдым /12/.

Мұнда Исатайдың іштегі нала мұңын, арман-аманатын көреміз. Демек арыздасудың мазмұндық өзегінде өмірден озып бара жатқан адамның отбасына ағайын туғанына, ел-жұртына қош-қош айтуы мен қалдыратын өсиетін аманат ету ғұрпы жатыр. Ол халық арасында өлеңмен де қара сөзбен де айтылады. Салт бойынша о дүниелік адамның аманаты, өсиеті бұлжытпай орындалуы тиіс. Ал оның өлеңмен айтылып көркем жырмен өрнектелуі негізінен ақын-жыраулардың еңбектері. Тіпті артына өсиет қалдыру адамның өлуінен көп бұрын орындалуы да мүмкін.

Естірту. Марқұмның қазасын жақындарына әдейі жіберілген адам барып естіртеді. Естіртудің барлық түріне тән бірден-бір басты қасиет қайғыны тікелей айтып жақын адамның жүрегіне салмақ түсіріп алмау ниетінен болса, екінші себебі - ертеде қайғылы қазаны жеткізуге тиымның салдарынан болса керек. Ел ішінде ауыздан-ауызға тарап, айтыла-айтыла формулаға айналған естіртудің көне

мәтіннің тұспалға толы ишарат сөздермен тақпақтап айтылатыны сондықтан. Олардың көбі «Аққу ұшып көлге кетті, сұңқар ұшып шөлге кетті» деген үйреншікті жолдармен басталады. Қазаны тұспалдап жеткізуді сауал қою арқылы білдіру естіртуде жиі кездеседі. Сауал - тұспалдың барлығы адамды қаралы хабарға дайындап алу мақсатында айтылады. «Тұғырдан ұшқан ақ сұңқар қайтадан көлге қонар ма», деген риторикалық тізбек өз жүйесімен жалғасып келеді. Тұспалдап сөйлеудің барлығының негізі баламалау, теңестіру. Яғни қайғыны соған ұқсас затқа, құбылысқа ұқсастырып сол арқылы қазаны білдірген. Мұндай баламалап, тұспалдап егіздеп айту барлық көңіл айтуда да, жоқтауда да кездеседі. Оның соңы кейде Адам Ата Хауа Анадан бастап өмірден өткен пайғамбарлар әулие-әнбиелер т.б. өмірін мысалға ала отырып тәмсіл айтуға ұласады. Қаза болған адамның ғұмырын алыстан таратып, кеңінен толғап айтатын естіртулер бар /13/.

Көңіл айту. Естіртудің соңы әркез жұбатуға көңіл айтуға ұласады. Көңіл айтуға келгендер марқұмның туғандарымен көрісіп, отбасы адамдарын жұбатып, көңіл айтады. Әйелдер дауыс салып жылайды, айқайлап бетін тырнайды. Естірту қазаны хабарлап, құлақтандырса, көңіл айтуда аты айтып тұрғандай қайғылы адамды жұбатып, қайғысын бірге бөліседі, сабырға шақырып тоқтам айтады. Көңіл айтуда тапқырлықтың да үлкен маңызы бар екендігін қара сөзбен айтылған көңіл айтулардан айқынырақ сезуге болады. Міндетті түрде елдің бір сыйлы адамы көбінесе хан, төре, ақсақал, қайғыдан қан жұтып айтқан сөзге жұбанбай басын көтермей жатып алады. Міне сондай сәтте ауылдың игі жақсылары жиналып жұбатуға барады. Солардың арасында бір шешені суырылып шығып айтулы жұбатуды айтады.

Бөкей қазақтары арасында қара сөз аралас көңіл айтулар таралған. Ол көп жағдайда шешендіктің тапқырлықтың үлгісі ретінде айтылады. Сондықтан айтушы оның алды артына өзінше қосымша қосып, баяндайды. Мысалы, Едіге бидің Жәңгірге көңіл айтуы. Жалғыз баласы қайтыс болып, соның қайғысынан тұралап төсек тартып жылап жатып алған хан Жәңгір сең жүріп, тасып жатқан өзеннің бір жағына ежелерін, бір жағына төлдерін қалдырып; «мені шулатқан құдайдың малын мен де шулатайын», деп жатып алған екен. Көңіл айтуға келген Едіге биге хан «менің осы қайғым қалады ма?» депті, сонда Едіге

Ей, ханым сенің бұл қайғың,
келелі бидің кеңесінде қалады.
Өзенді судың көбесінде қалады,
биік таудың төбесінде қалады.
Қыран құстың қияғында қалады,
жүйрік аттың тұяғында қалады.
Ұлы тойдың ойынында қалады,
сұлу жардың қойыныда қалады.
Осы айтқанымды ісемесең,
Өле-өлгенше мойнында қалады.,

-деп ханды тұрғызып сейіл құрғызып, құс салып ит жүгіртіп, сұлу қыз алып қайғысын бірте-бірте сергіткен екен.

Жоқтау. Жоқтаудың адам қайтқаннан бастап, бір жыл бойына айтылатыны белгілі. Қатардағы адам қайтыс болғанда жылаушылар аузына түсетін – ел аузында айтыла-айтыла қалыпқа түскен дәстүрлі жоқтаулар. Олар да әр жастағы қаза болған адамдарға лайықталған дайын тіркестер мен клишелер бар, мұндай өлеңдер әдетте жаттанды. Жыраулық поэзияның дәуірлеген кезінде жоқтау отбасы, ауыл-аймақ деңгейіндегі жылау-сықтаудан ел ерлерін жоқтайтын

қоғамдық, әлеуметтік мәртебесі жоғары жанрлық түрге айналды. Олар мұндай жоқтауларды күнді түнге ұластыра жырлап, ел шерін шертетін өнер түріне көтерді. М. О. Әуезов айтқандай мұндай жоқтаулар ел қамын ойлайтын әйгілі ерлер жөніндегі тарихи шығармаларға арқау болды. Өлген адамды мадақтап оның әйелі, қыздары, қарындас келіндері шаштарын жайып бүйірлерін таянып, қара салып, жоқтау айтып, ылғи жылаумен болады. Күйеуі өліп қаралы болған әйел күйігінің күштілігін білдіру үшін бетін қан шығара тырнайтын. Мұны «бет жырту» дейді. Жоқтауды өлген азаматтың зайыбы, бойжеткен қыздары, келіндері әйелдер айтқан /6/. Бөкей Ордасы қазақтарына да тән жайт жоқтауды әйелдердің айтуы, өлген азаматтың әйелі ерекше үн салып, терең сезіммен айтқан.

Жоқтауларда дүниенің жалғандығы ажалдың аяусыздығы дүниеден өткен адамдардың жақсы қасиеттері сипатталып қана қоймайды, жоқтап отырған адамның ішкі жан дүниесі мұң-шері де баяндалады. Жоқтаулардың соңы өлген адамға о дүниеде жақсылық тілеумен өзіне өзі сабыр тілеумен түйінделеді.

Жоқтаудың әлеуметтік идеялық тұрғысынан қараған адамға қазақ қауымының ислам дінін місе тұтпай, толық мойындамай өткені бірден байқалады. Оның сыры мынада, көне заманда түркі кезеңінің өзінде V-VIII ғғ. түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырып, жақын тумалары шаштарын жұлып, бетін тырнап, құлағын кесіп өздерін қорлайтын әдет болған. Оның мәнісі «өлген жақсы адамның артында қалып өмір сүргеннің не мәні бар» деп қараған /14/. Ал XI ғасырдан кейінгі жерде жазылған барлық еңбектерде ислам дінінің ықпалы белең ала бастайды. Исламның талабы бойынша өлімге қатты дауыстап жылауға, денесіне зақым келтіруге тиым салады. Олай ету Алланың әміріне қарсы келу дейді.

Жылама деп айтады
Өсиеті ісләмнің дейді.

Дәстүрлі жоқтауларда алдымен құдайды ауызға алып барып дүниенің жалғандығы, пәнилігі сөз болады. Бұл пәниден пайғамбардан бастап қаншама сақабалардың, әулиелердің, хан, сұлтандар мен би - бағландардың, батырлар мен ғұламалардың өткендігін санамалап, тумак бар жерде өлмектің де бар екендігін көлденең тартады. Одан әрі мәйіттің ата-тегі шежіресін таратып өз басына мадақ айтады.

Мұны Бөкей Ордасының хан сұлтандарына, батыр билеріне елді басқарған адамдарына арналған, әсіресе бізге жеткен жоқтаулардың арасында Байтоқ ақынның Жәңгірдің қайтыс болуына шығарған жоқтауы нақтылай түседі. Байтоқтың бұл жоқтауын 1898 жылы орыстың белгілі зерттеушісі А. Е. Алекторов орысшаға аударып Қазан университеті жанындағы археология, тарих, этнография қоғамының хабаршысына бастырған. 1910 жылы «Шайыр яки қазақ ақынының басты жырлары» деген Орынбордан шыққан кітапқа енді.

Алтынды сарай ақмешіт,
Әуелгі хандар салмаған.
Салмағанның белгісі,
Артында мұра қалмаған.
Атадан аса туған Жәңгір хан,
Екінші Ысмайылдан алғыр хан,
Арғы түбін болжаған.
Атаның алмаған қонысын алып,
Анда сарай салғызған.
Атадан аса туған Жәңгір хан,
Алпыс аршын бой тастап,

Таратқан ойшық басына,
Бір-бір күмбез қалатқан.
Жарлы мен байды тең көрген,
Жесір үшін жер бөлген.
Әулие ханнан айрылды,
Астана жұртын меңгерген.

Сондай-ақ, Бөкей ордасын «күйдің меккесіне» айналдырған дүлділ өнер иелері өз қайғыларын саз аспаптарымен де білдіре білген. Қазақтың аспапты музыкасының шолпан жұлдызы, бөкейлік - Сейтек Оразалиев қуғын-сүргін көріп, елге оралғанда баласы Ғазиздің аттан құлап өлгенін естіп қатты қайғырып «Ғазиз» атты күй шығарады. Бөкей ордасындағы белгілі музыкалық дәстүрді қалыптастырушы Дәулеткерей Нарын топырағынан шыққан аса көрнекті ғалым М.С.Бабажановтың қазасына қатты қайғырып «Салық өлген» күйін арнады. Нұралы ханның немересі Күнтөренің келіні қайтыс болғанда «Зәуреш» атты әнді Мұхит оның өліміне жоқтау ретінде айтқан.

Жалпы бөкейлік тұрғындар қазақ халқының ғасырлар бойғы қалыптастырған тал бесіктен жер бесікке дейінгі ғұрыптық отбасылық дәстүрлерін жалғастыра отырып, батыс өркениеті мен мәдениетіне қол жеткізген бірден-бір ілгерішіл ұрпақ өсірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Харузин А. А. Киргизы Букеевской орды (Антрополого-этнологический очерк). Вып. I. –М., 1889. –С. 116.
2. Бұл да сонда.
3. Қыдыралин Ү. Маңғыстау қазақтарының дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрыптары. -Атырау, 2002. -148б.
4. Ажигали С. Е. Архитектура кочевников-феномен истории культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). –Алматы, 2002. –С. 168.
5. Баллюзек Л. Ф. Народные обычай, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской Орде силу закона //Күйеу келтір қыз ұзат. -Алматы,1992.–С.96.
6. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. –Алматы, 2005. -216 б.
7. Матыжанов К.І. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. –Алматы, 2004. -197 б.
8. Алекторов А.Е. Материалы для изучения страны, истории и быта киргизов. Вып. I. -Оренбург, 1892. –С. 154.
9. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья және неке (тарихи этнографиялық шолу). –Алматы, 1973. -327 б.
10. Штенберг Л. Я. Первобытная религия в свете этнографии. –Л., 1936. –с. 163.
11. Төлеубаев А. Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX - начало XX в). –Алма-Ата, 1991. –С. 207.
12. Марданов Б. Бөкей Ордасы және Махамбет. –Алматы, 2003. -76 б.
13. История Букеевского ханства (1801-1852гг). -Алматы, 2002. –С. 972.
14. Сдыков М. Н. Формирование населения западного Казахстана в XVIII-XIX веках. -Алматы, 1996. –С. 245.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются традиционные семейные обряды казахов Букеевской Орды. Показываются особенности изучения этих обрядов в исследуемом регионе, а также в сопредельных с ним территориях.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Бөкей Ордасы қазақтарының дәстүрлі жанұялық салттары қарастырылған.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЭТНОСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ҰЙЫМДАРЫ

Қалыш А.Б. – т.ғ.к., доцент (Алматы қ., Қазмемқызпи)

XVIII ғасырдан XX ғасырдың ортасына дейінгі аралықта Қазақстан территориясында шағын этностардың пайда болу процесі көбінесе мына жағдайлармен байланысты болды. Мысалы, біздің елге XVIII ғасырдан XX ғасырдың басына дейін Ресейдің Европалық бөлігінен көшіп келген этностардың біразы стихиялы түрде, немесе өз еркімен және жоспарлы қоныстануы арқылы ораналасты. Кеңес дәуірі кезінде, әсіресе 1930-1940 жылдары Қиыр Шығыстан, Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан, Балтық жағасынан, Еділ бойы мен Кавказдан миллиондаған этностардың мәжбүрлік түрде депортациялануы және 1954-1956 жылдары тың игеру жағдайымен және басқа да себептермен тағы да миллиондаған тұрғындардың келуі Қазақстанды көп ұлтты мемлекетке айналдырды. Қазіргі кезде жүзден аса ұлт өкілдерінен тұратын көпұлтты Қазақстандағы ұлтаралық қатынастың әдеттегідей болуының маңыздылығы барлығымызға белгілі.

Аталмыш ұлтаралық қатынастың жақсы болуына және дамуына біздің мемлекетімізде барлық қолдан келген жағдай жасалуда. Бұған сөзсіз шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтары мен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылуы және қызметі септігін тигізуде.

Кезінде ұлттық-мәдени орталықтардың ашылуына бұрынғы КСРО-дағы жаңа тұрғыдағы қоғамдық, саяси, идеологиялық, әлеуметтік-демографиялық өзгерістердің ықпалы болды. КПСС-тің «қайта құруды» жариялауы ұлттық-мәдени орталықтардың өмірге келуі мен нығаюына объективті мүмкіндік туғызды. КСРО-ның құлауы және көпұлтты Қазақстанның тәуелсіздік алып демократиялық құқықтық қоғам жолына түсуі, әр түрлі шағын этностардың ұлттық бірлестіктерінің іс-әрекетінің мүмкіншіліктерін, өзара іс-қимылдарын жоғары сатыда дамуына апарды.

XX ғасырдың 80 жылдарының аяғы мен 90 жылдардың басында республикада 34 ұлттық-мәдени орталықтар Қазақстан Республикасының қоғамдық және аймақтық бірлестіктер жөніндегі Конституциясы мен Заңдарына сәйкес өз қызметтерін жүргізді.

Қарастырылып отырған мәселеге сәйкес келесі төрт хронологиялық кезеңнің қалыптасуын айтқан жөн. Бірінші кезең: 1977-1989 жылдары. Осы уақытта ұлттық-мәдени орталықтардың дәрежесі, олардың міндеттері мен өкілеттілігі «кемелденген» социализмнің теориясы мен тәжірибесінің қатаң сәйкестігімен айқындалды. Екінші кезең: 1989-1991 жылдары. Ұлттық-мәдени орталықтарды реттеу үшін 1989 жылдың 14 сәуірінде Қазақ КСР Жоғары кеңесінің «Жеке қоғамдық бірлестіктердің құрылу тәртібі мен қызметі» туралы Жарлығының күшіне енуінен басталып, 1991 жылдың 27 маусымында «Қазақ КСР-ғы қоғамдық бірлестіктер» Заңына дейін. Үшінші кезеңнің хронологиялық шеңберінің 1991 жылдың 27 маусымнан басталып, «Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылдың 30 мамырдағы жаңа заңды қабылдағанға дейінгі уақытты қамтыды /1/.

Қазіргі таңда ұлттық-мәдени орталықтардың одақтар мен ассоциацияларға бірігуіне «Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің территориялық мекемелерінің құқықтық тұлғаларды тіркеу тәртібі туралы» (1995ж.) ережесі және

«Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы» (1996 ж.) Заңы себеп болды /2/.

1995 жылдың 1 наурызында ұлттық-мәдени орталықтардың маңызды және мәнді сіңірген еңбектерін ескере отырып Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Қазақстан халықтарының Ассамблеясы кеңесші-кеңестік орган ретінде құрылды.

Жалпы ұлттық-мәдени орталықтардың негізгі мақсаттары мен міндеттері – білім беру, тіл үйрену, мәдениеттің жаңғыруы, тарихи Отанымен байланысы, басқа көршілес этностардың мәдениеті мен тілін дамытуға көмектесу, республикамызда қолайлы ұлтаралық қарым-қатынастарды туғызу.

Білім беру жүйесіндегі саясат – бұрыннан қалыптасқан ұлттық мектептердің деңгейін көтеру, жаңадан арнайы топтары, сыныптары бар ұлттық мектептерді ашу. Мәдени орталықтардың ұйымдастыруымен жексенбілік мектептердің жұмыс істеп, онда үлкендер мен балалардың өз халқының тілі мен салт-дәстүрін үйренуге мүмкіншіліктері бар. Әдетте аталмыш мектептер сыныптардың бағдарламасын, оқулық кітаптарын т.б. толығымен өз тарихи отандарынан алып отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» жарлығына сәйкес оны жүзеге асыру үшін жыл сайын мектептерде, арнайы және жоғарғы оқу орындарында, мекемелерде, ұйымдарда тілдер апталығы мен мерекелері өткізіліп отыр. Осы шараларды жүзеге асыруда ұлттық-мәдени орталықтардың үлесі ерекше.

Республикалық, аймақтық, жергілікті ұлттық-мәдени орталықтардың белсенді арақатынасы арқасында жоғары оқу орындарында тілші, филолог, лингвист мамандарды даярлайтын топтардың, бөлімдердің, факультеттердің саны өсуде.

Республикада жыл сайын шағын этностардың көркем өнерпаздар фестивалдарының, өлең жарыстарының, тарихи мейрам күндерінің, жазушылар шығармаларын, суретшілер көрмелерін және т.б. талқыға салу шаралары жүйелі түрде өткізілуде. Олар аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға қатысып лауреат атанып отыр. Мәдени орталықтар өз қандастарының жағымды жақтарын, ұлттық ерекшеліктерін және өз халықтарының мәдениетін жан жақты айқындайды. Осы орталықтардың нәтижесінде танысу клубтарының, спорт әуескерлерінің, әр түрлі балалар студияларының және т.б. үйірмелердің ұйымдастырылуы анық байқалады. Халықтар достығы үйлерінде, ұлттық орталықтар мен мектептерде тек қана өздерінің ғана емес, сонымен қатар туыстас т.б. ұлттардың ана тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі, өлең-жырларымен танысуы және білуі іске асырылады.

Ұлттық-мәдени орталықтарда жастар орталығының пайда болып, олардың қаланың жоғары оқу орындарымен тығыз қарым қатынаста болып, танымал тұлғалармен кездесулер мен кештер, ұлттық мейрамдар, түрлі жарыстарды ұйымдастырып өткізіледі. Сонымен қатар, орталықтар «Қазақстан 2030» даму стратегиясын, Елбасының жыл сайынғы қазақстандықтарға жолдауын жүзеге асыру барысында белсенділігін танытады. Көп ұлтты Қазақстанға мемлекеттік бірлік үшін, қазақстандық патриотизмді дамыту үшін жыл сайын «Достық апталығы», «Біз - қазақстандықпыз» атты шаралар ұйымдастырылып отырады.

Қазақстанда шағын этностардың ұлттық тілдерінде ақпараттық хабарлар (мерзімді басылымдар, радио және теледидар) өздерінің қызметін тұрақты түрде жүргізуде.

1992 жылы еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіздігіміздің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының бірінші форумында алға тартқан

Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы өзінің идеясын ашық айтты. Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қазақстан Республикасының Президенті қарамағындағы консультативті-кеңестік ұйым ретінде құрылды. Ол 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығымен бекітілді. Ассамблеяның бірінші сессиясы 1995 жылдың 24 наурызында Алматы қаласында болып өтті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы туралы 2002 жылғы ережеге байланысты ол Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы кеңесші органы болып табылады. Ассамблеяның шешімдері кепілдемелік сипатқа ие болып ұйымның басшысы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті тағайындалды. Ассамблея мүшелерінің ұсынысымен, Республика Президенті бекіткен ұйымның төрағасының екі кеңесшісі де тағайындалды (3;4;5;6). Ассамблея ережесіне сәйкес оның құрамын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды, ал оған кандидаттар Астана және Алматы қалалары және облыстары құрамындағы Кіші халықтар ассамблеясының пропорционалды қағидалары негізінде ұсынылады.

Сонымен қатар Ассамблея мүшелігіне Қазақстанның Кіші халықтар ассамблеясының аймақтық пропорционалды принциптері бойынша ұсынылды. Кіші халықтар ассамблеясы басты облыстық әкімшілік жанындағы кеңесші орган болып табылды. Олар әр облыстарда ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдіктерінен құралып, ал құрамы ардагерлер кеңесі, облыс әкімшілігі және маслихаттардың келісімімен жеке бекіте отырып басты облыс әкімшілігімен басқарылды.

Іс жүзінде Ассамблея Республика Президентінің жарлығымен немесе үш өкілінің өтініші бойынша шақырылады. Осы жұмысты жүргізу үшін мәжіліс аралығында Ассамблеяның ұлттық-мәдени орталығы, ардагерлер кеңесі, Кіші ассамблея басшылары және оның ішкі құрамдары шақырылады. Ассамблея кеңесі осы органның өкілділігінің орынбасары қызметін атқарады. Ассамблея қызметі республикалық бюджет және облыстық, сонымен қатар өз еркімен қолдау көрсететіндер есебімен қамтамасыз етіледі.

Ассамблеяның ұйымдастырылуы және қызметінің тоқтатылуы Республика Президентінің жарлығымен немесе Ассамблеяның үштен екі мүшелерінің ұсынысымен жүзеге асырылады. Аталмыш жылдары Ассамблеяның қызметі төмендегі шешімдер бойынша бағытталды:

- ұлтаралық келісім және қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға үлес қосу;
- мемлекеттік саясатты жүргізу, ресми мемлекет қызметкерлерінің арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту, сонымен қатар Қазақстан Республикасының әр түрлі ұлт өкілдерінің достық қарым-қатынасын, олардың рухани мәдениетін көтеру, халықтарды теңдік қағидаларын сақтау негізінде дамыту;
- өркениетті және демократиялық нормаларға сүйенген азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру;
- мемлекетте жүргізіліп отырған ұлттық саясатта әр түрлі ұлттардың мүдделерінің тіркеуін қамтамасыз ету;
- қоғамда пайда болған әлеуметтік қарама-қайшылықты шешу жолдарын қарастыру /7; 8/.

Өздерінің тұрақты жұмыстарының мәніне және мағынасына қарай Ассамблеяның алдарында тұрған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қоғамдағы ұлтаралық татулықтың сақталуын нығайту, Қазақстан халықтарының этникалық мәдениеті мен тілін дамыту республикамыздың Президентіне және оның қызметіндегі грант есебінде Қазақстан азаматтарының еркіндігі мен

құқықтарының сақталуын, олардың ұлттық-әлеуметтік міндеткерліктеріне қарамастан қадағалау болып табылады.

Бүгінгі күнде Ассамблеяның құрамында 339 мүшесі бар, олар жалпы алғанда аймақтық және республикалық ұлттық-мәдени орталықтардың мүддесін қорғайды. Сонымен қатар Ассамблея қызмет еткен жылдарында Қазақстан қоғамының болашағымен байланысты экономикалық және саяси реформаларды, қоғамның әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды мәселелерді талқылайды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының 13 жылдық қызметінің негізгі нәтижелері мен табыстары:

1. Жалпы республикалық референдумдарды өткізуге ықылас білдіруі.
2. Олардың қоғамның бірлігін қамтамасыз ететін, іс тәжірибесінің нәтижесін, саяси жағдайларын, пікірлерін қайта қарауға талап қою. Осыған сәйкес Ассамблея мыналарды жүзеге асырады:
 - елдегі саяси тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді сақтауға көмек көрсету;
 - Қазақстан территориясында тұратын ұлт өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты дамыту, олардың рухани мәдени жаңаруына көмек көрсетуге, мемлекеттік саясатты жүргізуді қайта қарау ұсыныстарын жүргізу;
 - демократиялық және өркениеттік нормаларға сүйенетін саяси мәдениетті азаматтарды қалыптастыру;
 - Қазақстан халықтарының көптүрлі этникалық қызығушылықтарына баға беру.
3. Ұлтаралық саясат аймағында жаңа қоғамдық заң жобаларының рөлін күшейтуі. Қоғамдық сарапшылардың жаңа заң жобаларының құқықтарын қолдана отырып Ассамблеяның мына заң жобаларының жасалуына белсене қатысуы: «Қоғамдық бірлестік», «Мәдениет», «Қазақстан Республикасының тілдері» туралы, т.б.
4. Қазақстанның ұлтаралық қатынастарының мәселесін шешуге ізденісі жолында ТМД елдерінің ішінде біраз тәжірибе жинауы /9/. Республика Конституциясына 2007 жылы енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақстанның сайланған жаңа мәжілісінен Ассамблея мүшелеріне 9 орын бөлінгенінің орны ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тлепина Ш.В. Национально-культурные центры Республики Казахстан (1985-1995гг.): Автореф. дис. канд. ист. наук. - Алматы, 1997.
2. Заславская М.Б. Политические партии и общественные объединения Казахстана на современном этапе развития. – Алматы, 1996.
3. Об образовании Ассамблеи народов Казахстана: Указ Президента РК от 1 марта 1995 г. // Собрание актов Президента и Правительства РК. -1995. - № 8. – С.43.
4. Положение об Ассамблее народов Казахстана: Утвержден Указом Президента РК от 1 марта 1995 г. // Собрание актов Президента и Правительства РК. -1995. - № 8. – С.34-47.
5. Назарбаев Н.А. За мир и согласие в нашем общем доме (Доклад Президента на I сессии Ассамблеи народов Казахстана, состоявшейся в Алматы 24 марта 1995 года) // Казахстан – мировое сообщество. – 1995. - № 1. – С. 3-25.
6. О стратегии Ассамблеи народов Казахстана и положении об Ассамблее народов Казахстана: Указ Президента РК от 26 апреля 2002 г. № 856 // Собрание актов Президента и Правительства РК. -2002. -№ 11. – С.82.
7. Ассамблея народов Казахстана: С.м. / Сост.: О.Г.Дымов и др. – Алматы, 1997.
8. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. - Алматы, 2003.
9. Информационно-справочный бюллетень Ассамблеи народов Казахстана. – Астана, 2002.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются история возникновения, функционирования и деятельности национально-культурных центров в многонациональной Республике Казахстан, включая Ассамблею народов Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасындағы шағын этностардың ұлттық-мәдени орталықтарының тарихы, қалыптасуы мен қызметі, сонымен қатар Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы сараланады.

МАГИСТРАТУРА

ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Абдилданова А. Қ. - магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Жұмабай Шаяхметов Қазақстан тарихында өз орны бар, республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткері. Оның ұзақ жылдар Қазақстанның жоғарғы басқару жүйесінде қызмет етіп, сегіз жылдай республиканың бірінші басшысы қызметін атқарғаны мәлім. Жұмабай Шаяхметовтың өмір жолы мен басшылық қызмет атқарған жылдары И.В.Сталиннің Кеңес Одағы мемлекетін басқарған кезеңімен тұстас келеді. Сондықтан да оның тоталитарлық жүйе кезеңінде өсіп-қалыптасқан, сол жүйе аяғында қызмет еткен аса көрнекті басшы, қайраткер екені даусыз. Кеңес Одағы мемлекетінде әртүрлі бетбұрыс кезеңдердегі өзгерістерге байланысты бұрынғы басшы мемлекет қайраткерлеріне деген көзқарастың да әртүрлі болып, үнемі құбылып отырғандығына назар аударған жөн. Сондықтан уақыттың сол кездегі ағымдық талабына қарай әрекет етуге мәжбүр еткен жағдайлармен есептеспей, бәріне қара күйе жағу, сөйтіп, ақиқаттың ұшына жетпей баға беру де екіұдай пікір туғызады. Ең алдымен Жұмабай Шаяхметов өз заманының перзенті, ол социалистік жүйенің бағытымен өсіп, өз өнерінің сан қырын танытқан тұлға /1/.

Жұмабай Шаяхметов 1902 жылы 30 тамызда Омбы облысының Шарбақкөл ауданындағы №1 ауылда, көшпелі малшының отбасында дүниеге келген. Ол жеті жасында Ащыкөл ауылдық мектебіне түсіп оқып, оны бітірген соң Полтавск екі жылдық орыс-қазақ училищесін тәмамдаған. Мұқтаждық пен жоқшылық оның арманын одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Күн көру үшін әкесіне көмектесіп, байлар мен кулактарға жалданадып ауыр еңбекті басынан кешіреді. 1919 жылы желтоқсанда Ж.Шаяхметовтың өмірінде қуанышты оқиға болды. Бұрын кезде өзі оқыған Ащыкөл ауылдық мектебіне мұғалім болып орналасады. Ағарту ісін сүйсініп атқарып, өзінің бар күшін жас ұрпақтарды тәрбиелеуге жұмсады. 1916-1923 жылдары Теке болыстық атқару комитетінің хатшысы, 1923 - 1925 жылдары Шалқар қаласында милиция қызметкері, 1925-1926 жылдары Ақмола губерниясы әкімшілік бөлімінің іс жүргізушісі, инспектор болып қызмет атқарды. Ал 1926- 1930 жылдары Петропавл, Алматы ішкі істер халық комиссары органдарында әртүрлі жауапты қызметтер атқарған. Өзінің іскерлігімен, адалдығымен Ж.Шаяхметов халық арасында зор беделге ие болып, 1938 жылы шілдеде ҚК(б)П Орталық Комитетінің үшінші, бір жылдан кейін екінші хатшысы

болып сайланды. Сол жылдары, әсіресе, Ұлы Отан соғысының майдандарында өмір мен өлім белдескен кезде біздің елдігіміз де, ерлігіміз де сыналды. Шаяхметов республикамыздың аса көреген, талантты басшыларының біріекенін осы қиын кезеңдерде көрсетті. Неміс-фашист басқыншыларын талқандау жолындағы Ұлы Жеңіске Қазақстан еңбекшілері зор үлес қосты. Соғыстан кейінгі жылдары біздің республиканың, оның басшыларының беделі жоғарылады. Орталық партия комитетінің саяси бюросы Жұмабай Шаяхметовке үлкен сенім көрсетті. 1946 жылы шілдеде ҚК(б)П Орталық Комитетінің XV пленумы болып, онда Жұмабай Шаяхметов Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Бұл қазақ халқының Республика басқарған тұңғыш перзенті еді. Оның барлық өмірі қазақ халқының өмірімен тығыз байланыста болды. Ол халық шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендетуге байланысты барлық мәселелерге белсене қатынасты /2/.

Сөйтіп Жұмабай Шаяхметов бүкіл Қазақстанның тізгінін өз қолына алған тұңғыш қазақ болып тарихта қалды. Ж.Шаяхметов 1942 жылы ұлттық айтысты жандандыруға ат салысып, қазақ әдебиетіне, мәдениетіне жанкүйерлік танытты. Қазақстан индустриясының сол елуінші жылдар басында құлаш сермей бастаған шағын Жұмабай Шаяхметов өз көзімен көріп, өз қолымен атқарды. 1946 жылы қазақ Ғылым Академиясы құрылғанда тұңғыш президенті Қаныш Сәтпаев пен ұйымдастыру комитетінің төрағасы Мұхамбетжан Әбдіхалықовпен бірге басы-қасында болды. 1949 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» романы үшін Сталиндік (кейін Мемлекеттік) сыйлық алғанда Жұмабай Шаяхметов арнайы құттықтап хат жолдаған. Сол жылы Мәскеуде қазақ өнері мен әдебиетінің екінші он күндігі өткенде бүкіл республика басшылары соның басы-қасында болды. Тікелей саяси ұйымдастырушылық, экономикалық мәселелермен шұғылданып жүрсе де Жұмабай Шаяхметов әрқашан білім беру істеріне жанашырлықпен қараған. 1944 жылы Алматыда опера және балет театрының жаңа үйі және сол қаһарлы соғыс жылдарында Мемлекеттік консерватория ашылғанда Ж.Шаяхметов еңбегінің ізі, дәмі сезіліп тұратын еді. Оның басшылығы тұсында Алматыда Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында, Шет тілдері, Шымкент химия-технология және Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты ашылды. Мұғалім, тәрбиеші, кітапхана қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орнын ашу қажет болғанын республика басшылары, әсіресе сол кездегі Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов жақсы білді. Сол институттарды ашуға ең алдымен Мәскеумен келісіп, барлық жағдай жасалды. 1944 жылы жазда Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қаулысымен Қазақ Мемлекеттік Педагогикалық Қыздар институты ашылды. Ең басында физика-математика, тіл және әдебиет, екі жылдық даярлау бөлімі болды. Мұндай институттың сол кезде елімізде ашылуы алыс аудан, ауылдардағы қазақ қыздарына білім беру, оқуға тарту үшін жағдай жасалып, жоғары білім алуына көрсетілген қамқорлық болатын. Жұмабай Шаяхметовтың бұл көрегендік бастамасының маңызы қай жағынан алса да орасан зор. Қыздарға арнап ашылған мұндай оқу орны болмаса, олардың астанаға жетіп, басқа институтқа түсуі екіталай еді. Сол 1944-45 оқу жылының басынан ашылған факультеттерге Алматының белгілі жоғарғы оқу орындарынан қазақтың біртуар перзенттері Мұхтар Әуезов, Төлеген Тәжібаевтардың сабақ бергенін институт ұжымы әрқашанда мақтан етеді. Халқымыздың келешек ұрпағын оқытып тәрбиелейтін, болашақта мұғалім-ана болып, елдің бесігін түзейтін, әр отбасының ұйытқысы, берекесі болатын қыздарды оқытуға көңіл бөлінгені құптарлық іс болды /3/.

Жұмабай Шаяхметов өзі республиканы басқарған кездерде әйел кадрларын өсіріп, олардың қоғамдағы белсенділіктерін артыруға басшы қызметке жоғарылатуға көп күш жұмсағаны көпшіліктің есінде. Көптеген әйелдер аудандарда, қалаларда, облыстарда, орталық аппараттарда басшы қызметте жүрді. Орталық комитеттің хатшысы қызметін атқарып қана қоймай, ғылым салаларын ақсатпай ілгері дамытумен қатар, Республиканың жаңа басшы ұлт кадрларын қалыптастырып, тәрбиелеп өсіру міндеті тұрды. Осы өте жауапты жұмысқа Жұмабай Шаяхметов өзінің білімін, жігері, ұйымдастыру қабілетін аянбай жұмсады. Сол кезде Ы.Тажиев, А.Дауылбаев, М.Әбдіхалықов, Т.Тәжібаев, И.Шарипов тағы басқа ұлт кадрлары қалыптасып, топтасып, жемісті еңбек етті деуге болады. Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған кезінде Республикада тек қана Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Төлебаев Рахымбай еді. Ал, басқа облыстардың партия ұйымдарын басқарғанда орыстар мен басқа ұлттардан болатын. Содан соң Жұмабай Шаяхметов бірінші хатшы болып еңбек еткен біржарым жыл ішінде Қарағанды мен Солтүстік Қазақстаннан басқа облыстардың бірінші хатшылары жұмысына қазақ кадрлары жоғарылатылды. Кейін солардың ішінде М.Бейсебаев, Ж.Тәшенов, І.Омаров, Ә.Қанафин тағы басқа сол сияқты республиканың көрнекті мемлекет қайраткерлері өсіп шықты /4/.

40-жылдардың аяғы, 50-жылдардың басында Қазақстанның жер бетіндегі байлықтары ғана емес, жер астындағы қазынасы ел назарын аудара бастайды. Сол жылдары Қарағанды бассейні елімізде үшінші көмір ордасы, кокстелетін көмір беретін ірі өндіріс ошағы болып танылды. Жаңадан механикаландырылған ірі шахталар салынады. Көмірді техникамен өндіру жөнінде Қарағанды ең озық бассейн болды. Ембінің мөлдір де сапалы мұнайын көбейтуге күш салынды. Жаңа кәсіпшіліктер ашылды. Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігін біртұтас қосқан Мойынты-Шу теміржолы іске қосылды. Сол жылдары Қостанай-Торғай темір руда кені ашылды. Ұшқыш Михаил Сургутанов 1949 жылы ұшақ компаниясының тіліне қарап, сол жерде жатқан Соколов-Сарыбай темір ордасын тапты. Ақтөбедегі хромит, Қаратаудағы фосфорит рудалары, Сарыарқа мен Алтайдың ғажайып қазыналары қопарыла бастауы сынды жұмыстар тікелей Жұмабай Шаяхметовтың басшылығымен жүзеге асты. Қалай болғанмен де ол өз дәуірінің перзенті болып, ел мүддесіне адалдықтың үлгісін танытуға тырысқанына ешкімнің дауы болмас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Алдажұманов. Өз заманының өр тұлғасы. Астана, 2002.-5бет
2. М.Ильясов. Қазақтың бағына жаралған жан.//Атырау.-2002, 1маусым
3. Г.Байтоғаева. Қазақ қыздарына жол ашты. Астана, 2002.-26-27бет
4. Т.Әбдіраманова. Ұлт жанды азамат еді. //Ақ жол, 2002,18 шілде

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Жұмабай Шаяхметовтың Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне қатысты еңбектері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются труды Жумабая Шаяхметова об общественно-политической жизни Казахстана.

САЛАУАТТЫ ЖАСТАР — САЛАУАТТЫ ҚОҒАМ

Абдилданова А.Қ. - магистрант (Алматы қ., Қазмемқызпи)

Бүгінгі таңда жастар ортасындағы маскүнемдік, нашақорлық, жұмыссыздық, қылмыс пен өз бетімен кетушілік, рухани азып-тозушылық туралы жиі айтылады. Мұндай теріс ағымдардың белең алғандығын жасырмаймыз. Қазіргі таңда қоғамды алаңдататын аталған сипаттағы мәселелер. Сол себептен де мемлекеттің жастар саясатының басым бағыттары да жоғарыдағы салаларды қамтиды. Ежелден «Бірінші байлық» аталған денсаулықтың жайын қазақ қашаннан жоғары бағалаған. Расында да адам баласы үшін денсаулықтан артық ештеңе жоқ. Денсаулық дұрыс болмаса, бойыңды дерт жайласа, ештеңенің мәні келмейді. Біздің жұрт «Қай жерің ауырса-жаның сол жерде» деп те жатады ғой. Бұл да шындық, осының бәрі ата-бабаларымыздың денсаулық мәселесіне айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Халықтың денсаулығы ел қуаты. Ел қуаты болашақ жастар.

Соңғы жылдары жастар арасындағы нашақорлық аса өзекті проблемаға айналды. Мысалы: бір ғана Алматы қаласында есірткілік, психотропты және әсері күшті басқа да заттарды медициналық емес мақсатта пайдаланғаны үшін он мыңнан астам адам есепте тұр. Бұның жартысы-жасөспірімдер. Наркологтар қазіргі уақытта нашақорлықпен сырқаттанатын адамдар саны маскүнемдікке шалдыққандар санымен теңесіп қалды дейді. Нашақорлардың шынайы, дәл саны туралы нақты мағлұматтар жоқ. Нашақорлардың іс жүзіндегі саны ресми мәліметтерден 8-10 есе асып түседі. Санақ көрсеткіштері наркологиялық есепте тұрған сырқаттар санына сүйеніп анықталады. Бұндай аурулардың азғантай ғана бөлігі емделуге өз еркімен келеді, қалғандарын полиция не туыстары алып келеді. Бұл сырқаттың отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның қасіреті. Наркологияда «контагиоздық» деген ұғым бар (мағынасы бойынша «жұқпалылық» деген сөзге жақын). Әрбір нашақор нашаға кем дегенде 10 адамды үйретеді, яғни «жұқтырады» деген сөз. Нашақорлардың соңғы кезде не себепті қарқынды түрде көбейе түскені де түсінікті – геометриялық прогрессия заңы күшіне енеді. Демек, әрбір нашақордың анықталуы – көптеген адамдардың өміріне араша түсуге мүмкіндік беретін өте маңызды алдын алу шарасы. Нашақорлық- сырқат, емдеуден гөрі оның алдын алу жеңіл. Соңғы уақытта есірткі пайдалану салдарынан өлім көбейіп отыр. Әдетте, құмарпаз нашақор 35 жасқа жетпей өледі, ал жасөспірім нашақорлар өмірінің орташа ұзақтығы есірткі пайдалана бастаған соң 5 жыл. Есірткіні шамадан артық мөлшерде пайдалану салдарынан соңғы жылдарда балалар арасындағы өлім көбейді. Алғашқы кезде есірткіні ағзаға енгізу адамның өзін дені сау сезініп, көңіл- күйінің алдамшы көтерілуіне толық тәуелсіз сезінуіне әкеледі. Ал шындығында есірткіден адам психикалық және дене әлсіздігіне шалдығып, бүкіл ағзалары қатты уланады. Әдетте, 1-2 рет байқап көрудің өзі адамды наша тартушылардың құлы етеді, мүгедектікке апарады. Адам ағзасындағы заттардың алмасу процесіне араласып, есірткі, ең алдымен, мидың серотанин (мидың көңіл- күй өзгерістерін бақылауына көмектесетін зат) шығаратын жасушаларын өлтіреді, бұл адамның белсенділігін төмендетіп, селсоқтыққа әкеледі. Иммундық жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы түрлі инфекцияларға берілгіш болып алады. Есірткі обырдың, асқазан жарасының пайда болуына итермелейді. Ең ауыр, қауіпті және емделуі қиын нашақорлық түрі- апиын нашақорлығы. Ортақ ине қолдану салдарынан АҚТҚ (СПИД) және түрлі ауруларды жұқтыру қаупі ұлғаяды. Тамырға жіберілетін есірткі пайдалану

нәтижесінде тек психика, жүрек-қан тамыры және жүйке жүйесі ғана емес ауруға қарсы тұру мүмкіндіктері нашарлайды. Ең жеңілі оны мүлдем пайдаланбау.

Маскүнемдік, шылымқорлық, нашақорлық-адамның үш жауы. Олардың шырмауына бір оралған кісінің қайтып құтылуы қиынға соғады. Сол себептен болуы керек маскүнемдікпен тиянақты күрес жүргізу мәселесін ерте заманнан бері қарастырып, іске асырып отырған. Орта ғасырларда маскүнемдікке қарсы күрес мемлекет тарапынан адамды жазалау түрінде жүргізілген. Мысалы: Францияда көп уақыт маскүнемдікке салынған адамдарға жұрт алдында тәнін таяқтау, құлағын кесіп алу, жер аудару жазалары қолданылған. Ал Ресейде болса мас болып полицияның қолына түскен адамдар сотқа тартылған. Бұл мәселелер бүкіл дүниежүзіндегі басты мәселеге айналып отыр. Біздің елімізде де маскүнемдікке салынушылардың атап айтқанда жастардың саны айтарлықтай. Ішімдікке құмартып, маскүнемдікке салыну- ішкіш адамның өзі мен отбасына ғана емес, бүкіл елге, қоғамға зиянын тигізуде. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев барша халыққа арналған «Қазақстан 2030» жолдауында: «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда ауруларға қарсы күрес пен денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеуден басталады. Қоғамдық сана мен мараль маскүнемдікке, нашақорлыққа, шылымқорлыққа барынша қарсы болуға тиіс. Кеңес өкіметі жылдарында арақ біздің тұрмысымызға, әдетімізге, дәстүрімізге тереңдетіп енді. Ол ауылдық жерлерде де адам өмірінің ажырамас бөлігі болып алады. Бүгінгі көпшілік нарық қиыншылығына тап боп, күйзеліске түскенде ішімдікке, есірткіге салыну артып отыр, шылым шекендер де азаяр емес. Кейбір елдерде ұтымды ақпараттық және түсіндіру саясатын жүргізу, мәдениет пен білім арқылы едәуір табыстарға қол жеткізеді. Өнеркәсіп дамыған елдерде ішімдікті пайдаланушылар мен темекі тартушылардың саны кеми түсуде, өйткені кәсіпкерлік – денсаулығы мықты жандардың үлесі. Өмір салтын теріс әдеттерден спортқа көшу тиімді жолдардың бірі болып табылады» деп көрсетеді. Президент өзінің 18 мамыр 1998 жылғы ... жарлығында да осы мәселелерге байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында да ұлт- насихатты күшейту туралы шараларын міндеттеп береді. Сондықтан бүгінгі таңда елімізде маскүнемдік пен шылымқорлық, есірткіні тыю мәселесінде жан- жақты күрес жұмысын дәйектілік және ымырасыз түрде жүргізіліп отыту тапсырылады. Осыған орай республикамызда салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары мен оның жеке бөлімшелері құрылып, қазір ол белсенді жұмыс жүргізуде. Әсіресе, арақ- шарапқа, темекі мен есірткіге құмартушыларға қарсы насихатты батыл жүргізуді, адамдарды арақ ішпеу, маскүнемдікке ымырасыз көзқарас рухында тәрбиелеу, тіпті аз мөлшерде арақ – шараптың адам денсаулығына тигізетін нұқсанын, сондай-ақ оның қоғамдық өмірінің барлық жағына, экономикаға, адамның тұрмысына, аrojдандық келбеті мен санасына тигізетін кері жағын да нанымды ашып беруді қолға алып отыр. Шындығында, салауатты өмір салты дегеніміз – тек қана зиянды әдеттерден бас тарту ғана емес, бұл өз денсаулығына деген жауапкершілікті сезіну, жанұяда бақытты тұрмыс құру, бос уақытты мағыналы өткізу, адамның рухани жан – дүниесін байыта түсу мен дене тәрбиесімен айналысу, осының бәрі қоғамдық мүддемен ұштасатынын, сонымен тоғысатынын түсіну, яғни Қазақстан азаматы деген атаққа қай жағынан болса да лайықты болу. Жалпы республика бойынша нашақорлықтың себебі болып отырған бірқатар жағдайларды және нашақорлықтың ахуалын сараптау нәтижесінде мынандай сұрақ туады. Нашақорлыққа қарсы тұру шараларының жүйесі қандай болуы тиіс? Әсіресе, бұл сала аралық ынтымақтастықты қажет

етеді, және сонымен қоса, әр ведомство өзара қатынас жасай отырып, өз мақсаттарын орындауға тиіс, яғни, ИБ – есірткі сатумен күресу, денсаулық сақтау саласы – нашақорларға жәрдем көрсету, нашақорлардың алдын алу және тағы басқалары. Осылай болғанда ғана халықтың және ең алдымен жастардың бойында есірткіге қарсы иммунитет құруға бағытталған, кәсіптік деңгейде орындалған кешенді шаралар іске асады. Есірткіге деген сұранысты, олардың заңсыз айналымын төмендету мақсатында барлық мүдделі ведомствалар, соның ішінде денсаулық сақтау департаменті «Нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді шаралары» атты қалалық бағдарлама шеңберінде жұмыстар жүргізілуде. Бағдарлама денсаулық сақтау департаментінің мына басқармалармен қатынас жасауын реттейді:

- білім беру;
- ішкі істер;
- еңбек және әлеуметтік қорғау департаменті;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- қоғамдық ұйымдар;
- қала әкімшілігінің бөлімдері және тағы басқалары;

Осы ведомстволармен қатынас жасау шегіндегі денсаулық сақтау департаментінің қызметі есірткі пайдаланудың алдын алуға, нашақорлар мен маскүнемдерді емдеу және қалпына келтіруге бағытталған. Бұл міндеттерді іске асыру, ең алдымен, медициналық, әлеуметтік қалпына келтіру орталықтарына жүктелген. Орталық жұмысына әкімшілік пен денсаулық сақтау департаменті жеткілікті көңіл бөледі; нашақорлықпен сырқаттанатын адамдарға медициналық жәрдем ұйымдастыру принциптері қайта қаралады, емге әдістемелік көзқарас өзгеруде; қалпына келтіру буыны күшейтіле отырып, өзара тәуелді топтармен жұмыс жүргізіліп, емді психологияландыру принципі қолданылуда. Қалпына келтірудің бір бөлігі ретінде есірткіден тиген «зиянды азайту» бағдарламасы жемісті жүзеге асырылуда. Біздің түпкі мақсатымыз – сырқаттың жағымсыз тәжірибені қайталаудан сақтануына және терапевтік ремиссияға қол жеткізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша басты ғылыми- әдістемелік мекемелер жұмыс істеуде. Бұл мекемелердің құрылымдық негізін облыстық және қалалық салауатты өмір салты орталықтары мен денсаулықты нығайту орталықтары құрайды. Осы шараларды іске асыру мақсатында Президенттің өкімімен 1999 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы қабылданған. Оның негізгі бағыттары: жастар құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, кәсіптік, рухани және дене тәрбиесінің дамуына жағдай жасау, жас таланттарды жан- жақты қолдау, жастардың қазіргі жағдайға бейімделу жүйесін қалыптастыру, жастар бірлестіктерін дамытуға жәрдемдесу. Жастар саясаты және олардың ұйымдарының құрылуы Қазақстан территориясында бұрыннан болғаны бәріне аян. Алғашқы қазақ жастар ұйымдарының құрылуы, оның мақсат- мүдделері жөнінде жастардың жетекшілерінің бірі, сол оқиғалардың куәгері С.Сәдуақасұлы былай дейді: «Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Бұл ұйымның аты «Бірлік» еді. «Бірліктің» мақсаты қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықтың сақтау. Ұйымның саяси һәм шаралары туралы ұстаған жолы: кедейлерді, жіңішкелерді байлардың, күштілердің, зорлығынан құтқару, әйелге теңдік әперу». 1916 жылы «Бірлік», «Балапан» деген жазба журнал шығарып тұрды. Ол өз заманында ауызға ілініп, жастарға көрсеткен оның қызметі көп болды. Бұдан басқа Қазақстанда 21

жастар ұйымы болды. Олар өз кезегінде «Бірлік» ұйымы сияқты қызметтер атқарып жатты.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы жастар жалпыға бірдей адам құқығы Декларациясының өзекті идеялары мен қағидаларынан, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының «Жастар дамуының 2000 жылға дейінгі дүниежүзілік іс-қимыл бағдарламасын 50/81 қарарына, сәби құқығы туралы Конвенсияға, Қазақстан Республикасының президентінің Қазақстан халқыны арналған «Қазақстан – 2030» барлық Қазақстанның өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» атты Жолдауына сүйенеді. Мемлекеттік жастар саясатының жалпы ережелер бөлімінде мемлекеттік жастар саясатының қажеттігі жас өркеннің өмірге қадам басып, қоғамда өз құқықтарын иеленуі мен, оның алдында жауапкершілік арқалау сәтінде бетпе-бет келетін өмір мәресінің қиындықтарымен айқындалады.

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекеттік жастардың келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір белсенді тобы екендігін ескереді. Мұның өзі жастардың мемлекет құрылысындағы рөлі мен орнын жете бағаламауға жол бермеуді көздейді.

Мемлекеттік жастар саясатының дәстүрлі әлеуметтік саясаттан айырмасы ол тек өтелу тетіктерін әзірлеуге ғана сыймайды. Ол жастардың шығармашылық қуатын айқындайтын белсенді де жаңаша, өндірушілік аспектілерден тұрады. Бұл мемлекеттік жастар саясатын қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудағы бірден – бір маңызды бағыт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық өзгерістердің күрделілігі жас азаматтардың әлеуметтік жағынан жан – жақты қалыптасуына, жас қауым тіршілігінің барлық қалтарысына әсерін тигізеді. Дәстүрлі жастар мәселесін шешудің мазмұны мен тәрбие тәсілдері жана тарихи жағдайларды мүлде өзге қырынан қарастырылуға тиіс болғандықтан түбегейлі өзгереді.

Қазақстандағы жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай-ақ өткен буынның әлеуметтік – мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай, әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес. Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру жастарға, жалпы қоғамға қатысты саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ісіне жастардың өздерін белсенді түрде тартуды көздейді. Мемлекеттік жастарға, олардың материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау мен жетістіктерге жету үшін мейлінше мол мүмкіндіктер ашуға тиіс. Сонда ғана жастар саясатының өзекті міндеті – жастардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету іске асатын болады.

Осы тұжырымдамада мемлекеттік жастар саясатының басты мақсаттарын, қағидалары мен басымдықтарын анықтауды мұрат етеді. Тұжырымдаманың ережелеріне сәйкес мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын нормативтік – құқықтық тетіктер нақтыланып, оны ұйымдастырушылық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі қағидалары қалануы тиіс. Тұжырымдаманың негізгі шарттарын қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджетте мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға бөлінген қаражат шеңберінде жүргізілуі қажет. тұжырымдаманың жекелеген ережелерін жүзеге асыруда мемлекеттік емес, соның ішінде шет елдік қаржы көздерін пайдалану да қарастырылуы мүмкін. Тұжырымдаманы іске асырудағы басты талаптардың бірі мемлекеттік жастар саясатының ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерін құқық жағынан қамтамасыз ету, бірінші кезекте – жас азаматтардың,

жастар мен балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен өтетін түрлі қарым – қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу болып табылады. Тұжырымдама құрылымы шет елдік және отандық озық тәжірибелерді талдау мен жинақтау негізінде жасалады.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаты мен басымдықтары Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының басты, негізгі мақсаты – жастардың азаматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру жастар саясатының мына бағыттарына басымдық беруді көздейді:

1. Жастар бойына патриотизмді қалыптастыру, жастардың ізгілікті әрі рухани дамуы.
2. Еңбек, білім беру және денсаулық сақтау саласындағы жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету.
3. Жастардың әлеуметтік – экономикалық қажеттіліктерін дербес жүзеге асыруына жағдай жасау.
4. Жастардың дене тәрбиесіне, интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.
5. Жастардың қоғамдық игі бастамаларын қолдау мен ынталандыру.
6. Қазақстандағы жастарды халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және жан – жақты білім беру процестеріне тарту.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі принциптері мемлекеттік билік органдары тарапынан қалыптастыру мен іске асыру мәселесінде біртұтас көзқарас қалыптастыру төмендегі басты қағидалар мүддесіне орай іске асырылуы қажет:

- жастар мәселесіндегі демократиялық, жас азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- өркендеу мен жаңашылдық;
- тұрақты негізгі мақсатты, нақты әрі тиімді іс-қимыл;
- жалпыға ортақ барлық жастарды жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және діни ұстанымына қарамастан жаппай қамту;
- жас шамасы мен әлеуметтік әртектілік проблемалары ескерілетін сараланған көзқарас;
- жастардың әлеуметтік жағынан неғұрлым аз қорғалған бөлігін, соның ішінде мүгедек балаларды, денсаулығы дімкәс балаларды, жетім балаларды, көп балалы, жағдайы нашар отбасыларындағы балаларды тікелей қорғау және қолдау.

Жастар саясатын қалыптастырудағы осы басты қағидалар заңнамалық және атқарушы биліктің орталық және жергілікті органдары тарапынан ескеріліп, олардың қызметтерін бағалаудың бір өлшеміне айналуы тиіс.

Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары жүзеге асыру кезіндегі негізгі кезеңдік сипаттағы іс – қимылдардан тұрады. Мынандай негізгі бағыттарды қарастырады:

1. Жастардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету.
2. Білім, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кепілдіктермен қамтамасыз ету.
3. Жастардың кәсіптік, рухани және дене тәрбиесінің дамуына жағдай жасау.
4. Жас таланттарды қолдау және шыңдау.
5. Жастарға әлеуметтік көмек көрсету мен қазіргі жағдайға бейімделу жүйесін қалыптастыру.
6. Балалар мен жастар бірлестіктерін дамытуға жәрдемдесу.

Жастардың тән, сан саулығы елдің стратегиялық қоры және оның қазіргі дамуының шешуші факторы. Жастардың бойында ізгілікті, рухани құндылықтарды насихаттауға иек артып, жас шамасына қарай қарастырылуы тиіс. Жастарға тән құндылықтар сипаты жас азаматтың тағдыры мен тұрмыс жағдайының әркелкілігін, құндылықтарының саналуандылығын көрсетеді. Жастардың эстетикалық, ізгілікті талғамының қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе электронды ақпарат құралдарының айтарлықтай ықпал ететіндігін ескеру қажет. Зорлық – зомбылықты, қатігездікті уағыздау жастардың мінез – құлқына жан – жақты қысым етіп, өмірді қабылдауы барысында сондай әдет – дағдыларды қалыптастырады. Дүлей күшке табынушылықты, шылымды, спиртті ішімдіктерді жарнамалауға шектеу қою – мемлекет алдындағы жас ұрпақты рухани сауықтырудың бірден- бір кезек күттірмейтін шаралар.

Жастардың төл мәдениеттер нәр алуын, еліміздің тарихи өткенін оқып үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс.

Мемлекеттің күш – жігері мәдени инфрокұрылымды материалдық қамтамасыз етуге – студент жастардың бос уақытын пайдалы өткізуге мүмкіндік жасайтын театр, кітапхана, спорт құрылғыларын қолдауға, оқу, әдіс – тәсілдемелік құралдарын, көркем әдебиеттер шығаруға, оқу орындарын компьютерлендіруге, дене тәрбиесі мен спортты дамытудың мемлекеттік, аймақтық бағдарламаларын жасауға, ізгілікті, рухани құндылықтарды, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталады. Жастарға рухани, патриоттық тәрбие беру ісінде мемлекеттік тілді оқып – үйренуге, қазақ тілін оқып – үйренудің жаңа, тиімді тәсілдерін жасап, енгізуге ерекше мән берілетін болады.

Жастарды отаншылдық, рухани, адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу ісіне оларды діни экстремизм мен фанатизмнің залалды ықпалынан қорғау аса маңызды бағыт алуы шарт. Осы мақсатта жастар арасында діни экстремистік көзқарастардың еніп кетуінен сақтау тетіктері жасалуы керек.

Жастар саясаты саласындағы мемлекеттік басқаруды өз күзіреті шегінде мыналарды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы үкіметінің құрамындағы тиісті құрылымдар жүзеге асады:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы Білім министрлігі. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Білім және Спорт министрлігі.
4. Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігі.
5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

Қорыта келгенде, бүгінгі Қазақстандық жастардың сенімі мен жауапкершілік мүдесінен шығуға мүмкіндіктері бар екенін айта кетіп, жастар қоғам белсенділігінің негізгі құраушысы екендігін ескеріп, салауатты қоғам болу үшін өз құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленгендей пайдалануға және де Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын толық жүзеге асыру үшін атсалысу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. //Егемен Қазақстан, 2001 жыл – 24 ақпан.
2. //Қазақ тарихы, 2005 жыл - № 1.
3. //Саясаттану, 2005 жыл - № 6.
4. //Валеология, 2005 жыл - № 11.
5. «Мемлекеттік жастар саясаты. Тәжірибе және даму үрдістері». Астана, 2003 жыл.
6. //Ақиқат, 1996 жыл - № 7.
7. //Қазақстан ғылымы мен жоғарғы мектеп, 2005 жыл – 15 қыркүйек.
8. //Қазақ тарихы, 2004 жыл - № 6.
9. //Алаш үні, 2004 жыл – 24 ақпан.
10. //Народное образование, 2005 год - № 3.
11. //Мысль, 2004 год - № 5.
12. //Денсаулық, 2003 жыл - № 7.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасының жастар саясаты, оның жүзеге асыру жолдары жайлы қарастырылды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается молодежная политика Республики Казакстан и пути ее развития.

МУЗЕЙ В ОТКРЫТОМ ИНФОРМАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ

Джумагалиева Ф. - магистрант . (г. Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)

За последние десятилетия статичный и консервативный музейный мир существенно изменился. Современный этап развития музейного дела характеризуется нарастающей диверсификацией социальной среды, в которой функционируют музеи. Рост средового разнообразия выражается не только в умножении количества самих музеев, среди которых могут быть как партнеры, так и соперники, но и в увеличении числа других институтов, действующих в одной или в смежной с музеями сфере социальных отношений. Это: частные коллекционеры и коммерческие галереи, новые виды учреждений неформального и дополнительного образования, новые средства массовой информации, новые досуговые учреждения. Взаимодействия музеев с внешней средой постепенно приобретает все более сложный, иногда конкурентный характер. В связи с этим приходится более активно заниматься представительской деятельностью, рекламой и продвижением результатов своей работы на рынке услуг и товаров, искать и осваивать новые формы контакта с музейными посетителями, деловыми и творческими партнерами /1/. Проблема, которая характеризует данную ситуацию в современном музейном деле, может быть обозначена как проблема усложнения системы социальных взаимодействий музея и отсутствия каналов эффективного взаимодействия между музеями и их потенциальными партнерами, действующими как по соседству, так и на значительном удалении. Другая проблема это изменения в самой внешней среде, в социуме в котором

функционирует музей. Формируется совершенно новая среда коммуникаций, и эта среда властно диктует особые формы взаимоотношений, которые называются сетевыми. Практически все вновь формирующиеся структуры координации культурной деятельности, в том числе, музейные ассоциации, строятся на основе новейших телекоммуникационных систем и оснащенных современными компьютерами ресурсных центров. В виртуальную среду, все более перемещаются места делового общения, обмена идеями и взаимного консультирования с проблемно ориентированной социальной структурой. Информационные технологии становятся неотъемлемой частью культуры /2/.

Новые возможности информационных технологий заставляют музейных специалистов задуматься о внешней стороне музейной деятельности, о новых методах работы с потребителем музейного продукта.

При сохранении традиционных форм музейной деятельности - выставки, экспозиции, использование новых информационных технологий позволяет сформировать новый образ музея в меняющемся обществе и тем самым вовлечь в культурно-просветительский процесс те слои населения, которые ранее были от него далеки. Телекоммуникационные технологии - это то, что открывает для музея большие перспективы.

Экспонирование в форме виртуального музея дает возможность более полной интерпретации содержания экспозиции, наиболее полно представляя ее историко-культурный контекст. Филологическая модель (интерпретация и открытие скрытого смысла) и лингвистическая модель (структурирование и выявление системы значений) гуманитарного знания объединяются и находят свое полное выражение в электронной интерпретации. Сначала, кураторская идея, которая является ничем иным, как смысловой интерпретацией музейного объекта превращается в мультимедийный комплекс, состоящий из текста, визуального и аудио материалов, затем функциональная необходимость построить иерархию гипертекста заставляет выявить систему значений. Электронная интерпретация позволяет быстро реконструировать целостное представление - представление, которое является самым ценным содержанием музея, ради выявления которого тратится столько усилий. Немаловажно, что концепция музейного проекта, разработанная таким образом, может стать структурным каркасом и для традиционной музейной практики /3/.

Сегодня не вызывает сомнений то что, каждый современный музей должен быть представлен в глобальных информационных сетях. Масштабы распространения Internet, таковы, что в обозримой перспективе музей как социальный институт будет развиваться прежде всего за счет создания своего электронного двойника. Виртуальный музей призван помочь не только в продвижении музейной информации, но и в переосмыслении всей музейной деятельности. На протяжении столетий общественная значимость музея определялась качеством его экспозиции, в последние годы все более существенным фактором становится лицо музея, обращенное в открытое информационное пространство. Представительство музея в Internet начинает оказывать влияние на его развитие, сайт может превратиться в экспериментальную площадку для музейного проектирования, место разработки различных музейных моделей. Представление музея во всемирной сети способствует его популяризации, расширяет его образовательную и научную деятельность. Музейный сайт открыт и днем, и ночью, без выходных. Его посещают люди со всего мира и заходят не один раз, а регулярно. По прогнозам специалистов уже в обозримом будущем число компьютеров подключенных к

Internet достигнет одного миллиарда. Чтобы представить себе эту цифру, можно сравнить ее с миллионными (в лучшем случае) тиражами наиболее популярных печатных изданий. Потенциальная аудитория потребителей информации, размещенной в Интернете уже сегодня на несколько порядков выше. Это означает, что, размещая информацию о том или ином музее в Internet, мы фактически публикуем ее, причем гигантским тиражом. Internet становится все более действенным средством продвижения различного рода услуг на рынке искусства, культуры, образования, досуга. Выбор туристических маршрутов, предварительный заказ гостиниц, приобретение билетов на транспорт, получение репертуарной информации и бронирование мест в театрах и кинозалах, покупка товаров, в т.ч. культурного назначения (книг, компакт-дисков и т.п.) - все это уже давно можно делать, не отходя от своего компьютера. Новые возможности в связи с этим открываются и перед музеями. Практически во всех зарубежных музеях уже сейчас можно через Internet заказывать экскурсии, покупать музейные издания, сувениры. Internet открывает для них невиданные ранее формы прямого диалога с музейными посетителями, в том числе потенциальными /4/.

И еще несколько слов в пользу освоения музеями Internet – пространства. С каждым десятилетием сокращается объем потребления физических продуктов и возрастает объем потребления эмоциональных продуктов. Будущие мировые рынки – это рынки культурных индустрий. Можно с уверенностью говорить что культура является таким же базовым ресурсом как газ и нефть. Причем культурный ресурс неисчерпаем и он нередок в употреблении. Газ кончится, культура нет.

Экспорт и импорт культуры является прерогативой всех постиндустриальных стран. У культуры появляется новая функция, и она сегодня выходит на первый план, культура начинает становиться реальной производительной силой общества. Казахстан может и должен использовать свой культурный потенциал для выхода на рынки культурных индустрий, в ином случае за него это сделают другие. Открытое информационное пространство не терпит пустот.

ЛИТЕРАТУРА

1. [HTTP//www.future.museum.ru](http://www.future.museum.ru)
2. Музей будущего: Информационный менеджмент. М., 2001
3. Современные информационные технологии в музее/Музейное дело России. М., 2003
4. [HTTP//www.nlrk.kz](http://www.nlrk.kz)

РЕЗЮМЕ.

В статье автор освещает проблему адаптации видов деятельности музея к новой среде коммуникаций. Подробно рассмотрены перспективы освоения музеями Интернет пространства.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада автор музей қызметіндегі әлеуметтік өзара қарым-қатынастың әсері, бүгінгі хал-ахуалының күрделенуімен қатар, музейдегі қызмет түрлерінің жаңа үлгідегі байланысқа икемделуін сөз етеді. Сондай-ақ, келешекте музей ісі қызметіндегі Интернет кеңістігін игеру жолдары пайымдалған әрі, жан-жақты қарастырылған.

ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жолдасбаева А.Б.-магистрант(Алматы қ.,ҚҰУ)

Қазақ халқы туралы этнографиялық деректер ерте кездерден мәлім. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин, орыс ғалымдары И.Г.Андреев, А.Левшин, Н.Аристов, Г.Н.Потанин, т.б.өз дәуіріндегі қазақ қауымының тұрмысы мен мәдениеті жайында құнды еңбектер жазып қалдырды. Бізде этнография ғылымының дамуындағы маңызды кезең соғыстан кейінгі жылдары басталады.қазақ этносын ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде этнографиялық зерттеу өткен ғасырдың 20-жылдарынан жүзеге аса бастады. Соның ішінде Халел Арғынбаев қазақ этнографиясының ғылыми негізін салуға, ілгері дамытуға қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өзінің артындағы ғылыми қауымға, көпшілік жұртшылыққа алтын қор етіп қалдырған сүбелі еңбектерінің құндылығы еш уақытта кемімейді.

Халел Арғынбаевтың елеулі орын алатын еңбегі — «Қазақ шежіресі хақында». Шежіреге бару үшін мол білім мен біліктіліктің қоса азаматтық арлы сезім адал ниет адами тазалық бірінші орында тұруы қажет. Сонда ғана қарабайыр шежіреден арылып, өрелі шежіреге кезек келетіні хақ. Шежіре дегеніміздің өзі — атадан-балаға ауызша жеткізілетін ой-санада, көкірек көзінде сақталатын мұрағат десек, сол мұрағаттың дәстүр сабақтастығы арқылы күні бүгінге дейін жетіп, бүгінгі күні басылуы қуанарлық та құптарлық іс /1,72/. Қазақ шежіресінің кітапқа түсуі соңғы 10-15 жылда жиі атқарылып жатқан шаруа десек, бұл тұрғыда біраз деректі кітаптар мен кітапшалар жарық көрді.

Шежіре — тарих атты ғылымының бір саласы ғана емес, тарихты толық танытар ғылыми қайнар көздердің бірі десек, қателесе қоймаппыз. Сондықтан да кез келген халық өзінің тарихын, тарихи-ұлттық генезисіне барлау жасағанда халықтың шежіресін кесіп өтпейді. Оған міндетті түрде тоқталып отырады.

Ғасырлар қойнауынан ауызша да, жазбаша да жеткен жәдігер шежірелер әр ұлтта кездеседі. Олар жайында сөз кең-мол әңгімеге арқау болатыны анық.

Қазақ шежіресі дегеннің өзі — аса ауқымды ұғым. Мұның да әлі толық зерттеле қоймағаны, ғылыми тұрғыдан да әлі тиянақты тұжырым орнықты деуден аулақпыз /2/. Оның да өз себебі мол. Кешегі Кеңес өкіметі кезінде шежіре, әсіресе, ұлттық шежіре мәселесін кеңінен қарастыруға тыйым салынды. Оны, тіпті, феодализмнің сарқыншағы деп түсіндірілді. Бірен-саран зерттеген ғалымдарға күдікпен қараушылық, ұлтшылдық тұрғысынан тану белең алды. Соның салдарынан көптеген ғалым тарихшылар бұл өңірге ауыз сала қоймады. Көбіне айналып өтуге, ғылыми айналымға арқа сүйемеуге тырысты. Осындай олқылықтардан да халқымыздың шежіресін нағыз ғылыми тұрғыдан тиянақтау кенжелеп қалды.

Десе де, бұл салаға терең барлау жасап, теориялық сараптама негіздеген екі адам: олар- Халел Арғынбаев пен Марат Мұқанов және ұлтымыз үшін адал қызмет еткен тарихшы, ғалым Вениамин Востров. Бұл үш ғалым да халқымыздың шежіресін зерделеуде қолынан келгендерін аянған жоқ. Оған дәлел-үш жүздің шежіресі хақында жазған еңбектері./3/. Әрине, бұл еңбектер де ұлтымыздың ұшан-теңіз шежіресін толық қамти алмайтыны анық. Бірақ Кеңес заманына, тоталитарлық жүйе дәуірлеп тұрғанда халқымыздың шежіресін талмай зерттеп, бір жүйеге түсіріп, хал-қадірінше батыл бағыт ұстанғанына біз бүгін алғыс айтуымыз керек.

«Қазақ шежіресі хақында» атты осы үш автордың еңбегі — ұлттық мәдениетіміздің ауыз толтырып айтарлық рухани мұра. Баспаның бұл ғалымдарды «этнография ғылымының көшбастаушысы» азаматтары деп атағанда орынды. Көзі тірісінде осы еңбектерін тағы бір зердесінен сүзіп өткен Халел Арғынбаев және Марат Мұқановта кітап боп шыққанын көре алмай өмірден кетті. Еңбектің аты айтып тұрғандай, бұл қазақ халқының күллі шежіресін қамти қоймағандықтан да, «хақында» деп құрастырушы дұрыс атаған. Бүгінгідей ғылымның ауыр кезінде, ғылымнан дарынды азаматтар кетіп жатқан кезде академик М.Қозыбаевтың «енді Халелдей, Мараттай жанартаулар қазақ этнографтары арасынан шығуға жазсын!» деген алғы сөздегі ағына жарылған тілегінің де мәні мол.

Ұлтымыздың ұлықты шежіресін жазу орта ғасырда өмір сүрген Қадырғали Жалайырдың еңбегінен бастау алары күмәнсіз. Кейінірек Шоқан Уәлиханов пен Құрбанғали Халид еңбегіменде орныға түскені белгілі. Ал Шәкәрым мен М.Тынышбаевтың, С.Аманжоловтың, зерделеп кеткен еңбектерінен кейінгі жерде халқымыздың шежіресін шын мәнінде ғылым дәрежесіне көтеріп, сол жолда ғұмырларын арнағанда осы екі азаматымыз еді... Ең бастысы бұл азаматтар ұлт шежіресіне адал да әділ қарап, қазіргі күнде шежіре жазып, «жана» жәдігерлік тудырып тудырып жүргендер секілді ылғи өтірікке, негізсіз болжамдарға барған емес/4/. Өз ойларын нақты ғылыми дәйектермен бекітіп отырады. Бұл еңбек осынысымен де құнды.

Әлбетте, шежіре еңбек негізінен ел ішін аралап жүріп, аяғы жеткен жерлердегі құйма-құлақ қария шежірешілер мен XVIII-XIX ғасырлардағы орыс офицерлері және ғалымдары дәйектеріне сүйене отырып жазылған. Әсіресе ұлы жүз бен орта жүзге қатысты Х.Арғынбаев пен М.Мұқанов ел ішін барынша аралап, аса зерделі деген адамдарды тауып, олардың аузынан шыққан әңгімелерді өзара салыстыра келіп, дәйектерді басқа да нақты тасқа түскен жазба деректермен саралап барып, солардың негізінде өз ойларын қорытып, батыл болжамдарды бекіткен. Мұның өзі ғалымдар үшін шым-шытырық шежіре жазу үстінде ауа жайылмауға, өтірікке жол бермеуге, әділ бағыт-бағдар ұстауға айқын құбылнама болған.

Автор жүздердің бстапқы шығу төркініне, қазақ ұлтын құрап отырған үлкен тайпалар ен рулардың генезисіне, этникалық құрамы мен түрлі тарихи аласапыран замандарда тайпалар мен рулық одақтар құрамының үнемі өзгеріске ұшырап, үлкен оқиғалар кезінде бір-біріне бөлініп, немесе құйыла сіңісіп, кірігіп кеткені жайында да жан-жақты тоқталып отырады. Мұндай мағлұматтарды аңыз-әңгімелер арқылы зерделеп, таңба-ұрандар арқылы дәлелдеп береді. Осылардың негізінде үш жүздің де арғы тегі ғұн, сақ, түркі, оғыз, қыпшақ дәуірінен бері түрлі тайпалық (Үйсін, Найман, Арғын, Алшын, Қыпшақ) одақтардың негізінде жатқанынан, кейін қазақ Ордасы құрылғаннан бері бір аумаққа ұйысуға орай, хандық дәуірдегі әкімшілік басқару мен ара қашықтық алшақтыққа байланысты үш жүздің аралық жігі анықталғаны туралы толық мәліметтер мен пайымдауларға жол береді.

«Ахмет Байтұрсынов ұлт намысы екі адамның, екі ауылдың, екі рудың намысы емес екендігі XX ғасыр басында айтқан. Шежіре ұлттық шежіре болуы керек, ол әр адамның шығу тегі арқылы бүкіл қауымды, халықтың танстыру арқылы табыстыру керек» деген М.Қозыбаев сөзінің салмағы тереңде жатыр. Бұл деген Алтайдан Еділге дейін ен жайлап жатқан қазақтай халықтың тұтас этнос екені, оның бөлініп-жарылмас ұлт болып ұйысу кезеңінде де өзінің түп-тамырын жоғалтпағаны, ұмытпағаны абзал болғанын меңзей отырып, алдағы

мыңжылдықта да ұлттың ұжымдаса түсуі үшін ұрпақтың ата-тегін білуі, мәңгірттенбеуі қажет екенін ескерткені деп түсінген жөн.

Ерекше бір атап өтетеін тағы бір тұғырлы мәселе-қазақ руларының орналасу аймағы, қысқы-жазғы қонысы, жайылымдылық жерлерінің аумағы мен ХҮІІІ, ХІХ, ХХ ғасыр басындағы түгін саны.Құпиясы мол,қатпары қалың бұл істе ғалымдар аса тиянақты жұмыс жасаған. Ел мен жердің бірлігін көздей отырып,сол кездегі қазақ этносының ас бай аумақтық тұтастығын сақтай алғандығын дәлелдеп берген.

Картографиялық дәлдікпен қазақ жерінің ой-қырын, орман-тоғайын анық жазған мұндай шежіренің маңызы дәл бүгін де өзінің құндылығын арттырып отырғаны анық. Еліміз дербестікке қол жеткізгелі жерімізге көз алартушылар пайда болған тұста қазақ жерінің ежелден нақты ру-тайпалардың байырғы мекені екенін бұл да бұлтартпас айғасқ деп түсінгеніміз,тарихи танымымыздың жңғыруына себепті салдар деп ұққанымыз абзал. Бір ғажабы-шежіреде көрсетілген ру-тайпалардың сол ақыттағы түпкі қоныстарында қазр де негізінен сол этникалық рулар, рулық топтар отырғаны кім-кімді де қайран қалдырары кәміл.

«Қазақ шежіресі хақында» атты кітабы үш бөлімнен тұратын ктап. Ұлы жүздің, орта жүздің және кіші жүздің тектік шежіресін қатиды. Бір айта кетерлік жағдай, кітап негізінен ғылыми деректерге сүйенгендіктен мұнда авторлар материал жинау үстінде әрбір тайпа, рудың белгілі, беделді шежірешілерінің деректерімен қатар өткен ғасырлардағы сібір қазақтары шекара басқармасының,бұрынғы КСРО Ғылым академиясы мен Орталық мемлекеттік тарих архивтерінің,сондай-ақ басқа да көптеген тарихи орындардың көне материалдарын жан-жақты пайдалана білген.

Кітапта өткен ғасырлардағы орыстың белгілі ориентолог ғалымдары мен саяхатшылары Н.Аристов, П.Рычков, Н.Гродеков, Ресей сыртқы істер алқасының тілмәші А.И.Тевклев, Орынбор генерал губернаторлары Г.Волконский және И.Неплюев сондай-ақ тағы басқа да Ресей шығыстанушыларының мұраларынан құнды деректер келтірілген. Бұрынғы көп шежірелерге қарағанда қолымыздағы кітаптың құндылығы: оның белгілі бір тарихи құжаттардан алынған нақты мәліметтерге сүйенгені дер едік. екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, авторлар әншейін шежіре жазсам деп әуестенушілер емес, қазақ халқының тарихын, оның ішінде этнологиясын көптен бері зерттеумен айналысып жүрген білікті ғалымдар.

Солай дей тұрғанмен «қазақ шежіресі хақында» кітабында да қазақтың бүкіл тектік шжіресі, тарихы мен этнографиясы толық қамтылды дей аламаймыз. Бұл еңбекте көрсетілмей қалған, абайсыз қалып қойған кейбір маңызды деректер алдағы басылымдарда қамтылу тиіс деп ойлаймыз.

Мұнда басты назар аударарлық жайт, Х.Арғынбаеың қалыптасқан ғалым ретінде зерттелетін проблеманың ерекшелігін жан-жақты талдауы болып табылады. Ол Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанның этникалық құрамндағы ру-тайпалардың өзгезелігін көрсете алады. Автордың кейінгі жариялымдары секілді, бұл еңбек жан-жақты ғылыми, әдеби тілмен жазылған және оқырманға түсінікті.

Ол мұрағаттық деректер, революцияға дейінгі және кеңестік кезеңдегі жариялымдар негізінде ХҮІІІ-ХХ ғғ. басындағы Қазақстан аумағындағы алты обылыстағы және бөкей ордасындағы қазақ ру-тайпаларының орналасу аймақтарын зерттеген. Тәуелсіз қазақстанның құрыла бастаған кезінде екі көрші ұлы державалық мемлекеттер-Ресей және Қытай шекара мәселесін қайта қарастырып, Қазақстан аумағын өзіне қарай тартуды көздеген болатын.

Ғалымның зерттеулері қазақ жерлеріне негізсіз көз алартушылардың империяшыл арандатушылық әрекетіне ғылыми тойтарыс беретін құнды еңбек екендігі даусыз/5/.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 2000,72 б.
- 2.Шәлекенов У.Х. Қазақ шежіресі//Егемен қазақстан.-2000, 5 сәуір.
- 3.Текібаев А.Ә. Заты-шежіре.//Түркістан.2000-5 сәуір.
- 4.Көмеков Б. Шежіре-ұлт жәдігер //Қазақ әдебиеті. 2000-9маусым.
- 5.Алдабергенов Қ.,Баткеева Б. тарихтың тарлан бірлігі//Сарыарқа самалы. 2004.30 қазан.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются исторические, этнографические исследования Халела Арғынбаева.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Халел Арғынбаевтың тарихи-этнографиялық зерттеулері қарастырылады.

ҚЫЗЫЛОРДА ОКРУГЫ БОЙЫНША ІРІ БАЙЛАРДЫ ТӘРКІЛЕУ НАУҚАНЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЗАРДАПТАРЫ.

Жолдасұлы Т. – магистрант
(Қызылорда қ., Қорқыт Ата атындағы ҚМУ)

Қазақ байларын тәркілеу туралы декрет 1928 жылдың 27 тамызында қабылданған еді. Декрет бойынша тәркілеу науқаны 20 қыркүйекте басталып, 1 қарашада аяқталуға тиіс болды. Сонымен ірі байларға көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда 300 бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Отырықшы аудандарда мұндай меже 150 бастан жоғары қарай болды. /1/ Тамыздың 30-да қабылданған Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы Қазақ АКСР ХКК-нің арнаулы қаулысымен көшпелі аудандарға Қызылорда округінен Арал, Қазалы, Аламесек, Қарсақпай аудандары жатқызылды. /2/ Енді осы аудандар бойынша ірі байлардың малдарын, дүние мүліктерін тәркілеу қалай жүзеге асырылғанына тоқталайық.

Жалпы Қазақстан бойынша барлығы 144 474 бас мал тәркіленсе/3/, Қызылорда округі бойынша алдын-ала жасалған жоспар бойынша 27 173 мал тәркіленуге тиіс еді. Іс жүзінде 54 байдан 56 720 бас мал немесе ірі қараға шаққанда 18 139 бас мал тәркіленген. /4/ Оның 14 228-і бөліске түскен. 4055-і ұжымшарларға, 10 173-і жеке шаруашылықтарға таратылған. /5/ Тәркіленген малдардың басым бөлігі – қой болды. Атап айтқанда, 43 490 бас қой, 5 989 бас жылқы, 4 318 бас түйе. Тәркіленген малдар 2 833 адамға бөлінген. /6/ Малдан басқа байлардан 29 киіз үй, 117 киіз, 10 мың бау шөп, 8 қыстау, 5 үй т.б. тәркіленіп, олар клубтарды, мектептерді жөндеу жұмыстарына, артельдерге жіберілді. /7/

Ірі байларды тәркілеу барлық күшті жұмылдыруды қажет етті. Қазақ АКСР-і ОАК-ң уәкілдері жан-жаққа аттанып, ұйымдастыру жұмыстарымен айналысты. Округтік және аудандық уәкілдер ауылдық жерлерге жіберілді. Барлық ауылдық жерлерде тәркілеуге байланысты түсіндіру, дайындық жұмыстары жүргізілді. БКП(б) аудандық комитетінің пленумдары, кедейлер мен батырақтар конференциялары, партия қатарында жоқ жастардың конференциялары шақырылып, ірі байлардың малдарын тәркілеу мәселесі қызу талқыланды. Комиссия жұмысына кедейлер мен батырақтар да тартылды. Байларды тәркілеу ісіне көмектесу үшін олардан жәрдемдесу комиссиясы құрылды. Бірақ мұндай комиссиялар көп жағдайда сенімнен шыға бермеді. Мәселен, Қызылорда және Шиелі аудандарының батырақтары мен кедейлері алғашқы кезде тәркілеуге қатысудан бас тартты. Кейіннен үгіт-түсіндірме жұмыстарының күштілігінен барып келісім берді. Халықтың негізгі бөлігі байларды күштеп тәркілеу саясатын белсенді қолдай қоймады. Олардың қатарында ауылдық жерлердегі коммунистік партияның мүшелері, кеңес қызметкерлері де болды. Рулық-туысқандық принцип бойынша құрылған топтар кедейлерді байлардың тәркіленген малдарды алудан бас тартуға шақырып отырды.

Науқан кезінде 601 түсіндірме жиналысы өткізіліп, 29 мың ер адам, 2400 әйел адамдарды қамтыды. Сонымен бірге кедейлердің 10 конференциясы өткізіліп, жергілікті халықтардан көмектесу үшін 36 комиссия құрылды. Комиссия құрамында 587 адам болған, оның 401-і кедей немесе батырақ, 51-і орташа, 10-ы жұмысшы немесе қызметкер. Ал қалған 125 адам туралы мәліметтер берілмеген. /8/

Байлардың малдарын тәркілеу науқаны кезінде «Партияның бастаған ісін аяғына дейін жеткізу үшін партия қатарына кіреміз. Партия қандай тапсырма берсе де орындаймыз, тіпті соғысқа да баруға дайынбыз. Партияның шақыруына БКП(б) қатарына кіру арқылы жауап береміз» деген жалынды ұрандармен барлығы 402 белсенді батырақтар мен кедейлер, орташалар, жұмысшылар партия мүшелігіне қабылдануға өтініш білдірді. /9/ Науқанды қыздыра түскен мұндай өтініштерді партия қолдап отырды.

Байлар тәркіленуден аман қалу үшін әртүрлі айла-шарғыларға барған. Олар мал-мүліктерін туысқандарына таратып, не болмаса ел асырып жіберді. Мұрағатта сақталған деректерге жүгінсек, осындай бірнеше оқиғаларды кездестіруге болады. Мәселен, Истаев деген бай уәкіл келгенше Аламесек ауданында тұратын қайын атасына 308 қойын, 22 жылқысын жасырып үлгірген. Сол сияқты С.Күнтай деген бай тұрмысқа шыққан қыздарына малдарын үлестіріп жіберген. Ал Манабеков 80 бас қойын, 4 түйесін 1 жылқысын Қызылқұмға жасырып үлгерген. Аталған үш бай да қамауға алынып, істері сотқа жіберілген. Сондай-ақ байлардың жасырын малдарын баққан бақташылар да туысқандары болғандықтан шындықты айтудан жалтарған. 20-ы ауылда тұратын бір байды тәркілеу кезінде оның тізімге алынған 12 түйесі, 1 жылқысы жоқ болып шыққан. Кейін анықталғандай оның малдары Қостанай округінде саудаға салынып тұрған жерінен табылған. /10/

Тәркілеу кезінде тәркіленуге тиісті алдын-ала жоспарланған малдардың есебі дұрыс жасалмады. Тіпті байлардың тізімдері де дұрыс берілмеген жағдайлар кездескен. Арал ауданы бойынша тізімде көрсетілген Тәжікбаев Айжан деген бай тексере келгенде бұл ауданда тұрмайтын болып шыққан. /11/ Мұндай жағдайлар барлық аудандарда кездесіп отырды.

Тәркілеу кезінде коммунистік партия мүшелерінің, аудандық уәкілдердің тарапынан дүние-мүліктерді заңсыз тартып алу, пара алу жиі орын алды.

Аудандық уәкілдердің малдарды заңсыз тартып алу жағдайына Қызылорда округтік атқару комитетіне Қазалы ауданының бесінші ауылының тұрғыны М.Оразалиновтан түскен арыз дәлел бола алады. Ол 1928 жылдың 26 қарашасында үйде өзі жоқта келген уәкілдер құрдасы болып келетін К.Шортановтың малдары осы үйге жасырынған деген сылтаумен тінту жүргізіп, заңсыз 2 түйесін, 5 жылқысын айдап әкеткендігін айтып арызданған. /12/

1928 жылдың қыркүйегінің 13 мен қазанның 17-де қабылданған жартылай феодалдарды, ірі байларды тәркілеуге және жер аударуға қарсы тұрғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы Қазақстан үкіметі мен өкіметі қабылдаған қаулыларда қосымша шаралар белгіленді. Сондай-ақ заңда тәркілеу және жер аудару шараларын болдырмай тастауға тырысушылар және тәркілеуге тиісті мал-мүлікті әртүрлі жолмен жасырып қалуға және жойып жіберуге тырысушылар қылмыстық кодекстің 58 және 59 баптарының тармақтары бойынша, ал жауапты қызметкерлердің осы бағыттағы әрекеттері қылмыстық кодекстің лауазымды қылмыстар туралы тарауларымен айыпталатын болды. /13/ Бұл заң ел ішінде жаппай дүрлігу, жазалау науқанын бастап берді. Мысалы, Тереңөзек ауданы бойынша малды жасырғаны үшін 5 адам жауапкершілікке тартылған, оның біреуі ауылдық кеңестің төрағасы.

8 аудан бойынша коммунистерден жауапқа тартылғандар саны 23 адам болды. БКП(б) қатарынан 5 адам шығарылып, 11-і сотқа берілсе, үшеуіне ескерту жасалды. Біреуінің ісі болыстық атқару комитетінің қарауына берілді. Қалған үшеуіне басқа да жазалау шаралары белгіленді.

Сондай-ақ комсомол қатарындағы 3 адам жауапқа тартылып, оның біреуінің ісі сотқа жіберіліп, екеуі комсомол қатарынан шығарылды. Ал, партия қатарында жоқ жауапқа тартылған 35 адамның алтауы ауылдық кеңестің төрағасы, біреуі кеңестің мүшесі, біреуі «қосшы» одағының ауылдық кеңесінің төрағасы болды. Бұлар байлардың малдарын жасыруға көмектескендері үшін, пара алғандары үшін жазаға тартылды /14/.

Тәркіленген малдарды үлестіру кезінде де кемшіліктерге жол берілген. Комиссия мүшелерінің ішінде 8 ден артық мал басы бар орташа тұратын адамдар тәркіленген малдарды өздері иемденіп қалған жағдайлар кездескен және екінші рет алғандары да болған /15/.

Сонымен зерттеу барысында Қызылорда округі бойынша тәркіленгендердің аты-жөнін тізіп көрсете кетуді жөн көрдік. Олар: Шиелі ауданы бойынша (жартылай көшпелі) Абдуходжаев Шамен, Аймағамбетов Баймахан, Есенжолов Айбет; Қызылорда ауданы (жартылай көшпелі) Есходжаев Абдухадық, Қарабаев Мәмбет, Жамағұлов Қасымбай, Ағайдаров Бердібек, Тақиев Ізтілеу, Мамқаров Тайша, Сақиев Дүйсеман, Байбағұлов Қирас, Сүлейменов Тәшібай; Аламесек ауданы (көшпелі) Тәжібаев Қыстау, Алпысбаев Мұхаджан, Шайменов Садық; Тереңөзек ауданы (жартылай көшпелі) Нұрманов Жұрғанбай, Бисембаев Шәнен, Нұрмақов Аймахан, Мұрғамбетов Сайт, Нұрмағамбетов Китшекбай, Бағлымбаев Құлмағамбет, Бекбау Құлбай; Арал ауданы бойынша (көшпелі) Әлімбаев Қайып, Дағбаев Мергенбай, Құлсариев Мырзақұл, Қайымбетов Құлсары; Қармақшы ауданы (жартылай көшпелі) Ізтаев Қуан, Сәрсенбаев Күйрекбай, Жаманғұзов Мамыр, Қонтаев Рахмет, Тұрымбетов Дүйсен, Ахметов Қалам, Қобланов Қазхан, Бегенов Шам, Мамыров Қаумен, Қашапов Қабулда, Қашапов Досым, Жанпейісов Жакен, Тенелбаев Байжан, Тәжібаев Нығметбай; Қазалы ауданы бойынша (көшпелі) Жанаев Ермбет, Көтібаров Мұса, Қоспанов Мырзабай, Бәйдібаев Бектібай, Бекжанов Нұрасыл, Айкенов Әйімқұл, Көтібаров Әлдебай, Шортанов Керейбай; Қарсақбай ауданы бойынша (көшпелі) Тшанбаев Мәмбетбай, Көрпеев

Арын, Қасқабаев Халенхан, Жаубасаров Байшуақ, Шүленбаев Әлімбек, Мінайдаров Өмірбек.

Тәркіленген 54 байдың барлығы ірі бай болмағанын мұрағат материалдары дәлелдейді. Жіктеп айтар болсақ, жартылай көшпелі Шиелі ауданынан тәркіленген Абдуходжаев Шәменнің ірі қараға шаққанда 189 малы, Тереңөзек ауданынан Нұрмақов Аймаханның 35 малы, Қармақшы ауданынан Қобыланов Қазханның 60 малы, Тәжібаев Нығметбайдың 50 малы, Тенелбаев Байжанның 110 малы, Жаманғұзов Мамырдың 180 малы, Қашапов Қабулданың 231 малы, Ахметов Қаламның 262 малы ғана болған. Көшпелі аудандарға жатқызылған Аламесек ауданында Алпысбаев Мұхатжанның 82 малы, Шайменов Садықтың 212 малы, Арал ауданында Қайымбетов Құлсарының 219 малы, Дағбаев Мергембайдың 311, Құлсариев Мырзағұлдың 317 малы, Қазалы ауданында Қоспанов Мырзабайдың 269 малы, Жанаев Ерімбеттің 337 малы, Бекжанов Нұрасылдың 377 малы, Шортанов Керейбайдың 341 малы, Қарсақбай ауданында Қасқабаев Хасенханның 9 малы, Мінайдаров Өмірбектің 20 малы, Көрпеев Арынның 270 малы, Тшанбаев Мәмбетбайдың 349 малы болған /16/. Сонда көріп отырғанымызда тіпті 9-20 малдары барлардың өздері тәркіленуге ұшыраған.

Байлардың тек малдары, дүние-мүліктері ғана тәркіленіп қойған жоқ, оларды жер аударып, туған жерінен, туысқандарынан айырды. 30 тамызда Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі ірі байлар жер аударылатын аудандарды анықтады. Ол мынадай тәртіппен жүзеге асырылды: Байлар Жетісу және Сырдария округтерінен – Орал, Орал округінен – Жетісу, Гурьевтен – Петропавл, Қарқаралы округінен – Қостанай, Семейден – Сырдария, Павлодардан – Ақтөбе, Петропавлдан – Ақтөбе, Қызылордадан – Адай, Ақмоладан – Гурьев, Ақтөбеден – Қарқаралы, Қостанайдан – Семей округтеріне жер аударылатын болып белгіленді. /17/ Мұның қандай зардаптары болғаны белгілі. Бұл қазақ халқына үлкен қайғы қасірет әкелді.

Қорыта айтқанда қазақ байларының малдарын тәркілеуден кедейлер еш нәрсе ұтпады. Бұл науқан қазақ даласындағы дәстүрлі мал шаруашылығын күйретуге әкелді. Партияның жіберген ең үлкен қателіктерінің бірі осы науқан еді

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омарбеков Т.20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997, 94 б.
2. Сонда 95 б.
3. Омарбеков Т.20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997, 84 б.
4. ҚОММ (Қызылорда облыстық мемлекеттік мұрағаты) 2 қор.1 тізбе, 1-іс.7-п.
5. Сантаева К.Тәркілеу науқанының мал шаруашылығына ықпалы.//Қазақ тарихы. 2000. №3, 27 б.
6. ҚОММ 2 қор, 1 тізбе. 1-іс.7 п.
7. ҚОММ 2 қор, 1 тізбе. 1-іс.9 п.
8. ҚОММ 2 қор, 1 тізбе. 1-іс.7-8 п.
9. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 11-іс.52 п.
10. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 8-іс.198 п.
11. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 7-іс.62 п.
12. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 3-іс.20 п.
13. Омарбеков Т.20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы, 1997, 96 б.
14. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 11-іс.69 п.
15. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 5-іс.4 п.
16. ҚОММ 2 қор, 2 тізбе. 11-іс.12-13 п.
17. ҚОММ 2 қор, 1 тізбе. 2-іс.3 п.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1928 жылғы байларды тәркілеуге арналған декретке байланысты Қызылорда округіндегі осы бағыттағы шаралар мен,оның зардаптары айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена кампании конфискации баев в Кызылординском округе конца 20-х годов XX в.

**АРҚА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҒЫНА
ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ /18-19ғғ/**

Қонарбаева Г.-магистрант (Алматы қ.,Қазмемқызпи)

Арқа халқы тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістер бүгінде аз зерттелген жоқ. Әйтсе де оқу үрдісінде ірі көтеріліс басшылары хан Абылай, Кенесары хан, Сыздық сұлтан т.б. айбынды батырлар ерлігін баяндаумен шектеліп қаламыз. Шындығына келгенде Арқа даласының азаттық жолындағы күрес тарихы Абылай заманынан әлдеқайда ертерек басталып кеткен болатын. Ресей империясы Көшім билеген Сібір хандығын жаулап алған бойда Арқа қазақтарының жері мен елін тонап-талаумен айналысты. Бұл он жетінші ғасырдың соңы мен он сегізінші ғасырдың басына келіп тіреледі. Сарыарқаға іргелес отырған қандас бауырлары – Көшімдіктер туралы айтсақ онда орыс патшалығының дұшпандық көзқарасын тарихтың тереңінен ақтарып қарауымызға тура келеді.

Ал нақ осы мәселелер бүгінде жүйелі баяндалмай назардан тыс қалып қоюда. Сондықтан мақала мазмұнын толық ашып, алға қойған мақсатымызға жету үшін, Арқа тарихына тоқталмас бұрын қазақтың ханы Көшім иелігінің өз жерін қалай қорғап, тарихта алтын әріппен жазылған ерліктері жөнінде тоқталуды дұрыс деп есептейміз. Көшім - аты бүкіл Руське белгілі болған ірі билеуші. Оның иелігіне Сібір, Солтүстік Қазақстан және Ертіс пен Тобылдың тоғысынан Ескер қаласы орын алған жерлер кіреді. Көшім ұлан-ғайыр территорияны иелене отырып, көршілес халықтармен соғысып емес, керісінше мәдени, экономикалық, дипломатиялық қарым-қатынас орнатып хандықты керемет көркейтіп, дамытқан адам. Ал, патшалық Ресей болса шабарман орыс-казак содырларын айдап салып бұл мемлекетке дұшпандықпен қараумен болды. Аты әйгілі баукеспе тонаушы Ермак 1582-жылы Көшім иелігіне тұтқиылдан шапқыншылық жасап, мемлекетті қиратуға кірісті.

Тарихшы Р.Г Скрынниковтың ерекше атап көрсеткеніндей қазақтар Ермакқа қарсы ірі-ірі жеті рет қанқұйлы қарсы қақтығыстар жүргізген екен /1/.

Ал Н.М Карамзиннің баяндауынша Сібірліктер мықты қаруланған казак әскеріне қарсы өжеттілік, табандылық, жаужүректілікпен он жеті жыл бойы өз иелігіне жолатпай ұстап тұрды /2/ дейді.

1585 жылы Ермак қаза табады. Бірақ Сібір хандығын талқандауға Ресейдің ішкі аймақтарынан әскерлер әкелініп, жаудың жағы күшейе түсті. Сөйтіп қазақтар иеленген ұлан-ғайыр батыс Сібір даласы біртіндеп орыстар иелігінде қала берді. Сөйтіп бұл аймақтарда Тара, Тюмень, Тобольск қалалары мен әскери тірек пункттері бой көтерді. Әрине қалалардың бой көтеруі орыстар үшін оңайға

соққан жоқ. Көшім ұрпақтары толассыз қарсылық білдірумен болды. Соның бір дәлелі ретінде алсақ, ол мына деректе былайша баяндалады: «Көшімнің немересі Абылай Керей 1631 жылы Тараны талқандауға тырысып, «қаланы жойыңдар да кетіндер! Бұл біздің ата-бабамыздан мұраға қалған жер!»» /3/.

Мұнан біз Көшімнің, оның ұрпақтарының 1582-жылы басталған күрестің жарты ғасыр уақыт бойы созылып, дұшпандарын даланың ішкі аймағына өткізбей арпалысып өткенін байқаймыз. Қазақтың дәстүрлі заң баптарында хан - елін, жерін жаудан қорғауға тиісті болған. Егер жауға сатылса онда оны халық ат құйрығына байлап азаптап өлтіруге тиіс болған. Көшім, оның ұрпақтары елдің ата салтын жоғары ұстанып еліне адал қызмет етті.

Сонымен орыс әскерлері он жетінші ғасырдың соңында оңтүстікте Қорған қаласына жақындай түссе, он сегізінші ғасырдың басында қазақ хандығы мен Ресей арасы 985 шақырымға жақындады. Осылайша Көшім хандығын қиратып орыс әскерлері орта жүз шекарасына орнықты. Көрші қонған өзгежерліктер қазақтарға асқан дұшпандықпен қарады. Қазақ ауылдарын тонап, азаматтарын соққыға алып, әйел баласын күң етті. Ауыл арасынан тіпті адам жоғалатын болды. Орыс-казактары әкімшілік тарапынан зор мүмкіншіліктерге ие болды. Соған мастанып қазақ ауылдарын тонауды олар күнделікті әдетіне айналдырды, сөйтіп олар күннен-күнге баи бастады. Бұл қорлыққа қазақтар шыдамай көтеріліске шықты.

Сондай көтерілістер тізбегін мынадай төменде көрсетілген еңбектегі деректерден кездестіреміз: «Қырғыз-қайсақтардың орыстарды тұтқындап, мал-жанын айдап әкеткені жөніндегі Сібір-губерниясының канцеляриесінде бекітілген тізім (1745-1746): 1701 жылы қырғыз-қайсақ Ұлықбай адамдары 6 орыс адамын ұрып кеткен. Ұлы мәртебелінің жарлығы бойынша Томск әскерінен Иван Суворов Тобольск, Томск, Кузнецк және Тарскідегі казактардан құралған отряд қырғыз даласына аттанды. Қырғыз Ереняк Чигеев бұл қақтығыста жеңіске жетіп 66 орыс адамын тұтқындады. Олар Ачинскіні өртеп, Ұлы мәртебелінің қазынасынан жарылғыш зат, қорғасын, зеңбіректерді тонап кетті. Казактарды естерінен танғанша соққыға жығып, деревнядан 50 жылқы, 6 ірі қара малын, 20 қой және біраз орыс адамын күштеп өздерімен бірге алып кетті. 1702 жылы қазақ батыры Еренчиковтың адамдары, Кузнецкідегі 6 орыс адамын өлтірді. 1709 жылы Омь өзені сағасында 2 орысты өлтірді. 1715 жылы Карченково ұлысының адамдары Бирязековтің балаларын және Федя атты казакты өлтіріп кетті. 1716 жылы Қырғыз-қайсақ және Шу татарлары Томскінің жоғарғы жағына дейін басып кіріп, ондағы орыс шаруаларынан 17 жылқы, 300 ірі қара малын айдап әкетті.

Қырғыз-қайсақтарға шапқыншылық жорығына аттанған Томск казак отряды 73 адамынан айырылды. 1717 жылы қырғыз-қайсақ Ереняков сарбаздары Челым өзеніне жетіп, орыс деревнясын талқандап, 6 қорасын өртеп кетті. 700 жылқыны айдап әкетті. 1700 жылы қырғыз адамдары Томск уезіне келіп, Омь өзенінің жағасындағы ер адамдар мен әйелдерді (11 адам) өлтіріп, 50 жылқы мен 20 ірі қараны айдап әкетті.

1701 ж. әр түрлі әскери шендегі 122 орыс адамын соққыға жығып, біреуін тұтқындаған. Олардан 1500 сомға бағаланатын жылқы және 6000 сом ақша тартып алынған. Сондай-ақ әрқайсысы 3 сомға бағаланатын 500 өгіз, 317 құлын, 425 ірі қара, 20 қой «қолды» болды.

1741 жылы қырғыз-қайсақтар Тарск уезін, Зубешов деревнясын талқандап, 80 адамын тұтқындады, 10-ы өлтірілді.

1743 жылы 23 шілдеде капитан Новоселовтың 30 драгун, 75 казактан құралған лагерін талқандады. Осы жылдың 17 тамызында Еваяруковск форпосты

шапқыншылыққа «ұшырады». Бұл жорықта, қырғыз-қайсақтар қару-жарақтар, жарылғыш заттар, 9 қорғасын, 1 пистолет, 10 шпаг, 15 оқ-дәрі және т.б. дүние мүліктерін өздерімен бірге ала кетті. Бұл жадығитта әрі қарай Орынбор жағынан да, қазақтар шабуыл жорықтар жасағаны айтылады. Дәлірек айтсақ: 1744 жылы 7 шілдеде Треутинск форпостынан 3 адамды өлтірді. Поптың әйелі мен бір қызын тұтқынға әкетті. 14-күні 1 шаруаны оңдырмай соғып, 1 табын жылқыны айдап әкетті де өздері түнде қашып үлгерді. Тағы да басқа шабуылдар болып жаты» /4/ – делінген.

Енді бұл қозғалысты басу үшін патша әкімшілігі дөрекі заңдылықтар шығара бастады. И.Крафт өзінің заңдар жинағында қазақтардың қозғалысын басу үшін барлық әскери күш қолдану қажеттілігі айтылғанын баяндайды. Сондай-ақ, жасөспірім, сәбилеріне дейін қырып салу сияқты жазалау ісінің қолдануға рұхсат етілгені айтылған. Міне, осылайша қазақ ауылдарына қауіпті күн туып, өмір сүру жағдайы қиындап кетті.

Бұрын кеңес өкіметі тұсында «орыс-қазақ достығы», «өз еркімен бодан болу», «бейбіт түрде жаулап алу» сөз тіркестері жиі айтылды. Соның салдары болар әлі күнге дейін 16-18 ғасырлардағы толқулар тарихы назардан тыс қалып келеді. Ал шындығында Ресей империясының отаршылдық саясаты жоғарыда атап өткеніміздей елді қырудан басталды. Кез-келген мемлекет өз еркімен басқа елге бодан болмайды. Елі мен жерін тонап-талауға жол бермейді. Қазақтар да ғасырлар бойы дұшпандықпен қараған барлық жауларына тең емес күрестерде де ерлікпен қарсыласты.

Сонымен 18-ғасырдың екінші жартысында батыс пен шығыс шекараларынан тартылған әскери шепте патшалықтың бүкіл әскері толтырыла орналастырылды. Неше түрлі бекіністер салынды. Даланың ішкі аймағына ене түсу үшін патшалық түрлі әдіс-тәсілдерді қолданды. Сонымен қатар қазақтың ішкі алауыздығы, кейбір хан-сұлтандардың сатқындығы дұшпанның қармағына ілініп қалуымызға әкеп соқтырды. Бұл аталған кезең қазақ жұрты үшін аса қауіпті кезең еді. Бір мезгілде орыс, қытай, жоңғар қазақ жерін басып алуды армандады. Ал, қазақ батырлары жан-жағынан лап қойған барлық дұшпандарының бәріне бірдей тойтарыс беріп отырды. М.Жұмабаев сол аласапыран жылдарын былайша керемет сипаттайды:

«Алыстан орыс, қытай - өріс алмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ
Артында-ор, алдында-көк, жан-жағы жау,
Дағдарған Алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап» /5/

Азаттық күрестің нағыз жаужүрек қолбасшысы міне, ел басына зор қауіпті күн туғанда жарқ етіп шықты. Ұлы ханның ерен ерліктерін бір ауқымға сиғызып айту мүмкін емес. Өйткені Абылай хан тек қолбасшы емес тамаша саясаткер, өз заманының ақылды, данагөй, білімді, дипломат, мемлекет қайраткері болды. Абылай хан тұсында азаттықтың белді күрескерлері Қаракерей Қабанбай батыр, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр, Еспенбет батыр, Матай Шөлкей батыр, Керей, Жәнібек батыр Қанжығалы Бөгенбай батыр, Бәсентин Малайсары батыр және басқалар да болды. Абылай хан тек қол бастап жүрумен шектелмей, айналасындағы батырларды жігерлендіріп, рухын көтерді. Мәселен бір қақтығыста жоңғарлардың қамалын алу сәті түскенде кімде – кім сол қамалды бұзып жаратын болса, соған хан атағын беруге уәде етіпті. Сонда топ ішінен Қабанбай батыр ұмтылып шығып ерліктің тілмен айтып жеткізгісіз көрінісімен танылған екен. Хан уәдесінде тұрып содан былай қарай Хан Қабанбай аталыпты

/6/. Абылай ханның осындай шыншылдығы, Отаншыл рухы халық арасында даққын асқақтата түсті. Сол себепті де орыс деректемелерінің өзінде Абылай ханға қасиетті сипаттамалар беріледі. Ол туралы В.В Бартольд дерегінен алынған мына деректен үзінді келтірудің өзі жетіп жатыр: «Хан Абылай 18-ғасырдағы хандардың ішіндегі ең күдіреттісі болды» /7/. Шынында:

« Былай барсаң Қоқан бар,
Қоқандаған әкең бар.
Былай барсаң қалмақ бар,
Күшінді еппен алмақ бар,
Жапырағынды бұтай бар,
Былай барсаң орыс бар,

Балаңды берсең қоныс бар» /8/ - делінген өлең шумақтарында қазақ даласына сұғын қадаған елдердің дипломатиялық талғам-тәсілі, басқыншылық тактикалары айқын аңғарылған заманда Абылай ел көздеген мақсатпен билік құра алды. Сонымен қатар хан қытай, қалмақ тілдерінде таза сөйлеп жауларын тіпті сөзден жеңіп тастап отырған /9/. Сондықтан да одан дұшпандары қатты сескенді.

Абылай ханның азаттық күрес жолындағы батырлығы мен білімпаздығының кереметтігінде шек жоқ. Осындай асыл тұлғаның ұрпақтары да есімдері алтын әріппен жазылатын адамдардан тұрды. Олар – Ғұбайдолла Уәлиханұлы, Саржан Қасымұлы, Сартай Шыңғысұлы және қазақтың айбынды ұлдары Хан Кенесары, Наурызбай батыр, Сыздық сұлтан және т.б.

Орыс патшалығының отарлық дерті уақыт өткен сайын күшейе түсті. 19-ғасырдың алғашқы ширегінде хандықтың орнына орысша басқару тәртібі зорлықпен енгізілді. Бұл өзгеріс қазақ билеушілерін ғана емес бұқара халықты толқытты. Өйткені орыс заңдылығы елдің өмір сүруіне тікелей қауіп төндірді. Ең бірінші жер мен мал - күн көрудің нағыз бұлағы болып тұрған тіршілік көзінен айыруды заңдастырды патшалық. Ал бұл халықты толғандырмауы мүмкін емес жағдай еді. Сондықтан халық бұқарасы ханзада, хан, би-сұлтандардың соңынан еріп жаппай азаттық күреске шықты.

Хандықты қалпына келтіруге алғашқы бас көтеруші Ғұбайдолла Уәлиханұлы болды. Алайда ата жолын қуып Қытаймен одақтасып еліне дұшпанды жолатпай ұстау әрекетінен түк шықпады. Орыс патшалығының күші бұл уақытта мықтап тұрып өскен еді. Соған қарамастан ханзада Ғұбайдолла патшалыққа сатылудан бойын мүлдем аулақ ұстады. Ғұбайдолла көрсеткен қарсылықтары үшін патша әкімшілігінен талай соққы көрді. Бұл жөнінде 1827 ж. Сібір комитетінің жазба журналында: «Ғұбайдоллаға Қазақ мемлекетінің қадірменді ханзадасы екеніне қарамастан шекара әкімшілігі қамшының астына алып, сабап зор қысым көрсетті. Ғұбайдолла тұтқыннан босатылған соң Көкшетау округінен Нұра өзені бойына көшіп кетіп ешқашан оралмасқа бел буды. Ол орыс әкімшілігімен мәңгілік келісімге келмеуге ант-су ішіп біздің өкіметіміздің басты жауы болып қатты өшікті» /10/, -деп ашық баяндады. Ғұбайдолла Нұра өзенінің бойында орыс үстемдігіне қарсы қол жинап Ресей өкіметінен бойын аулақ ұстануға бекінді. Оның саясатын інілері Саржан, Сартай, Кенесары т.б. өнеге тұтты.

Ғұбайдолланың патша алдына қойған талап-тілектерін іске асыруға бар күшін салған хан Кенесары болды. Ол өзіне дейінгі қазақ жерінде болып өткен ұлт-азаттық күрестерден сабақ алды, оның қате тұстарын ескеріп қайталамауға тырысты. Кенесары хан азаттық күрестің мүлдем жаңа туындысын дүниеге әкелді. Кене ханның ел мүддесі дегенде таситын күш-қайратына досы тұрмақ дұшпаны қайран қалды.

Оның бейнесін сомдағанда тіпті патша шенеуніктері асқан таңқалушылықпен суреттеді. «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деп аталынған революцияға дейінгі «Вестник Европы» журналында бүлікшіл дей тұрып оны асқақтата мадақтағанын байқаймыз: «Кенесары өз сарбаздарының лайықты әміршісі бола білді. Оның қарақшыларының лапылдаған биік рухына европалық әскери қолбасшылардың қай-қайсысы болса да іші күйе қараған болар еді. Кенесары мінекей, осындай еді! Иә осынау адал, бейнелеп айтқанда, аса үздік дарағай тұлға болды, егерде басқадай тәрбие алған жағдайда одан теңдесі табылмастай мемлекет қайраткері шығатынына күмән жоқ еді.» /11/.

Кенесары Қасымұлы бейбіт жолмен азаттық сұранып патшаға сансыз хаттар жолдады. Онда ол Арқа жерінде бой көтеріп келе жатқан орыс-казак бекіністерін, қалаларын жойып кетулерін сұрады. Соның бірінде ол: «..Бірақ та ол сөйтсек те тыныштық бермеді. Сол себепті мен, Кенесары Қасымұлы қолға қару алып, ұлы күресті бастауға аттандым. Қазақ халқын орыстардың езгісінен азат етемін!» /12/, - деген еді.

Кенесары жөнінде баяндағанда Наурызбай есімін атамай кету мүмкін емес. Наурызбай көтерілістегі Кенесары басшылығындағы қолбасшыларының бірі, ақылдасар ақылшысы, сүйеніші болған батыр адам. Сондай-ақ Сыздық сұлтанның да азаттық жолындағы күресінің алар орны шексіз.

Сонымен мақала соңын қорытындылай келе біз тек Арқа тарихында отаршылдыққа қарсы күрес жүргізген қасиетті хандар, сұлтан-билер, батырлардың ерліктеріне шолу жасадық. Қазақ тарихындағы Отанды адал қорғаған әрбір батырдың орны ерекше. Біздер тарихымыздың ірі тұлғаларын әрдайым биік қойып, олардың біздер үшін жан қилы арпалыстарда болып дүниеден өткенін есте ұстауымыз керек. Бізге мұра етіп қалдырған жеріміз бен елдігімізді мықтап тұрып сақтауымыз қажет екенін айтқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Скрынников Р.Г. Сибирская экспедиция Ермака. 2-изд.- Новосибирск, 1986.
2. Карамзин Н.М. История Государства Российского. Т.9. Гл.6. С.228.
3. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы: Казахстан, 1994. С. 92.
4. Мырзатаева З.Б. Арқада орыс басқару жүйесін енгізудің басталуы. Тарих.ғыл.канд.атағын.алу.үшін.жаз.дисс. Алматы – 2002. 26 бет.
5. Толыбаев Қ. Хан Абылай. // Шалқар, 1991, 5 шілде.
6. Халидұлы Қ. Абылай хан. // Қазақ әдебиеті, 1992, көкек.
7. Бортольд В.В. Түрік-монғол халықтарының тарихы. Шығармалар.М., 1968ж., 5 т. 224 б.
8. Сейдімбеков А. Күйші Абылай хан. // Қазақ әдебиеті, 1991, 26 шілде.
9. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих орд и степей, ч.2.СПб ., 1832, 264 бет.
10. Мырзатаева З.Б. т.ғ.к., аға оқытушы:”Ханзаданың қасіреті немесе ел бірлігін ыдыратқан дерт” // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ. 2004ж. 19 мамыр.республ.конф. 57 б.
11. Хан Кене азаттықтың көсемі (тарих тағылымы) Көкшетау–2002. 19 б.
12. Бұл да сонда 21 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается освободительное движение в Сары Арке, имевшее место в XVIII-XIX вв. Дается системный анализ героическим действиям казахских воинов, участвовавшим в разгроме военных укреплений сибирской линии в XVIII веке. Всесторонне рассматривается ход военных действий под предводительством Кенесары хана, которому служил примером сам Абылай хан и его потомки.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Арқа жерінде, XVIII - XIX ғғ. I - жартысында болып өткен азаттық үрестер тарихы баяндалды. XVIIIғ. әскери шеп бойындағы бекіністерді талқандауға қатысқан қазақтар ерлігі бір жүйеге келтіріліп талданды. Абылай ханның ерен ерліктері, оның ұрпақтары Уали хан, және ағалары бастап берген көтерілістерінен үлкен сабақ алған Кене ханның бұрын-соңды болмаған азаттық жолындағы қантөгіс шайқастар барысы жан-жақты қарастырылды.

ОРАЛМАНДАРДЫҢ ТӨЛ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ.

Сейсенбаева А. - магистрант (Алматы қ., ҚазҰУ)

Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болған Қазақстан Республикасы өркениетті қоғам сипатына сай шет елде тұрып жатқан қазақтарға қамқорлық жасауды мемлекеттік саясаттың құрамды бөлігіне айналдырды. Елбасы Н.Ә Назарбаев 1992 жылдың 21-24 қыркүйегі аралығында Алматы қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында «...Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Мыңдаған жандар қырылып, мыңдаған жандар атажұртын тастап кетуге мәжбүр болды, 1932 -1933 жылдарда қазақ даласында болған адам айтса нанғысыз ашаршылық, 6 миллиондай халықтың 2,2 миллионы айдың – күннің аманында опат болған, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны – большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз» /1/, - деп көрсетті.

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап Елбасымыз шетелдерде жүрген қандастарымызды өз атамекеніне оралуға шақырды, сөйтіп алғашқы көштің легі, 1991 жылы-ақ басталып кетті. Бұл миграциялық толқын (репатрианттар) кейіннен «оралмандар» деген статусқа ие болды /2/. Қазіргі таңда сол шеттен қоныс аударғысы келетін ағайындардың басым көпшілігінің таңдайтын қонысы оңтүстік өңірлер. Міне, сол дәстүрлі мәдениеттің сарқыншағы мен жұрнағын сақтап келген қандастарымыздың отанына келіп орналасуы жергілікті халыққа бейімделуінің жай күйлері, қыр-сырлары, сіңісіп кетуі маңызды екенін мойындап, сонымен қатар оның тарихымызда ерекше ролін көрсету және оны дәлелдеу тарихи-теориялық болжамдық және тәжірибелік жағынан талдау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Адаптация - бейімделу (латын. асіаріо-бейімделу) - жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделуі үшін белсенді іс-әрекеті, яғни, әлеуметтік ортаның шындығы мен бетпе-бет келуі қандастарымыздың алыс және жақын шетелдерде өмір сүріп, бүгінгі таңда төл ортаға, яғни атамекеніне келіп, қоғамдық-әлеуметтік өміріне бейімделуі, сіңісуі. Осыған байланысты қазіргі таңда қандастарымыздың төл ортаға бейімделіп, сіңісіп кетуіне әсер ететін бірнеше мәселелер бар. Олардың ең бастысы баспана мәселесі. Осыған байланысты 2000-2001 жылдары 5 мыңға жуық отбасына пәтер алынып, оларға басқа да жеңілдіктер жасалды. Ал, 2003 жылы Алматы қаласы бойынша, 342 оралман отбасына баспана, 120 отбасына жер бөлініп берілді. Мұның барлығы қандастарымыздың төл ортаға үйренісуіне, бейімделу процесіне зор ықпалын тигізеді./3/

Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңының 29-бабының 5-тармағына сәйкес, квотадан тыс көшіп келіп Жатқан қандастарымызға жергілікті басқару ұжымдары тарапынан мүмкіндігінше жағдай жасау. Осыған байланысты, Маңғыстау; облысында 2003 жылғы бюджеттен қарастырылған 11 миллион теңгені 2003 жылы квотадан тыс көшіп келген оралмандардың көлік және жол шығындарын өтеуге және оларға бір реттік көші-қон жәрдемақысын төлеу үшін жұмсауды көздеген./4/

"Халықтың көші-қоны туралы" Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуіне байланысты облыс қалалары мен аудандарының Әкімдеріне түсіндірме хаттар жолданып, квотадан тыс көшіп келіп жатқан оралмандардың жайғасып тұрмыс-тіршілікке тез араласып кетуіне бар мүмкіндігінше жәрдем көрсету сұралды /5/.

Осы Маңғыстау облысының Ақтау және Жаңаөзен қалаларының жанындағы саяжайларға қоныстанған 10000-ға жуық оралмандарға ресми түрде тіркеуге тұруларына жағдай жасалған. Оралмандардың өз бетімен тұрғын үй тұрғызып алу үшін оларды жер учаскелерімен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Осы бағытта 2002 жылы Ақтау қаласы әкімінің шешімдерімен қала маңындағы "Прогресс", "Химик", "Мичуринец", "Синтез" саяжайларынан 53 жер учаскесі жекеменшікке беріліп, 148 отбасына аренда құқығымен болашақта тұрғын үй салып алуға рұқсат етіліп, жер учаскелері берілген. Ақтау қаласы маңындағы Приозерный-3 және Маңғыстау кенті тұрғын массивтерінен оралмандарға 10 жер учаскесі жекеменшікке, 21 учаскесі жалға беру құқығымен берілген./6/

Түркіменстан мен Өзбекстаннан көшіп келген қандастарымыздың ең көп шоғырланған жері — Жаңаөзен қаласындағы тұрғын үй массивтерінен 400 оралман отбасыларына жер учаскелері бөлінген. Ал, Бейнеу ауданында өз бетімен тұрғын үй салып алу бағытында 33 оралман отбасы жер учаскелерімен қамтамасыз етілген болса, Қарақия ауданында 23 оралман отбасына жер учаскелері берілді. Қарақия ауданы әкімінің шешімімен Құрық кентінен 2 оралман отбасына пәтер берілді./7/ Тәуелсіздіктің он бір жылы ішінде ғана Маңғыстауға 41 мыңнан астам қандасымыз қайтып оралған, яғни бұл Маңғыстау жағдайындағы кіші-гірім екі ауданның халқы деген сөз.

Қандастарымыздың төл ортаға бейімделуін жеделдететуге өз әсерін тигізетін тағы бір мәселе қандастарымызды жұмыспен қамтамасыз ету. Қазіргі кезде "оралман" ғана емес қазақстандықтардың да көбі жұмыссыз, сондықтан Оралмандарды жұмысқа орналастыру республика бойынша 46 процентке ғана

жүзеге асып отыр. Соның ішінде әйелдер 37 процентті құрайды. Ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қостанай облысына тән. Көптеген Қоныс аударушылар өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналаса алмады. Себебі, оларды республикаға бөлу ісінде кәсібі бойынша жұмыс табылатын жерге емес, тұрғын үй немесе жер участогін бере алатын шаруашылықтарға бөлген. Көбінесе қандастарымыз өмір тірлігін жасап, еңбек етіп жүр./8/

Алыс және жақын шетелдерден келген қандастарымыздың төл ортаға бейімделуіне кедергі келтіретін бір мәселе - қазақтардың, әліпбиінде болып отыр. Қазіргі таңда дүниежүзі қазақтарының ауызекі сөйлесуінде ешқандай айырмашылық жоқ, бірақ әр елде тұратын қазақтар бір-бірінің жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Өзбекстан мен Түркіменстан латын әріпіне көше бастаса, (Қазақстан, Монғолия, Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады, ал Еуропада тұратын қазақтар латын әліпбиінде сауат ашқан. Бұл айырмашылық атамекеніне оралған қандастарымыз үшін, әсіресе оқу-білім саласында үлкен қиындық туғызып отыр. Сондықтан оқу орнына түсуге келген талапкерлер үшін Қазақстанда осы мақсатта жағдайлар жасалып жатыр. Мысалы, Алматыдағы Қазақ қыздар педагогикалық институтында дайындық бөлімдері ашылған және олар жатаханамен, тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Осы оқуға білім алуға ұмтылған қазақ балаларын кері қайтармай, қалай да елде қалдыру тетіктерін ойластыру керек. 2002 ж. қазан айында Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында "Шетелдегі қандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы" қабылданып, осы бағдарламаның негізінде Білім және ғылым министрлігінде қазақ диаспорасы өкілдерінің балаларын оқуға қабылдау туралы Ереженің жобасы белгіленді. Осыған сәйкес дүниежүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен "Шетелдегі қазақ диаспорасы балаларын ата мекенде оқыту мәселелері" атты дөңгелек үстел болып, онда осы уақытқа дейін тетігі табылмай келе жатқан мәселе - қазақ диаспорасының балаларын Қазақстанда оқытудың механизмдерін жасау жолдары талқыланды. "Білім туралы" Заңда диаспора өкілдерінің Қазақстан азаматтарымен бірдей білім алуға құқығы бары айтылған. Сонымен қатар, жастардың тарихи Отанында білім алуына мүмкіндік жасау Қандастарымыздың төл отанға бейімделу процесін жеделдетері сөзсіз. Дегенмен де, жыл сайын алыс және жақын шетелдерден келген талапкер бауырларымыз үшін бөлінген арнайы квота арқылы қандастарымыздың барлығын мемлекет есебінен тегін оқыту мүмкін емес. Сондықтан, өркениетті елдерде (АҚШ, Жапония, Еуропа) тұрып жатқан кейбір бауырлар сол елдің ғылымын, техникасын игеріп атамекенге оралса нұр үстіне нұр болар еді.

Көші-қон мәселесінде оралмандардың төл ортаға бейімделу мәселесіне де жеткілікті дәрежеде көңіл қою керек. Соның бірі шеттен көшіп келген отандастарымызды кең байтақ қазақ жеріне тарыдай шашып жібермей әбден жерсініп үйреніскенше, жұмыс тауып өз беттерінше жан бағатындай дәрежеге жеткенше бір жерге шоғырландыру керек. Қазіргі кезде елге келіп жатқан оралмандарды көбінесе Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана маңына қоныстандыруда. Бұл экономикалық-әлеуметтік жағынан да, демографиялық-саяси тұрғыдан да дұрыс

шешім. Қазірдің өзінде кейбір облыс, аудан өкімдері оралмандарды жаппай бір ауылға орналастырамыз деп отыр. Ондай мысалдар да бар. Қарағанды облысының Жәйрем кенішінде, Қостанай облысының Денисов, Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай, Зайсан, Үржар, Ұлан аудандарында осындай игі бастамалар қолға алына бастаған. Мұның өзі оларды этнографиялық жағынан зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасауға да септігін тигізеді./9/

Алматы қаласы аумағынан баспанасыз оралмандарға жер учаскелерін беру ұйымдастырылып, оралмандардың "Байбесік" ауылы шаңырақ көтеруде. Кәсіпкер оралмандар орталығы құрылып, жобалар жасауға, тиесілі ақыл-кеңестер беруге жол ашылуда. Жалпы үкімет тарапынан демеу, жергілікті әкімшілік орындарынан қолдау көрсетіліп жатса оралмандар өз проблемасын өздері толықтай шеше алады. Ең бастысы олар қазіргі болып жатқан қоғамдық өзгерістерге, нарықтық қатынастарға психологиялық жағынан дайын. Қазірдің өзінде көптеген оралмандар шаруа қожалықтарын құрып алса, енді біразы кәсіпкерлікпен айналысуда. Дегенмен де, көшіп келушілердің көпшілігінің материалдық жағдайы төмен. Сондықтан да оларға еліміз шекарасынан аттағаннан кейін тегін баспана берілгенмен, бірақ мәрте отбасына ұсынылатын: отбасы иесіне 12 мыңдай, қалған мүшелерінің әрқайсысына 8 мыңдай тиесілі теңге жәрдемақы жетпейді. Оның үстіне бұлардың ішінде орыс тілін түсінбейтіндер де жеткілікті/10/. Ендеше, атажұртын аңсап оралушыларға жан-жақты ойластырылып, мемлекеттік тұрғыдан ұйымдастырылған көмек керек. Бұл орайда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Республика Үкіметіне, барлық облыстар мен Астана, Алматы қаласы өкімдеріне мүмкіндігінше өз бетімен көшіп келгендерге де қарайласу, қамқорлық жасау қажет екендігін үнемі ескертіп келеді. Оралмандардың көбісі Қазақстанның оңтүстік және Жетісу аймақтарына шоғырланғандығын көрсетеді. Олар Алматы, Оңтүстік Қазақстан Жамбыл облысының ауылдық жерлеріне көбірек қоныстанған. Оңтүстік өңірлердің табиғи ортасы егін егіп, мал өсіруге қолайлылығына байланысты оралмандар оңтүстікке келуді қалайды. Сонымен бірге оңтүстіктің жергілікті халықтары басқа өңірлерге қарағанда өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жақсы сақтаған және халықтың бәрі өз ана тілінде сөйлейді сондықтан да болар шет елден келген қандастарымыз өздеріне ыңғайлы және халыққа сіңісіп кетуге араласып-құраласып тұруға ыңғайлы және бейімделуіне де тез оңтүстік өңірін таңдайтыны. Солай-ақ болсын шет елден келген бауырларымыз қай өңірде тұрса да, өз елінде емеспе?! Сондықтан да көшіп келіп қоныстанып жатқан ағайындарымыздың жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне үйреніп, сіңісіп, бейімделіп кетуіне, жүрегі қазақпын деп соғатын әр ағайын өз үлесін қосса екен деймін.

Сонымен осы қандастарымызды бауырмалдықпен қарсы алып, олардың өз елінде өгейсімей, ортамыздан орын тауып, елге сіңісті болып кетуіне жағдай жасау, әсіресе, іс басында жүрген азаматтардың, қала берді баршамыздың борышымыз.

Сонымен қатар, қандастарымыздың ұзақ жылдар бойы басқа этникалық ортада өмір сүрген қандастарымыз, тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалды. Дегенмен де, олардың тұрмысында, әдет-ғұрпында, салт-дәстүрінде, кәсібінде, сана-сезімінде, тілінде сол ортаның өсерімен болған өзгешеліктер де бар, бұл заңдылықта. Сондықтан осы ерекшеліктерге ғылыми мән бере отырып, аз санды этникалық

топтардың тұрмыс-салтына, мәдениетіне көп санды жергілікті ортаның тигізетін ықпалын зерттеу қазіргі кезеңде этнология ғылымының алдына қойған міндеттердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. // Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы, 1993. 8 б.
2. Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бүгінгі және болашағы. Алматы, 2003. 10б.
3. Нысанбаев Ә., Арғынбаев Ә. Қазақ диаспорасының бүгінгі мен ертеңі. // Егеменді Қазақстан. 1992. 23 қыркүйек
4. Тәтімұмов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша?) Алматы: 1993.
5. Сартаев С. Күш – қуатымыз – бірлікте. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы: 1993. 43-56 бб.
6. Қалшабаева Б.К. Өзбекстан қазақтары. Алматы; 1994
7. Қалиева Ғ. Бізде оралманның күй жайы жақсы // Түркістан 30 тамыз
8. Назым Ниязи. Оралманның отаны Қазақстан// Қаз Заман 2002ж 5шілде
9. Қазақстан Халықаралық көші-қон ұжымына мүше болды. Қазақ елі, 2003. қаңтар. № 1-2 (249)
10. Исағұлов З. Туған жерге ат басын тірегендер.// Қазақ елі, 2003 мамыр. №12

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы адаптации оралманов к родной земле и их социально-экономические проблемы, с которыми они часто сталкиваются при этом процессе. В том числе отношение рядовых казахстанцев к этническим казахам, вернувшимся на свою историческую родину и их культурно-ментальное различие от местных жителей.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оралмандардың туған жерге қайтып оралғандағы туындаған әлеуметтік-экономикалық мәселері көрсетіліп, оларды шешуге ұсыныстар жасалған.

НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ МЕН АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

Чакенова Б. –магистрант (Алматы қаласы. Қазмемқызпи)

XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлға – Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова. Ол 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жангелдин ауданында (бұрынғы Торғай облысы Жангелдин ауданы) дүниеге келген. Ол алғаш Торғай қаласындағы гимназияны бітірген.

Нәзипа Құлжанованың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болып қана қоймай, сонымен қатар өз

бойына тұлғаға ұқсайтын шәкірттік мінезбен тәлімгерлік өнегені жете ұғынып, бар күш қуатын біліміне үздіксіз жұмсап, соңғы буынға орасан зор еңбек сіңірді/1/.

Ыбырай Алтынсарин мектебінің буыны қатпаған шәкірттен, бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, ғалым, ағартушы дәрежесіне дейін көтерілген. 1903 – 1904 жылдары екі жылдай Торғай қаласындағы әйелдер училищесінде ұстаздық қызмет атқарған.

1905 жылы ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар Семей қаласына келіп ұстаздық жолдарын бастаған. Құлжановтар Семейге келген кезде бұл қала Қазақстандағы ірі мәдени ағарту орталық дәрежесінде болған еді.

XIX ғасыр II – жартысында Семей қаласында түрлі мәдени, ағарту, ғылыми мекемелердің ашылуы кездей соқ емес еді. Атап айтсақ, 1902 жылы Орыс географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесі ашылып, оның «Жазбалары» жүйелі түрде жарық көрді. 1903 жылы ірі оқу орны Семей оқытушылар семинариясының ашылуы да Қазақстанның басқа өлкелерінде кездеспейтін құбылыс болатын /2/.

Семей семинариясы іргелі оқу орныны болған, онда қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың оқуы, сонымен қатар энциклопедист – ғалым Әлкей Марғұланның білім алуы зор мақтанышпен айтылатын. Семей оқытушылар семинариясы Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар ұзақ та жемісті жұмыс атқарған жері. М.О.Ауезов атындағы педагогикалық колледж ұжымынада Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың ағартушылық жолындағы еңбегі мақтанышпен айтылып жүр.

1905-1920 жылдары Нәзипа апайдың Семей оқытушылар семинариясында ұстаздық қызметте болған кезі ізденіс жылдармен қатар, ұстаздық жұмыстарының жүйеленіп, қоғамдағы келеңсіз істерді оның ашық айтуға ойысқан шағы еді.

XIX ғасырдың II- жартысында қазақ – орыс мектептерінің саны көбейе түскен. Семей облысындағы қазақ-орыс мектептерінің, ерлерге, қыздарға арналған гимназиялардың, қалалық училище мен мұғалімдер семинариясының жұмыс жасауы ерекше құбылыстар қатарында.

Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар, негізінен алғанда орыс аудиториясында қазақ тілінен сабақ берген. Бұл арада үкмет тарапынан орысша оқитын шәкірттерге қазақ тілін оқыту ресми түрде жолға қойылуы Қазақстан бойынша алғаш Семей оқытушылар семинариясының қабырғасында кездескен. Тарихи деректерге қарасақ, Семей губернаторына қазақ тілін оқытуды жолға қоюға байланысты жер – жерлерден хаттар келіп түсіп тұрған /3/. Құлжановтар арнайы дипломдары болмаса да орыс тілінде дәрістер оқып, өз ісіне мығым шәкірттер тәрбиелеген алғашқы ұлағатты ұстаздар болатын.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары Қазақстан жеріндегі оқу-ағарту жүйесінде қомақты істер алдында тұрды. Қазақ мектептерінің жүйесін дамыту, мектепке дейінгі мекемелерді ашып, оның жұмысын жолға қою сияқты мәселелерді атқару қажет болатын.

Ана мен балаға байланысты Кеңес өкметінің тиісті шаралары да ауқымды болатын. Ұстаз, журналист Н.С. Құлжанова 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» /4/ кітабын шығаруы сол кез үшін жаңалық, күтпеген оқиға болатын. Бұл кітаптың кіріспесінде оқулық Н.Альмединген – Тумим кітабының ізімен /5/ деген ескерту бар еді, алайда ол аударма емес еді. Бұл мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі кітаптар мен мақалалар негізінде жазылған автордың өзінің шығармасы болған. Н.Құлжанова бұл еңбекті Қазақстан оқу комиссариятының тәрбие бөлімінің тапсыруымен жазған.

Қарап отырсақ, Құлжанова ХХ ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог ғалымы Н. Альмединген – Тумимнің мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты көптеген еңбектерінің маңызды тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті саласын жаңалық ретінде оқырманға ұсынған. Қазақ ағартушылық идеяларын және педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалауға күш салғаны айрықша дәлел.

Атам қазақтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесі мен ана мәселесіне қатысты ойларын есте сақтап, сол заманға лайық, тәжіірбелік игі істерді санада ұстап, «Баланы жастан, келінді бастан тәрбиеле» дейтін нақылды жазу барысында ұран етіп ұстаған.

Оқулықта Н.Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізсе, ұрпақ тәрбиелеуде зор үлесін тигізер еді деп санаған. Онда автор Италия мен Швейцарияның Цюрих қаласындағы бала бақшалары жөнінде жазған. Сонымен қатар Шотландияның Эдинбург қаласындағы балалар бақшасының өмірін өз алдына бөлектеп суреттеп жазды /6/.

Н.Құлжанова әр елдің бала бақшаларындағы ерекшеліктерді көре білген. Ең бастысы бірігіп ойын ойнау, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа баулу, қабылдау ерекшеліктері, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау т.б. дамыту мәселелеріне көңіл бөлді.

Н.Құлжанованың аса көңіл аударған мәселесі мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударған. Құлжанова нақты деректерге сүйене отырып бала өлімінің артуын байқап, оны түсінген Бір жасқа толмаған жүз сәбидің Филяндияда 13-і, Скандинавияда 13-18 сәби, Ресейдің кейбір уездерінде 44-45 -ке дейін шегінеуі орын алған. Ресей құрамында болған ХІХ ғасырдың аяғымен ХХ ғасырдың басында Қазақстанда да балалар өлімінің статистикасы сондай болатын. Мектептен бұрынғы тәрбиені түзеп, мындаған балалар бекер мағынасыз қырылып жатқанына сескенбей, тыныш қарап отыра алмайтын үкметтер керек болған /7/.

Н.Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түр-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтады. Ресейдегі ата-анасынан айырылып қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі» (приют), үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санады.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек.

Қорытып айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы педагогика тарихының ірі – мектепке дейінгі тәрбие саласы бойынша сол жылдардағы қазақ әйелдері үшін арнайы теориялық және әдістемелік нұсқау ретінде маңызды қызметтер атқарды. Еңбек 1923 жарық көргеніне қарамастан, теориялық, тәжірбиелік маңызын, өзінің құндылығын жоймаған, бүгінгі күні де көкейтестілігін жоғалтпаған дүние болып қала бермек.

Н.С.Құлжанованың ұстаздық, қайраткерлік ағартушылық еңбегінің тағы бір көрінісі – «Ана мен бала тәрбиесі» атты еңбегі /5/. Бұл еңбек Қазақстан өлкелік әйелдер бөлімінің шешімімен және тапсырысымен 1927 жылы Қызылорда қаласында 5000 данамен басылып шыққан. Еңбекте- педагогтарға, тәрбиешілерге, ересектер мен балалар дәрігерлеріне арналған анықтамалық, әдістемелік нұсқауға ұқсас күнделікті қажетті нәрсені тауып алуға мүмкіндік беретін кітап. Әйелдің

ежелден еншісіне тиген кең дәулет бала көтеру, бала өсіру міндетін орындауда қазақ әйелдері көптеген қиыншылықтарға кездескен. Мәселен, баланы уақытында тамақтандыру, ұйықтату, т.б.

Ұлттық, әрі бүкілхалықтық маңызды іс ол ана мен бала мәселесі – денсаулық сақтау, оқу-ағарту, әлеуметтік қорғау ведомстваларын қамтитын, бірнеше салалар бірлесіп шешуге арналған ауқымды құбылыс.

Әйел – ел анасы: ел бастайтын ерлер, данышпандар әйелден туып, әйел тәрбиесімен өскен. Бірақ біздің әйелдеріміз елді өсіретін, көркейтетін ана бола алмай келеді /5/. Автор оқулықтың кіріспесінде: «Бала қалай бітеді, қалай туады, әйел босанған кезде қалай күтінуі керек, жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу дұрыс, баланы тамақтандыру тәртібі қалай болуы керек?» екендігін сөз етеді.

Нәзипа Құлжанова есімі ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары кеңінен таныла бастады. Әсіресе, оның «Әйел теңдігі» журналында жарияланған «Бала емізудің дұрыс тәртібі» (1927, №4, 22-29б.), «Бала ауруы» (1927, №8-9, 37-43 б.), «Баланың жұқпалы аурулары» (1927, №10-11, 70-79.) пайдалы кеңестерді баланың дені сау, тәні таза болуға бағытталған сол кездегі уақыт талабына сай еңбектер еді.

«Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» оқулықтары мен денсаулыққа байланысты топтама мақалалары Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық қызметінің зор мағынаға ие айтулы құбылыс екендігі дәлел.

Осындай игілікті істің бел ортасында Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанова сияқты тұлғаның болуымен қатар тікелей ұстаздық қызметімен бірге теориялық, әдістеме тұрғысынан пайдалы істердің бастауында тұруы оның ұстаздық, ағартушылық қайраткерлік келбетінің бүгінгі ұрпақтың көз алдында асқақтата беретіндігі сөзсіз.

Ұстаз, ағартушы қоғам қайраткері Нәзипа Құлжанованың сонымен қатар көп салалы, жан-жақты творчестволық еңбегінің бір қыры журналистік жолға арналған. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің ХХ ғасыр басында қазақ баспасөзінің қанаты қатайып, қоғамдағы маңызды болуы ерекше құбылыстар қатарында. Құлжанованың қалам тартып жарияланған дүниелерінің басым көпшілігі әйел тағдыры, олардың жағдайы мен қоғамдағы орны сияқты өзекті мәселелерге арналған. Бұл топтағы алғашқы мақала «Октябрь төңкерісі және қазақ әйелі», «Қазақ әйелдеріне», «Жұма күнгі қазақ әйелдеріне кеңес», «Жалпы әйел мейрамы», т.б мақалалар.

Мақала Қазан төңкерісінің бес жылдығына арналған патшалық заман мен төңкерістен кейінгі жердегі қазақ әйелінің жағдайын сөз етеді. Сол жылдардағы Қазақстан халқының жарымынан көбін сауатсыз әйелдер құраса, ел дамуындағы шешуші фактор - сол қазақ әйелдері болып табылатын. Әйелдеріміз өнегелі, тәрбиелі болса баланы да, азаматты да тәрбиелейтін солар екені белгілі.

Революциядан кейін Нәзипа апай баспада атқару қызметкері болып жұмыс істеген. Бірді - екілі мақала, әңгіме жазды. Оның қазақ әйелінің хал-жәйі, теңдік бостандағы туралы жазылған «Есіл қызы – ай!», «Маржан» деген әңгімелері «Қызыл Қазақстан» журналының 1921-1922 жылдарындағы санында жарияланған. Еңбектерінің көбі революция жылдарындағы қазақ әйелінің бостандық мен теңдігі еді.

Міне, Нәзипа Құлжанованың сөз еткен мақалалары мен көркем шығармалары артына елеулі мұра қалдырған қаламы ұшқыр журналист, әрі жазушы екендігін айқын дәлелдеп берді.

Әдебиеттер

- 1.Хакімжанова. М. Нәзипа Құлжанова Қазақ әдебиеті, 1967, 11 тамыз
- 2.Қасымбаев Ж. «История города Семипалатинска» (1718-1917 г.г.) Алматы «Өлке», 1998 – 276 ст
- 3.Исабай Қ, Байжан –Ата С. «Қажыға барған қазақтар» Алматы: Ана тілі, 1996 – 192 бет.
- 4) Құлжанова Н.Мектептен бұрынғы тәрбие. Орынбор:1923 - 37 бет.
- 5)Құлжанова Н. «Ана мен бала тәрбиесі» Қызылорда:1927 – 117 бет.
- 6)Қойгелдиев М., Омарбеков Т., «Тарих тағылымы не дейді?» Алматы: Ана тілі, 1993 – 208 бет

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается яркая личность Назипы Кулжановой и ее огромный вклад в культурное развитие Казахстана в начале XX века.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениетінің дамуына ерекше үлес қосқан Нәзипа Құлжанованың ағартушылығы туралы қарастырылған.